

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XV СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«XV САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 17**

**ПАВЛОДАР  
2015**

ӘОЖ 001:378  
КБЖ 72  
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:  
**Өрсариев А.А.**, с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:  
**Ержанов Н.Т.**, б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**  
Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.Қ., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Күзембаев Н.Е., Токтағанов Т.Т., Эрнзаров Т.Я.

**Жауапты хатшылар:**  
Абишева Г.К., Акильжанов Р.Р., Андреева О.А., Анишева Г.М., Ахметов Е.Б., Бейсебаева Г.К., Гафиатулина Ю.О., Голубева Л.Н., Жукнов М.К., Калиева А.Б., Камкин В.А., Касенов А.Ж., Касенова Г.К., Кодекова Г.Б., Қадырова Б.М., Леньков Ю.А., Маданиев И., Макарова Н., Маликов А.В., Мукашев О.Е., Мурат Г.М., Мусабекова Н.М., Рахметова А.М., Сартова Р.Б., Сейтенова Г.Ж., Титков А.А., Токжигитова А.Н., Туганова Б.С., Шаймерденова А.К., Шафеева Л.А., Шуренов Д.Б.

**Ж 33** «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XV Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015.

ISBN 978-601-238-482-6  
Т. 17 «Жас ғалымдар». – 2015. – 297 б.  
ISBN 978-601-238-499-4

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001:378  
КБЖ 72

ISBN 978-601-238-499-4 (Т. 17)  
ISBN 978-601-238-482-6 (общ.) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

2 Секция. Филология  
2 Секция. Филология

2.1 Бөлімше. Қазақ филологиясы  
2.1 Подсекция. Казахская филология

## ДЫБЫСТЫҚ СИМВОЛИКАЛЫҚ СӨЗДЕР ЖӘНЕ МӘТІННІҢ ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ ҰЙЫМДАСУЫ

ӘБИКЕНОВА Г. Т.  
ф.ғ.д., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Тілдегі сөздердің дыбыстық тұлғасы мен олардың мағынасы арасындағы байланыс мәселесі өте ерте заманнан бері зерттеушілердің назарын аударып келе жатқаны белгілі. Фоносемантика бағыты тіл білімінде ХХ ғасырдың 80 - жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Бұл бағытта зерттеулер С.В. Ворониннің еңбектерінен бастау алады. Фоносемантикалық талдау, сараптау әдісі түрлі тілдер негізінде К.Ш. Хұсайын, С.А. Өткелбаева, Карпунин С.А., С.В. Степанова, Л.Н. Санжаров, Л.П. Прокофьева, В.В. Левицкий және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

Дыбыс еліктеуіш сөздер туралы қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде дыбыс еліктеуіш сөздерді лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан сөз тобы ретінде қарастырады.

Дыбыс бейнелеуіш (дыбыс еліктеуіш) сөздердің зерттелу тарихының екінші кезеңі К.Ш. Хұсайынның зерттеулерінде бүгінгі тіл білімінің жаңа талаптарына сай, озық әдістемелер негізінде жаңа қырынан зерттелінді. Қазақ тілінің бейнелеуіш сөздері фоносемантиканың теориялық қағидалары мен әдістемелері негізінде 9500-ден астам бейнелеуіш түбір және негіз дериватив сөздердің, қырықтан астам туыс және туыс емес тілдердің (түркі, тұңғыс-манчжур, үндіеуропалық, семиттік тілдер) негізінде олардың экстралингвистикалық сипаты ескеріле отырып, салыстырмалы-типологиялық түрде зерделенген. Қазіргі уақытта қазақ тіл біліміндегі фоносемантика теориясы саласындағы зерттеулер қатарында С.А. Өткелбаева, М. Жұбанова, Б. Жонкешов еңбектерін атауға болады.

А.М. Газов-Гинзберг өзінің «Был ли язык изобразителен в своих истоках?» [1] атты монографиясында, сондай-ақ басқа да ғылыми еңбектерінде семит тілдерінің туыс емес төрт тілдік семьяларындағы дыбыс бейнелеуіш түбірлерді салыстыра келе, тілдің пайда болуындағы

дыбыс пен мағынаның байланыстылығын көрсеткен. Г.Е. Корнилов идиофон және имитативтер символикалық түрде дыбыс бола тұра, жанды немесе жансыз объектілерді бейнелей алады деген пікір білдіреді [2, 14 б.]. Дыбыс бейнелеушілік мәтіннің фоносемантикалық ұйымдасуына мүмкіндік береді, өйткені осы дыбыс бейнелеушілік көркем мәтіннің дыбыстық формасын құрайды және реципиенттің мәтінмен ой қызметін жасау барысындағы алдыңғы материя болып табылады. Дыбыс бейнелеушіліктің, анығырақ айтқанда дыбыс еліктеуіш пен дыбыс символдау арқасында айшықты ой байланыстары туындайды, олар мәтінге белгілі бір әшекейлік беріп тұрады. Мәтіндегі дыбыс еліктеуіш сөз мәтін бөлшегіндегі дыбысты ғана берудегі тірек элемент қана емес мәтіннің негізгі мағынасын да беруші болып табылады. Дыбыс еліктеуішті берілген тіл құралдары арқылы қоршаған болмыс дыбыстарын шартты сөз ишаралары арқылы беру деп те айтуға болады. Түбір сөздің дыбыс еліктеуіштік артикуляциясы физикалық тұрғыдан дыбыс шығудың табиғи үдерісін толығымен қайталайды деген де болады. Дыбыс бейнелеуіш сөздер фоносемантика теориясы бойынша екі түрге бөлінеді: дыбысқа еліктеуіш сөздер (звукоподражательные слова), екінші түрі – дыбыстық символикалық сөздер (звуко-символические слова).

Егер дыбыс еліктеуіш сөздер үшін номинация негізіне алынатын дыбыстарға қатысты (бұл белгілер әрқашан да дыбыс болып табылады) белгілер анық болса, дыбыс символдық сөздер осындай белгілерге қатысты толық анықталмаған. Дыбыс символдық сөздердің уәжділік аясы дыбыс еліктеуіш сөздер уәж аясынан әлдеқайда кең, сондықтан анықталмаған белгісіз сипаттары да көп.

Дыбыстық символикалық сөздердің фоносемантикалық табиғатын анықтаудың өз қиыншылықтары бар, себебі аталған сөздердегі дыбыстар табиғи нысандардың дыбыстарына емес, дыбыстан бөтен түрлі сипаттарға еліктеуден пайда болған. Дыбыс еліктеуіш сөздер өзара екі түрге бөлінеді:

1. жанды нысандар шығаратын дыбыстарға еліктейтін сөздер.
2. жансыз табиғи нысандар дыбыстарына еліктейтін сөздер [3].

Дыбыс бейнелеуіш сөздер мен дыбыстық символикалық сөздердің тұтас мәтінді түзудегі орны – бүгінгі таңда тереңірек зерттеуді қажет ететін мәселе.

Көркем мәтіндегі дыбысқа еліктеу сөздердің микромәтіндердегі ойды дамыту қызметін атқаруы кездеседі:

- микромәтін: Тырма сықырлай орынан қозғалған. Аттың аяқ алысы байсалды. Тырма доңғалағы қиыршық тас аралас

топырақты шықырлата дөңгелеп келеді. Он, он бес, жиырма кадам жүрді. Тыныштық.

2- микромәтін: ...Жиырма кадам... Жиырма бес кадам... Отыз... Тырманың бір жақ доңғалағы жол үстінде жатқан тасқа соғылды. Қушауырын қалт тоқтады. Құлағын тікелей мойнын артқа бұрды. Мертік жауырыны мүлде күдірейіп кеткендей. Едіге де демін ішіне тартып тына қалды. Бірақ Қушауырын делбе қағылмаса да жүгін алға тартты. Тырма жұдырықтай ғана сопақша тастың үстінен аттап өтті. Аттап секіргендей болды. Тырманың алып тарақтың жүзіндей қатар-қатар тізілген темір тырнауыштары сыңғыр-сыңғыр, салдыр-салдыр етіп, біріне-бірі соғылды. Қушауырын үрейлене көкке шапшыды да ала жөнелді (М. Мағауин).

1- микромәтіндегі сықырлай, шықырлай деген дыбысқа еліктеу сөздер 2-микромәтінде сыңғыр-сыңғыр, сылдыр-сылдыр деген дыбысқа еліктеу сөздерге ұласады. Яғни алдыңғы микромәтіндегі еліктеу сөз келесі микромәтінде ойды дамыту мақсатында, ой жалғастығы үшін қолданылған.

1- микромәтін Аз уақытта үлкен үйдің екі жағынан ақырын сыңқылдап, күліп келе жатқан жас әйелдер үндері естілді. Дәрмен, Мағаш, Кәкітай, Өтегелді сияқты бүгінгі кеште бәріне ортақ сыр сақтаған жігіттердің құлағына жиі-жиі сылдыраған шолпы дыбыстары келеді. Олардың сергек құлақтары сол дыбыстарға мән берумен бірге, көздері есік жақтарға жиі қарасады. Әуелі әр жастағы балалар кірісті. Бұлардың да өндері таза қазақ тегіннен басқарақ екендігін білдіреді. Шаштары қоңырқай, көздері үлкен, мұрындары көтеріңкі, бойы ұзындау, тік біткен (М. Әуезов)..

2-микромәтін: Қыздар кіргенде, Әбіш скрипкасын тоқтатып, жаңа келген сыпайы топқа, тәрбиелі ілтипат білдірді. Орнынан тұрып, беті қып-қызыл болып ду ете түсіп, басын сәл ие амандасқандай белгі етті. Алдыңғы қыз Мағрипаның өзі болатын. Оны мен серіктеріне Мұсабайдың келіншегі және Мұсабайдың өзі мен Нұртаза, Өтегелді сияқты ауыл иелері, Әбішпен қатар тез тұрысып, төрге қарай шығуға жол берісті. Мағрипаның көп қонақ үстіне кіргелі, екі беті ду етіп қызарып, қып-қызыл еріндері ұялғандай жымыып, аппақ кесек тістерін көрсетті. Ол сәнді салмақпен баяу басып, алтынды шолпысы өте жіңішке, биязы үнмен шылдырлай келіп, Мұсабайдың дәл жоғары жағынан отырды (М. Әуезов).

Берілген үзінділердегі алдыңғы микромәтінде келген сылдырлап деген дыбыстық еліктеу сөзекінші микромәтінде тағы қайталанады. Қыз шолпысының сылдырлауы, шылдырлауы символдық мағынада

жұмсалып, қыз бойына тән еркелікті, қазақ қызына тән сыпайылықты білдіреді. Шылдырлағаншолпы дауыстары қыз бейнесін, оның сыпайы жүрісін, нәзіктікті таныту мақсатында берілген. Яғни мәтіндік үзіндіде жұмсалған сылдырлау, шылдырлау деген дыбыстық еліктеу сөз мәтіндегі астарлы ойды білдіреді. Сондай-ақ үзіндіде бұл сөздер кейіпкер бейнесін сомдауда ерекше стильдік қызмет атқарады.

Сол сияқты сарылдау, сылдырлау, сырылдау, шарылдау, шұрылдау т.б. құрамындағы сар/шар/шұр/шор деген түбірлер судын сарылдап, шарылдап, сорылдап, шорылдап, яғни қатты немесе баяу екпінмен қуыс, тар жермен ағуына еліктеу түрінде сипатталады.

Өзен түбі таза құмайт, қатқыл керіш болғандықтан, су айнадай мөлдір болып сырғиды. Күзгі шөптің сәл сарғыш, буалдыр бойын жағалап, кейде майда жасыл шалғынды ақырын сілкіте тербетіп бауырлай сылдырлайды (М. Әуезов). Зерттеушілердің пікірінше, С дыбысы судың жылжитын, ағатын, сылдырайтын, сырғанайтын, сорғалайтын, жылтылдайтын, жалтылдайтын т.б. сипаттарын бейнелеген.

Кей жағдайда дыбысқа еліктеу сөздер бір микромәтін бойында бірнеше рет қайталанып келеді.

Қимылдаса болды — аяғындағы құрым етігі сықыр-сықыр сарнап қоя береді. Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр. Қойбағардың құлағына сол бір жексұрын үн майдай жаға ма... қойқан-қойқан етіп, байыз тауып отыра алмағаны. Сықыр-сықыр... Қойбағар ырғала басып сыртқа шықты. Сықыр-сықыр... Қойбағар хан ордан ұзап барады. Сықыр-сықыр (Ә. Кекілбаев).

Мұндағы сықыр-сықыр дыбыстық еліктеу сөзі мәтіндегі астарлы ойды білдіреді. Үзіндіде автордың айтайын деген негізгі ойын символдық мағынада жұмсалған сықыр-сықыр сөзі өзіне жасырып тұр. Сол арқылы мәтін семантикасына қызмет етеді.

Төрт аяғына бірдей, шашасына салбырата күміс қоңырау байлаған екен; аттың тізгіні, жүгені тегіс күміс шынжыр, әшекей ме, тұмар ма неше түрлі салпыншақтан көрінбейді; ат секіргенде сылдыр-сылдыр, сынғыр-сынғыр етті. Мазақтап, күліп тұрғандай (М. Мағауин).

Мәтін құрылымындағы дыбыс еліктеуіш сөздер мәтін семантикасына қызмет етеді. Олар микромәтіндегі негізгі ойға екпін түсіру мақсатында, мәтіндегі ойды дамыту үшін қолданылады.

Сырттан топ ат дүбірі, дабыр-дүбір дауыстар естілді. Келер сәтте есік алдына бүйірі шыға еңтіккен, жоны жұмыр, түгі күмістей жылтыраған, жайындай ту бие – батаға шалар бозқасқа көлденеңдеді (М. Мағауин).

Мұндағы дабыр-дүбір - жанды табиғи нысандар шығаратын дыбыстарға еліктеуден болған. Абзацтың алғашқы сөйлемінде келген осы сөз кейінгі абзацтағы ойды дамытуға негіз болған.

Әзірше жігіттердің көпшілігі сойыл шоқпарларын қолтықтарына қысып, кейбірі ердің қасына көлденең салыпты. Ең айдынды, ең қызулы көрініс осы мүйнет болды да, тамашалаған ауылға соңғы көрініс те бол болды. Бақтығұл атқа мінісімен: «Әйда, тарт!» деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сатыр басып, шымды жерді дүнк-дүнк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қару-сайман бір-біріне шылдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалап, тартып берді (М. Әуезов).

Берілген мысалдағы сатыр-сатыр, дүнк-дүнк, шылдыр-шылдыр, тықыр-тықыр деген сөздер бірінен кейін бірі үстемелене жұмсалып, микромәтіндегі ойды дамыта, тереңдете түседі.

Ит дауысы алыстап барып, қайта жақындап, абалады. Ажал да абалады. Дүрсіл ауылға қайтып келді. Күбір-күбір адам дауысы естілген тәрізденді. Ақбілектің жүрегі зырқете түсті. Зырқ етпей қайтсін, тықыр шықты. Жүрегінің дүрсілі болғай еді деп, қолын кеудесіне басып еді. Апан көр сияқманды. Өйткені ажалдай түсі суықсаудырған үш адам келіп қалды (Ж. Аймауытов).

Т / д дүрсілдейтін, дүңкілдейтін, тарс – түрс ететін, тарсылдайтын, тақылдайтын, соғу, қағу әрекеттерінен туындайтын кешенді табиғи дыбыстар шығаратын нысандарды символдайтын сөздерде кездеседі.

Бақтығұл не болса да қарсыласып өлуді тіледі. Сейіттің жан ұшырып ара түсуі әке жанын өртеп жібергендей болды. Жан-дәрмен қолына ұстап отырған қайың көесуді жұлып ала, Сәлменнің қамшысын сол қолымен жұлқа тартып, атып тұрып, көз жұмғандай шапшаңдықпен Сәлменді қақ бастан үш-төрт рет тарс-түрс періп, періп жіберді (М. Әуезов).

Үзіндідегі тарс-түрс сөзі микромәтіндегі негізгі ойды әсерлі етіп жеткізу үшін қолданылған. Сондай-ақ микромәтін бойында айтылған іс-әрекетке шапшаңдық, қаталдық мән береді.

Қымызға қызып алған Сыбанның төқаппар бір төресі қолына домбыра алып, тыңқылдатып отырып, бір ауыз өлең де айтып салды:

Сәлем де, Ыбырайға, бөлем еді,

Ас беріп Күнекемді елемеді.

Ел жиып ағайыннан алғыс алса,

Аз ғана шығасыдан өле ме еді? – деп тоқтағанда, барлық топ қарқылдасып, мәзденіп, күлісіп алды. Бұл төре Абай сияқты, Қаракесек Бошанның жиені болатын. «Бөлем» дегенде, соны еске алып айтқаны.

Өленнің аяғын ұйқастыра алмай, «өлер ме еді» деген сөзді әдейі «өле ме еді» деп айтқанын, өзінің ерен тапқырлығындай танытты.

Сол бір олақ сөзді, әсіресе қатты даурығып айтып, елден бұрын өзі тарқылдап күлгенді (М. Әуезов).

Осы үзіндіде келген тарқылдау, қарқылдау деген сөздер микромәтіндегі ой жүйесіне өзіндік әсер етеді. Жиылған топтың сылқылдап немесе сылдырай күлмей, тарқылдап, қарқылдап күлуінің өзі, күлкінің қатқылдығын, дарақылықты сездіріп тұрғандай. Сонымен қатар бұл жерде автордың жақтырмаушылық көзқарасы да сезіледі.

Көркем мәтінде тарқылдау – тырқылдау (күлу); қарқылдап күлу - күркілдеп күлу т.б. дыбысқа еліктеуден туған сөздер кездеседі.

Қорыта келе, дыбысқа еліктеуіш сөздер мен дыбыстық символикалық сөздердің мәтінтүзімнің фоносемантикалық бірліктері ретіндегі қызметін былайша саралап көрсетуге болады:

1 дыбысқа еліктеу сөздер және дыбыстық символикалық сөздер мәтіннің композициялық құрылымын түзуге қатысады;

2 дыбыстық символикалық сөздер мәтін семантикасына да қызмет етеді;

3 микромәтіндерді байланыстыру қызметін атқарады.

4 мәтіндік үзінділерде жұмсалған дыбыстық еліктеу сөздер мәтіндегі астарлы ойды беру үшін жұмсалады.

Көркем мәтінтүзуші фоносемантикалық бірліктердің прозалық және поэзиялық шығармалардағы мәтінтүзімдік қызмет ерекшелігі төмендегідей:

1 Кез келген поэзиялық (көбінде поэтикалық) немесе прозалық болсын көркем мәтінде фонемалардың үйлесімділік пен әуезділік туғызу мақсатында ұйымдастырылуы кездейсоқ құбылыс емес.

Мәтіннің фоносемантикалық жағынан ұйымдасуының бір тәсілі ретінде белгілі бір фонемалардың кездесу жиілігін айтуға болады. Бірақ дыбыстық символдық поэзияға тән болумен қатар прозаға тән құбылыс екендігі сөзсіз.

2 Поэзиялық шығармаларда дыбыстық үйлесімділік ақынның ойын әшекейлеуге ықпал етеді. Бұл бір жағынан мәтіндегі тілдік құралдарды байланыстыруға қызмет етсе, фоносемантикалық құралдарды анықтап талдау барысында, мағыналық аспектіде танылады.

Ал прозалық туындыларда дыбыстық үйлесімділіктің болуы мен олардың жиі ауысуы мәтіннің ұзақтығынан, мағыналық көпқырлылығынан деуге болады.

Мәтіннің фоносемантикалық ұйымдасуы барысындағы фоносемантикалық құралдарды пайдаланудың түрлі болуы поэзияға

тән, ал прозада байқалмайды. Прозаға көбінде дыбыстық символизмдер тән, дыбыстық қайталануларда және тұтас сөздер мен дыбыстық кешендердің қайталануында дыбыстық акустика-артикуляттық ой байланыстары тән. Мәтінді фоносемантикалық ұйымдастырудағы поэзияның прозадан айырмашылығы – ондағы ұйқас. Ұйқас поэзиядағы мәтінді фоносемантикалық ұйымдастыруды объективтендірудің негізгі құралдардың біріне жатады. Ұйқас басқа құралдармен (эпифорамен, ассонанспен, аллитерациямен, паронимикалық аттракциямен және т.б.) біріге отырып ерекше мағынаға ие болады. Фоносемантикалық мағыналарды анықтау мен дыбыстарды бағалау сенсорлық және эмоционалдық (синэстэмия құбылысы, С.В. Воронин термині) аяларды біріктіру идеясына негізделеді. Бұл біріктіру ой байланыстардың ұқсастығы бойынша жасалады, өйткені ол фоносемантиканың психофизиологиялық табиғатын дәлелдейді.

Осыған байланысты мәтіннің фоносемантикалық ұйымдастырылуы лексикалық, синтаксистік және грамматикалықтарға қоса көркем мәтінді ұйымдастырудың және қабылдаудың қажетті сатыларының бірі болып есептеледі. Біз мәтіннің фоносемантикалық ұйымдастырылуы мәтіннің толық эмоционалдық күйін қамтамасыз етуші фактор деген қорытындыға келеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Газов-Гинзберг А. Был ли язык изобразителен в своих истоках? - М., 1965.

2 Корнилов Г.Е. Имитативы в чувашском языке. – Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 1984. – 184 с.

4 Воронин С.В. Этимология и фоносемантика (на материале тюркских и некоторых других языков)//Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990.- С.62-70.

#### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЕСІМДІКТІ ОҚИТУ

ӘБУОВА С. Ә.

«Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы жалпы білім беретін мектеп-интернаты» Мемлекеттік мекемесі, Павлодар қ.

Қазіргі заман талабына сай оқыту үрдістері де өзгеруде. Осыған орай шағын жинақталған мектептердің оқу сапасын жақсартуда әр-түрлі технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелер беруде. Ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміз қазіргі кезде

қолданылып жүрген педагогикалық технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Осы орайда мектепте сөз таптарын өтудің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін есте ұстанған жөн болар еді. Сөз таптарын меңгерту, оқушының алдында тұрған күрделі де қиындығы мол сөйлемдерді меңгерту жолын ашады. Сондықтан, мұғалім сөз таптарын өткенде еріксіз жана технологиялық тәсілдерге сүйенуіне тура келеді. Әрі заман ағымына сәйкес, жаңа үрдістен қалмауға, жаңадан оқытудың тиімді жолдарын пайдаланудың да маңыздылығы бар екендігі шындық. Сонымен бірге қазіргі білім жүйесінің негізгі міндеті – адамның ішкі жан дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуын бағыттау, соған негіздеу. Сондықтан қазіргі қоғам адамзат алдына, білім беру жүйесіне үлкен мәселелерді қойып отыр. Ондай мәселелердің бірі, мектеп педагогикасының күрделі де маңызды мәселесі – оқушыны оқыту, білім беру үрдісін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын, жаңа үлгілерін пайдалану. Соңғы кездерде мектептерде оқытудың әр түрлі жаңа технологиялары пайдаланылып, тәжірибеге енгізілуде. Осындай заман талабы қазақ тілін, оның жеке бір саласы болып табылатын морфологияны, сөз таптарын меңгеруді жаңаша жолмен оқыту қажеттігін көрсетіп отыр.

Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. Солардың бірі - педагогикалық үрдісті технологияландыру. Әлемдік педагогикалық тәжірибеге “технология” ұғымның ену тарихына көз жіберсек, бұдан 15-20 жыл бұрын отандық педагогикада технология ұғымы мүлдем дерлік қолданылған жоқ. Дәстүрлі педагогика өкілдері “технология” терминіне үрке қарады, себебі, оған дейінгі түсінік бойынша технология деп белгілі бір объектінің өзгерісін айтатын еді, яғни технологияның барлық шарты орындалған кезде нәтижеге кепілдік берілетін. Бірақ педагогтар бұл категорияны педагогикалық құбылыс ретінде қарастыруды қажет деп таппады. Жалпы, технология идеясы өте жаңа ұғым емес. Оқыту үрдісін технологияландыру туралы ойды осыдан 40 жыл бұрын Я. А. Каменский айтқан болатын. Оның ойынша оқыту “технологиялық болуы қажет, яғни нені үйретсе де, нені оқытса да” табыссыз болмауы қажет. Оқытудың мұндай механизмін, яғни нәтижеге қол жеткізетін оқу үрдісін Я.А. Каменский “дидактикалық машина” деп атады. Оған:

-мақсат қою;

-осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру;  
-бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу маңызды болды.  
Сөйтіп, мақсат - құрал - оны қолдану ережелері- нәтиже модулі шықты [1].

Бұл білім берудегі кез-келген технологияның өзегі.

Сөз - адам ойын білдірудің негізгі құралы, айналадағы нақты өмір құбылыстары негізінен зат және оның қимыл - қозғалыстары мен іс - әрекеттерінен тұратыны мәлім. Бұл айтылған жалпы заттың құрамына кіретін жанды заттардың, оның ішінде адамзаттың орны ерекше. Өйткені адам айналадағы тіршілік құбылыстарын тануға ұмтылады. Қоғамдаса өмір сүріп, бір - бірімен қарым - қатынас жасайды. Бұл тәрізді нақты өмір құбылыстарын адам тілдік құралдар арқылы таңбалайды және оны өз жадында сақтайды. Сол секілді қоғам өміріндегі оқиғалар мен өз жеке басындағы жағдайларды қорытып, өзара пікірлеседі. Осы айтылған мәселелер тілде сөздер. Сондықтан сөздердің түп-төркініне назар аударуға тура келеді. Қазақ тілінде сөз таптарының алатын орыны ерекше, себебі сөз таптарын меңгеру арқылы оқушы дұрыс сөйлеуге, сөздерді сауатты айтуға үйренеді. Ал, есімдіктің де өзіндік ерекшелігі бар, есімдікті оқу процесінде бастауыш сынып балалары тек сауаттылыққа үйреніп қоймайды, олардың дүниетанымдық көзқарастары да ұлғаяды. Нақты айтқанда өзін қоршаған айналамен танысады, әрі бала бойында өзін қоршаған ортаға деген ойлар, түсінік қалыптасады, Сол себептен, сөз таптарын оқытудың маңыздылығы зор деп айтуымызға болады. Ұстаз сөз таптарын, соның ішінде есімдікті өткенде төмендегідей ерекшеліктерді басшылыққа алып отыруы қажет:

Есімдікті оқыту барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста болу.

Жекелей мал-жан атауларымен таныстыра отыруды есте ұстау.

Белгісіздік, сұрау, жалпылама, сілтеу, өздік, болымсыздық деген сияқты сөз ұғымдарына тереңірек түсінік беруді ескерген жөн. Бұл тәсілдің қажеттілігі, оқушы балалар сөздің төркінін терең түсінбеуі әбден мүмкін, мұның соңы балалардың сабақты нашар меңгеруіне, немесе жалығып кетуіне әкеліп соғары сөзсіз шындық. Есімдікті оқыту барысында өзіндік оқыту әдістемесінің негізгі жолдарын ұстануы тиімдірек болар еді.

Мектепте есімдіктерді өту – ерекше кезеңдерден өту болып саналады. Оның басты себебі, сөз таптарының ішінде есімдіктердің алатын орыны маңызды. Адамның сөйлеу, ой қорытуына тікелей өз әсерін тигізеді. Егер ұстаз есімдіктерді оқытудың тиімді тәсілдерін орынды пайдаланса,

онда тіліміздің дұрыс сөйлеу мәдениетіне зор үлес қосқан болып табылар еді. Сонымен, қорыта келгенде сөз таптарын, соның ішінде есімдіктерді оқыту әдісі—баланың дұрыс сөйлеу қабілетімен қатар психикасына да ықпал етеді. Дәлелдейік, есімдік және оның түсіндірген сәтте тек тіл мәселесіне ғана емес әдебиетті де, тарихты да қамтуға болады. Біздің бұл арада айтайық дегеніміз ұсақ әңгімелерді үшінші, төртінші сыныптарда талдауға болады. Талдау барысында алдымен оқиға баяндалады. Содан соң жеке-жеке есімдік түрлері анықталып, іс-әрекеттер ұғындырылады. Мысалы, келтірер болсақ, онда еріксіз бұрын өткен тарихи оқиғаларға тоқталамыз. Әрі қазақтың бұрынғы салт-дәстүріне де шолу жасаймыз. Демек, оқушы қазақтың салтында кездесетін үрдістерден, әрі тарихи оқиғалардан хабардар бола отырып, талдаулар жасайды. Бұл тәсілдердің ерекшеліктері, біріншіден оқушы бойында аяныш сезімі туындайды, бұл өзара татулыққа жетелесе, екіншіден өткен тарихпен танысып, құлағы қаныға түседі, үшіншіден талдау сабағына деген қызығушылық сезімі оянады. Әрине, біздің бастапқы мақсатымыз қазақ тілінде есімдіктерді өткізу тәсілін анағұрлым сапалы түрде жетілдіре түсу әрі неғұрлым оқушы жанына жақын тіл табу екендігі де белгілі жағдай. Демек, сабақ өтудің технологиясын жаңарта түскеніміз бен сапа жағын да ескере отырғанымыз дұрыс болар еді. Әрине жаңа технологиялық сабақ өту түрін жоққа шығаруға келмейді, бізге басты қажеттілік, оқушымен неғұрлым жақын тіл табысу әрі дұрыс ұғындыра білу. Осы орайда тағы да қажеттілік қағидасы туындайды, ол – берген сабақ нәтижесін қайта қайтару. Ол үшін жоғарыда айтылған жаңа негіздерге сүйеніп отырып, төмендегідей жобаларға сүйенеміз:

Оқушылардың тыңдауын қадағалап, ұйымдастыру.

Сабақтың тақырыбына сай мақсатын нақтылай білу.

Оқытушының тақырыпты терең және жан-жақты меңгеруі.

Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, сезімі, тиімді әдіс-тәсілдері.

Көрнекті құралдардың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы.

Мысалдардың өмірмен байланыстылығы, баланы ойлантуға, сөйлеуге, тәрбиелеуге ықпалы.

Топпен, жеке оқушымен жұмыстың жандылығы, әртүрлілігі.

Оқушы теориялық жағынан меңгергенін іс-тәжірибеде, күнделікті сабақта қолдана алуы.

Оқушыларға жіктеу есімдіктерінің септелуін түсіндіру мақсатындағы сабақ түрін өткізудің де өзіндік ерекшелігі бар. Мұның басты қажеттілігі, оқушыларды сауатты сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру.

Сабақтың тақырыбы: Жіктеу есімдіктерінің септелуі.

Сабақтың мақсаты: Есімдікті оқыту барысында мәтінді пайдаланудың да маңыздылығы зор. Мәтін арқылы оқытудың ерекшелігі, оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдысын дамытады, сөздік қорын молайтады және сұрақ қоюды меңгереді.

Сабақ түрі: аралас сабақ.

Әдісі: ой қозғау, топпен жұмыс, құрылымдық технология, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: сюжетті сурет, тірек сызба, деңгейлік тапсырма.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Өткен сабаққа шолу.

Үй тапсырмасын сұрау.

Жұмбақ.

Сөйлемде барлық ой иесі боламын,

зат есім, сан есім, сын есім туысқан.

Кім сұрағымен көркейемін, толамын. / есімдік/.

Сын тұрғысынан ойлау әдісімен жұмбақтар шешіп, ойындар ойнау арқылы білім дамыту тәсілін қолдану.

Ойнайық та ойланайық

Ой қозғау

Ой толғаныс

Мағынаны тану

Ой қозғау: Геометриялық фигуралардан кісіге, малға есім беру және олардың қандай бағытқа қарап тұрғандығын анықтап, сұраулар қою. атын шығару. Мысалы: анау сұр қоян, мынау Асан, осы бала қоян иесі т.б.

Мағынаны тану: құрастырылған әр сөзге әр топ мақал, жұмбақ, жаңылтпаш, өлең ойластырады.

Ой толғаныс: Құрастырылған сөздердегі есімдіктерді септеу.

Деңгейлік тапсырмалар тарату

Жіктеу есімдіктерін септеу.

Кестемен жұмыс.

Пысықтау.

Жатқа жазу.

Сен күшіне сенбе, біліміңе сен.

Еске сақтап жазу.

Менің досым, Сенің мектебін, оның үйі, сідің кітабыңыз.

Шығармашылық жұмыс.

Ғарышқа саяхат.

Есімдіктерді теріп жазу.

Әр топ өлең, мақал, жаңылтпаш құрастырады.

Септеу.

Есімдіктерді септегенде қолдануға қолайлы тәсіл, оларды зат есіммен салыстыра отырып септету. Мұндай тәсілдің ерекшелігі, бала өткен сабақты да қайталап есіне түсіріп отырыды. Мысалы, зат есіммен салыстыра отырып септелік:

А. Кім Сәуле ол

І. Кімнің Сәуленің оның

Б. Кімге Сәулеге оған

Т. кімді Сәулені оны

Ж. Кімде Сәуледе онда

Ш. Кімнен Сәуледен одан

К. кіммен Сәулемен онымен

Қорыту.

Не білемін не білдің

Үйге тапсырма: 492-жаттығу.

Бағалау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Исабаев. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. А., 1990.

### ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ӘУБӘКІР С. С.

ағылшын тілінің мұғалімі, ИнЕУ колледжі

АРАЛБАЕВА З. К.

студент, ИнЕУ колледжі

Көркем ауыз әдебиетін аудару аудармашының аса шығармашылық қабілеттерін талап етеді. Себебі аударудың бұл түрінде басқа аудару материалдарына (ресми құжаттар және іс-қағаздар, публицистикалық, ғылыми ақпараттарға) қарағанда басты, яғни доминант ролінде көңіл-күй, мазмұндық, эстетикалық ақпаратты жеткізу болып табылады.

Бұл мақала негізіне Алдар көсе жайында аңыз-әңгімелер алынған, оның ішінде «Алдар көсе және Шықбермес Шығайбай», «Алдар көсе және Жартыбай бай», «Алдар көсе және мақтаншақ

бай» сияқты әңгімелерін қазақ тілінен ағылшын тіліне аударудағы ерекшеліктері қарастырылған.

Фитерман А.М. және Левицкая Т.Р. аудару трансформацияларын келесі түрлерге бөлген:

1) Грамматикалық трансформациялар: ауысымдар, қосу, алып тастау, транскрипция, транслитерация, калькілеу т.б.

2) Лексикалық трансформациялар: антонимдік аударма, толық безендіру тәсілі, мағыналық даму, бейнелеу аудармасы, нақтылау, устемелеу, т.б. болып табылады.

Бұл пікірге сүйене отырып,

«Осы арадан бір-екі күндік жерде тамырын кессен, қан шықпайтын, кеудесін тессен жан жықпайтын Шықбермес Шығайбай деген бір сараң бай тұрады деп естиді Алдар көсе. Ол өзі, басқа, көлденең көкатты түгілі, құдайы қонағының өзіне қара су татырмайды екен...» [2, б.64] үзіндісін ағылшын тілінде:

One day Aldar Kose, the Beardless Deceiver, heard that not far away, one day's journey on horseback from him, there lived an exceptionally greedy bai, Shigaibai by name, and nicknamed Shikbermes which means "he who will not give you a dewdrop". They said even a God's man would never get a gulp of fresh water out of him, to say nothing of a casual passerby...[2, б.65] аудармала үлгілерін көреміз.

«Тамырын кессен, қан шықпайтын, кеудесін тессен жан жықпайтын» тіркестерін ағылшын тіліне «an exceptionally greedy bai» ретінде аударылған. Дегенмен, бұл тіркес байдың шынымен сарандығын толық жеткізеді. Тіркес ішіндегі «бай» сөзі (тек түркі тілдес халықтарына тән болғандықтан, ағылшын тілінде эквиваленті жоқ болып келеді) транскрипция арқылы берілген.

«Осы арадан бір-екі күндік жерде» деген, ағылшын тілінде «one day's journey on horseback from him» тіркестерін салыстыра келе: «1-2 күндік жерде» деген тіркес - бір жердің екінші жерден аттылы кісінің 1-2 күн жүру қашықтығында орналасқанын білдіреді. Яғни тіркестің функционалды қызметін жеткізу мақсатында, аудармашының рельефті сөзді таңдау арқылы, «аттылы» сөзін қосып, (түпнұсқада «аттылы адам» көрсетілмеген) мазмұнын ары қарай логикалық байламын табу арқылы «мағыналық даму» тәсілін қолданылған.

«Көркем шағармаларды аударуда аудармашының сөйлемдегі басты элементтерді бөліп алып аударудан аулақ болуы тиіс» [1, б.207-208].

Қазақ ертегілерінде кейде сөйлемдегі сөздер саны аз болғанымен, олардың ақпараттық қызметі кең және ауыр болып келген жағдайдар



жиі кездеседі. Сөйлемдерді түпнұсқаның (Алдар көсе жайындағы әңгімелердің) барлық қазақи бояуларын, эстетикалық көркемдігін еш ауыстырмай дәл аудару қажет. Бұндай жағдайларда көбінесе устемелеу, қосу алмастыру немесе функционалды қазметін жеткізуге бағытталған тәсілдер қолданылады.

Мысалы келесі үзіндіде:

Татырмай көрсін ол маған! – дейді Алдар көсе әйгілі саран туралы әңгімеден кейін. – Татырмай көрсін! [2, б.66].

Дәл осы үзінді ағылшын тілінде:

“Well, he will feed me, make no doubt about that”, Aldar Kose assured everybody. “Let him only try to refuse to feed me!” [2, б.67].

Бұл үзінділердіден «Татырмай көрсін ол маған!» сөйлемнің ішіндегі бірліктердің саны шағын болғанымен, Алдар көсенің байды алдап соғатынындағы өзіне деген сенімділігінің мол екенін аңғаруға болады. Сондықтан ағылшын тіліне аударуда «make no doubt about that», яғни бұған еш күмән жоқ тіркесін «қосу» арқылы түпнұсқа мағынасы орнатылған. Немесе келесі үзіндіден:

«Хош келдіңіз, Алдар-еке! Төрлетіңіз! Бірақ ескертіп айтқайын: бұл үйде тіске басар, өзек жалғар түк жоқ! Өзіміз де аш отырмыз!» [2, б.69].

Ағылшын тілінде:

“Welcome, honourable Aldar!” the greedy bai responded to the guest’s greeting with a feigned cordiality. “Come in and take a seat. But you see, there is nothing to feed you with in this home. We are starving ourselves” [2, б.70].

Келесі мысалда,

«Ақыл айқасында, қулық шайқасында мен оны тірідей өлтіремін!» [2, б.74].

Және ағылшын тілінде:

I am cleverer than hi is! And I am more cunning than he is! I will cheat him, I will make him knuckle under. You will see! [2, б.75] - толық безендіру тәсілі қолданылған, аударма автор ойын жеткізу мақсатында, «мен оны тірідей өлтіремін» ағылшын тілінде «I will cheat him, I will make him knuckle under» эквивалентімен алмастырылған.

Алдар көсе жайлы әңгімелерде терең моральдік мағыналар жатыр. Сол ойларды өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында қазіргі күні Алдар көсе жайлы фильмдер мен мультфильмдер түсіріліде.

Қазақ ауыз әдебиетінде – «Алдар Көсе», ағылшындарда – «Робин Гуд» сияқты кейіпкерлер аса танымал. Ертегілердің кейіпкерлері, іс-әрекеттері ойдан шығарылғанымен, олардың тәрбиелік, мән-мағыналық маңызы айқын. Әр халықтың ертегілері

- сол халықтың тұрмыс-салт ерекшеліктерін көрсететін тундылар. Сондықтан осы жайттарды ескере отырып, аудару үрдісінде аудармашы түпнұсқа ойын барынша дәл жеткізуге тырысу қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 И.С.Алексеева Профессиональный тренинг переводчика Санкт-Петербург, 2001 г.

2. Ә.Н. Баталов Алдар көсе жайлы әңгімелер Алматы кітап, 2009 ж.

3. Ахметова А.Б. Аударма теориясы мен практиканың негіздері, Павлодар, 2010 ж.

## Ә. НҰРПЕЙІСОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ СИНОНИМДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

АБДУЛЛАЕВА Қ.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілімізде көркем туындыны әрлендіріп, ерекше нәрлендіре түсетін көркемдегіш құралдар сан түрлі. Солардың қатарына синонимдерді де жатқызуға болады.

Синонимдер - ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Тілдегі синонимдерді пайдаланып керегіне жаратпайтын жазушы жоқ. Бәрі де өзінің стильдік мақсатына орай қолданады. Ал жазушы тіліндегі синонимдерге талдау жасау оның сөз талғау принциптері мен өзіндік стиліне тән сөз қолдану ерекшелігін танытады.

Синонимдердің көркем әдебиетте қолданылуына қатысты ғалым Р. Сыздық: «Синоним дегендер - тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық кетегория ғана емес, қолданыста, әсіресе, көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал...», - деген пікір айдады [1, 28 б.]. Демек, синонимдер сөзді қайталамаудың негізі ғана емес, ол біріншіден, және де ең бастысы, стильдік қызмет атқарады, мағыналық жүк көтереді. Шығарма тіліндегі экспрессивтік пен баяндау дәлдігі синонимдер арқылы жүзеге асады. Өмірлік көріністерді толыққанды етіп суреттеу, кейіпкерлерінің ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беру синонимдердің нәзік мағыналық айырмашылықтарын тап басып, сөз ішінен керектісін ғана тандап ала білетін жазушының қолынан келеді.

Синоним сөздердің көркем шығарма тілінде атқарар қызметі сан-алуан. Ә.Нұрпейісов романдарында жиі байқалатын құбылыс - синонимдердің қайталануы. Бұл ретте синоним сөздер өзара қосарланып не бірыңғай қатынаста қолданылады. Мысалы: «Үй ішіне қара көлеңке үйірілген кешкі зауал шақ; бірақ әлі бір үй шам жаққан жоқ; қаладан қашық тұратын ауылға бәрі қат, бәрі зәру, кіріптарлық басына күнде түсе берген қазақ әйелдері керосинге дейін үнемдеп, қас қарайғанша шам жақпай, қазан астында жанған оттың сәулесін жарық қып, жүдеу өмірді онан сайын жұтата түседі» [2, 115 б.] дегенде, жазушы сөйлем ішінде бір сөзді екі рет қайталамау үшін синоним сөздерді кезектестіріп әдейі стильдік мақсатта қолданған деп түсінеміз. Егер бір сөз сөйлемде қайталанып қолданыла берсе шығармада ой жұтандығы, тіл әлсіздігі көрініп қалар еді. Сондықтан жазушы кезектестіріліп қолданылатын синоним сөздерді қалай болса солай ауыстыра салмай сөздердің мән-мағынасына терең үңіліп, үйлесіміне қарай жұмсаған. Әр түрлі дыбысталатын сөздерді алмастыру арқылы жазушы сөзді түрлендіріп, айтайын деген ойын анық жеткізіп, шығарманы көріктендіре білген.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ә.Нұрпейісов кейде синонимдердің екі-үшеуін қатар қолданады. Мысалы: «Осыған дейін уайым, қайғыны бойына дарытпай, жұрт алдында жаркылдап жүрсе де, қарт балықшы үйіне келгесін өзін ұстай алмады» [2, 168 б.].

Мұнда адамның көңіліндегі жайсыздықты беру үшін уайым, қайғы сөздерін қатар алған. Екеуінің де сөйлемде орны нақты беріліп, жазушы адамның жабырқаған, қиналған сәтін көрсеткен. Уайым – жеңілдеу айтылса, қайғы уайымға қарағанда салмағы басымдау сөз.

«Қалай болғанда да өзінің ежелгі бір тірі жаннан қымсынбайтын дағдылы тыныштығынан айрылып, осы күндері ол от басында, қатың бала арасында ұсақ-түйекке ренжігіш, ызақор, ашушаң болып алды» [2, 497 б.].

Берілген сөйлемдегі қатар қолданылған синонимдер кейіпкердің психологиялық күйін айқындап тұр және үдемелетіп үйлесім тауып жұмсалған. Бұл синонимдер бірінің мағынасын бірі толықтырып, айтылған ойды нақты көрсетіп тұр. Біреуіндегі кемдік мағыналық, стильдік реңктер басқаларынан көрініс тапқан.

“Әншейінде басы бірікпейтін байлар, билер, атқамінерлер осы жолы Торшолақ баланың сөзіне иланып, үйір-үйір қойлармен бірге ірі қараларды да мұрнынан тізіп беріпті” [2, 510 б.].

Мұндағы “байлар”, “билер”, “атқамінерлер” - қоғамда әртүрлі ісімен көзге түсіп, ел басқарып жүрген адамдар. Осы адамдардың лауазымдық

қызметтері синонимдік қатар арқылы берілген. Синонимдердің бір сөз табынан болатынын ескерсек, бұлардың бәрі зат есімдер.

Ә.Нұрпейісов ойын айқын, әсерлі етіп жеткізу және поэтикалық бейнені дәл беру үшін синонимдік қатарларды өте шебер пайдаланған. Бір сөйлем бойында синонимдердің екеуін, кейде үш-төртеуін қатар келтірудің стильдік мәні зор. Жазушы қолданған әр сөздің міндеті, әсері, бояуы айқын.

Ә.Нұрпейісовтің синоним сөздерді қосарлап та қолданғанын жоғарыда айтып өттік. Жазушы қолданысындағы қос сөздер - ұғым-түсінікті, іс-әрекетті, заттың түрлі сапа-қасиетін жинақтап беру мақсатында жұмсалған. Оған мынадай мысал келтіруге болады: «Осы кісі бұл оқуға келген жылдары абырой-атаққа бөленген даңқты кісілердің бірі еді-ау? О, заман-ай! Ағасындай адам астанада жоқ сияқты еді ғой! Шынында да бұл көрген астаналықтар ана жақтағы балықшылар сияқты боз ала таңнан тұра сала дірдектеп жұмысқа асығып бара жатады» [3, 367 б.].

Берілген мәтіндегі қос сөздің екі сыңарының да мағынасы қиыса келіп, адамның еңбегі арқылы белгілі бір сый-құрметке ие болуы деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздердің жеке тұрғандағы мағынасы және қосарлану арқылы пайда болған мағынасы бір мақсатқа жұмсалған.

“Қайта қауіп-қатерді неғұрлым анық сезген сайын солғұрлым бар қимылы бір түрлі баяулап ауырлай түсті» [4, 640 б.] дегенде, бірінші сыңарының мағынасы «басқа түскен қиыншылық» болса, екінші сөзінің мағынасы «қауіп» сөзінің мағынасынан басымырақ келіп, стильдік мән беріп тұр.

Енді бірде екі сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады: «Андрейдің тырнақтары алынып қапты; мұздың беті қызыл жоса қан; өмір үшін жан таласып көк мұзды тырнағымен айырып осып тастапты; Мөңке бұл екеуінен гөрі әрегіректен күресін мұздың арасында қираған қайықтың қаңқасын көрді» [2, 78 б.].

Көркем шығармада кейіпкерлердің арасындағы қатынасты дәл беру, сөздердің эмоционалдық-экспрессивтік реңдерін күшейту - жазушы тілінің әсерлігін арттыра түседі. Ол үшін сөздерді дәл орнына тауып қолдану шарт. Осы тұрғыдан алғанда жазушының төмендегі сөз қолданысы орынды деп ойлаймыз. Мәселен, «Сол үстіңе Тәңірбергеннің бір жігіті келді. Екеуі оңаша күнкілdestі де бір пәтуға келгендей тез-тез түрегелді» [2, 180 б.] дегенде, шынында да, өздері бай мен кедей болып, бірін-бірі күндеп жүрген заманда олардың күнкілдеспей жай сөйлесе алмасы анық.

Синоним сөздер жазушы қолданысында дәуірлік колорит жасау үшін де жұмсалған: «Жаңа ғана шіреніп, сызданып отырған ығайлар мен сығайлар, кеңет ұшып тұрып есікке ұмтылды. Қарбалас үстінде бірінің алдына бірі түскісі кеп, итермелеп, кимелеп жатыр» [2, 99 б.].

«Ертесінде сәске түс кезінде Ебейсін болыстың ауылына кеп аттан түсті. Үй іші лық толы. Қаратаз төрде. Осы елдің игі жақсылары оның оңы мен солын ала, қақ жарыла отырыпты» [2, 249 б.].

«Төр алдында жатқан жуандар Ебейсінді көргенде бастарын көтерісті. Ішке кіріп келе жатып, төр алдында дуадақтай-дуадақтай боп тенкиіп жатқан жуандардың сырт тұлғасын шолып өтті» [2, 263 б.].

Жоғарыда берілген «ығайлар, сығайлар», «игі жақсылар», «жуандар» бір жағынан, «бай-мырзаларға» синоним болып, сол дәуірдің колоритін беріп тұрса, екінші жағынан, ол сөздің қолданылуында мысқыл бар. Демек, қос жүк арқалап тұр.

Синоним сөздерді таңдап-талғап, ең қажеттісін керекті жерінде қолдану - шын қалам шеберлеріне тән іс. Оның өзі синонимдердің мағыналық қырларын орынды пайдалану болып табылады. Мысалы: «Енді қазір көңілі орныққан соң қараса... о тоба, көрі дүние бәз-баяғы қаз-қалпында. Ай орнынан атып, күн орнынан батып тұр» [2, 521 б.].

«Былтырдан бері қолдағы малдың тұқымын асылдардырып ұстауды арман етіп жүрген. Кәленмен араздасқалы сол үміті қыркылғандай болып қалды» [2, 82 б.].

«Алдаберген софы Әлібидің үйіне түсіп, қыстан қалған аз ғана сүрді астырып, отырған үстіне Рай келіп, софының қытығына қатты тиді. Мұны шаршы топтың алдында тірілей жерлеп кетті» [2, 189 б.].

Мұндағы «жарық» деудің орнына «кәрі», «үзілді» деудің орнына «қыркылды», «қатты ұялтты» деудің орнына «тірілей жерлеп кетті» деуі жоғарыда айтқанымызға дәлел.

Ә. Нұрпейісов синоним сөздерді кезектестіріп, жұптап қолданған сияқты, фразеологиялық тіркестерді де айтайын деген ойын бейнелеп, күшейтіп беру үшін қолданады. Мысалы:

«Үлбіреген сұлу қызбен қатарласып шіркеуге кіргенде Курнос Иванның төбесі көкке жетті» [2, 47 б.].

«Мұны естігенде Тәңірбергеннің төбе шашы тік тұрды. Елсіз-сусыз далада қол, аяғы байлаулы қалған түрікпен жігіті көз алдынан кетпей қойды» [2, 413 б.].

Жоғарыда берілген «төбесі көкке жетті» деген фразалық тіркес кейіпкердің қуанышты көңіл-күйін танытып тұрса, «төбе шашы тік тұрды» тіркесі қорқынышты күйін білдіріп тұр. Егер осы «төбесі көкке жетті» деген тіркестің орнына «қуанды» деп, ал «төбе шашы

тік тұрды» деудің орнына «шошыды» десе, сөйлемнің эмоциялық бояуы әлдеқайда солғын болар еді.

Ә. Нұрпейісовтің синонимдерді қолдануындағы өзіндік ерекшеліктері әр қырынан көрінеді. Жазушы фразеологиялық синонимдерді төгілте де, синонимдік қатар жасай отыра да жұмсайды. Мәселен, тілдегі «тауы шағылу», «ажары қайту» деген тұрақты тіркестер «қаймығу», «беттемеу» деген мағынада бір-біріне жуық, өзара синоним сөздер. Жазушы оны былайша қолданған: «Он жыл бірге оқығанда осы досының тауы шағылып, ажары қайтып мұқалғанын көрген емес» [3, 122 б.].

Сондай-ақ жазушы романдарында «сағы сыну», «еңсесі түсу», «сұлдерін сүйрету», «ауыр ой жанын жеу» т.б. фразалық тіркестер кейіпкер күйзелісін, ішкі психологиялық күйін жан-жақты ашып, жеткізу мақсатында жұмсалған.

Ә.Нұрпейісов прозаларында жеке сөз бен фразалық тіркестердің аралас қолданылуы да ерекше көңіл аудартады. Оны төмендегі мысалдардан көреміз:

«Көкірегі көпті танығанмен кісіге қыры жоқ, момын жан тағы да жер боп қалды» [2, 190 б.].

«-Сені де халық оқыған, көзі ашық азаматым дейді-ау! Орыс тілін сен өз өлсізінді талау үшін ғана үйренген екенсің ғой» [2, 112 б.].

«Оны өзі байқамаса да, ағасы байқап, миығына мысқыл жүгіріп мырс етті де, крем жаққан бетін қайта ысқылады; сосын өңі кіріп, ажарланып шыға келді» [3, 366 б.].

«Аяғының ұшымен айналып, ұршықтай үйіріп, дөңгеленіп жүріп, келіншектің құлағына аузын тақап, құпиялап тіл қатады» [4, 262 б.].

Жазушы кейіпкерлердің мінез ерекшелігін, олардың өзара қарым-қатынасын, қимыл-әрекетін әсерлі етіп беру үшін синонимдерді бір сөйлем бойында қатарластырып ұтымды жұмсай білген.

Ә. Нұрпейісов романдарында синонимдер кейіпкер тілінде де қолданылады. Жазушы кейіпкер тіліндегі синоним сөздердің ерекшелігін шығарма тілінің көркемдігін арттырудың бір құралы ретінде пайдаланады. Аталған қызметтерін негізге ала отырып, кейіпкер тілінің шынайы болуы мақсатында ұтымды жұмсайды. Алайда өзара мәндес сөздердің мағыналарында шамалы айырмашылық болатыны белгілі. Жазушының негізгі мақсаты - осы айырмашылықты ескере отырып, мәндес сөздердің арасынан көздеген жеріне анық тиетін орындысын дәл тауып қолдану. Бұл ретте, жазушының кейіпкер тілінде қолданған «кедей» сөзімен синонимдес «қара сирактар», «қара

таяқтар», «қара борбай» тіркестері осы мақсатта жұмсалған. Жазушы оларды жекелеп те, қатарластырып та қолданған. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады:

«-Анадағы қара таяқтар конференциядан кейін еліңе бара сала жергілікті жердің басшыларын жағадан алмасы бар ма, сыңар тамшы шықпағасын еңбегі еш - тұзы сор қара сирақтар қаһарға мінсін» [3, 347 б.].

«-Сенің қызың, біздің болашақ келініміз қайдағы бір қара борбай балықшымен ашына дейді. Алтын басымды аяқ асты қып қорлап жүрген көрінеді» [2, 133 б.].

Берліген сөйлемдерде айтылған ойға кейіпкердің көзқарасын, өрі екінші бір кейіпкердің мінез ерекшелігін білдіріп тұр.

Сонымен қатар, жазушы прозасында «Алла» сөзімен синонимдес «Құдай» «Тәңір», «Жаратушы», «Жасаған Ие» сөздері қолданылып, кейіпкерлердің түрліше көңіл-күйін, көзқарасын білдіруге қызмет еткен:

«-О, Жасаған! Жаңа ғана көздері шүңірейіп, жағы солып, құр сұлдері тұрған ебіл-себіл кісілердің...» [3, 69 б.].

«-Тәңірім-ау, мынау көнге шыққан қызыл гүл ғой» [3, 299 б.].

«-Ойбай, Құдай-ай, басқаны қайтейін, өз күшігіңнің өзінді қапқаны жаман болы ғой» [2, 80 б.].

Берілген сөйлемдердегі «О, Жасаған», «Тәңірім-ау» деген сөздер кейіпкерлердің әр түрлі көңіл-күйін, таңдану, таңырқау сияқты сезімдерін білдіріп тұса, «Құдай-ай» сөзі кейіпкердің өкініші мен күйінішін және де шарасыздық күйін танытып тұр.

Ал «Абыралы аулының балаларын Құдай береді... Алла береді... Тәңір береді... Жасаған береді... Әй, сонда біздің балаларымызды кім берген екен? О несі, әй?» [2, 323 б.] дегенде, «Құдай», «Алла», «Тәңір», «Жасаған» сөздері бір сөйлем бойында қатар келіп, кейіпкер мінезін, оның жаратпау, жақтырмау сияқты мысқылын білдіріп тұр.

Ә. Нұрпейісов мағынасы жағымсыз сөздерді тыңдаушыға жеңілдетіп, жұмсартып жеткізу үшін де синонимдерге жүгінеді: «-Пақыр қызыл сөзді желге шашқан дуасыз ауыз еді» [2,125 б.]. «Мұны айтқан бұлардың ішіндегі ең аузы жеңіл, аңқау Жылқыбай еді» [2,354 б.].

Мұнда «бос сөйлейтін» дудің орнына «дуасыз ауыз» деп, «өсекші» дудің орнына «аузы жеңіл» деп қолданған.

Ал, «Құлтума оқ тиген бойда жан тапсырды» [2, 458 б.]. «Бүгінгі күні арамыздан жетім шал дүние салып ысырат сапарына жол шеккенде...» [2,36 б.] деген сөйлемдерде, «жан тапсырды», «дүние салып» тіркестері қайтыс болған адамдарға байланысты айтылып,

сөйлемдегі айтайын деген ойды жұмсартып жеткізіп тұр. Егер жазушы осы тіркестердің орнына «өліп қалды» тіркесін қолданса бір жағынан анайы, екінші жағынан сөйлемнің экспрессивті бояуын қанық бере алмаған болар еді. Қазақ ұғымында өлген адамды ешқашан «өліп қалды» түрінде тура айтпаған. Бұл мағынаны білдіруде «қаза болды», «қайтыс болды», «қайтты», «жан тапсырды» т.б. тіркестері қолданылған. Сондықтан жазушының қаза болған адамдарға байланысты «жан тапсырды», «дүние салды» тіркестерін қолдануы өте орынды қолданыс деуге болады.

Қорыта келгенде, Ә.Нұрпейісов прозасындағы синоним сөздер мен фразеологиялық синонимдердің тек образ үшін ғана емес, шығарманың экспрессивтік-эмоционалдық бояуын арттыра түсу үшін де пайдаланғанына көз жеткіздік. Жазушы белгілі бір ұғымды толығымен әр тұсынан қамтып сипаттап көрсету үшін синоним сөздерді стильдік мақсатта молынан жұмсаған. Синонимдердің көркем шығармада неғұрлым ұтымды жұмсалуды шығарма шырайын кіргізіп, жазушының шеберлік шыңын айқындай түседі.

Ә.Нұрпейісов айтайын деген ойын әсерлі етіп жеткізу үшін синоним сөздерді қатарластырып та, жекелеп те, қосарлап та жұмсаған. Жинақтап айтқанда, жазушы ең бірінші - лексикалық синонимдерді еркін меңгеріп, орнымен жұмсап оларды шығарма мазмұнын ашуға, ойды тереңдетіп беруге қолданған. Бір сөзді қайталай бермей синонимдер арқылы шығарма көркемдігін, әсерлілігін арттыра білген; Екінші - синонимдер дыбыстық үйлесім тауып, грамматикалық формалардың еркін тіркесуі арқылы шығарманың экспрессивтік бояуын қоюлата түскен; Үшінші - бір мағына беретін бірнеше сөзді қолдану арқылы поэтикалық сөз өрнегінде сұлу да көркем бейне жасай алған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі.-Алматы, 1995.-207 б.
- 2 Нұрпейісов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Т.2. Қан мен тер: Трилогия. Үшінші кітабы. –Алматы: Жазушы, 1981. –352 б.
- 3 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман –Алматы: Жазушы, 1999. –472 б.
- 4 Нұрпейісов Ә. Курляндия. 1-том. –Алматы: «Өлке» баспасы, 2005. - 320 б.
- 5 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. -Астана, 2001. – 230 б.

## Ә. НҮРПЕЙІСОВТИҢ ПОРТРЕТ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ҰПМУ, Павлодар қ.

Кез келген шығарманың бейнелейтіні адам өмірі, олардың қоғамдағы орны, түрлі қарым-қатынастары екені белгілі. Суреткер осыларды бейнелеу арқылы оқырманға бұрын беймәлім өмірді, бейтаныс адамдарды, шынайы шындықты танытады. Әдебиетте мұндай бейнені жасаудың түрлі әдіс-тәсілдері бар. Соның бірі - портрет.

Портрет дегенде, әрине, біздің көз алдымызға өзгермейтін, қашан көрсек те бір орнында тұратын кескін өнеріндегі портрет елестейтіні белгілі. Алайда сөз өнеріндегі портрет мұндай емес, ол бір қалыпта тұрып қалмайтын, үнемі қозғалыста болатын жанды келбет. Нақтылай айтқанда, «Әдебиеттегі портреттің өзгешелігі, мысалы суретші бояумен кескіндеген портреттен айырмасы ол адамның бет-әлпетін, кейпін тұтас бейнелемей, көбінесе жекелеген ерекшеліктер, есте қаларлықтай сипат белгілер, көркемдік детальдар арқылы көрсетеді. Суретші жасаған портретте адамның бет-пішінін, өң-шырай, келбеті қалайда бүтіндей ашылады, ал әдебиет шығармасында портрет бояумен емес сөзбен мүсінделгендіктен, кейіпкердің бет-пішіні, кескін-келбеті суреттелген жеке сипат белгілері негізінде ойша толықтырылып, көзге елестетіледі» [1, 240 б.]. Демек, әдебиеттегі портреттің өзінен кейіпкер мінезіндегі елеулі белгілер аңғарылып тұруы тиіс. Сонда ғана шынайы бейне, көркем образ жасалады.

Алайда, әдебиет тәжірибесі көрсеткендей, адамның келбетін бейнелеу сурет өнеріндегідей қиын болмағанымен, сол келбетті автордың немесе өзге кейіпкердің көзімен және нақтылы әрекет үстінде беру оңай шаруа емес. Егер портрет жеке өзіндік мақсат ретінде алынса, оның оқырманға айтарлықтай әсері болмай қалады. Ал көркемдік шындық қаһарман пішінін жанды әрекет, қозғалыс кезінде айқындалуын талап етеді. Мұндай әрекет жазушы шеберлігінің бір қырын танытады.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бейнесін сомдаудың небір үлгісін Әбдіжәміл Нұрпейісов романдарынан кездестіреміз. Жазушы мұнда авторлық идеяға, кейіпкердің нақтылы жағдай кезіндегі әрекетіне қарай олардың бейнесін берудің түрлі тәсілдерін қолданған. Мәселен, бірде жазушы қаһарманның сырт келбетін неғұрлым толық келтірсе, енді бірде кейіпкердің бірер белгісін

ғана атап өтеді. Мұндай амалды жазушы көбінде қарапайым кейіпкерлерді сомдауда қолданады.

Ә. Нұрпейісов прозасынан портрет жасаудың бұдан басқа да түрлерін кездестіруге болады. Оның бірі - қаһарманның бет-жүзіндегі, денесіндегі ерекшеліктерді екінші бір адамның көзімен сипаттату беру болса, екіншісі - адам портретін қайталамай, әрбір қырынан толықтыра отыра суреттеу. Бұл тұлғаның даму ерекшелігін көрсететін өте ұтымды әдіс екені мәлім. Жазушы романдарынан аталмыш тәсілдердің тамаша үлгілерін көреміз. Ойымыз дәлелді болу үшін мысалдармен нақталасак:

«Насыр қоңыр көзі күлімдеп тұратын дөңгелек, зерен жүзді, шоқша сақалды кісі» [2, 292 б.].

«Таңқы танау, екі беті быттыып бедіреңдеп тұратын қызыл қоңыр жігіт» [3, 110 б.].

«Қара торы бетінің өңі еркін күн қағып қалындай түсті демесең, қазір де атжақты әдемі. Үш жағы келтелеу біткен қыр мұрны тіпті мінсіз» [3, 238 б.].

«Оның Тапалтақ, мұртты капитан екенін танып қалды» [2, 34 б.].

«Жазық кең маңдайлы, қыр мұрынды, аққұба жігіт» [3, 52 б.].

«Шымылдық пеш түбіндегі керәуетте екі ұрты салбыраған кемпір отыр. Қолағаштай үлкен мұрынның бір танауында бүйідей қара мен. Сол меннің сыпыра көбелігінде сояудай ақ қылдар тікелей, кемпірдің онсыз да еркек тақылеттес кесек бітімін суыта түскен» [3, 59 б.].

Жазушы прозасындағы кейіпкерлер бейнесі осылайша қысқа ғана сипатталып отырады. Алайда бәрі осылай ғана сипатталады екен деген пікір тумау керек. Жазушы кейіпкерлерін белгілі бір оқиға жүйесінде алатын орнына қарай және де шығарма көлеміндегі қатысына байланысты портретті дамытып, жетілдіріп отырады. Кейіпкерлердің бет-бейнесін ғана емес, оған қоса дене пішімі, қимыл-қозғалысы т.б. бірге суреттеліп портретті қомақтандыра түседі. Бұлайша бейнелеу - олардың әлеуметтік дәрежесін, мінез ерекшеліктерін т.б. танытады. Бұл реттегі портреттердің түрлері төмендегідей болып келеді:

«Сырт пішіні өз ұлтынан гөрі таулы, балқан елдерінің халқына көбірек келіңкірейтін, осы орта бойлы, бұйра қара шашты, ашаң жүзді генерал аса салмақты болатын. Әскерлері шегінді деп есіткенде оның қоңыр кескіні қара сұр тартып, қара қасын сәл түйіп, тұнжырыңқырап алды. Атжалданған имек мұрнының үш жағы жылтырап, сабырлы адамның ең бір сүйіп істейтін жұмысына соншалық сеніммен шабыттанып кіріскенін танытқандай» [2, 81 б.].

«Колчак мейлінше елпілдеген ақ-көкірек кісі. Ойына алған ісін бір ыңғайлап бітіргенше жаны шығып, дызығып бітетін күйгелек. Ондайда екіленіп кететін қызба. Шегір көк көзінің қарашығы жалтылдап, шын ықыласымен сығырайып қарай қалады. Қаймақтай жұқа ернінің екі шалғайлығына мысқыл жинап, жымқырып алады» [2, 142 б.].

«Иванов былайғы күнде де сараң сөйлейтін. Ең жаманы - кісіге жанасып, жанын жанына жалғай алмайтын - тұйық. Қандай іш тартып, жақсы көріп отырған кісіге де көңіліндегі жылылығын сездіріп, жазылып сөйлеп көрген емес; ат жақты келген ұзынша бетіне ызғар теуіп, қашан көрсен де тістеніп алғандай, ерні-ерніне жабысып, сүп-сүр боп сіресіп тұратын. Аз күледі. Әрі сұрғылт беті ащы дәрі ішкен кісідей тыжырынып, бір танауымен ғана мырс ете алады. Бір ғажабы сұрғылт беті сонда да бұлк етпейді. Жанын алған дене тәрізденіп өмірі өңін бермейтін салқын леп сыртқа теуіп, бейне қарып алатын аяздай боп тұратын-ды» [2, 158 б.].

«Федоров жасынан қара жұмысты көп істеген апай төс, ірі сары орыс... Түсі суық; айрықша ашулы түрі жаман. Бір сәтте бетінің қаны қашып кететін-ді. Осы жолы да жұқа еріндері тісіне жабысып, сүп-сүр боп алыпты. Сүзетін бұқаша басын бауырына алып, бұған тұздай көк көзінің астынан кірпік қақпай қадала қарап, жақындай берді. Ащы темекіні құныққандай, кең танауы делдиіп үсті-үстіне сорды да, лактырып тастады. Ирек тұмсығының ұшынан тер білінді. Дошы ашу басылып, бет-өңі әлгіден көрі азырақ жұмсарған» [3, 45 б.].

Ал кебір жағдайларда кейіпкерлердің бет-бейнесі, қимыл-қозғалысымен бірге олардың киген киімдері де суреттеліп отырады:

«Аяғында бітеу бас етік. Үстінде шидем күпі. Бұл өңірдің үлгісінен бөлек тігілген жалпақ төбелі, елтірі қара тымақтың құлағын шарт байлап алған. Тымақтың жалбыр жүнінен Кәленнің бұжыр қара беті жарылап қана көрінеді. Бауырсақ шайнаған әзірде қалың тымақ астында шықшыт сүйегі бұлкілдеп, қасы-қабағы қозғалып, бір сондай қатты ынтымақты, қауырт қимылды танытқандай» [3, 32 б.].

«Шидем күпілі, сеңсең тымақты, бұжыр қара кісі ат үріккен жақа жылан көзін жылдам тастады да, тізгінін тежеді. Өзі аса ірі. Екі тізесі аттың екі құлағын қаққандай. Күпінің ұзын жеңінен қамшы ұстаған қолы көрінбейді. Шидем күпілі сом дене ерге құйып тастағандай» [3, 28 б.].

«Ақ сең-сең тымақ астынан тұздай көк көзі, сары сақалды, шикіл сары кісі күліп түр екен. Үстінде ақ тері тон. Белін көкіректің тұсынан шарт буып алған. Тонның тысы жоқ, бидай шүберегі алба-жұлба» [3, 22 б.].

«Үстінде қос етек ақ торғын көйлек, басында ақ жібек шәлі. Ақ жібек жаулық жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап-қара боп қиыла қапты» [3, 12 б.].

«Сүйеу төр алдында тіп-тік боп шаншылып отыр. Ай татырда, ін аузына шаншылған сарышұнақ тәрізді. Үстінде ақ бөз дамбал, ақ бөз көйлек, өзі сөлсіз арық. Және аппақ. Сақал-шашы да аппақ қудай. Бармағына толтыра салған көк бұйра насыбайды екі танауымен кезек иіскеп, құшырлана тартып қояды. Екі көзі жасаурай түсіп, бүкіл беті жыбырлап отыр» [3, 171 б.].

«Жүргенде күзенбел ұзын денесі күйбен қағады. Кебіс киген аяғы да ашу бұғандай дыбырлап, жол шаңдағын бұрқ-бұрқ басады. Дене қимылында да бір түрлі күйбектік, тежей түскендік бар. Аса ызалы» [3, 165 б.].

Мәтінде берілген кейіпкерлердің киген киімдері, қимыл-қозғалыстары арқылы олардың мінез ерекшеліктері де ашылып тұр.

Бұл келтірілген мысалдар Ә.Нұрпейісовтің портрет жасаудағы шеберлік қырларын айқындай түседі. Бірақ жазушы мұндай санама сипаттау тәсілін жиі қолдана бермейді. Оның ең ұтымды әдістерінің бірі - кейіпкер тұлғасын екінші бір адамның көзімен суреттеу. Мұндай бейнелеу - көркем тұлғаға жан кіргізетін, құбылыстардың қозғалыс динамикасын елестететін өзгеше ұтымды тәсіл. Мұндай тәсілді қолданатын жазушылар бұл күнде баршылық. Алайда, портретті осылайша сомдау дәстүрін қазақ әдебиетінде тұңғыш рет М.Әуезовтың қалыптастырғанын айта кеткен жөн. Ә.Нұрпейісов сомдаған тұлғалар соның заңды жалғасы іспеттес. Ә.Нұрпейісовтің романдарын оқып қарағанда керіпкерлерді екінші бір кейіпкер көзімен сынату, мінездеу сияқты көркем тұлғаға жан бітірер ұтымды тәсілдерді көреміз. Мысалы, жазушының келін мен еңнің арасындағы әңгімемен басталатын «Қан мен тер» романындағы келінің портретін қаламгердің емес, еңнің көзі арқылы білеміз: «Ақкемпір келініне бұрылып қарап еді, төсегінен жылан көргендей, тұла бойы тітіркеніп кетті. Арық әйелдің қан сөлсіз беті қара сұр тастай қатып қапты. Қасы, кірпігі, үйтілгендей, құйқасы шығып тұр. Аузы үлкен. Еріндері түрік» [3, 118 б.]. Мұнда Ақкемпірдің көзімен Қарақатынның жағымсыз бейнесін беріп тұр.

Осындай бір жағымсыз бейне Судыр Ахметтің портреті Ақбаланың көзі арқылы сипатталады: «Ақбала дір ете қалды. Қорыққаны, әлде кінәлағаны ма, ол әйтеуір Судыр Ахметке жас дірілдеген көзі ұясынан шыға қарады. Өн бойында ойдағыдай ғып жаратқан бір мүшесі жоқ. Не артық жасалып арбиып кеткен, не кем жасалып, ойсырап мін боп тұратын. Бір бас пен бір беталдың

өзінде талай оғаштық бар: ұстарамен тықырлап алғызған басы шақшақайдың жұмыртқасындай көгіс. Төбе жағы сопақ. Сонысына қарамай құлағы аса үлкен, ақ жарғақ, аламан құлақ. Алыстағы бір дыбысты сезіп, соған елең етіп, жарғақ құлағын алдына қарай шұғыл тігіп, тың тындап бағып қалғандай, құлақ бітісінде қапысыз сәт бар екен. Ақбаланың тұла бойы мұздап кетті» [3, 161 б.].

Мәтіндегі Ақбала көзімен берілген Судыр Ахметтің портреті авторлық баяндаумен толығы түседі.

Ә. Нұрпейісов прозасындағы бұдан да басқа кейіпкерлердің мінездеме-портреті асқан шеберлікпен дәл, тартымды етіп өрнектеген. Жазушы көп белгілердің ішінен өзі сомдайтын қаһарманға тән, жарасатындай өлшеулі сөздерді зор талғаммен екшелеген. Төмендегі кейіпкер көздерімен суреттелген бейнелерден осыны көреміз.

Ақбала көзімен берілген Еламан бейнесі: «Аласа есіктен еңкейіп кіріп келе жатқан жігіттің осы күндері сәл ғана есіне алса да ет бауырын елжіретіп қоя беретін боп жүрген ірі тұлғасын көрді. Желкесіне шөгеріп киген бөрік астынан шыққан қос самайындағы шашы аппақ. Ұрты мен көзінің алдын торлаған сай-сай әжімдер қазір былтырғысынан да гөрі тереңдеп, бет сүйектері ет пен тері астында бадырайып-бадырайып шығып, көрілік шіркіннің көңілсіз көлеңкесі кәдімгідей-ақ дендеп қапты» [3, 545 б.].

Темірке көзімен берілген Жасағанбергеннің портреті төмендегіше сипатталады: «Осыған дейін өзі көріп жүрген қазақтардан мына жас жігіттің бойында бір өзгешелік бар: “Талдырмаш денесіне ықшамдап тіккен әскери киім құйылып қапты. Кісі өңіне оқта-текте сабырлы салмақпен сыр тарта қарап қалатын үлкен қара көзі, әдемі қыр мұрны ат жақты ашаң жүзі, шынашағына алтын сақина салған салалы жіңішке саусақтарына дейін, осы аққұба әдемі жігіттің төре сүйек нәсілін анық танытқандай» [3, 100 б.].

Мәтіндегі эпитет арқылы бейнеленген портрет: «талдырмаш дене», «үлкен қара көз», «қыр мұрын», «ат жақты ашаң жүз», «аққұба әдемі жігіт» - бұлардың барлығы қазақтың хас сұлу жігітінің бейнесі.

Мюлгаузен көзімен берілген Дьяков портреті: «Өзінен екі есе үлкен енгезердей ірі кісіге бұл төменгі жағынан қарады. Мына кісінің бар бітімі бөлек: анау-мынау кісіге мұрт болуға жарап қалатын қалың қастан тал-тал қылдар сояуланып бүйе аяқтанып тұр. Көк көзі үлкен. Және дөңгеленген аңғалақ үкі көз. Ат жақты ұзын бетінде білемдей-білемдей бұлшық еттер бар» [3, 549 б.].

Еламан көзімен берілген Бөбектің портреті: «Еркін өңі сынық демесең ажары таймапты. Қара торы бетінің аздап қаны тараған.

Ал, қос самайындағы баяғы бір қыз кезіндегі бұйра балапан шашы осы қазір де сақиналанып, ширатылып ақ жібек орамал астынан бұрқырап шығып тұр» [3, 569 б.].

Жоғарыда бейнеленген кейіпкерлерді роман бойында түрлі жағдайлар үстінде кездестіргенімізбен, олардың осы алғашқы бейнелері мейлінше сақталған, өзіндік әсерлерін жоғалтпаған.

Ә. Нұрпейісов портрет жасаудың ең күрделі жолы - қаһарманның келбетін әр деңгейде көрсету әдісін де қолданады. Ол кейіпкерлерінің сырт бейнесін бір рет ғана суреттеумен шектелмей, оларды әртүрлі ортада, түрлі іс-әрекеттерге сәйкестендіріп бірнеше рет қайталап отырады. Жазушы кейіпкер портретін кейде кең түрде бір жерде тоқтап суреттесе, кейде қаһарманның амалын, басында болған күйініш-сүйінішін біртіндеп, портреттің әр бөлігін әр жерде көрсету әдісімен жасайды. Кейіпкердің түр-түсіндегі айтылмай қалған қасиеттері кейіннен үстемелеп айтылып отырады. Мәселен, Еламан, Ақбала, Кәлен, Бәкізат, Жәдігер, Сүйеу т.б. кейіпкерлердің портреті романның әр жерінде түрліше сомдалып, жан-жақты ашылады. Мысалы, негізгі кейіпкердің бірі саналатын Еламанның портреті кейіпкерлердің көзімен ұласа бірнеше қайталап көрініп отырады. Әртүрлі адамдардың суреттеуінен оның жаңа қырларын байқаймыз. Мысалы, Федоровтың әйелі Шураның көзімен берілген портретте Еламанның осы орыс байына жалданып жұмысқа келген алғашқы кездегі бейнесі суреттеледі: «Өзі көріп жүрген қыр қазақтарынан мына жігіттің бар түрі бөлектен, айта қалғандай ажарлы болмаса да, кең кеуделі, иықты, ірі жігіттің бой тұлғасында әйел нәсіліне ұнайтын, әлдеқандай бір қасиет барын байқай қойды. Үстіндегі киімдері де ып-ықшам. Бәрінен бұрын оның қайратты сұлу тұлғасына қызықтап қарады» [3, 51 б.].

Еламанның бұдан кейінгі портретінде біртіндеп жаңа үстеме сипаттар қосыла береді. Ақбала өзі білетін Еламанның бойындағы жаңа өзгерістерді төмендегіше суреттейді: «Еламанның баяғы балықшы жігіттен мүлде басқа екенін аңғарып отыр. Қолпылдаған қазақы киімнен гөрі орысқол киімі қонымды. Қара мұрты қалың өсіпті. Жалданып тұратын дөңес мұрны мен үлкен аузы қашан да болса оның кесек бітіміне жарасымды үйлес тауып, ер пішінін ірілеп тұратын. Соның үстіне енді қазір Еламанның өңіне бұрын болмаған суық ажар пайда болыпты. Тұнжыраған қалың қабақтың дәл астынан кісі өңіне біртүрлі сазарып қарайтын үлкен ала көздің алдын әлден ұсақ әжім торлаған. Қос самайында қалындай түскен ақ шаш та жайшылықта ішін аша бермейтін осы бір мейлінше ұстамды жігіттің кейінгі жылдары талай қиындықты басынан кешкенін пәш етеме? Солай ма екен? Оның

бетіндегі әжімнен Ақбала өзі істеген қиянаттық ізін көргендей боп іштей тітіркеніп қалды. Оған қарауға жүзі шыдамады» [3, 413 б.].

Кейін Еламанның генерал Черновтың қатарына келіп қосылған кезіндегі бейнесі ондағы жас офицер көзімен суреттеліп, оның көңіл құбылыстары, ерекше ажары, салмақты мінезі тағы да тың бояулармен толыға түседі: «Жас офицер сары ала иық нөкердің арасында бұндағы бір жаннан қымсынбай өзін емін-еркін ұстап келе жатқан ала көз қазаққа қараған сайын таңданып: «хан болса болар», - деп ойлады. Үстіндегі киімдері де ханға лайық. Ептеп шалғысына ақ түскен қою қара мұрты да ана қоңқақ мұрны мен ер тұлғалы ірі бітіміне үйлесіп тұр. Ана қарашы, қасындағы бір кісіге ден қойып қарамаса да, жол үстіндегі бар қыбыр-жыбырды ала көзің қиығымен бақылап бағып келеді. Ала көз қазақ анда-санда бір басын изеп күліп қойғаны болмаса, үндеп жарытпады» [3, 660 б.].

«Портрет – кейіпкердің тек сырт пішін тұлғасы сияқты боп көрінгенмен ол мінез-құлықты, іс-әрекетті, характерді де қамтиды. Кейіпкердің жүріс-тұрысынан, әдетінен, бет пішінінің құбылысынан да адамның ішкі сарайы, жан-күйі сезіліп тұрады» [4, 174 б.].

Қорыта айтқанда, Ә.Нұрпейісов романдарында қолданылған бірін-бірі қайталамайтын, біріне-бірі ұқсамайтын әрбір портрет кейіпкердің сыртқы пішінін, бет-ажарын жан-жақты суреттеумен қоса, олардың мінез-құлқын, адамдық сипатын, көңіл-күйін, ішкі сырын ашуға қызмет еткен. Әр кейіпкердің өзіндік ерекше белгілері мен айрықша қасиет, әдеттері шеберлікпен ашылып, кейіпкер бейнесі оқырманға мейлінше түсінікті жеткізілген. Сондықтан жазушы прозасындағы кейіпкер бейнесін берудегі ең негізгі әдіс – портрет дегуе болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1996. -240 б.
- 2 Нұрпейісов Ә. Күткен күн: Роман. – Алматы: Жазушы, 1982. –360 б.
- 3 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: Жазушы, 1981. –352 б.
- 4 Оразалинов С. Шындық пен көркемдік шешім. - Алматы, 1977. - 199 б.
- 5 Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. - Алматы: Рауан, 1990. - 88 б.

## Ұ. ЕСДӘУЛЕТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ

АБЫЛҚАСЫМОВА Г.

оқытушы, М. Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжі

Ұ. Есдәулет өлеңдерінде Отанға, туған жерге, қазақ даласына деген шексіз сүйіспеншілік, махаббат сезімі жырланады. Ақын сол сезімді жалаң сөз, жаттанды ой арқылы емес, ішкі сезім толқынын, жан тебіренісін ақтара, аша суреттеу арқылы жырлады.

«Ұлықбек ә дегеннен қазақ поэзиясының өзіне дейінгі жақсы үлгілерінен суарылып, енді сол дәстүрді жаңғырта жалғастыру міндетім деп келген ақын. Жай таланттын алғашқы өлеңдерден отын жылт еткізу емес, сол оттың салған жерден маздап жануын, өзгеше, ерекше жануын мақсат еткен» – деген Ғ. Қайырбековтың пікірі соны растайды [1, 234 б].

«Ұлықбек ақын - өлең техникасының озық үлгілерін қалтқысыз меңгерген қалам иесі. Рубаят ұйқастарының табиғаты жасанды емес, халықтық, сондықтан жеңіл ұйқасып, оңай сырласып кете бересін. Жалпы, халық тіліне жүйрік, асыл қазынасын бойына сіңіріп өскен дүлдүл шайыр рубаилары қиындықсыз тез жатталады», - деген Дидар Амантайдың пікіріне қосыла отырып, мынадай қорытындыға келдік. Оның жарқын да кестелі жырлар туғызуына бір себеп – ақынның халық ауыз әдебиетінің бай мұраларымен, өзіне дейінгі ақын-жыраулардың шығармаларымен сусындалып өскендігінде сияқты.

Мысалы, Ұлықбектің:

Уақытты кім жаратты екен жылдам ғып?...  
ала кезде бұлықсыдық, бұлдандық,  
Жігіт шақта қызық қуып, қыз қуып,  
Шатақ қуып, шалқып-тасып, жындандық,  
Тайталаста түсіп талай итжығыс,  
Уақыт – бізді,  
Біз – уақытты құлдандық,  
Қолдағының бәрі сусып уыстан,  
Ақырында айдалада құр қалдық,  
-деген жолдары Абайдың мына өлеңімен сарындас екеніне көз жеткіземіз.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,  
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.  
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті.  
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.



Ал енді мына бір өлең жолдарына көз жіберіп көрелік:

Жалынасың, боқтайсың,

Сағынасың, жоқтайсың.

Махаббат кетті, дос кетті –

Жете алмайсың, тоқтайсың,

-десе Абай, Ұлықбек былайша жырлайды:

Шаттанасың, шарпысасың,

Сан қызыққа батасың,

Айтысасың, тартысасың,

Ит татпасты татасың.

Біздің пайымдауымызша, екі ақынның өлеңдерінің жазылу стилі, ұйқасы, мазмұны үндесіп жатқандай. Осындай үндестікті М.Дулатов, М.Жұмабаев өлеңдерінен де таптық.

Найзаменен түртсе де,

Жатырсың, қазақ оянбай.

Мұнша қалың ұйқыны

Бердің бізге, ой, алла-ай!

-деген Міржақып жырына ұқсас, бір жағынан ақын рухына айтылған сыр сияқты жазылған Ұлықбек өлеңіне назар аударайық:

Ашылды кітап кірпігі баяу...

Аталы сөздің сикыры бар-ау,

Оятаалмайармандакеткен

Ұрпағы әлі ұйқылы-оюу...

-дейді. Ұлықбек Есдәулетовтің Мағжанмен үндестігін махаббат лирикасынан көптеп таптық. Мағжан Жұмабаев:

Махаббат – бір тікенек,

Жүрекке барып қадалар.

Бакытсыз ғой бұл жүрек,

Тамшылап одан қан ағар,

-десе, Ұлықбек ақын:

Шөлдеген жандай қаталап,

Махаббат дейміз, махаббат.

Махаббатдегеннемеңе,

Бұлақ па ішер жата қап?

-дейді. Немесе Мағжан:

Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім,

Сені ғана сүйем - куә жүрегім,

-деп жырласа, Ұлықбек:

Сені ғана сүйемін,

Бір өзінді,

Қылығыңды сүйемін, мінезінді,

-дейді. Енді мына бір жолдарға тоқталсақ:

Сол бір әнді сен маған жырламашы,

Жатыр онда жастықтың жылнамасы.

Сөніп қалған жанартау қайта оянар,

Қайта ашылар жүректің бір жарасы

-деген жолдардан Мұқағалимен сабақтастықты байқауға болады.

Бір жанартау жатушы еді төсімде,

Жана-жана айналған ба өшуге?!

Қызыл күрең алау оттың орнында,

Қылымсыған қыз-сағымдар көшуде.

Ұ.Есдәулетов өзіне дейінгі ақындарды өзіне үлгі ете отырып, солардың ізін жалғастырып келеді. Жай ғана жалғастырып қоймай, жаңаша жалғастырып келеді. Ұлықбектің жаңашылдығы өлеңдері бес буынды немесе одан да көп буынды ұйқаспен жазылған. Мысалы,

Күнәсіз жерді таптап жүр күнәһар адам,

Ой салар ма екен қылаудай мына қар оған

немесе:

Өздерін тіпті өздері басқара да алмай,

Моңғолдан қойған хандарын!

Масқара қандай?!

Осы өлең жолдарының ұйқасып тұрған соңғы сөздері бес буынды, яғни екі сөзден құралған. Бұл, әрине, ақынның шеберлігі екені даусыз. «Үрдісі еш уақытта үзілмейтін сөзжасамға талпыну, жаңа идеяны өз жанынан атау, не етістік тудырып бейнелеуге талаптану – күллі таланттыларға тән ізденгіштік. Гәп ақынның неологизмдері, солардың төлтумалығы жайында.

Бүршіктері буазып тұр бәйтерек,

Бұлт елгезек,

Бұтақ біткен-қаукелек.

«Буазып» көсемшесі бұлтарыссыз тың нәрсе. «Кірледі ме көңілім – кәпірзадам». Бұл да жаңалық. Ұ.Есдәулеттен «қаламдоз» деген атауды да кездестірдім.

Архаизмдерді де тірілтуді автор ескертіпті. «Аламейіз», «темірек», «бейуақ» сияқты көнерген сөздерді көпшілікке ұсынуы да құптарлық» - дейді М.Әлімбаев [2, 5 б].

Қазіргі поэзияда формалық жағынан дәстүрден тыс, яғни дәстүрлі өлшемдерден өзгеше дамудың ақ өлең, верлиберлер, прозалық өлеңдер мен графикалық суреттер арқылы көрінуде. Мұндай формалар ақын ізденісінің

бірі, яғни, мазмұнды берудің бір жолы ретінде талантты ақындардың шығармаларында орын алмаса да, тәжірибелік деңгейде ұшырасып жатады. Олардың ішінде көнесі, әрі кең жайылғаны – ақ өлеңдер. Ақ өлең казактың қара өлеңіне мүлдем кереғар құбылыс деуге болмайды, олардың қайшылығы ұйқастарында ғана. Жалпы өлең құрылысында бұл өлшем көптен таныс болғанмен, оның мәні терең ашылмаған-ды, ақ өлең мен еркін өлеңді, ақ өлең мен ырғақты поэзияны алмастырып жататын. Олай болуы заңды да. Себебі ақ өлең біздің поэзияда жоқтың қасы болатын. Ол поэзияның белгілі бір сипаты ретінде көрінген емес, қайбір ақынның ізденісі ретінде танылып, терең зерттеу объектісіне айналған емес. Өлеңтанушылардың мұндай көзқарасы ақындардың ақ өлеңге деген қатынасынан туындаған. Өйткені ешбір ақын бұл өлең түрін шығармашылық негіз ретінде бағалап, мақсатты түрде ізденбеген, ол қосалқы рөлде болған. Ақ өлең поэзияның негізгі құрылымдық негіздерінен бас тартып, ұйқассыз, шумақсыз қалыпта көрініп, модернистік бағыттың аясында танылып жүрді. Оның оқырман санасына өгей болып, ақындардың өзінен қолдау табудың орнына сынына ілігіп жүргеніне ақын Қ. Мырзалиевтің төмендегі байламы дәлел: «Ақ өлең бізде бұрыннан бар. Бірақ ойға, образға, екіпін-ырғаққа ғана сүйенген ұйқассыз өлең күні бүгінге дейін оңбай-ақ келеді. Оны айтасыз, қазақ поэзиясы он бір буынды шалыс ұйқастың өзін баурына баспай-ақ қойды. Содан да болса керек, Абай орыстың он, он бір буынды шалыс ұйқастарын өзіміздің көне қара өлең формасымен аударған. Иә, қазақ поэзиясы түшіркенгіш поэзия. Ұйқассыз өлең жаза бастасақ болды, сәби жырымыздың өн бойын бөрткен басып кете жаздайды. Төл туындыларымызды былай қойғанда аудармашылардың өзінде осылай. Сондықтан біздің көпті көрген тәжірибелі тәржімашыларымыз Уитменді де, Току Бокудэ де, Пабло Неруданы да амалсыз ұйқасқа түсіріп жүр».

Ақын Ұ. Есдәулеттің «Жүректегі жарылыстар» атты өлеңдер жинағындағы «Ақ өлеңдер» деген топтамамен берілген өлеңдердің барлығы ақ өлеңдердің сипатын толық танытады. «Цирктегі ой» атты өлеңінде бес тармақты шумақта өзара ұйқасқан бірде-бір тармақ жоқ.

Алабажақ // аренада // жылпос қолды // жонглер

Шар тастарды // қақпақылдап // ойнайды.

Бір шар кенет // түсіп кетті // қолынан...

Күлдік біздер, //

Күлу үшін // келдік қой.

Өлеңде ырғақ жүйесін басым бөлігін төрт буынды бунақтардың жүйелі сабақтастығы құрағандықтан, келісті ырғақ сақталған. Сондықтан өлеңдегі поэзиялық интонация үлкен өзгеріске

ұшырамаған. Ал тармақ арасындағы ұйқасушы сөздер арқылы пайда болатын ырғақтық тиянақтылықтың жоқтығынан қара өлеңдегі келісті ырғақтар өз өрісін өзгерткен. Бұл шумақтарда ұйқастардың ырғақ тудырушылық қасиеті, олардың ырғақты тиянақтап, интонациясын келістіру қасиетінен айрылуы қара өлеңді ақ өлеңге айналдырған. «Әнге ода», «Кім өшірер», «Шыңыраудағы құдық» атты өлеңдерінде бұл тұжырым нақтылана түседі.

Өмір өзі // өлтіргенде

Бойыңдағы // пәк сезімді

Тамырынан // тірілететін

Ән, ән ғана, // ән ғана! «Әнге ода»

Өшіріп // жатыр // суретші

қағазға // түскен // кескіннің

көңілге // кеміс // көрінген

керексіз, // құнсыз // тұстарын. «Кім өшірер»

Бірінші шумақ қара өлеңдегі дәстүрлі 4+3, екіншісі дәстүрлі 3+2+3, үшінші өлең 3+3 ырғаққа құрылған. Тармақтардың өзара ұйқаспай, дәстүрлі ырғақтардың тиянақталмауы өлеңнің ырғақтық-интонациялық өрісін өзгеше етеді. Ақын ақ өлеңдерін жазу барысында қара өлеңнің ұйқасынан азат етуге назар аударған. Ақын Б.Қошым-Ноғай «Қас-қағым сәтке кідіріші, жалған!..» деген ақ өлеңдер топтамасында ақ өлеңдердің әртүрін жасайды.

Қарын шашымды // алдырып,

Қырымнан // кеше шыққанмын.

Қырыққа келіп // ілінбекпін бе // құрыққа?!

Қырықпа, // қысқа ғұмырымды сен, // қырық жас!

Қырыққа анам // көтеріп мені,

Қырық жыл // қырғын // кешкен ем,

Қапысын тауып // ажалды алдап // келемін.

Ырғақ жүйесін 8-13-10-12 буынды өлшемдер құрайтын өлеңде ұйқасатын сөздер жоқ. Өлеңнің ырғақ негізін құрайтын бес және үш буынды бунақтар сабақтастығының жүйесі сақталғандықтан, өлеңнің өлшемдік өрісі тиянақты. «Қырық жасқа» сөз арнаған ақын дыбыс әуезділігін де қ дыбысына бейімдеп, өлеңнің мазмұндық, көркемдік, түрлік, дыбыстық қабаттарын қырық сөзінің төңірегіне жинақтап, өлеңді барлық жағынан көріктеуге тырысады.

Ақынның өзіндік дүние танымы мен әлемді сезіну түйсігі, оны жеткізудегі поэтикалық образдардың көркемдігі мен күрделілігі, өзіне ғана тән даралығы өлеңді өлең ететін шарттардың ең бастысы. Бұл қара, ақ деп аталатын екі түрлі өлең табиғатына тән. Сондықтан

ақ өленді зерттеудің өзіндік принципі жасалуы тиіс. Қара өлендегі ырғақтық-синтаксистік өзгешелік өлеңнің ішкі сарайына ықпалы зор болғандықтан оның құрылымы шығарманың идеялық, көркемдік, бейнелілік сипатымен тұтас қарастырылуы шарт. Ал ақ өленде белгілі бір ырғақ қайталануы тән болмағандықтан ырғақтық жүйесін тексеру аса үлкен роль ойнамайды. Ақ өлеңнің ішкі сарайы тереңдігі, образдар жүйесінің күрделілігі, ойды тура меңземей, тұспалдап жеткізетін жұмбақтығы тұрғысынан өте бағалы.

Жалпы қазақ поэзиясы қай кезеңде де сөз өнерінің ең дамыған саласы болып танылған. Қазіргі күні де ұлт поэзиясы көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің байлығымен көрінеді. Ақ өлендер сол дамудың бір көрінісі. Талантты деген қайбір ақын болмасын поэзияның аса бір күрделі түрі ақ өленде өз мүмкіндігін байқамай қоймасы анық. Ойды өлшемсіз өрнектеу қиындығының үстіне сол ойға қанат бітіріп, сезімнің шырқау шыңына шығара білу ақ өлеңнің асқар асуы екендігінде дау жоқ. «Әрине, жаппай үрдіске айналдыруға ақ өлеңнің қиын табиғатының өзі де көне қоймас... Біздіңше, ақ өлең оны оңай олжа көргендердің емес, шындап келгенде өзіне шын сенгендердің өрнегі болатын секілді», - деген сыншы Т.Шапай бұл өлең түрінің қазақ поэзиясының топырағына тамырын терең тарта алмай отырған себебін ашып көрсетеді.

Туған жер тақырыбы қашанда ақындар шығармашылығының қайнар көзі. Әрине, бұл тақырыпты Тұрғазы ақын да айналып өткен жоқ. Онда табиғатты сырттай сипаттап кетпейді. Туған жер табиғатын қатпар-қатпар заманалар тарихымен біртұтас алып жазады.

Ескі қорған маңайында,  
Тас молада, төскейде.  
Батар күннің арайында,  
Қарап тұр бір тас бейне.  
Солғойбіздіңбабамыз да.  
Жаттанелінқорғаған.  
Осынаукеңдаламызда,  
Келер жауынторыған,  
-депоқырмандытарихтұңғиығынабастайды.

Дәл осылай ғасырлар қойнауына үңілу Ұлықбек Есдәулетовтің шығармаларында да көптеп кездеседі. Пікірі мізше, бұл екі ақынның өзара үндестігі. Шығармашылық өмір жолын облыстық «Дидар» газетінен бастаған Ұлықбек Есдәулетовтің бұл, бәлкім, Тұрғазыдай ақынаға сынаналған өнегшесі шығардеп те ойлайсың. Енді Хамит Балшабековтің мына бір өлеңін оқып көрелік:

Жатырсың-ау, жазирадалам, паңсынып,  
Далада екен барша тілек, барша үміт.  
Аман болсаң, мейірімді менің Жер-Анам,  
Берекеге белшемнен жүрем малшынып.  
Ата-бабам болғаннан соң далалық,  
Далаға тән дархандығым бар анық.  
Ғұмырыңа жететұғын қашанда,  
Өту бақыт туған жерден нәр алып,  
- десе, Ұ. Есдәулетов:  
Қалатарылды!  
Аңсаймын Қараталымды,  
Қамшыныңтабы, жылқының тер иісі сіңген (балконда отырып)  
ііскеймін алақанымды,  
- дейді. Бір ақын өзі жүрген дархан даласына деген ризалығын білдірсе,  
бірі сол даласына деген сағынышын жырға қосады. Қазақ қашан да теңдікті  
сүйетін халық қой. Дархан даланы аңсау барлық ақында кездеседі.  
О, Жұмыржер,  
Сен үшін сөз қозғадым,  
Сен үшінжыр,  
Емесменіңөзқамым.  
Жаңғырып тұрғаныңды көрейін,  
Көрмейін мен дидарыңның тозғанын,  
-деген. С. Ғабдуллиннің өлеңімен Ұ. Есдәулетовтің мына  
өлеңінен сабақтастық тапқандай болдық.  
Далам! – десем:  
Жарасы батып жүрегім жан ұшырады,  
Жанарымның жасы таусылып, қанышығады,  
Арыстарымды ойлаймын арланар ма деп,  
Кеудеде шыбын жаны мен намысы бары.  
«Қалай десек те еңалдымен поэзия атты тылсым дүниенің кілтін  
ұстаған ақын жұрттың көңілін қарап жатсын ба, - жазған үстіне  
жаза береді» [5, 4 б].  
Жуас біткенын жыққа айналыпты,  
Алғыр біткен кулыққа байланыпты.  
Ақылдысы ақымақ кебін киіп,  
Жан қинамас жайлауды жайланыпты  
- деп Ғ. Байбатыров ренішін де жасырмай, бүгінгі күннің  
шындығына лдына жайып салады.  
«Күнікешегі «қызыл империяның» кезінде науқан шылық  
айғайымен лепіріп, бүгінде кімнің тарысып іссе, соның тауығы

болып жүрген кейбіреулерді өткір сынға да алады. Ондайлардың көзін шұқып тұрып:

Сен емеспе едің халқынның салтын таптаған,  
Қарсыластарға қуғында болған ақтабан.  
Бүгінгі күнімәнсәбің үшін, бейшарам,  
Жендетедің ғой халқыңды жоққа қақатаған.  
Арсыздықтың да болмаймашегі, азғыным,  
Тіршіліктің былғамай өтші аз күнін.  
Кешегін әубет, кешегі сорлы заманның  
Сыпыраалмай жүргенде коқсық қалдығын,

- деп турасын айтқан ақынға өкпе артапай, жүршылықтың да тілегі осы екендігіне иманың кәміл. Сенесің де оның жырларына әрі қарай көз жүгіртіп, азаматтық әуеніне тәнті боласың» [3, 4 б].

Өмірден түйгені көп Тұрғазы ақынның тіршіліктің мәні, адамгершілік асыл мұрат, көңілге кірбің түсірер түйткілдерді саралап, ой толғап, ғибрат аларлық өлеңдерді молынан жазады.

Біреулердің қулығы,  
Жүз түйеге жүк екен.  
Пенделі ой сұмдығы,  
Ер жігітке сын екен,

- деп Абай жырлаған адам пиғылының қалтарысына үніледі.

Т. Нұқайұлы жайлы: «Ақын жырларындағы тамаша қасиеттің бірі – азаматтық әуенді асқақтата жырлайтындығы. Жылдар өткен сайын ақын талай түрлі тақырыптарды игерді, өлеңдерінің көркемдік қасиеттерін жетілдіре түсті. Шығармалары нақты өмір тәжірибесінен алынған шынайылығымен оқырман жүрегінен орын алған.

Қасиетті Шығыс топырағы – ақын үнімен мәңгі тыныстас» – деп Р. Уәлханова тамаша пікір білдіреді [4, 6 б].

Ақын ең алдымен – жоқшы. Адам жанының, адам рухының жоқшысы болса, ақын әлемі – адам жанының зертханасы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уақыт және қаламгер.- Алматы: Жазушы, 1986.-316 б.

2 Әлімбаев М. Жанымның жапырағын жамыратып / М. Әлімбаев // Жас Алаш, 2004.- №53.

3 Есдәулетов Ұ. Киіз кітап / Ұ. Есдәулет.- Астана: Елорда, 2000.-384 б.

Уәлханова Р. Ақын аға, сізді іздеп жүрміз / Р. Уәлханова // Дидар, 2002.- 30 қараша.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ СЛАВЯН ТІЛДЕРІНДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

АЙТКАЗИНА Т. Д.  
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ Павлодар қ.  
МУКАНОВА А. С.  
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тілі – біздің халқымыздың дәулеті, ол ұлттардың бірлігіне және ынтымақтастығына себебін тигізеді. Өйткені, ұлы ойларды және ең терең сезімдерді тек тіл арқылы жеткізуге болады. Қазақ тілі мемлекеттілікті анықтайтын факторлардың бірі болып табылады, елдің егеменділігін, оның конституциялы-құқықтық мәртебесін белгілейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білу – азаматтың басты бәсекеге қабілетті параметрі. Отаншылдыққа, рухани мұраға, мәдениетке, елдің дәстүріне деген құрмет қазақ тілін білудің арқасында қалыптасады.

Қазақ елінде сан алуан мақалдар мен мәтелдер бар. Олардың тақырыптары барлық өрісті және өмірдің алуандылығын қамтиды: өмірге келу мен өлім, байлық пен кедейлік, достық пен араздық, отанға деген махаббат, жанұя құндылықтары, адамдардың қарым-қатынасы, адам мен табиғаттың әрекеттесуі, еңбекке деген қатынасы, балаларды тәрбиелеу және басқа тақырыптардағы ерекшеліктер. Шешендік өнер - қазақ халқында үнемі бағаланады. Бала кезінен бастап әжелер мен аналар балаларды қарапайым өлеңдерге, әндерге үйрететін. Өсе келе жас балалар мен қыздар тек қана әдемі ән салып немесе өлең оқып қана қоймайды, сонымен қатар суырып салма шеберлері болатын, қарсыластың ұйқастырылған үндеуіне «қол бойында» өткір тілді ұйқасты шығару дағдысында айтыс жарыстарын жасап жіберетін. Мақал мен мәтелдердің қарапайымдылығы, ықшамдылығы, жеңіл ұйқастылығы және сонымен қатар кенділігі оларды елде сонша мәлім еткен. Сөйлеуде оларды дұрыс қолдану айқынды, мәнерлі етеді, сөйлеушінің тапқырлығын және ойлау икемділігін ерекшелейді. Қазақтың мақалдары мен мәтелдерінде халықтың даналығы, оның тәжірибесі, тарихы, арманы көрсетіледі. Мақалдарды аударған кезде оны сөзбе-сөз дұрыс түсіну мүмкін емес, өйткені оның мағынасы метафора түрінде берілуі мүмкін. Қазақ тілінен сөзбе-сөз аудармасы, мысалы орыс тіліне аударғанда мағынасыз болып көрінеді. Кейбір жағдайда, мақалдың мағынасын түсіну үшін елдің нақты әдет-ғұрыптарын және дәстүрлерін білу қажет, өйткені олар адамның барлық өмірін, оның өмірлік құндылықтары мен тұрмыс салтын қалыптастырады,

және халықтың ауызекі шығармашылығында көрінбеуі мүмкін емес. Мақалдар мен мәтелдер арқылы халықтың ойлау ұғымына, оның осы немесе басқа тарихи кезеңдерін түсінуге, халықтың жан дүниесіне, солай айтуға келсе, көз тастауға болады. Мақалдар мен мәтелдердің пайда болу көзі немесе авторлары әдетте белгісіз, олардың есімдерін уақыт жасырған, бірақ сөзсіз, олар халықтан шыққан, өте ақылды адамдар, олардың байқампаздығы мен тапқырлығы халықтың ауызекі шығармашылығында көрініс тапқан, ғасырлар бойы өтіп біздерге жеткен, және өзінің өзектілігін еш жоғалтпайды.

Көптеген мақалдар мен мәтелдер табиғатқа және оның құбылыстарына арналған: жерге, суға, отқа, ауаға, сонымен қатар адам мен табиғаттың ара қатынасына. Көне ұғымдар қазақ халқының мәдениетіне, сол сияқты оның қоршаған әлемге деген қатынасына, өзін табиғаттың бөлігі ретінде сезінуіне үлкен ықпал етті. Ертеде қазақтар жерлерде, тауларда, бұлақтарда, өзендерде, көлдерде, ағаштарда сақтаушы рухтар бар екендігіне, және егер табиғатты қадірлемесе, рухтарды ашуландырып алу мүмкін деп сенген. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері табиғат туралы түрлі тақырыптарды ашады, бірақ табиғат құбылыстары үнемі айтылмайды, көбінесе – адамның қарым-қатынасымен, мінезімен, әрекетімен бейнелеп салыстыруға болады.

Мақал-мәтелдер қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасқанынан бері, сол ұлтпен біте қайнасып, жасап келеді. Қазақ елінің мағыналы ой берер қаншама мақал-мәтелдері барын бәріміз де жақсы білеміз. Мақал-мәтелдер — сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүйуге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген.

Мақал-мәтелдерді біздің елімізде жүйелеп, жинақтап келер ұрпаққа аманат етіп қалдырып жүрген азаматтарымыз баршылық. Дегенмен мақал-мәтелдерді сұрыптап, белгілі бір жүйеге келтіруде, тілдік бірлестіктер табиғатының кейбір қырларын айқындауда зор еңбек сіңірген ғалым Г.Л. Пермяков аталмыш тұрақты тұлғалардың тілші ғалымдар тарапынан да, әдебиетші мамандар тарапынан да зерттелуі қажеттігін ескертеді.

– мақал-мәтелдердің тілдік сипатын сараптап, ұқсастықтарын анықтап қана қою жеткіліксіз, олардың ұлттық ерекшеліктерін, этнолингвистикалық сипатын ашу — бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі;

– бірқатар қазақ, орыс мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалды, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездеседі.

Мен агрономия кафедрасының Агротехнологиялық факультеттің студентімін. Университетте оқыған уақытта мен ауыл шаруашылық тақырыбындағы қазақ, орыс, ағылшын, серб, румын тілдерінде көптеген мақал-мәтелдер оқыдым. Және менің болашақ кәсібімен тікелей байланысты көптеген сан алуан мақалдар бар екендігіне сүйсіне таңдандым. Осы тақырыпты тереңірек зерттей келе, қай халықтың мақалын алатын болсақ та, мағынасы жағынан лексика-симантикалық ұқсастықты байқаймыз. Менің, назарымды аударған қазақ және орыс тілдеріндегі мақалдарды сіздердің назарларыңызға ұсынғым келіп отыр:

Қыс малынды бақ, жаз жерінді шап- Зимой пасти скот, летом землю полоть.

Жер көнді сүйеді, ат жемді сүйеді- Конь любит овес, а земля — навоз.

Су аққан жерінен ағады, шөп шыққан жеріне шығады- Вода течет, где всегда текла, трава растет, где всегда росла.

Бір ағаш кессен, орнына он ағаш отырғыз- Если дерево срубил одно, десять посади вместо него.

Жердің көркі тал болар, елдің көркі мал болар- Земля деревьями богата, скотом богат народ.

Жер — семіз, от — арық- Земля одаряет, огонь все пожирает.

Тамшыдан тама берсе, дария болар- Капля за каплей собирается, река появляется.

Күріш арқасында күрмек су ішеді- Когда рис поливают - сорняк тоже воду пьет.

Орыс, серб, румын халқының мақалдарында да осындай ұқсастық байқалады:

Давай и взамен получай - Give and take.

Из ничего ничего и выходит - Nothing comes from nothing.

Как посеешь, так и пожнешь - As you sow, so shall you reap.

Каково дерево, таков и его плод - As the tree, so the fruit.

Сей хлеб, не спи, будешь жать, не станешь дремать- Овај хлеб, не спавам, ви ћете пожњети, неће да дозира.

Где лишняя навоза колышка, там лишняя хлеба коврижка- În cazul în care cuier gunoi de grajd în exces, există o turtă dulce în plus răine.

Яровую рожь и пшеницу сеять в полнолуние, овес два дня после или прежде. На бабкину рожь, на дедову пшеницу, на девкин лен — поливай ведром (при первом дожде)- Пролече раж и пшеница посежана на пун месец, овас, два дана после или пре. Бабкин раж, пшеница за дедова о Девкин лана - заливају кашика (на првој киши).

Не поклоняясь до земли, и гриба не подымешь- Nu se închine la pământ, iar ciuperca nu este podymesh.

Навоз кладут, чтоб больше хлеба родилось, а полбу сеют, чтоб людям годилась- Пут стајнак, толико зрна је рођен и пира крмачу, па људи довољно година.

Какова пашня, таково и брашно- Ce este arabil, deci este brashno.

Посев ржи при северном ветре родит крепче и крупнее- Сетва раж са сјеверни вјетар ће родити јачи и већи.

Журавль прилетел и теплынь принес- Crane a sosit și a adus teplun.

Не сей пшеницы прежде дубового листа- Ово није примарно пшеница храст лист.

Не земля родит, а год- Nu este pământul va da naștere, și anul.

Корми меня в весну, а в осень и сам сыт буду- Феед ме у пролече и на јесен, а он ће се хранити.

Галки стаями летают — к дождю- Gaia efective zbura - la ploaie

Не верь гречихе на цвету, а верь закрому- Не верујес у то сране на боју, и верујем Затвори.

Навоз отвезем, так и хлеб привезем- Gunoiului de grajd va conduce și aduce răine.

Огрех в пашне — не к добру- Ману у обрадиве земље - није добро.

Түрлі халықтың мақалдарын салыстыра отырып мағыналарының ұқсастығын байқауға болады. Ұғымды сөзбе-сөз аударуға болмайды. Бірақ олардың барлығында өз ісіне деген еңбек пен махаббатсыз ештеңе шықпайтындығы туралы айтылған.

Егін шарушылығы тақырыбындағы қазақтың мақалдары басқа халықтың мақалдарына қарағанда жастау, өйткені біздің ата-бабамыз мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүрді, ал егін шаруашылығы Қазақстанның аумағында кешірек пайда болды.

Қорытындыласақ, қазақ және славян тілдеріндегі мақал-мәтелдерінің өзара ұқсастықтары мен көптеген айырым белгілері бар. Олардың барлығы әрбір халықтың салт-дәстүрлері мен рухани мәдениеттердің ерекшеліктеріне байланысты. Бұл белгілер сол халықтардың тілі, дінінде көрініс табады. Туыс емес тілдердегі

бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі қазақ және славян халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады. Әртектес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде зерттеу жұмыстары жалпы тіл білімін теориялық тұрғыдан соны тұжырымдармен толықтыра түседі және кейбір практикалық мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки» Аққозин М., баспа: Алматыкітап (Алматыкітап), 2007 г. [3:596]

2 «Пословицы и поговорки народов мира» Филипченко М.П., баспа: АСТ, 2009 г. [3:1136]

3 «Халық даналығы» Адамбаев Б. Қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздер.—Алматы: Мектеп, 1976. [260 б]

4 «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 7 том.—Алматы: Ғылым, 1983.[256 б].

5 Смайлова А.Т. «Қазақтың мақал-мәтелдері.» Смайлова А.Т. —Алматы: Көшпенділер, 2005.-[400 б].

6 «Қазақ мақал-мәтелдері.»Дәуренбеков Ж. —Алматы: Ана тілі ЖШС, 2001.-[192 б].

#### «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

АРЫМБЕКОВА Н. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Мемлекетіміздің 2030–шы жылға дейінгі стратегиясы халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді. Білімнің айырықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестік заңдылықтарынан туындайды. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны

күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашылық жеке тұлғаны қалыптастыру-оқытушының басты міндеті болып табылады. Әрине, бұл жанашыл мұғалімдердің құзырлығымен сапалы және инновациялық технологияларды талап етеді нәтижеде «жаңа ұрпаққа –жаңашыл оқыту - жаңа мұғалім». Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға күрделі және өзекті мәселеге айналууда. Қазіргі педагогикалық технологиялар негізінен гуманистік бағытта, қарым-қатынаста жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Оқыту барысында озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Бұрынғы әдетке айналған сабақ үлгілеріне альтернативті болатын бұл технологиялар мұғалімге қарағанда оқушының басымырақ рөл атқаруына жол сілтейді. Оқушы бойындағы сан қырлы қасиеттер мен ерекшеліктерді ашуға, жеке мүмкіндіктерін жетілдіруге жағдай жасауымызға бағыттап, оның қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыруға зор ықпал етеді, білім-білік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осы мәселенің төңірегінде көптеген көкейкесті сұрақтар пайда болуда. Мұғалім, қазіргі таңда қай технология болмасын ұтымды және тиімді пайдалануы шарт. Мен, өз баяндамамда Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы (ОСКТТ) жөнінде пікір бөлісемін деген ойдамын [1, 406].

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының негізін қалаған Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдіскер – ғалым Нұрша Алжанбайқызы Оразахыновадан дәріс алып, өз қолынан сертификат табыстады. Қазіргі таңда оқушыларға үйретудемін.ОСКТТ- дегеніміз қазақ тілін оқытудан бас алып, халқымыздың әдебиетін, тарихын, географиясын тағы басқа пәндердің жиынтығын құрап, оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыра алатын оқыту түрі. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бұл қазақтың төл технологиясы деп атауға болады. Бұған дәлел ретінде осы технологияның авторы Нұрша Алжанбайқызы Оразахынова ХХ ғасырдың 20-30 қазақ ғалымдарының оқыту-тәрбие туралы жасаған ғылыми тұжырымдамаларын және әдістемелік кешендерін негіз етіп алған.ОСКТТның (Ораханованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы) теориялық негізін А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов тағы басқа қазақ ғалымдарының ғылыми әдістемелік тұжырымдамалары автор

арқылы басшылыққа алынып, ағартушылық негізін Ыбырай, Абай, Шоқан тағы басқа ағартушылардың педагогикалық ұстанымдарын, ұлттық құндылыққа негізделген әдіс тәсілдерін енгізіп, бастауыш сыныптардан бастап, төмендегідей пәндерге енгізудің жолдарын көрсетеді. Олар: қазақ тілі, ағылшын тілі, әдебиет, математика, тарих, география, физика, химия, информатика секілді негізгі пәндер. ОСКТТ оқушыларға қазақ ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құралы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлесу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сол арқылы басқа пәндерді сауатты меңгеруге негіз қаланады.ОСКТТ тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейді, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, ізденушілік, зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру да басты назарда ұсталады. Өл үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, ол білім алуға әрекеттенеді. ОСКТТмен оқытуда мұғалім мен оқушы қарым қатынасы жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, түсіністік, әріптестік секілді қасиеттер. Бұл технологияның маңыздылығы, тағы бір ерекшелігі оқушыларды «жақсы», «жаман», «орташа» деп бөлмей тек материалды өте жылдам, баяу, қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Ал деңгейлер төмендегідей болып бөлінеді:

1-деңгей:

Бұл деңгейде оқушымен мұғалімнің іс-әрекеті қатар жүреді: жазу, дауыстап айту,есту, көзбен көру, естіген нәрсені ұзақ есінде сақтау, яғни коммуникативті әрекеттер орындалады.

2 деңгей:

Бұл деңгейде іс әрекет айтылым-жазылым-сөйлесім түрінде жүзеге асады.Оқушы талдауды ауызша толық баяндап жазуға, талдаудың қысқаша түрін қолданады.Ал дұрыс баяндауға қажетті толық үлгісі сөйлем құрылысы алдыңғы сатыда үйретілген.

Бұл деңгейде тілдік қатынас айтылым-жазылым-тыңдалым әрекеттері қатар жүреді. Бұл талдау күрделілігімен ерекшеленеді де оқушыларды ой ұшқырлығына баулау, танымдық дүниесін кеңейту көзделеді.

Тілдік материалды жазылым бойынша символдар арқылы ықшамдау принципі мен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық

талдау жүргізіледі. Бұл деңгейде оқушылар алдыңғы білім-білік дағдыларын жинақтап, сауатты әңгіме әдісі қолданылады.

Диалог арқылы талдау. Бұл деңгейдегі талдау үлгілері ауызша орындалады. оқушылар бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тындауға, ойын ары жалғастырып кетуге дағдаланады. Мұндай талдау көбінесе ойын түрінде жүргізіледі.

Жат жазу. Бұл деңгейде оқушылардың СКТ арқылы меңгерген теориялық білімді жадқа жазу: теориялық білімді меңгеру, орфографиялық сауаттылық, пунктуациялық белгілерді дұрыс қоюын байқаймыз және қорытынды шығарамыз.

Уақытқа талдау: «өте жылдам»-3 минут; «жылдам»-5 минут; «баяу»-3 минут;

Компьютерлік талдау;

Ашық тест

Шығармашылық жұмыс;

СКТда оқушы ғылыми тілде сөйлеуге үйренеді, қарапайымнан күрделіге, уақиғаны сатылап түсіндіре алып, тұжырым жасауға үйренеді, оқушыны болжамнан сөйлеуден құтқарады.

ОСКТТ ның мақсаты:

Барлық оқушыны табысты оқыту, білім – білік дағдысын қалыптастыру

Білім алуға деген ынтасымен іскерлігін арттыру, оқу танымдылық белсенділігімен оқытуды жеделдету;

Шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылыми ізденіске жетелеу;

Міне, осы жоғарыда айтылған ОСКТТмен 2015 жылы қаңтар айында Екібастұз қаласына келіп дәріс берді. Н.А. Оразаханованың «Бастауыш сыныпта тілдік бірліктерді сатылай кешенді талдау», «Практикалық қазақ тілі» атты кітабы арқылы оқушыларға үйретудемін. Наурыз айында Екінші дейңгейін оқытады. Автордың кітабынан кейін, тіл маманы бұл әрекетке итермелеген басты бір жағдай, білім жүйесінде қарқын дамып келе жатқан 9-сыныптардағы МАБ және 11-сыныптардағы ҰБТ-ге өте көмегі тиді. Осы етістік категориясын оқушыларға салыстырмалы түрде түсіндіруді жөн көрдім.. Осы бағдарламаға байланысты 34 сағаттық тақырыптық-күнтізбелік құрастырдым [2, 5б].

Оқу құралының өзіндік ерекшеліктері бар:

1-ерекшелігі:Тілдік талдаулар жасай отырып, теориялық материалдар да жаңашыл бір жүйемен беріліп отырады. Бұлай берген оқушыларға да мұғалімдерге де түсінікті де қызықты. Өйткені етістік категориясын үйренуге берілген теориялық білім

мектеп оқулығындағы жүйені қайталау емес, жаңа бағытта берілген, әрі ақпаратты технологияның кез келген түрімен де оқытуға оңтайлы және практикалық жағынан тиімді. Егер практикалық жұмыс болмаса, теориялық білім құр жаттанды болып қалатыны барлығымызға да белгілі. Осыны болдырмау мақсатында тапсырмалар белгілі бір жүйемен жасалып, СКТның 7 деңгейі (Уақытқа талдау) қолданылады. Оқушылар теориялық білімнен кейін берілетін әр түрлі тапсырмаларды осы деңгей негізінде орындайды. Тапсырмалар: қайталау, дамыту және бекіту болып бөлінеді, ал бағалауда ерекше критерийлерге ие, мысалы:

1.Сөйлемдерді сәйкестендіре отырып, салыстыр. (3 минут – 5 балл),

2.Сөйлемдерді оқып, түрлеріне сәйкес сұрақтар қой. (5 минут – 6 балл),

3. Тест.Сұрақтарға дұрыс жауап таңда: (3 минут -10 балл) секілді бағалау критерийлері тапсырмалар деңгейіне байланысты.

Етістіктің кең ауқымды грамматикалық категория екені барлығымызға белгілі, ал оқушыларға жеңіл түрде ықшамдап түсінікті болу үшін жоғарыда айтылған деңгейлер ескеріле отырып жасалған.

Ағылшын тілін оқытудағы негізгі 3 аспект: жазу, оқу және сөйлесім практикалық іс-әрекеттер арқылы дағдыларын дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік жасалған, яғни кез-келген дәстүрлі сабақтағы 3 білімділік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттар түгелдей іске асырылады.

Жоғарыда ОСКТТ туралы айтылғандардың барлығы оқушылардың 9- сыныптарда МАБ пәндерін меңгертуге және ҰБТ де таңдау пәндерін алуда, таңдаған пәндерін терең меңгеруге негіз қаланатындығы сөзсіз.

Бүгінгі таңда Қазақстан алдыңғы дамушы әлем мемлекеттері қоғамының құрамына кіріп отыр. Бұл жетістік ғылым беру саласының алдына аса зор міндеттерді артып отыр, соның ең бастысы білім беру үрдісін 21 ғасырдың жаңа талаптарына сай сәйкестендіру болып табылады.

Белгілі ұстаз-ғалым М.М. Поташник: «Әр мұғалім өзінің бағыты мен қойған мақсатына байланысты мемлекет пен қоғамның сұраныстарына, ғылым мен техниканың дамуына байланысты технологияны таңдай білу қажет», – деп атап көрсеткен. Қазіргі кезде мемлекетімізде де, Ресейде де, шет елде де түрлі авторлар әртүрлі инновациялық технологияларды заман талабына сай деп ұсынып отыр. Бірақ кез келген технологияны білім беру және тәрбиелеу жүйесіне ендіріп лайықтандыру оңай іс емес,



себебі кейбір технологиялар білім беруде тиімді болғанымен, оқушыларды заман талабына сай тәрбиелеу жүйесіне сәйкес етпей, білім беруде де қайшылықтары көп кездеседі. Ал бұл процессті тиімді ұйымдастырудың бірден бір жолы – Н.А.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясын білім беру және тәрбие жүйесіне толығымен енгізу болып табылады [3, 126].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі»: 1991 ж .
- 2 Н. А.Оразақынова «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша оқу құралы: Алматы, 2012 ж.
- 3 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №2, 2005, №11, 2007, №1, 10 2008, №4, 9 - 2009 ж.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМУЫ

АСЫЛОВА Р. Б.  
№9 гимназия-мектебі, Павлодар қ.

Тіл дамыту- қазақ тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жасөскінді тіл өнеріне баулу, қазақ тілінің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

Тіл – бүкіл тіршіліктің алтын қазығы. Ғылымның, білімнің қай саласы болмасын ол тек тіл арқылы дамиды.

Өзге ұлт өкілдерінің тілін дамыту – қазіргі білім саласындағы оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажет, өйткені оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Орыс тілді оқушыларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат- сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету, сондықтан да коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады. Қазақ тілін орыс тілді балаларға игертуге коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрғандықтан, тіл материалдары болсын, оны игертуге негізделген жаттығулар болсын, сондай-ақ тіл дамыту жұмыстары болсын түгелдей қазақша сөйлей білуге, өз ойын айта білуге бағытталуы қажет. Қазақ тілін орыс топтарына нәтижелі үйрету үшін оның оқыту әдістемесін жетілдіру,

түсіну- бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты- оқушылар белгілі бір дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын басқа біреуге жеткізе алатындай, сондай-ақ өзгенің сөзін ұға, түсіне алатындай деңгейге жету. Оқушыларды осындай деңгейге жеткізу үшін мақал-мәтелдерді оқытып жаттатыруға үйреткен тиімді.

Мақал – мәтелдер ғасырлар шежіресі. Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Оқушылардың сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында өзімнің іс-тәжірибеме сүйене отырып, мынадай тәсілдер пайдаланамын.

- сөздік жұмыс (әңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, анкеталар т.б.)

- көрнекі құралдар қолдану (сурет, бейне фильм т.б.)

Оқушының сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль

атқаратын жұмыстың бірі-сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде,

бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше.

Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері ... Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Мен өз сабақтарымда оқушылардың тілін дамыту мақсатында мақал-мәтелдер арқылы бірнеше жұмыс түрлерін қолданамын: антоним сөздерден жасалған мақалдарды тауып жазу, Мысалы: «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат»  
«Тамыр болдың айтыс жоқ, қолдан бердің қайтыс жоқ»  
«Алғыға қарап пікір ет, артқыға қарап шүкір ет.»  
«Кәрліктің алды- жігіттіктің соңы»  
«Адам бір терінің ішінде – толады да солады да»  
антонимдердің қай сөз табынан жасалғанын айту,  
Мысалы: жақсы – жаман (қандай? – сұраққа жауап береді) –

сын есім

Айтыс-қайтыс (не?) - зат есім

Алғы-артқы - көмекші сөздер

Алды-соңы – көмекші сөздер

Толады- солады ( не істейді?) – етістік

құрамында көмекші есім кездесетін мақалдарды тауып жазу,

Мысалы: «Ел іші – алтын бесік»

«Ырыс алды – ынтымақ»

«Тау мен тасты су бұзар,

Ер арасын ку бұзар»

тәуелдік жалғаулы сөзі бар мақалдарды жазу,

Мысалы. « Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан»

«жеңгесі» - оның жеңгесі – тәуелдік жалғау,жекешк

түрінде, 3-жақ

« Жаманға айтқан ақылың, дала атқан оқпен тең»

«ақылың» - сенің ақылың – т.ж. 2- жақ,жекеше түрінде,

берілген мақалдардағы есімшелерді тауып және мақалдардың

мазмұнын ашу,

Мысалы: «Бүлінген елден, бүлдіргі алма»

«Көпті жамандаған – көмусіз қалар»

«Ата көрген оқ жонар,

Ана көрген тон пішер»

мақал құрамындағы бір сөзді ғана атап, сол сөзі бар мақалды табу,

Мысал: « Тіл ...» «Тіл – қылыштан өткір»

« Өнер алды ...» «Өнер алды – қызыл тіл»

мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі баламасын тауып айтып,

жаттатқызу

Мысалы: «Ердің атын еңбек шығарады» -

Человека прославляет труд,

« Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» -

Не рой другому яму, сам упадешь

«Өлгенше үйрен» -

Век живи, век учишь -

секілді тапсырмалар жүргіземін.

Көрсетілген мақал мәтелдердің түрлі ойын элементтері арқылы берілгенін байқағандай, осындай элементтерді пайдалана отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға мұғалім үшін өте тиімді - деп ойлаймын. Мұндай тапсырмаларды қызыға орындап, әрі грамматикалық мағынаның ерекшеліктері туралы білімдерін бекітуге, әрі мақал-мәтел арқылы сөздік қорларын толықтыруға ықпалды. Кез келген сөзді бір-бірімен байланыстыра, тіркестіре салуға болмайтындығын жете түсіндірген жөн. Мұндай жағдайда оқушылар мақалдарды құрғақ жаттап қана қоймай, оның мазмұнын, мағынасын ашуға, түсінуге талпынады. Әдетте, мақалдар жаттап алу үшін ғана бермеймін, әрбір мақалдың тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын қатар түсіндіріп отырамын. Мұндай жағдайда оқушылар мақалдарды құрғақ жаттап қана қоймай, оның мазмұнын, мағынасын ашуға, түсінуге талаптанады. Тіл дамыту үшін сөздік жұмыстарына да көп көңіл қоя білу керек.

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыста. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естейді, тындайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді. Тіл дамыту жұмыстары грамматикалық заңдықтармен байланысты жүргізілуі тиіс.

Морфологияны оқытуда оқушылар тілін дамыту жұмыстарында сөз мағыналары, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін туралы тіл білімінің дәлелденген тұжырымдары басты рөл атқарады. Осыған орай морфологиялық тұлғаларды оқушы тілін дамыту мақсатына сай сөйлеу тәжірибесінде қолдануға септігі тиер білім мазмұнын нақтылау көзделеді. Оқушылар тілін морфологияны оқыту арқылы дамытуда олардың сөз мағыналарын жетік біліп, сөйлеу кезінде дұрыс пайдалануға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту – ең басты жұмыс. Сондықтан морфологияны оқыту арқылы тіл дамытуда лексикология ғылымының жетістіктері басшылыққа алынды.

Морфологияны оқыту арқылы тіл дамыту жұмыстарын жүргізгенде жаттығу материалдарында мақал-мәтелдер, кеңінен қолданылады. Мысалы, сөздің грамматикалық мағынасына қатысты практикалық сабақта мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын тапқызу оқушының грамматикалық мағынаны түсінуіне әрі сөз байлығын арттыруға мүмкіндік береді. Немесе, берілген сөздерді (мысалы, ерлік, тәрбие, жүрек, ел, батыр т.б. грамматикалық көрсеткіштер арқылы түрлендіріп, сол сөздер туралы мақалдарды тауып жазғызу да оқушының морфологиялық тұлғаларды ажырата отырып, сөздік қорының жетілуіне әсер етеді.

Үстеу кезеңінде тақтаға мақалды жазамыз. Алдымен мұғалім оқиды. Сонан соң оқушылар қайталайды. Түсіндіру кезінде алдымен кейбір сөздерінің мазмұнын синониммен түсіндіруге болады. Мақалдың мағынасын ашу кейде қиындық туғызады. Бұл мұғаліммен сөйлесуге жағдайын ұсыну арқылы түсіндіруді қажет етеді. Мысалы: мақалдың құрамында жиі кездесетін «ырыс, несібе, құт» сөздерінің мағынасын ұлттық сипатта түсіндіру қажет. Өйткені, бұл сөздердің аудармасы мағынасын дәл ашып бере алмайды. Мысалы:

Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы.

Байлық-мұрат емес, кедейлік ұят емес.

Отан оттан да ыстық.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізгенде ғана дұрыс нәтиже береді. Тіл дамытуға арналған жұмыстардың барлығы оқушылардың тіл байлығын, білім деңгейін, сана сезімін, сауаттылығын дамытуға көмегі зор.

Білім беру тұжырымдамасында өмір талабы ретінде екі тілде сөйлеуді одан әрі орнықтыру, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылады. Орыс тілінде жүргізілетін білім ошақтарында оқушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде пайдалана отырып, тиімді қолдана білудің маңызы зор – деп білемін. Сондықтан да оқушылар алған білімдерін өз қажеттілігіне ғана пайдаланып қоймай сонымен қатар, өзгелермен де бөліссе ұтымды амал болып табылар еді.

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. -Алматы: Мектеп, 1978-495 б.
- 2 Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. -Москва:
- 3 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1974. –191 б.
- 4 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. –448 б.
- 5 Государственное издательство Министерства просвещения РСФСР, 1957. –295 с.
- 6 Қайдар Әбдуәли. Бір мың әсерлі де бейнелі оралым (этнолингвистикалық түсініктеме берілген қазақша-орысша фразеологиялық сөздік). -Астана: Білге, 2003. –368 б.
- 7 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1977. –712 б.
- 8 Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. –Алматы, 1997. –180 б.

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

АУБАКИРОВА Ф. Ш.

қазақ тілі мұғалімі, № 4 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі таңда білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Бастауыш буында оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен ана тілі пәнін оқыту үрдісінде қалыптасады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Ғалым Ф. Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу

ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді» [1].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Ал ұрпақты жан - жақты келбетті етіп өсіруде халықтық салт - дәстүрлердің тәлім тәрбиелік, білім танымдылық ролі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің ұрпақ тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып - терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілікті, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елен – жерін, Отанын сүюшілік ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді.

Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап оның есейіп, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс - әрекеті, басқалармен қарым - қатынасы атаулының барлығы салт - дәстүрден өзекті орын алып, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі.

Дәстүр ақпараттық қызмет атқарады. Ақпараттар дәстүр арқылы екшеліп, қорытылып, қоғам жадында сақталады, соның арқасында ғасырдан – ғасырға жетеді. Соған байланысты адамдардың дүниеге келген жаңа ұрпақтары өзара қарым - қатынас нормаларын қайтадан жасап қалыптастырып әуреленбейді, яғни бұрыннан қалған жол – жосынды басшылыққа алады. Дәстүрде жиналған ақпараттар арқылы ата - бабадан қалған материалдық және мәдениетке ие мұрагер болады. Мысалы халқымыздың «Ата салған жол бар, ең пішкен тон бар», «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деуінің мәні бұрынғыдан қалған салт дәстүрімізді басшылыққа алынуға міндеттілігін білдіреді.

Қазақ – дәстүрі бай және қатаң сақтайтын халық. Туған халқының мінез – құлқы, наным – сенімін жете зерделеген ғұлама Ахмет Байтұрсынов қазақтың құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екенін айтады. Салт – дәстүр ұлттық тәрбие. ұлттық тәрбиені оқыту үшін мектепте мұғалім баланың жас дара ерекшеліктеріне сай қазақтың ойындары, мақал - мәтел және алуан түрлі салт - дәстүрді педагогикалық тұрғыдан іріктеп алу керек. Балаға ұлттық тәрбиені дер кезінде меңгерту ұстаздың басты міндеті.

Қазақтың ұлттық ойындары ертеден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығының ішінде тәрбиенің таптырмас құралы ретінде ойындар мен ойын өлеңдердің маңызы зор. Оларда адамдардың күнделікті тұрмыс әрекетінің сан қыры, еңбегі,

ұлттық бастаулар, намыс, қайсарлық, ержүректік туралы түсінігі, ептілігі, шыдамдылықты, жылдамдықты, күш - қайратты, әсем қимыл – қозғалысты меңгерту тілегі, ұстамдылыққа, тапқырлыққа, қоршаған ортадан алған әсерін шығармашылықпен көрсетуге, сонымен бірге жеңіске жетуге деген талпынысы айқын байқалады. Мәселен, «Асау мәстек» ойыны ептілікке, шыдамдылыққа машықтануды және ат үстінде өнер көрсетуге қажетті басқа да қасиеттерді қалыптастырса, «Қалай айтуды білемін» ойыны табиғат құбылыстарынан хабардар болуды талап етеді. Жан – жануарлардың мінез – құлқы, олардың сыртқы көрінісін, жануарлардан шығатын дыбыстарды айнытпай салып беруі тиіс. Ойын аздап театрланған ойын - сауық түрінде өтеді, мұнда әң, жыр айта білу, көрген – білгендерін есте сақтай білу қабілетіне мән беріледі.

Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай - қайсысы да дамуға, оның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлт ойындары. Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей - тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені, бала ойынсыз өспек емес, жан - жақты дамымақ емес. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрлысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Өзім бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасағандықтан, оларға білім беру үрдісінде де осы ойын элементтерін қолданамын.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын - төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, іздемпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай – ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі. Сондықтан ойынды сабақта, сабақтан тыс уақытта пайдалану - үлкен нәтиже береді. Сабағымда ойын элементтерінің әр түрін қолдану арқылы оқушылардың ынтасын, сабаққа деген қызығушылығын арттырамын. Сабаққа қатыспайтын оқушы болмайды. Сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойларын ашық айту мақсатында «Журналист жолға шықты» – ойынын ойнатамын.

Ойын: «Журналистер жолға шықты» ойынының шарты. Әр топтан екі оқушы шығып, келесі топ мүшелеріне кез - келген тақырыпта сұрақ қояды, сөйтіп олар өздерінің шешендік өнерін көрсетеді.

«Алтын қақпа» ойыны. Бұл ойынға бүкілі қатысады. Бірнеше сұрақ беру арқылы оқушы таңдалып алынып, келесі бөлімдегі сұрақтарға

бірінші болып жауап берген оқушы келесі қақпаларға өтеді. Ойынның соңында «Алтын қақпаға» кім жетсе сол жеңімпаз болып саналады. Келесі қызықты ойындарымыздың бірі «Көкпар» ойыны.

«Көкпар» ойынының ережесімен таныстырайын. Топ бірнеше топқа бөлінеді. Әр топ өздеріне ат қояды. Оқыған сұраққа қай команда бірінші жауап берсе сол команда серкені алды деп есептейміз. Тағы сұрақ оқылады оған жауапты серке алған команда жауап береді, егер жауап бере алмаса келесі команда жауабын айтады. Ойын осылай жалғаса береді.

Келесі ойынымыз «Қалай айтуды білемін» ойыны. Ойынның шарты: Үлестірмелі қағазға төрт түліктің суреті келесі жағына есеп беріледі. Есепті шығарып, суреттегі төрт түлікке байланысты мақал айту керек, егер мақал білмесе, онда сол төрт түліктің дыбысын салады. Мысалы қойға байланысты мақал. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл көсір» т. б. «Асау мәстек» ойыны. Ойынның шарты: Үлестірмелі қағаздың, сыртына құлын, жабағы, тай, байтал, бие т. б аттың жас ерекшеліктеріне байланысты жылқының түрлеріне қарай деңгейлік тапсырмалар беріледі де, орындалғаннан кейін осы жылқының түрлеріне анықтама береді.

«Ғажайып қоржын» ойынына ертедегі ата - бабаларымыз қолданған өлшем бірліктерді алдық. Бұл ойынның қызықты өтуі көбіне ойынды жүргізетін жетекшіге байланысты. Оның көпшілікті өзіне үйіріп алуы, сөз шеберлігіне, тандап алған материалына, оны жеткізе білуіне, яғни даярлығына байланысты екен. Ойынның шарты: белгі салынған асықтар. Қоржынға қол салғанда, қолға ілінген асыққа (+) белгісі салынған болса, сөздің қалаған бір әрпін ашуға болады, ал (+2) таңбасы бар асық болса, ұпайы екі еселенеді, (көк) асық шықса күйсін, (қызыл) асық – сыйлық, (F) белгісі бар асық шықса, музыкалық сәлем. I топ. Тақтайшада ата - бабамыздың пайдаланған ертедегі ұзындық өлшем бірлігі: (шақырым) Көрермендермен ойын. «Шақырым» біздің ата – бабамыздан қолданған ұзындық өлшем бірлігі, ал бізосы өлшем бірлікті қазір қандай атаумен қолданып жүрміз? (километр) ойын осылай жалғаса береді. [2, 29 б]. «Қалауың білсін» ойынында әр топтан бір – бірден оқушы шығып, үстел үстіндегі заттардың білезік, сырға, жүзік, торсық, қамшы т. б. қалағанын алып, ондағы белгі қағаздағы есепті шығаруға кіріседі және сол заттардың қазақ тұрмысындағы орнына, жасалу жолдарын тоқталады.[3, 316.]. Осы ойындарды ойнау арқылы оқушылардың ойы тынығады, өмір танымы кеңейеді, бірлеседі, ұйымшылдыққа үйренеді, сабаққа деген қызығушылығы

артады. Осыған байланысты мен мынандай ұсыныс жасағым келіп отыр, әр ұстаз өз сабағында ойын элементтерін байланыстырып өткізсе, келешек ұрпаққа өз салт – дәстүрлерімізді құрметтей білуге, қастерлеуге, қазақ халқы өзінің керемет бір үлкен ұлт екенін, өзінің қаншалық мұрасы бар екенін сезінеді. Рухани зор байлығымызды бойымызға ана сүтіндей сіңіріп өсірейік. Өйткені ертен елімізді ел ететін, Отанын жаудан қорғайтын ер жүрек батыр – жас ұрпақтың мойынында. «Халқыңның қандай екенін салтынан сынап біл» – деген жақсы халық даналығы бар. Кімде – кім дәстүрсіз өмір сүрем десе, бұл – оның жетесіздігінен туындаған бос қиялы, кеудемсоқ таяздығы ғана. Ғасырлар бойы даму барысында жас алған қоғамның өмір сүру салтына айналған салт – сана, дәстүрден бас тарту атам заманғы жабайлыққа қайта оралғысы келгендіктен басқа ештеңе емес. Сондықтан да қазақ елінің келешегі де, өнеге салты да, ерлігі де, елдігі де жас ұрпақ сіздерге аманат.

Оқырмандық күзиреттілікті қалыптастыруда мәтінмен жұмыс жасаймын. Мәтінді талдаған уақытта оқушыларды сол оқиғаның болмысына ендіру, қиялдау, ойлану, сезіну оқушының жан дүниесіне көп әсерін тигізеді. Кейіпкердің әдет-қылығын жақсы түсінген оқушы айналаны дұрыс көзқараспен қабылдауға үйренеді, өзіне үлгі алады. Мысалы, ана тілінде «Екі соқа» әңгімесімен таныспас бұрын, мынандай жұмыс жүргізіледі.

Ынталандыру: егер мәтінді түсініп оқысаң, жақсы мен жаман қасиет туралы білесің.

1 тапсырма: Мәтінді оқып шық. Өз пікіріңмен бөліс.

2 тапсырма: Мәтінді басқаша қалай аяқтауға болады?

3 тапсырма: Мәтін сені неге үйретеді?

4 тапсырма: Адам бойындағы қандай жаман қасиеттерді білесің? Неліктен оларды жаман деп ойлайсың?

5 тапсырма: Өзіңнің қандай кемшіліктерің бар деп ойлайсың?

Грамматикалық күзиреттілігін дамытуда «Лабиринт» ойынын пайдаланам. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс пайдалана отырып, кестедегі сөздермен ауызша шағын мәтін құрастыру.

Етістік	Зат есім	Сын есім
Ұшты	қар	Қызыл
Өсті	көбелек	Жасыл
Жауды	шөп	Мамық

Нәтижесі: Оқушы ережелерді іс жүзінде пайдаланады, сөйлемді дұрыс құрастырады. Шағын мәтінді әңгімелеп береді.

Оқулықта берілген жұмыстар көбіне грамматикалық заңдылықтарды игеруге бағытталған, ал тіл дамыту мақсатын көздеген тапсырмалар жеткіліксіз. Осыған орай «Тіл дамыту» атты авторлық бағдарлама құрастырдым.

Тіл дамытудың мақсаты – қазақ сөзінің құдіретін, ана тілінің сырларын білу, сөйлеу өнерін игеруге ұмтылу. Ұсынылып отырған бағдарламада ауызша, жазбаша тілдің заңдылықтары негізінде – оқушы мәдениетті сөйлеуге, әдеби тіл нормаларын меңгеріп, сауаттылығын арттырып, тіл стилдерінің ерекшеліктерімен танысады. Бағдарлама бойынша оқушыларға жұмыс дәптерін құрастырдым. Дәптердегі тапсырмалар түрлері келесі:

- сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- жұмбақ, жаңылтпаш құрастыру;
- өз сыныптастарының портретін суреттеу, мінездеме беру;
- өлең құрастыру;
- жансыз нәрселерді жандандырып әңгіме, ертегі құрастыру;
- ұжым болып ертегі құрастыру;
- жақсы, жаман әдеттерге байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- тақырыпқа сай диалог құрастыру;
- оқиғаға қатысты өз ойларын айту.

Оқушылардың тіл өрісінің дамуын анықтау үшін мынандай картограмманы қолданамын. Оны әр тоқсан соңында толтырып отырамын. Қорытынды нәтижесімен оқушыларды, ата-аналарды да таныстырамын. Ол үш деңгейде жүргізіледі: жоғары, орташа, төмен.

Оқу жылы соңындағы көрсеткіштерді салыстырсақ, оқушылардың сыныптасына сұрақ қоя білуі – 40%-дан 76%-ға, диалог құра алуы – 40%-дан 76%-ға, мысал келтіре

білуі – 52%-дан 84%-ға, оқыған шығарманы мазмұндай алуы – 56%-дан 88%-ға, әңгімені жалғастырып айтуы – 52%-дан 60%-ға, өз ойларын дұрыс жеткізіп, дәлелдей алуы 36%-дан 60%-ға көтерілді.

Диагностиканың нәтижесі алдағы уақытта нашар меңгерілген тақырыптарды еске ала отырып, жұмысты жоспарлау және коммуникативтік күзінеттіліктерін дамыту негізінде жұмыс істеуге көмегін тигізеді.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Оқу формалары заманауи

талаптарға лайық болуы, жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін, ұстаз ақпараттық технологияны өз іс-әрекетінде тиімді, сауатты ұйымдастыруы қажет. Сондықтан интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік күзінеттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады. Осы мақсатпен алфавитты оқытуға флипчарт 42 сабақ үлгілерін құрастырдым. Себебі, сауат ашудың әліппе кезені аса күрделі де жауапты. Бұл кезеңде оқушылар ана тіліндегі барлық дыбыстар және олардың әріптерімен танысып, оқуға, жазуға үйренеді. Баланың алғашқы тілдік сауатын ашу интерактивті тақта арқылы жүзеге асырған жөн. Оқушы теория мен практиканы ұштастырып, ана тілінің қыр сырын терең түсінеді, шығармашылық қабілеті артады. Ұсынылған сабақтарда оқушылар әрбір жаңа дыбыс және оның таңбасымен танысып, оны жазып көреді, тақырыптық сурет бойынша әңгіме құрастырып, мәтінді оқып, грамматикалық тапсырмаларды шешеді. Менің ойымша, оқушылардың тілді меңгеруде үлкен нәтижеге жетуде электрондық оқулықтардағы дайын диалогтарды тыңдау, жаттау, аяқтау, толықтыру, мәтін мазмұны, кесте, сызбалар бойынша диалогтар құру-әдістері де көп көмегін тигізеді. Мектептегі интерактивтік тақтаның көмегімен электрондық оқулықтағы диалогтарды өз сабағымда жиі пайдаланамын.

Бүгінгі заман талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге ең басты коммуникативтік күзінеттіліктері қалыптасуы қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ф. Ш.Оразбаева. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 2008. 215 б.
- 2 Салқынбай.А. Б. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (практикалық курс). – Алматы, 2005.
- 3 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988.

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АУБАКИРОВА Г. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, М. Горький атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қазақ ауыз әдебиеті туралы ғылыми зерттеулер он тоғызыншы ғасырда өз бастауын алды. Бұған дейінгі уақытта қазақ фольклоры жайында жекелеген пікірлер ғана айтылып, тек ауыз әдебиеті үлгілері жарияланып келді. Әрине, баспа ісінің кеңіп, өріс алмай тұрған бұл шақта, фольклористиканың өзіндік қиындықтары болды. Сонда да зерттеу-жинақтау жұмыстары тоқтамағаны белгілі. Оған алғашқы болып орыс ғалымдары ат салысса, кейінірек қазақ ағартушылары да қолға ала бастады. Қазақ фольклорының кеңірек зерттеле бастаған шағы, әрине, кеңес дәуірі екені анық. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардан-ақ қазақ ауыз әдебиеті үлгілері, нұсқалары жүйелі түрде жиналып, зерттеле, жариялана бастады.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы. Шешендік сөздер мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау болып үш салаға бөлінеді. Даудың әрқайсысы бірнешеге (жер, жесір, құн, мал, ар даулары) жіктеледі. Шешендік арнау бата, тілек, әзіл-сын, көңіл айту, естірту, т.б. нұсқалардан тұрады. Шешендік толғауға қоғам, заманға байланысты тағылым-тәрбиелік мәні бар тақпақ, термелер жатады. Ал шешендік дауларда сол қоғамға тән қылмыстық, азаматтық істерді шешуге қатысты шешендік, тапқырлық сөздер, ұйғарымдар бейнеленеді. Шешендік сөздер мазмұны мен құрылысы жағынан мақал-мәтелге, аңыз-әңгімелерге, толғауларға, айтыстарға жақын [1.56].

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер:

- Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

-Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін.

-Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған.

«Қазақтар шешен келеді, олар мақамдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады», - деген В.В.Радловтың ұлағатты сөзінде қазақ халқына тән қандай қасиет туралы айтылған екен?! [1.346].

Шешендік өнер теориясына айтулы үлес қосқан грек философтары: Платон мен Аристотель болды.

Платон шешендік өнердің пәні мен мәнін: “Шешендік -нандырудың шебері, оның маңызы мен мақсаты осында” — деп, анықтайды.

Шешендік өнер көне Римде үлкен күшке ие болды. Цицеронның мәлімдеуінше, Римде сөз күдіретіне ие болған адамға төңіріндей табынған. Олар “адамды данққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі — қолбасылық, екіншісі — шешендік” деп білген. Рим мемлекеттік істерді халық жиындарында, сенатта, сотта ерікті әрбір азаматтың сөйлеу мүмкіндігіне ие болатындай жағдайда қараған. Сондықтан Римде әрбір азаматына шешен сөйлеудің қыр-сырына қанығып өсу мемлекет істеріне араласу талабынан туындаған. Республикалық Рим үшін қоғамдық қарқынды өмір, сөз бостандығы шешендік өнердің кеңінен өрістеуіне жол ашты. Басқаша айтқанда “демократия — шешендік өнердің анасы” [1.666].

Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласың», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері:Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. “Риторика” білімі шешендік өнердің табиғатын, болмыс-бітімін, сыр мен сымбатын зерттейді. Қазақ әдебиеттану ғылымында шешендік өнерді зерттейтін ғылымның терминдік атауы қалыптаспаған. Әдебиеттану ғылымының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [2. 556].

Қазақтың атақты билері Майқы Шыңғыс ханның, Едіге Тоқтамыс ханның, Асанқайғы Алтын Орда ханы Ұлуғ Мұхамедтің, Жиенбет Есім ханның, әнет баба өз Тәукенін, Бұқар Абылай ханның ақылшы-кеңесші билері болған.

Жыраулық өнер XII ғасырда Майқы биден басталған сияқты. Ел аңызына сүйеніп отырғанда «Түгел сөздің түп атасы- Майқы би» деп келетін Майқы Шыңғыс ханның аға билерінің бірі болған. Шыңғыс хан жорыққа аттанып кеткенде ел билігін уақытша Майқы биге тапсырып кетеді-мыс деген аңыз ел арасына тараған.

Майкыдан кейін қазақтың 100 биінің бәрі дерлік биліктің иесі болған, немесе хандардың ақылшы-көмекшісі болғанға ұқсайды.

Билерге қойылатын талап шешендік тапқырлықпен бірге әділдік, адалдық, шындықты жақтаумен тоғысып жатады “Көп көргеннің бәрі көсем емес, көп сөйлегеннің бәрі шешен емес” деген накылдың түп мағынасы- көсем мен шешеннің бәрі би бола бермейді деген сөз.

Сөз туралы Бәлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл», – деп толғайды. Бұлар – «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі». Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер — көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер [2.806].

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

..Көш бастау қиын емес –

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес –

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын –

Шешімін таппас дау бар, –

деп дұрыс аңғартады.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Халық алдында талқыланатын дау-жанжал, билік-бітім сөздерде жеңіске жету үшін қазақ билерінен халықтың салт-санасын, әдеп-ғұрпын жетік білуі де қажет.

Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Билердің әрі ел билеуші, әрі сөз бастаушы шешен болуы шарт. Бұл жайында Ш.Уалиханов былай дейді: “Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыпына

әбден жеттік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті аттаққа өз бетімен (халық қалауымен) ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігіне және шешендігі бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс. Ондай адамның атағы бүкіл қазақ даласына жайылып, олардың аты жұртқа мәлім болып отырған” дейді [3.1096].

Шешендік сөздерді мазмұны жағынан ел дауы (еларалық қарым-қатынас мәселесі), жер дауы, ар дауы, жеріс дауы, мал дауы деп бес топқа бөлуге болады. Олар: өлең, тақпақ түрінде де, қарасөз түрінде де, кейде аралас түрде де кездеседі. Өлең түрінде құрылған шешендік сөзді термелі деп, ал қарасөзбен айтылатындарын пернелі шешендік сөз деп айтамыз.

“Халық әдебиетінің тарихи негіздері” дейтін еңбегінде зерттеуші: “Қазақтардың шешендік өнерін үшке бөлуге болады: а) салтанатты, екпінді сөздер; ә) нақыллы, қысқа түйінді сөздер; б) майда, биязы, сыпайы сөздер”, – деп жіктеп, олардың мәтіндері мен түрлерін де саралайды.

Аталмыш ғалымдар алғаш рет шешендік сөздерді ғылыми зерттеудің көзі ретінде арнайы қарастырды. Мәселен, А. Байтұрсынов 1926 жылғы “Әдебиетанытқыш” атты еңбегінің “Шешен сөз” деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді: а) саясат шешен сөз, ә) билік шешен сөз, б) қошамет шешен сөз, в) білім шешен сөз, г) уағыз.

Шешендік өнердің дамуы қоғамдық-әлеуметтік ел басқару, заң шығару, үкім айту мәселелерімен тығыз байланысты туып дамыған.

Қазақтың шешендік өнерінің бір дамыған дәуірі XVII, XVIII ғасырларда. Бұл дәуір қазақ халқының Қоқан, Жоңғар, Қалмақ басқыншыларына қарсы ел тәуелсіздігін қорғау жолындағы ауыр күрес жылдарымен тұтас келді. Осы кезде аттары шыққан қазақтың белгілі шешен билері мен батырлары: Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым, Жәнібек аттарымен байланысты шешендік сөздер дұшпанның әрекетін, хандардың әділетсіздігін әшкерлеуге, елді билікке, күреске жұмылдыруға бағытталған. Кейде керісінше ел тілегіне сай шешілген дауды халық соңынан қорытып, билердің тоқсан ауыз сөзінен тобықтай түйін жасағандығы да байқалады. Сондай шешендік жұмбақтардың бірі - «Үш бидің сөзі».

Әдеби мұраның, қайсысында болса да шешендік сөздер халық даналығын, тіл байлығын көрсетеді.» Халық барлық заттық байлықты жасаушы күш ғана емес, ол-руханибайлықтың да бірден-бірі сарқылмайтын қайнар көзі; ол- барлық ұлы дастандар, жер



жүзіндегі барлық трагедияларды және олардың ішіндегі ең ұлысы-бүкіл дүниежүзілік мәдениет тарихын жасаушы, шығарманың шығу уақыты, көркемдігі және даналығы жағынан алғанда да ол бірінші философ, бірінші ақын» – дейді Максим Горький [3.1186].

Әрбір шешеннің сөйлеу мәнері, стилі әртүрлі болатындығы ежелден-ақ белгілі. Ал дәстүрлік шешендік сөз нұсқаларын салыстырып тексергенде, құндап талдағанда бірінен бірінің айтарлықтай стильдік айырмасы жоқ екенін байқаймыз. Демек, дәстүрлі шешендік сөздерді тудырушы жеке адамдар болғанмен, оны кейінгі өңдеуші де, сақтаушы да халық. Сондықтан оның нағыз иесі де, мұрагері де халық деп қарау керек. Ал, шешендік сөздерде есімдері аталып жүрген адамдар олардың нағыз авторлары емес, көбінесе әртүрлі нұсқаларды иемденіп пайдаланушылар, орындаушылар дегенге болады.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М. Әуезов. Қазақ әдебиетінің тарихын жасауға арналған бір еңбегінде М.Әуезов: “Билердің атасы” деген арнаулы тақырып енгізіп, шешендік сөздердің кейбір түрлерінен мысалдар келтіреді. Шешендік сөздерді зерттеу, оның ауыз әдебиетінде алатын орнын, халықтық сипатын анықтауда бұл алғашқы еңбектің мәні зор. Еңбектің “Қазақ әдебиетінің тарихы дейтін шолуында айтылатын”, “Ауызша әдебиетінің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздердің барлығы да бір-ақ адамға тиісті емес, ол көптің өнері, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туысы”, – дейтін қорытындының шешендік сөздерге де қатысы бар [3.1676].

Одан бері, отызыншы жылдары шешендік сөздерді жинау, зерттеу ісіне үлкен үлес қосқан адамдардың бірі – С.Сейфуллин. С.Сейфуллиннің “Қазақ әдебиеті” дейтін кітабына “Билердің сөздері” деген тарау енгізіп, шешендік сөздерді дербес жанр деп қарады. “Билер сөзінен” көптеген мысалдар келтіріп, алғаш рет шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің ара қатынасына назар аударады.

Жалпы мақал-мәтелдердің халықтық шығарма дегенімізбен олардың да кезінде белгілі авторлар болған. Әлденеше ғасыр өткеннен кейін олардың авторлары ұмыт болып, халықтық қазынаға айналып кеткен.

Ал осындай асыл ойдың алтын қазынасы болып есептелетін мақал-мәтелдік мәні бар афоризм сөз тіркесі бертінгі XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асанқайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Махамбет, Базар т.б ақын-жыраулардың толғауларынан да кездеседі.

Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тындаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Мысалы:

Асанқайғы толғауларындағы:

Еділ бол да, Жайық бол,

Ешкімменнен ұрыспа.

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа.

Ердің құны болса да,

Алдыңа келіп қалған соң

Қол қусырып барған соң,

Аса кеш те қоя бер,

Бұрынғыны қуыспа.

Ақын болса біреуде,

Айыбын тап та ала бер.

Ерегесіп ұрыспа!

Сенікі жөн болса да,

Атың шықпас дұрысқа.

Өзіңе біреу тимесе,

Кейін қарай жылыспа.

Бұқар жырау толғауларындағы:

Алла жарылқаған зар болмас,

Ақтың жол тар болмас.

Тар пейілді кеңмес,

Кең пейілді кеммімес,

Берем деген құтылмас,

Берік байлаған шешілмес,

Қартайсаң қарт бабанды сыйлай бер,

Күндердің күні болғанда,

Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес.

Махамбеттің:

Беркініп садақ асынбай,

Біріндеп жауды қашырмай,

Білтеліге доп салмай,

Қорамсаққа қол салмай,

Қозы жауырын оқ алмай,

Атқан оғы жоғалмай,

Балдағы алтын құрыш болат,  
 Балдағынан қанға боялмай,  
 Қарасырысқан жауына  
 Қанды көбік жұтқызбай,  
 Халыққа тентек атанбай,  
 Ерлердің ісі бітер ме?  
 Қазыбек бидің толғауындағы:  
 Сен қалмақ та, біз қазақ,  
 Қарпысқалы келгенбіз,  
 Сен темір де біз көмір,  
 Еріткелі келгенбіз.  
 Екі елдің лағын  
 Тетіккелі келгенбіз.  
 Танымайтын жат елге  
 Танысқалы келгенбіз,  
 Танысуға келмесен,  
 шабысқалы келгенбіз.

дейтін терең ойды топшылайтын көркемсөз тіркестері халықтық мақал-мәтелге айналып кеткен немесе халқымыз олардың осы асыл ойын арқау ете отырып, осыған ұқсас жаңа мақал-мәтелдерді ойлап тапқан.

#### ӘДЕБИЕТЕР

- 1 Балтабай Адамбаев. Қазақтың шешендік сөздері. Алматы, 2006.
- 2 С. Қалиев, Қ. Аюбай. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы 4 том. Алматы 2007.
- 3 С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смайылова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы 1994.

### **ЗАТ ЕСІМДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ МӘН ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ**

АУЛАБАЕВА Г. Ж.

мүгалім, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Ұлттық тіліміздегі сөз мағынасы тілдің лексика-семантикалық ерекшелігімен айқындалады. Бұл жөнінде В.А.Звегинцев: «Сөз тек логика-предметтік мазмұнға ие емес, ол ойды жарыққа шығарып қана қоймайды, сонымен қатар оның эмоционалды және экспрессивті қасиеттері де бар, осылардың көмегімен адам өз эмоциясын (сезім-

күйін) білдіреді», - деп түйіндейді. Тіл қатынас құралы қызметін атқарып, сонымен қатар адамның әрқилы көңіл-күй сезімдерін де реттеп отырады. Жақсы көру мен жек көру, ашулану мен рақат сезімге бөлену, таңырқау мен бейтарап күйге түсу, қуану мен қайғыру сияқты адамның сезімдері тіл арқылы жүзеге асады, тілдегі сөздер арқылы сыртқа шығарылады, тыңдаушыға беріледі. Сөйлеушінің бір затқа немесе құбылысқа эмоционалды көзқарасын білдіретін сөз тобы эмоционалды-экспрессивтік лексика немесе эмоционалды мәнi бар сөздер деп аталады.

Экспрессивтік бояу тілдің әр түрлі қабатынан байқалады. Эмоционалды-экспрессивті мәннің біз сөз таптарындағы көрінісін қарастырайық. Эмоционалды-экспрессивті мәнді сөз таптарындағы көріну дәрежесіне қарай, яғни бір сөз табында айқын, молынан, екінші бір сөз табында бәсең, солғын көрінуіне орай сипаттадық. Сонда эмоционалды-экспрессивті мәнге зат есім, сын есім, етістік, одағай сөз таптары бай болса, есімдікте - солғындау.

Эмоционалды-экспрессивті мәнiн зат есім табында қарастыруды жөн көрдік.

Зат есімдер ішінде затты я заттық ұғымды әсерлеу не бейнелеу жолымен сезімі түрде қолданылатын топтары бар. Мысалы, көл тау, төбе, арба деген сияқты жалпы есімдердің көлшік, таушық, төбешік, арбашық деген түрлері бар да, атан, өгіз, кітап деген тәрізді зат есімдерде атанша, өгізше, кітапша деген де түрлері бар. Осы аталған екі топ сөздің көлсымақ, таусымақ, төбесымақ, кітапсымақ деген түрлері де бар. Сол сияқты адамға байланысты әке, шеше, апа тәрізді туыс атауларын әкей, шешей, апай деп те, шешеке, апеке деп те, шешетай, әкетай, апатай деп те, шешежан, әкежан, апажан деп те атау үйреншікті әдет. Сондай-ақ бала, бота, лақ сөздерін балақан, ботақан, лақан деп те, балақай, ботақай, лақай және бөпе, қалқа, сәуле секілді жалпы есімдер мен Нұрлан, Қалия, Әлия, Әсия жалқы есімдерді бөпеш, қалқаш, сәулеш, Нұрыш, Қалыш, Әлкен, Әскен деп те айту соншалықты дағдылы нәрсе.

Сөйтіп, кейбір зат есімдердің әдеттегіше бейтарап (қалыс) түрде жалпы қолдануларымен бірге, үлкен тұтып құрметтеу я сыйлау, кіші тұтып еркелету, кем тұтып қомсыну тәрізді эмоциялық әсер, экспрессивтік рең бере қолданылатын формалары болады. Осындай формалардың синтетикалық тәсілмен жасалған жолын қарастырайық.

А.Бсқақов лексикалық мазмұны жағынан жаңа сөз тудырмай, сөздерге әр қилы эмоциялық әсер, экспрессивтік рең үстейтіндей қосымша семантикалық мағыналар ғана жамайтын жұрнақтарды

зат есімнің реңк мән тудыратын жұрнақтары деп атайды. А.Байтұрсынов оқулығында жұрнақтардың сөзжасамдық қабілетіне көңіл бөлгенде, олардың сөзге қосатын мағыналарын ерекше назарда ұстаған. Зат есімге жалғанып, «сол заттың кішкентайлығын» немесе «сол затты тұту, көңіл аулау» мағынасын білдіретін жұрнақтар арқылы жасалған сөздерді реңк мәнді есімдер деп атайды. Реңк мәнді есімдер жасайтын жұрнақтар қазақ тіл білімінде ғылыми тұрғыда Ә.Төлеуовтың зерттеуінде де дәлелденді. «Бұл топқа енетін морфемалардың айырмасы – сөзге қосылғанда оның негізгі мағынасын өзгертіп жібермей, тек түрлендіріп, қандай да бір көмекші реңк мағына береді. Бұл топқа енетін жұрнақтар жалғанған сөзін өзгертіп, жаңа мағыналы сөз тудыра алмайды, тек түрлендіреді».

Зат есімнің реңк мән тудыратын жұрнақтары жалпы есімдерді де, жалқы есімдерді де қамтиды. Мысалы: Жөкей көлінің солтүстік қабағында Аюлы дейтін бір кішкене таусымақ бар (С.Мұқанов). Бір көлшікте жасаған балықтар өсіп-өніп көбейген кезде суы тартылып, көлшік құрай бастапты (Ертегіден). Жолда бір көлсымақ бар, соған соға жүреміз (Ғ.Мұстафин).

Әдебиетте де, ауызекі тілде де еркін қолданылатын ағажан, құрбыжан, әкетай, сәулетай сияқты сөздердің лексикалық мағыналарында аға, құрбы, әке, сәуле сөздерінен алшақтарлықтай айырмашылық болғанымен, сөйлеуші мен тыңдаушыға айту мәнері райы жағынан да, алынатын әсері мен бағдарланатын реңкі жағынан да оларды бірдей деуге болмайды. Өйткені аға, әке дегендерден тек жай атау, хабарлау ғана аңғарылса, ағажан, әкетай дегендерден белгілі бір эмоциялық реңк пен экспрессивтік әсер байқалады.

Сөйтіп, реңк жұрнақтары «еркелету я кішірейту, сыйлау я құрметтеу, ұлғайту я үлкейту, келемеждеу я мысқылдау» тәрізді мәндерді білдіріп, кейбіреулері бірінен соң бірі қабаттасып та қолданылады (ағекетай, әжекетай, інішекжан, Сәулешжан т.б.), я бүтіндей айырылып (жеткіншек, ірімшік, талшық, бүркеншек) сол жалғанған сөздерден бөлінбейтіндей де болып кеткен.

Бұл жұрнақтарды топтастырып А.Ысқақов оқулығында «зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтар» деп, төмендегідей көрсетеді.

-еке, -қа, -ке жұрнақтары жалпы мен жалқы (кісі аттарына) есімдерге жалғанып, сыйлау, құрметтеу, үлкен тұту сияқты мағыналық реңктер үстейді. Өзі жалғанатын кейбір сөздердің толық түрлеріне тікелей тіркеспей, соңғы дыбысы я соңғы бір немесе бірнеше буыны түсіріліп барып жалғанады. Мысалы, ағеке, шешеке, апеке, әпке,

жездеке, атеке, бастыкеке, Омеке (Омарбай, Омар) Жәке (Жамбыл Жанақ) Мырзеке, Құреке, Сәке т.б. Мұндай –еке(-қа,-ке) жалғанған сөздерге тәуелдіктің 2, 3 жақтарын қосымшалары жалғанатын.

–й жұрнағы негізінде туыс атауларына жалғанып, оларға сыйлау, құрметтеу және үлкен тұту мағынасын қосады. Мысалы, ағай, апай, шешей, атай, жездей, әпкей т.б. Бұл қосымша қазіргі әдеби тілімізде тек жақын туыс атаулының аясында ғана қалмай, алыс-жақындығына қарамастан, құрмет тұтатын жасы үлкендердің бәріне де қолданыла беретін болды. Мысалы, Жамбыл атай, Шолпан апай, Мәдина тәтей, Ұлбосын шешей т.б.

–тай қосымшасы туыс атауларына жалғанып, оларға кішірейту, еркелету, ізет көрсету сияқты қосымша мағына үстейді. Мысалы, ағатай, апатай, әкетай, шешетай, бөпетай, сәулетай, қалқатай, тәтетай, көкетай, т.б. Кішкентай, азғантай дегендердің түбірі кіші, аз екені, оларға әуелі –кәңе (-ғана) одан кейін –тай формасы қосылып көнелеген. Ал Жамантай, Ормантай сияқты кісі аттарының құрамындағы –тай қосымшасы да осы формамен төркіні бір бөлшек.

–жан жұрнағы көбіне адамзатқа қатысты бір алуан сөздерге және кісі аттарына жалғанады да, оларға әрі еркелету, әрі кішірейту реңкін жамайды. Мысалы, Абайжан, Ермекжан, ағажан, көкежан.

Бұл форма жан ата, жан көке сияқты тіркестерде де қолданылады. Мысалы: Ризалық берсең, жан ата. Ешкімге көзін сүзбейін! Тірі өлісін білгенше, Күдерімді үзбейін («Қыз Жібек»). Алпыста анаң аналық! Жан көке, кімге тапсырдың («Қобыланды батыр»).

–қан, –қан жұрнақтары өнімсіз болғанымен, еркелету, кішірейту реңкін білдіру үшін бірсыпыра сөздерде қолданылады. Мысалы, бұзауқан, балақан, ботақан, қошақан.

–қай, –кей тіпті өнімсіз форма, тек балақай, саусақай, шешекей деген бірлі-жарым сөздерге ғана жалғанады. Иттің ұлы итақай, дегендегі –қай формасы да Ашақай, Бейсекей, Мұсақай, Сәрсекей деген кісі аттарындағы –қай элементтері осы аталған кішірейту формасымен байланысты.

–шақ, –шек зат есімдерге кішірейту, еркелету форманы үстейді. Мысалы, келіншек, інішек, құлыншақ, шынышақ, тоқтышақ, жарықшақ.

–шық, –шік. Бұл –шақ –шек жұрнағының қысаң түрі болып есептеледі, демек, –шық, –шек қосымшасының атқаратын қызметі көп. Атап айтсақ, –шық, –шік формасы етістікке жалғанып, туынды зат есім (бүршік, бүркеншік т.б.) тудырады, сонымен қатар ол есімдерге де (төбешік, түйіршік т.б.) жалғанады.

-шық,-шік жұрнағы зат есімдерге жалғанғанда, оларға кішірейту және еркелету мағынасын үстейді.

Конкретті зат есімдерден кішілік мағынасын білдіретін атаулар туады. Мысалы, үйшік, төбешік, көлшік, кіршік, қапшық, қарашық, ойыншық, далашық, айшық, тығыншық, төрешік, қалашық, бөлмешік, боташық, текешік т.б. санауға келмейтін атаулардың әрі даралық,әрі кішілік ұғымын жамайды. Мысалы, талшық, ірімшік, түйіршік, қиыршық, бұршік, қиыршық т.б.

-ша, -ше формасы зат есімдерге жалғанып кішірейту мағына үстейді. Мысалы, көрпеше, кітапша, сандықша.

-ш жұрнағы кісі аттарына және бір алуан жалпы есімдерге жалғанып, оларға кішірейту, еркелету, аялау тәрізді қосымша мағына үстейді. Бірақ кісі аттарына, сондай-ақ кейбір жалпы есімдерге қосылғанда, олардың толық түрлеріне тікелей тіркеспей, я соңғы дыбысы, я соңғы бір немесе бірнеше буындары түсіріліп барып жалғанады. Мысалы, қалқаш, сәулеш, бөпеш, көкеш, тегеш, бикеш, серкеш, Құрмаш (Құрман, Құрманғали, Құрманбек), Жұмаш (Жұмабике, Жұмабек, Жұмағали, Жұмабай), Нұрыш (Нұрым, Нұрман, Нұрсейіт, Нұрғали), Төлеш (Төлбек, Төлеуғали), Қалыш (Қалмағамбет, Қалымбет), Сақыш (Сақып, Сақыпжамал), Гүліш (Гүлісім, Гүлнар), Үрміш (Үрман ) т.б.

-сымақ формасының өзге төл жұрнақтардан айрықша бір ерекшелігі – сөздің я соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарамастан, үнемі жуан қалпын сақтап отырады.

Бұл жұрнақ өзі жалғанатын зат есімдерге қосыну, кекету, олқы санау тәрізді салыстыру ұғымын үстейді. Мысалы, ақынсымақ, өзенсымақ, таусымақ, мүсәпірсымақ, мырзасымақ, батырсымақ, көшесымақ, күйеусымақ, бастықсымақ т.б.

-шығаш, (-шігеш) аса құнарлы жұрнақ, ол жалғанатын сөзге кемеліне келгендікті немесе белгілі бір сатыға я қалыпқа жетпегендікті білдіретіндей қосымша мағына үстейді, оның мағынасы -сымақ қосымшамен синонимдес деуге болады. Мысалы, байшігеш (байшығаш), ершігеш, батыршығаш т.б.

-екеш, -егеш. Бұл жұрнақ ретінде қалыптасып кетпеген, жұрнақ пен көмекші (шылау) сөз категориясы арасында тұрған форма. Бұл форма есім сөзбен тіркесіп оған қосыну, менсінбеу, кем түту сияқты мағыналық реңк жамайды. Мысалы: Тас екеш тас та өзгереді (Ғ.Мұстафин). Кен екеш кенге осындай тар адам болады екен-ау (Ғ.Мұстафин).

Кейде эмоционалды-экспрессивті мән жеке лексемалар арқылы беріледі. Өнімді жолдың бірі - метафоралы қолдануы. Әрине,

метафора жолымен мағынасын ауыстырған сөздердің барлығы бірдей эмоциялық-экспрессивтік мағынаны білдіре бермейді. Ал Жалынмын мен, Тұлпармын мен.. (М.Жұмабаев) деген мысалымызда жалын, тұлпар сөздері метафоралы мағынада қолданылып, мағынасында эмоциялық мән беріп тұр.

М.Оразовтың топтастыруы бойынша, қазақ тілінде мынадай сөздер метафоралы мағынада қолданылып, эмоциялық-экспрессивтік мағына білдіре алады.

1. Құс атаулары метафоралы мағынада қолданылса жағымды не жағымсыз мағынаны білдіреді. Мысалы, лашын, қаршыға, сұңқар, бұлбұл, сандуғаш, қарлығаш сияқты құстардың атаулары жағымды эмоцияны білдіру үшін қолданылса, сауысқан, байғыз, қарға, күшіген, құзғын сияқты құс атаулары жағымсыз мағына білдіру үшін қолданылады.

2. Төрт түлік атауларының қозы, лақ, бота, құлын сияқты төл атаулар жағымды эмоцияны білдіру үшін қолданылса, ит, есек, теке, ешкі қазақтар асырамайтын үй жануарлары шошқа, доңыз, мегежін сияқты, жағымсыз мағына білдіру үшін қолданылады.

3. Жыртқыш аң атауларынан қасқыр (қорқау, тойымсыз ), түлкі (ку), қоян (су жүрек) метафоралы мағынада қолданылып жек көруді білдіреді. Ал арыстан, жолбарыс сөздері батыр мағынасында қолданылады.

4. Жабайы аңдардан елік, құралай сияқты нәзік, әдемі түстілері жағымды мағына береді. Мысалы: Өте ме сұм өмірдің тепкесінде, Бота көз Күләнда атты құралайын (Ж.Саин).

5. Кейбір өсімдік атаулары да метафоралы мағынада қолданылғанда жағымды, жағымсыз мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы, гүл - сұлулықты, ақ қайын - сымбаттылықты, нәзіктілікті білдірсе, бәйтерек - күштілікті, алыптықты білдіреді. Ал тікенек – қара дүрсіндікті, жамандықты білдіретін мағынада қолданылады.

Сонымен жинақтай алғанда, зат есімнің реңк мағынасы тілімізде қалыптасқан құбылыс деп дәлелдеуге болады. Тіліміздегі үлкен тұтып құрметтеу я сыйлау, кіші тұтып еркелету, кем тұтып қосыну тәрізді эмоциялық әсер, экспрессивтік реңк бере алатын есімдер тілімізде жүйелі құбылыс екендігіне еш күмән жоқ. Зат есімде эмоционалды-экспрессивті мағына синтетикалық жолмен, атап айтсақ, реңк мағына тұдыратын өнімді жұрнақтар арқылы, тәуелдік, жіктік жалғаулар жалғану арқылы беріледі. Лексемаларда да көрініс табады.

Өңгімеге кіріскен екі адамның тіл қатысымы қазақ дәстүрінде алдымен жас ерекшелігіне, туыстық қатынасына, қызмет жағдайына телініп өрбиді. Үлкенге деген құрмет, кішіге деген еркелету қазақ

баласының ортасындағы қарым-қатынасында дәстүрге айналған әдеті. Сондықтан сыпайылық, сый-құрмет мәні бар сөздердің мағыналық табиғатын қарастыруды жөн көрдік.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. - 216 бет.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: Дайк-пресс, 1999-776 бет.
- 3 Қоянбекова С. Функционалды стилистикалық реңктердің лексикасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. №5, 2006, 40-47 бет.
- 4 Таткенова А. Экспрессивтік құрылымдардың градациясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 8, 2005 ,34-39 б.
- 5 Солтанқұлов А. Эмоционалды-бағалауыштық лексикалық бірліктер // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 8, 2008, 115-118 б.
- 6 Р.Әміров. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері. Алматы. 1977.
- 7 Тамаева Б. Сый-құрмет мағынасының морфологиялық сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті. №4, 2004, 59-63 б.
- 8 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Рауан,1991.- 386 бет.
- 9 Балақаев М., Жанпейсов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: «Дәуір», 2005. - 256 бет.

## ТІЛ – АДАМНЫҢ ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ

АХМЕТЖАНОВА Г. А.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, №163 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті

Тіл-адамның қатынас құралы.Тілді оқыту мен үйретудің түрлері мен әдістемесі белгілі.Бірақ ағылшын тілінің өзіндік ерекшелігі – әр түрлі тақырыпта берілетін мәтіндер,олармен мазмұндас болып келетін тапсырмалар оқушылардың оқу,сөйлеу, түсініп тыңдау,жазу біліктіліктерін қалыптастырып,ауызша әрі жазбаша тіл дамыту жұмыстарын жандандыра түсуді міндеттейді.Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асады,сөйлеу арқылы дамып,өмір сүреді.Біз шет тілін оқыту туралы айтқанда,оны ең алдымен қатынас құрал ретінде оқимыз. Сөйлеудің негізгі мағынасы адамның әлеммен қарым-қатынасы адам санасында көрініс табатын ой.Сөйлеудің негізгі объектісі адамның шыншыл өмірімен байланысты.Сөйлемнің құрылымына тоқталатын болсақ оны психологтар былай көрсетеді.Сөйлеуді

адамдар бірнәрсені айту қажеттілігі туған кезде қолданады.ағылшын тілін менгерген кезде оқушыларда ағылшын тілінде өз ойын жеткізу қажеттілігі туады.Ол қарым қатынас жасап отырған қимыл іс-әрекет негізінде көрінеді.Мысалы бірденені жеткізу,сұраққа жауап беру,өтінішті орындау, есікті ашу кезекші болу ,тақтаны сұрту т.б.Ағылшын тілінде ойды жеткізу кезінде оқушы естегі сөздерді теріп оны ойды жеткізу үшін сөйлеу бүтініне қосу керек.Сөзді жадыға сақтау үшін оларды белгілі бір нәрсемен қатысты жүйелеу керек.Олар парадигматикалық және синтагматикалық бола алады. Сөйлеудің осы екі түрі көп болса оқушының сөйлей алу қабілеті жоғары болады.Парадигматикалық байланыс негізінде сөздерді әр түрлі белгісіне қарап есте сақтай алады.

-Жазу кезінде бірдей дыбысталу:two-too,one-won,see-sea;

-Мағына жақындығына байланысты мысалы:small-little

-Мағынасының қарама-қарсылығына байланысты:answer-ask

Сөйлеу кезінде синтагматикалық байланыста үлкен роль атқарады.Яғни басқа сөздермен сөйкес келу негізінде мысалы: order деген сөз келесі сөз тіркестерінде қолданылады.

-order-something( order dinner, order -breakfast)

-order to do something( order to stand up, to stay in bed)

-give an order to do something( to stand up, to stay after play)т.с.с

Яғни оқушының сабақтан алған теориялық білімін іске асыру тілдерді оқыту мақсатында мына деңгейге де бөлуге болады

1.Бастауыш деңгей,2.Жалғастырушы деңгей,3.Орташа деңгей,4. Ортадан жоғары деңгей,5.Дамытушы деңгей.

Бастауыш деңгей:оқу, сөйлеу, түсініп тыңдау, фонетикалық сауаттылық, грамматикалық минимумдарды меңгере отырып, жаңа сөздерді жазу арқылы есте сақтау қабілетін арттырады. Тірек сөздер арқылы сөйлем құрастырып жазу жұмыстарын жүргізіп,оқушыға саналы түрде тіл үйрету мақсатында ғы іс –шараларға барынша жан-жақты мүмкіндіктерге жол ашады.Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін:сөзді,сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету,сұрақ қоя білу мен әңгімені бастау,жалғастыру ,аяқтай білу қабілетін дамыту, есту, түсіну қабілетін қалыптастыру сияқты мақсаттар өрбіп отырады.

Жалғастырушы деңгей:оқу біліктілігін меңгеру мақсатында жүргізілетін жұмыс мәтінді оқып көру арқылы мазмұнын түсіну, сөйлемдегі сөздердің байланысын есте сақтау,мәтін бойынша берілген тапсырмаларды өз бетімен орындау.Сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін:меңгеретін лексикалық материалдарды дұрыс айтып қана қоймай, мәтін бойынша түсінгенін мүмкіндігінше толық айтып,сұрақтарға

толық жауап беру, сауатты сөйлеуге дағдыландыру, әртүрлі ситуацияға сәйкес сұрақтар қоя білуді меңгерту. Мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде қарастыра білуге, диалог арқылы сұхбаттасу жұмыстар жүргізіледі. Оқушының сөйлеу ерекшелігі күннен-күнге дамып, жан-жақты артып отырады. Сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында түсініп тындау жұмысы үнемі қоса жүргізілгенде ғана жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндіктер бар. Шағын мәтін немесе бірнеше сөйлемдер оқылып, мәтінді қайталап тындату арқылы екі-үш сөйлеммен мәтіннің мазмұнын айтқызу, сипаттама бергізу, тіл дамыту жұмыстары мен өз бетінше орындалатын жұмыстар іске асырылып, уақыт талабына сай жұмыс жүргізіледі.

Орташа деңгей-оқытудың сапалы білім беретін деңгейі. Оқу біліктілігін меңгерту мақсатында мәтінді оқу, көру арқылы мазмұнын түсіну мен мәтіннің мазмұнын түсіну мен мәтіннің мазмұнын өз бетінше оқып түсіне білу, мәтін бойынша талқылауға белсене араласу сияқты жұмыстар кеңінен қолданылады. Оқыған мәтінге байланысты оқушы өз ойын салыстырмалы түрде жеткізе біліп, қоғамдық орындарда жазылған нұсқауларды оқып түсіну сынды талаптар қойылады. Ал бұл деңгейдегі оқушы сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін оқушы меңгеруге лексикалық материалдар бойынша талқылауға қатысып, мәтін бойынша түсінгенін еркін жеткізе білуге дағдыланады. Қойылған сұрақтарға тез және нақты жауап беру және сурет, бойынша әңгіме құрастыру, әр түрлі жағдайларға байланысты сұрақ қоя білу мен схема бойынша сөйлемдер құрастырып айту жұмыстары басты рөл атқарады.

Дамытушы деңгей- оқытудың ең жауапты кезеңі болып табылады. Оқу біліктілігін меңгерту мақсатында роман, поэма, эссе, әңгіме оқыту арқылы жан-жақты жұмыс жүргізуге жол ашады. Белгілі үзінділерді жатқа айту жұмыстары жүргізіліп, өз бетімен әңгіме құрып, үзінділерге байланысты қанатты сөздерді, мақал мәтелдерді, шешендік сөздерді пайдалану арқылы мәтінді оқытып, түсінгенін мазмұндату жұмыстары кеңінен жүргізіледі.

Дамытушы деңгейде жазу жұмысына ерекше мән беріледі. Сауатты түрде шығарма, эссе, баяндама, очерк, өлең шумақтарын жаздырып, ресми, бейресми түрінде берілген іс қағаздары толтыруды толық меңгеру шаралары жүзеге асырылады. Демек «Тіл-тек қана қатынас құрал ғана емес, халық пен халықтың бір-бірімен түсінісіп, қарым-қатынас жасаудың да басты факторы»-деп саналады.

Осы тұста В.Г. Белинскийдің «Ұстаздың қолында адам өмірінің келешектегі тұтас тағдыры тұр»-деген сөз еріксіз есіңе түседі. Өйткені

ұстаз – болашақтың тұтқасы, жас ұрпақты тәрбиелеу және терең де жан-жақты білім беру ісіндегі қоғамның жұрт сенген өкілі.

Ол-жас ұрпақ бойына білімді, әдетті, дүниетанымдылықты, өмірге деген мақсатын қалыптастырушы басты тұлға.

«Білім-теңіз, мектеп кеме»-деген қанатты сөз кез-келген адамзаттың саналы өмірін қалыптастыратын алғашқы алтын босағасы, білім ордасы-мектептің қоғамдағы орны мен ролін айқындап тұрса, Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Бәріде мектептен басталады»-мектептің, ұстаздың қоғамдағы орнын ерекше бағалаған.

Демек, тіл дамытудың алғы шарттарының бірі-сөздікпен жұмыс. Өтілетін тақырыпқа қатысты лексиканы мұғалімдер әдетте аудармасымен қосып тақтаға жазып, дұрыс айта білуге машықтандырады. Ол үшін ең алдымен жанадан меңгертілуі тиіс сөздердің аудармасымен бірге сөйлем ішінде қолдана білудің үлгілерін де қоса жаздырту, жаңа сөздерді қатыстыра отырып сөз тіркестерін, жеңіл құрылымды сөйлемдер ойлатып жаздыру арқылы байланыстырып сөйлеуді дамытуға ықпал етер еді. Тіпті сөздік жұмысына үнемі көңіл бөліп, оқушыларды жаңа лексиканы саналы түрде меңгеруге дағдыландырып отырудың және бұндай жұмысты жүйелі әрі әр алуан формада ұйымдастырудың шетел тілін үйретуде белгілі бір нәтижеге жеткізери анық. Лексикалық объектілер төңірегінде балалардың өздерін де іздендіруге болады. Мәселен, өтілетін бейтаныс сөздерді теріп көшіріп, сөздіктерді пайдалана отырып әр баланың өздері аударып келуіне де мүмкіндік береді.

Жұмыстың мұндай түрі оқушының сөздікпен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастырады және зейінін жетілдіруге ықпал етеді.

Франсуздың ұлы ағартушысы Жан-Жак Руссо оқыту мақсаты баланы күштеп, зорлап, мәжбүр ету арқылы емес, өз еркімен құлшындыру арқылы, баланың дербестігі мен өздігінен орындайтын әрекетіне құрылуы қажеттігін, тәрбиенің негізгі мақсаты бала бойындағы табиғи дарын мен қабілеттің көзін ашып, адамның шығармашылық қалыптасуына жол ашады.

Шетел тілдері сабақтарында тіл дамытуды, байланыстырып сөйлеуге үйретуді көздейтін бұл әдіс-тәсілдер арқылы елеулі нәтижелерге қол жеткізуге болады.

1. Оқушының лексикалық қорының молығуына ықпал етеді;
2. Мәтіндерді аудару, мазмұндау барысында оқушының танымы артады және баяндай білу дағдысы қалыптасады;
3. Оқушының дербес ойлау белсенділігі ұшталады, тілдік қарым қатынасқа төселеді;

4. Еркін ойлауға мүмкіндік алады және ақыл-ойын дамытады;
5. Шығармашылық белсенділігі артады;
6. Ұжымдық іс- әрекетке тәрбиеленеді;
7. Тіл байлығы жетіледі;
8. Жан-жақты іздене біледі;
9. Өз бетімен қосымша деректер жинайды;

10. Жұмыстың бұл түрлері сынып топ ұжымдарының бірлігін, достығын нығайтады;

Сөздікпен жұмыс істеуге үйрету оқушыны өздігінен еңбек ете білуге тәрбиелейді. Сөздікте берілген сөздердің бірнеше мағынада қалай берілгендігін байқаумен байланысты, оқушы өзінің сөздерді қалай аударғанын тексерумен қатар, сөздерді тез тауып аударуға дағдыланады. Текстен аударған сөздерін тексеруге мүмкіншіліктері болады. Сөйтіп, жоғарыдағы жұмыс түрлері арқылы оқушыларды өздігінен жұмыс істеу дағдыларына тәрбиелеумен қатар, ағылшын тілін үйрете отырып, байқау, салыстыру, қорытындылау, бірге-бірте ойын жүйелі айта білуге, өзінің қатесін тексеріп байқауға, оқу құралдарымен, оқулықпен, сөздік пен жұмыс істеуге дағдыланады. Тіпті оқушылардың интеллектуалдық және психологиялық жағынан жетілуі, тілдік және әлеуметтік көзқарасының, қабілетінің дамуы, қарым қатынас- барысында өзін еркін ұстауы, өз бетімен жұмыс істей алуы мен жауапкершілігі, ана тіліне және шетел тіліне мүқият көңіл бөлуі, басқа халықтардың мәдениеті жайлы білімінің көбеюі, оны өз елінің мәдениетімен байланыстыруы, өз бетімен оқи алу қабілеті, оқу мен білімге деген қызығушылығы арта түседі.

Яғни, «Мұғалім әрдайым іздікте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деген А. Байтұрсынұлы. Өйткені ертең осы елге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар- бүгінгі мектеп оқушылары. Осы орайда М. Әуезовтың «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен» деген ұлағатты сөзінен аларымыз мол. Демек біз оқушының өз күшіне сендіру арқылы туындайтын басты мәселе өзін-өзі үйретуге, өзіне -өзі талап қоя білуге, өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі дамытуға жағдай туғызу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Т. С. Сабыров « Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары» Алматы мектеп.
- 2 Мектеп журналы №10, 2005 ж.
- 3 С.Әбәбаев. Шет тілі оқыту теориясы мен әдістемесі. Алматы 2004ж.
- 4 Мектеп журналы №10, 2005 ж.

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ АБАЙ ТІЛІНІҢ ӨРНЕКТЕРІ

АХМЕТОВА Қ. Т.

мұғалім, М. Әуезов атындағы №42 жалпы орта білім беру мектебі

Әуезов Абайды тану арқылы өз халқының таным-тіршілігін терең білді, қам-қарекетін, қайғы-қасіреті мен шаттығын, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынады», - дейді белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев.

М. Әуезовтің «қара сөз қаламгері» деген атын шығарған «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?» атты әңгімелері еді. «Ал жазушының «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кінәлі?», «Сөніп-жану» сияқты шығармалары кең тыныста және шебер жазылған», - деп баға береді Ы. Дүйсенбаев.

Жазушының прозалық туындыларынан Абай тілінің өрнектерін іздей қалсақ, оның әрбір шығармасынан ақынның сөз кестелеріне тап боламыз. «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімесінде бас кейіпкер байдың ерке қызы Жәмешке ғашық болып жүрген Қабыштың арманын жазушы былай деп береді: «... Қалай да болса, Жәмеш жарық айлы түнде, онаша тоғайдың ішінде алғашқы рет Қабышпен көрісетін болса, соның өзі де жас жігіттің бұл күнге шейін басынан атқармаған рақаты болмақ.» [3; 370]. Сондай-ақ «Кім кінәлі?» әңгімесінде «Тыстағы жарық ай, тыныштыққа батқан желсіз түн, ұйықтаған ауыл, жым-жырттықпен қалғыған салқын ауа көңілін басып тұрған ауырлықты бір мүйнетте сергіткендей» [3; 289]. Бұл үзінділердегі желсіз түн, жарық ай деген тіркестер Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіндегі тармақтан алынып отыр. М. Әуезов бұл тіркесті ақын өлеңінен алып арнайы дәл осы жерге пайдалануды көздемеген сияқты. Себебі Абай өлеңіндегі «Желсіз түнде жарық ай» тіркесі жазушының «Абай жолы» эпопеясының бірнеше жерінде, сондай-ақ көптеген әңгімелерінде жиі қайталанып отыратынын байқауға болады. Абай мұрасына қанығып өскен. Әуезовке ақынның тілі өте таныс, бойына жақын болып келген. М. Әуезовтің Абайды білгені соншалық, соған рухани бар болмысымен сіңісіп тұтасып кеткен. Демек, М. Әуезов Абайдың кейбір сөздерін өз жанынан дағдылы түрде қолдана берген деуге болады. Осы ойымызды профессор М. Мырзахметұлының сөзімен дәлелдесек: «Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығының басы олардың сөйлеу тіліндегі рухани тұтастықта жатыр. Абай шығармашылығындағы сөздік

қордың бәрі де М. Әуезовтің сөздік қорының үйірінен табылады. Бірақ құрғақ қайталанбайды, қайта сыңғырлап аққан бұлақтай үйлесім тауып, өнерлі тілге айналады. Абай поэзиясындағы ақындық тіл мен М.Әуезов прозасында жанарып, кестеленіп барып түрленіп қолданысқа түскен тілдегі табиғи үйлесімді танимыз» [4;4].

«Ескілік көлеңкесінде» әңгімесін ары қарай оқысақ: «Ең болмаса, бүгін осыны бір өкіндіріп кетеміз. Содан кейін оқ тиген киіктей жаралы боп кете барсын» [3;370]. Осы жерде Жәмешті оқ тиген жаралы киікке теңейді. Бұл Абайдың Пушкиннен аударған «Татьяна сөзіндегі» мына өлең жолдарын еске түсіреді.

Сен жаралы жолбарыс ең,  
Мен киіктің лағы ем [5;202].

Абай аудармасында Онегинді жаралы жолбарысқа, Татьянаны киіктің лағына балайды. Ақын өлеңіндегі метафоралық қолданыс жазушы әңгімесінде күрделі теңеу арқылы беріледі. Осы сияқты мысалды Қабыштың Жәмешпен кездесуге бара жатқан сәтін суреттеген тұсынан да кездестіреміз. «Қабыштың көңіліне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лүпілдеп, буынынан сұлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көне бергендей» [3;37]. Махаббат сезімінің терең психологиялық иірімдерін білдіретін Абайдың «Қызарып, сұрланып» өлеңіндегі әсерлі сөз кестелерін М.Әуезов қыз бен жігіттің кездесу сәтіне келісті шеберлікпен өрнектейді. Салыстырып көрейік:

Қызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі [5;148]

Абай ғашықтық сезімді, махаббат мұңын аса бір шабытпен, беріле құлаған ынтық сезіммен жырлайды. Ынтық болып, зорға қосылған қос ғашық өзгеден ұрланып тіл қата алмай біресе қызарып, біресе сұрланады. Ақын ғашықтық сезімді осындай табиғи күйде, аса іңкәр күйде табысқан тылсым күштің жанды суретін осылайша шебер жырға қосады. Осы өлеңдегі сезім иірімдерін білдіретін сөздерді жазушы әңгімеде Қабыштың қызбен кездесу алдындағы сөзіне дөп басып, жігіттің психологиялық күйін нанымды бейнелейді.

М.Әуезовтің психологиялық прозадағы асқан шеберлігін танытатын үздік шығармасы «Кішкентай бойжеткен» әңгімесі. Жазушының алғашқы әңгімелерінің ішіндегі сюжеті өзгешерек тұрғаны да осы әңгімесі. Себебі әңгіме оқиғасы бұрын қазақ жерінде болмаған әрі айтылмаған тың тақырыпқа жазылған. Кейіпкерлерінің тағдыры да күрделі психологиялық шиеленіске құрылған. Мұнда

губерниялық қаладағы қазақтың оқыған жастарының өмірі суреттелген. Әңгіменің басты кейіпкері-гимназияда оқып жүріп, оны бітірмей кеткен қазақ қызы Файша. Алғашында ол халықтың құрметіне бөленіп, ықыласына ілініп жүреді. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласады, бірақ мұнысы ұзаққа бармайды. Көркі мен ақылына «оқығанына» мастанған жас қыз өз жұлдызына сеніп, оқуын тастайды, қызметтен де қол үзеді, бірыңғай ойын - сауыққа сән - салтанатқа салынады. Мұнысы бара-бара әдетке айналып, сауықшыл жеңіл мінезін тоқтата алмайды. Уақыт озған сайын Файша көріктен де, беделден де айрылып, құлдырай береді. Енді Файша үшін күйеуге шығу, тұрмыс құру деген үлкен қасіретке айналады. «Бұл уақытта күйеуісіз тіршіліктің күні қараң екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Файшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы, бар қайғысы сол еді» [6;25], - [252]. Бұл әңгімеде Семей қаласындағы болған оқиға шындығы көрініс тауып, автордың өзі араласып, куәсі болған оқиғалар желісі суреттелген. Мұқтар өзінің жастық шақта басынан кешірген сезім бұлқыныстарын көркем тілмен кестелейді. Жазушы мұндай тебіреністі шақтардың сезім шарпуын өз жүрегі арқылы сыннан өткізеді.

«... Әңгімесінің бұрынға атын («Қазақ қызы») өзгертіп алуы жазушының өз кейіпкеріне деген қатынасы мен авторлық позициясындағы жаңа нышанды байқатады. Өйткені, Файша со кездегі қазақ қыздары үшін типтік, жинақты бейне бола алмақ емес. Ал «Кінәшіл бойжеткен» деген атауда нәзік астармен берілген юмор, тіпті ажуа да бар?» [6;443].

Файшаның ендігі танысқан жігіті губерниялық қалаға шет жерден жаңадан келген Ғаббас еді. Файша мен Ғаббастың танысқанына көп уақыт болған жоқ, бұл күні екеуі губерниялық қаланың бақшасында кездесті. Ғаббастың Файшаға білдірген сезімін жазушы былай деп береді: «Ол ішкі сырын сүйемін... құмармын... тілегім, үмітім... деген сияқты ыстық сезім тілімен бітірді. Сол кездері Файшаны өзгертер, толқындар деген сезіммен айтылған, Файша бірталай нәзік сөзді естісе де бұрынғы қалпынан көп өзгермеді» [6;242]. Бұл үзіндіні оқып отырған адам Ғаббастың өтірік сөзінің астары мен сайқымазақ қылығының шетін аңғарады. Файша болса бұндай сөзді бірінші рет естіп отырған жоқ, құлағына әбден үйреншікті болған сөз. Жазушы кейіпкерлерінің қылығын әзіл юмор арқылы сынайды.

«Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне Абайдың арзан ойын мен күлкіні, сауықшыл жеңіл мінезді сынаған



«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңі арналып тұрғандай. Осы жерде Абайдың «Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе» деген сөзі еске түседі. Абай адамға жағымсыз жат қылықтарды әшкерелеп, жігіттер мен бозбалаларды жақсы қасиеттерге шақырады. Мәселен:

Көп жүрмес, жеңісқойлық тез-ақ тозар,  
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар.  
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,  
Қылт еткізбес қызықты тамыршы озар.

Жастардың сүйіспеншілік сезіміне айнымас беріктік, тұрақтылық, адалдық болуына айрықша мән бере отырып, акын жігіттердің құбылма, айнығыш, жеңілтек мінезін қатты сынап шенейді.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Акын өлеңінде жігіте жар таңдауда қыздың мінезіне, ақылына адамгершілік қасиетіне көз жеткізу керек екенін ұғындырады. Қыздың көркіне қарап, лапылдап, көрсеқырланып нәпсіге ермеуді талап етеді. Бұл жай «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі Ғаббас пен Ғайшаның лапылдап құмарлықпен кездесіп, ақыры суынып сала берген сезімдеріне сәйкес келеді. «Ғаббастың бүгінгі сезіміне Ғайшаның соңғы сөзі тәттіге ашыны араластырғандай тиіп еді. Бірақ әлі Ғайша бұған қымбат, әлі де сұлу, жақсы әйел, сондықтан жас жігіттің көңіліндегі сүю мен құмарлық мынадай аз бөгетке қарап кеміген жоқ.» [6;243]. Жазушы қыз бен жігіт арасындағы сезімді психологиялық шеберлікпен суреттеп, оқырманға шынайы жеткізеді.

Ғайша жүрегінің қайғысы мен өмірінің өкінішті арманын баяндап Ғаббасқа хат жазады. Қыз өмірінің жүдеулігін, өз басының сүйеу көрмеген жалғыздығын айтып, енді шынайы махаббатын тапқаны туралы машық болып кеткен дағдылы өтірігін жазады. Хатының соңынан Ғаббасқа деген махаббатын білдіріп, Татьянаның Онегинге айтқан сөзінің береді.

«... Шыныңды айт – кімсің тербеткен,  
Иембісің сақтаушы?  
Әлде азғырып әуре еткен,  
Жаумысың теуіп таптаушы?  
Шеш көңілімнің жұмбағын:  
Әлде бір алданып,  
Жас жүрек жайып саусағын,  
Талпынған шығар айға алыс?...» [6;253].

«Ғаббас хатты бір жолдасына тастап, сақылдап күліп еді», - деп әңгіме жалғасады. Жазушы әңгіме оқиғасы барысында Абайдың аудармасы «Татьянаның Онегинге жазған хатынан» үзіндіні алған. Бұл аудармадан үзінді беруінің себебі, Татьянаның хатын сол кезде қазақ жастарының барлығы сүйіп айтатын болған. Ғайшаның хат жазуының өзі шынайы көңілден емес, жасанды мінезден туғанын автор білдіреді. Оқыриан осы сәтте Ғайшаға жаны ашып, Ғаббастың мазағына қалғанына ыза болып кетеді. Ғаббастың қыздан алған хатына осынша сақылдап күлуі өрескел мәдениетсіздік пен білімсіздікті көрсетеді. Автор Ғайшаның ішкі сезім пернелерін дәл тауып, оның өкініш, арман, қиял, күйік, қайғы, мұң сияқты көңіл күйін білдіретін психологиялық жағдайын дәл бедерлеп, оқырманның ішкі әлеміне әсер етеді. Ғайшаның арпалысқан сезімі, торыққан көңілі, күйінге ішкі сыры, әлсіздік күйі мен толғатқан ойлары терең психологиялық дәлдікпен берілген.

Қорыта келгенде жазушы Ғайшаның қазақ қызына лайық емес жеңіл жүрісін сынап отырып, оның бақытсыз тағдырына жаны ауырады. Автор оқырманды Ғайшамен бірге сырластырып, онымен бірге ойға батырады. Ғайшаның іс – әрекетін оқып отырған оқырман ашуға кәсіліп, қазақ қызының қылығына ащы сын айтып та отырады. М.Әуезов осы әңгімесі арқылы халқымыздың әдет-ғұрпына жат қазақ қызының қылығын әшкерелеп, қыз тағдыры, қыз тәрбиесі мәселесін көтереді. Сол кездегі «қазақ оқығандарының», қазақ жігіттерінің беті жылтыр мінездерін де айтып сынаиды. Қала халқының гулеп тұрған өсек-аяның да ашына түйрейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кекілбаев Ә.Әуезов туралы сөз / М.Әуезов - XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті. – Алматы: Ғылым, 1997.-163 б.
- 2 Дүйсебаев Ы.Мұхтар Әуезов. – Алматы: Ғылым, 1974.- 220 б.
- 3 Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1979.-384 б..
- 4 Мырзахметұлы М.« Қазақтың бас ақыны» атты халықаралық ғылыми- практикалық конференциядан / Қазақ әдебиеті, 2004.- №23-Б.4-5.
- 5 Абай. Өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 1976.-240б.
- 6 Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. 1 т.Әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1979 - 456 б.

## МӘШҲҮР ЖҮСІП ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЗАМАН БЕЙНЕСІ

АЯПБЕРГЕНОВА М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар

Мәшһүр Жүсіп бірінші халықтың өзіне сенім артқанын жақсы түсініп, сөзіне үлкен сынмен қараған. «Жалған Мәшһүр болма [сен], шын Мәшһүр бол // Қыла көрме өтірікші тамам жұртты!», - деп өзіне талап қойған.

М. Ж. Көпеев «Туысқан бауырларыма бір насихат» - деген мақаласында: «Әй... қазақ ағайындар! Жылдан-жылға кедей болып, жоқ жерден малдарыңнан айрылып қалып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көреміз», - деп жазды. М. Ж. Көпеев қазақ елінің қамын жеп, орыстың жүрісі анау, ал менің елім не болып барады деп, қайғырады. «Қойды шарық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді» - деген мақалды үлгі ретінде алады. Жалпы, М. Ж. Көпеевтің бұл - мақаласы үлкен келелі істі, әлеуметтік мәселелерді көтереді. М. Ж. Көпеев жастарды білімге шақыру, надандықтан қашу, орысқа қара, сартқа қара, ноғайға қара солар секілді жер жырт, егін сал, оқу-оқы деген идеясын әрқашан астарлап та, ашық та жазып, айтып отырған.

Мәшһүр Жүсіп:

*Қолыма хат жазғалы алдым қалам,*

*Құбылып толқын боп тұр күллі галам.*

*Қалдырып құрбыларға өрнек үшін,*

*Кетейін бір сөз сөйлеп, келсе шамам.*

Ақын өзі айтқандай артынан өлмес мұра, өшпес із қалдырып, қазақ халқына рухани азық қалдыруға үлес қосты. Ғибратқа толы шығармалары ақынның дара тұлғасын танытады. Заманның ащы шындығын тура айтқан, әділ де парасатты халық қамын ойлаған жан екендігі қара сөзбен өрілген еңбектерінен де көрінеді.

«Кейінгі заман адамдары туралы» атты туындысында заман туралы толғайды. «Қазақтың бұрынғы орысқа қарамай, өз еркімен жүрген замандарында кешегі Арқаның ескек желі желкілдеткен Абылайдың ала туының астына жиылған жер қайысқан қол қайда?! Оның орнына бұл күнде күнгірт пішінді, қоңыр момын, қайыршының қабының түбінде қалған, ұшынған сорпа, қағынған ет сықылды қап түбінде қалған қара пейіл байлар жүр.

Кешегі ұраншыл ел, аламаншыл батырлар қайда?! Оның орнына қараңғы түнді жамылып, ағайынның малын жетектеуді өнер қылған қорқақ ұры жүр. Кешегі сарнаған қобыз, тамылжыған шерлі сыбызғы,

күніренген домбыра, ақылынды үрлейтұғын өлең, жыр, ән, күй қайда?! Оның бәрі өшкен, жоғалған», - деп заман кейпіне қынжылады.

«Болыс сайлауы және дүние алдамшылығы» атты шығармасында ақын болыстықты сынға алады. Абайдан мысал келтіреді: «Болыс десе, сайлау десе, екі жақ партия болып, болыстыққа таласып, болыстықты үлкен зор дәреже көріп, барлық бір болыс елдің адамшылық тағдыры болыс болған адамның қолында, аузында болатын болғандықтан, малы, абыройы, беделі жететін туыстар болыс болуға таласып, өзі бола алмайтын болса, өзінің бір көңілі сүйген адамдарын болыс қоюға жанын, малын, арын, иманын түгел сол сайланатын адамның жолына, сайлауына салып, партияға таласып, ел бүлініп, қақ жарылып, екі жақ партия болып, туысқан аға-інілі адамдар бірін-бірі көргісіз болып, әке-ұлынан, шеше қызынан айрылып, дау-жанжал ұрыс-төбелес, кісі өліп, аяғы атылу, айдалу, нақақтан пәле жауып, пәленің неше түрлі тоқсан түрі туады.

Бұл сияқты партияның ашу-араздық, партияның кесірі бірнеше жылға созылады. Данышпан ақын Абай айтқандай: «Болыс болдым мінеки, // Бар малымды шығындап» - дегендей, жеңіп болыс болып алған соң, партияда қарсы болған қалған жағы партиясы басқа болғандарға болысекең бар әкімшілікті қолданады. Барлық сайлауда, партияда ұсталған расход, шыққан шығын, берілген пара, шашылған төгілгеннің бәрін өндіріп алады. Болыс болып алған соң, бар әкімшілікті қолданады, барлық пәлені жабады. Сондықтан сайланарда барлық күшті салады. Осы айтылғандай сайлау жұмыстары Мұстафаға да кездесіп, бірсыпыра жағдайларын, талқыларын көрген болады», - деп қазақ жеріндегі болыс сайлауын талдайды.

Ақын поэзиясының реалистік сипаты, азаматтық ұстанымына тән асқақтығы қан жылаған қазақ баласының мұң-зарын, қайғы-қасіретін және де әділетсіз өмірдің әлеуметтік қиянатқа толы кескін-келбетін терең толғауымен ерекшеленеді. «Қазақ», «алаш» деген сөздер ақын поэзиясында жиі кездеседі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының азаматтық әуендегі шығармаларында ел – жұрты үшін жанын қиюға даяр, халық мүддесі үшін әрқашан жаны жаралы, көңілі қаралы болған елін сүйген ұлтжанды ақынның келбетін көреміз. Ақын елдің еңсесі биік елге айналуы үшін бірлік керек екендігін әрқашан толғауларында айтып отырған:

*Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,*

*Қазағым, қайран халқым бауырларым, - дейді*

Ақын поэзиясында өзі өмір сүрген замандағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді. Қаламгер туындыларында халқының жерінен айрылып, өз елінде қысым көріп отырғандығын ашына

айтады. Патша әкімшілігінің озбырлығы мен ел билеу жүйесіндегі әділетсіздікке қарсы үн тастап, алаш жұртының отаршылдық бұғауына шырмалған сорлылық халіне күйеніп, ашына жырлайды.

*Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,  
Қазағым, қайран жүртым, есіл елім.  
Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,*

*Жеріңді қылмады ма тілім – тілім.*

Қазақтың шұрайлы өрісінен айрылып, суы мен балығына иеленген басқа жұрттың келімсектерінің озбырлығына күйінеді. Халықтың мүшкіл халін өлеңдерінде өрнектейді. Халықты қайраттандырып, отаршылдыққа қарсы сезімнен оятуға тырысады, отаршылдыққа қарсы күресуге шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жырларынан азаматтық, ұлтжандылық сезім сезіледі. Қазақ халқының отарлық саясатқа жем болып, ұлттық салты мен дәстүрінен, ұлттық қасиеттерінен айрылып қалу қаупі төнгенін сезініп, қамығады. Ұлттың рухани қазынасын жоғалтып алмауын көздейді. Халықтың бей-жай күйіне күйінеді:

*Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,  
Жолдасбол, сынап алып қостасыңды,  
Баласы дін – мұсылман ұрандасып,  
Қосып кісі санына, қос басыңды, -*

деп, ақын бүкіл түркі халықтарының туыстығын, тұстастығын, бірлігін көксейді. Халықты Ресейдің отаршылық бұғауынан құтқару жолын іздейді.

Әр ақын өз дәуірінің айнасы болумен қатар, қоғам өміріндегі халықтық рухани әлеуметтік жоқшысы. Міне, Мәшһүр де осындай дәрежеден көріне білген ақын. Патша отаршылары қазақ елінің тек жерін ғана алып қоймай, рухани жағынан да ауыздықтауға әрекет жасады. Ол орыстандыру, яғни миссионерлік саясат еді. Патшаның осындай қулығына құрық бойламас саясатын ақын тани білді. Оған жан-тәнімен қарсы шықты. Ақын халқының бейкам, меніреу күйіне жаны ашып, оны қайраттандырып, жігерлендіру мақсатында өнер – білім, ғылым жолына бағыттап, тағдыры үшін күресуге жетелейді. Ұлт тағдырын өз жеке басынан артық қойған ақын барлық күш-жігерін халқын құтқару үшін жұмсап, елдің егемен ел болып, өз жері мен рухани қазынасына өзі ие болғанын қалайды.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында әлеуметтік теңсіздік, ұлттық езушілік, әсіресе, асқынып кеткені мәлім. Бұл заманда тайталас тартыстар мен әлеуметтік қайшылықтар шиеленісе түсті. Өз кезінің ең бір сорақы шындығы, індеттен бетер

құбылысы – партиягершілікті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы былай деп шенеген болатын:

*Бөлініп жүрт екі жақ партиялап  
Қалмайды ұрғашыдай сол қиялап.  
Басқа орын босагадан тимейтінді,  
Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп.  
Көрініс екі жақтан топ көбейіп,  
Дау – жанжал жанып тұрған шоқ көбейіп.  
Болмаса малға зиян еш пайда жоқ,  
Атарға бір мылтық жоқ, оқ көбейтін.*

Ел тағдыры туралы толғаныс ақынның төл туындыларының қай – қайсысынан да аңғарылып, азаматтық бейнесін көрсетеді. Мысалы, ол «Ғибратнамада ақындық, азаматтық міндет туралы ойын ұсынып, өзінің қоғамдағы орнын белгілемекші болады». Арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

*Болдым гой өмірімді тауысқандай,  
Мерт болдым айға шауып арыстандай  
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай,  
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай. -*

дейді. Ақын идеясын әлемге тамған тамшыдай деп қынжылады. Ал сол ғибраттан түк ала алмай надан қалар дейді. «Ғаламға ап – рахмет нұрын шашар, үстім су болады деп надан қашар» дей келіп:

*Бұлттай жауатұғын менің өзім,  
Көкірегім қан, жаспенен толған көзім,  
Жаңбырдың ап – рахмет тамшысындай,  
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім, -*

деп, заманындағы жайттарға қынжылған қаһарманның көкірегі қан, көзінде жас екендігін, қиналған саяси күрестің қаһарманының жан күйзелісін суреттейді.

«Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі» деген өлеңінде ақын елді сорлатқан әлеуметтік теңсіздік, қулық-сұмдықтың көбеюі, сөздің қадірі кеткендігі, елді неше түрлі алаяқ – пысықтардың билеуі туралы айтылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық қамын ойлаған адамдарды арыстанға, қу - пысықтарды түлкіге теңеп, халықты алдаған «ептілер» туралы, елдің соларға күні түсіп отырғандығын көрсетеді.

Сөзінде бай адамның « міні» болмайдытынын мысқылдап жазады.

*Кедейлік кетіреді сыныңызды,  
Бар болса, мол табады мініңізді.  
Бұл күнде тіл сөйлемей, мал сөйлеген,  
Көре бер өйтін - бүйтін күніңізді, -*

деген жолдарда ащы мысқыл, кекесін бар.

Сөйтіп ақын жан қайғысын ел қайғысымен ұштастыра отырып, сол еліне арқа сүйейді. Жыр-толғауларының барлығы дерлік қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін, оның бостандық сүйгіш салтын және қазақ жерінің қадір-қасиетін бейнелеуге арналады.

Ел тағдыры туралы толғанис ақынның төл туындыларының қай – қайсысынан да аңғарылып, азаматтық бейнесін көрсетеді. Мысалы, ол «Гибратнамада ақындық, азаматтық міндет туралы ойын ұсынып, өзінің қоғамдағы орнын белгілемекші болады». Арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

*Болдым гой өмірімді тауысқандай,  
Мерт болдым айға шауып арыстандай  
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай,  
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай. –*

дейді. Ақын идеясын әлемге тамған тамшыдай деп қынжылады. Ал сол гибраттан түк ала алмай надан қалар дейді. «Ғаламға ап – рахмет нұрын шашар, үстім су болады деп надан қашар» дей келіп:

*Бұлттай жсаутұғын менің өзім,  
Көкірегім қан, жаспенен толған көзім,  
Жаңбырдың ап – рахмет тамшысындай,  
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім,*

- деп, заманындағы жайттарға қынжылған қаһарманның көкірегі қан, көзінде жас екендігін, қиналған саяси күрестің қаһарманының жан күйзелісін суреттейді.

«Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі» деген өлеңінде ақын елді сорлатқан әлеуметтік теңсіздік, қулық-сұмдықтың көбеюі, сөздің қадірі кеткендігі, елді неше түрлі алаяқ – пысықтардың билеуі туралы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық қамын ойлаған адамдарды арыстанға, қу - пысықтарды түлкіге теңеп, халықты алдаған «ептілер» туралы, елдің соларға күні түсіп отырғандығын көрсетеді.

Сөзінде бай адамның « міні » болмайдытынын мысқылдап жазады.

*Кедейлік кетіреді сыныңызды,  
Бар болса, мол табады мініңізді.*

*Бұл күнде тіл сөйлемей, мал сөйлеген,  
Көре бер өйтін - бүйтін күніңізді, -*

деген жолдарда ащы мысқыл, кекесін бар.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі өмір сүрген дәуірдің барлық болмыс – бітімін, бүкіл қазақ елінің тұрмыс – тіршілігін, мәдени - рухани дамуын өлеңдеріне арқау еткен. Халықтың осал жақтарын тауып, оқу-білімнен кенжелеп жатқанына қынжылады. Халыққа арнаған ағартушылық бағыттағы поэзиясынан осы көзқарасы көрінеді. «Ұйқыда жатқан» оқымаған елді оятпақ болып, жұртына зұлымдық пен қаскүнемдіктің зиянын, кесапатын айтып, жақсылық пен жаңалықты ұғындырып, өркениетті, дамыған ел болудың жарқын жолын айқындап береді.

Ақынның қай шығармасын алсақ та ұрпағына өсиет, насихат түрінде келетінін көреміз. Ақын заманындағы адамгершілікке жат құбылыстарды сынады, сонымен қатар жас ұрпағына ұлттың сүю, жалпы адам баласына құрметпен қарау, дос болу, зұлымдық, қиянат сияқты адамдыққа жат құбылыстардан аулақ болу, білім алу, жақсыдан үйрену, т.б. бір сөзбен айтқанда адамдықты жоғары қою мәселесі жайлы толғайды. Өмір, тағдыр жайлы философиялық көзқарастарының мәнін түсіну бүгінгі ұрпақ алдында міндет. Еңбекқор болуға шақырады //Еккен орар, - деген сөз, - берген алар»,

Бәйгеге алғанды көрдің бе қарап тұрып?! деген жолдарда беріледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы көп қырлы. Оның мақалалары мен әңгімелерінің арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы, соған орай туындайтын алуан проблемалар. Бұл орайда, қаламгердің өз кезінің санасы сергек, ойы озық ағартушысы ретінде орны айрықша.

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ «АНА» КОНЦЕПТИСІ

БАЙБОЛОВА Д. О.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
МҰҚАНОВА Қ. Қ.

п.ғ.к., доцент, ғылыми жетекші, қазақ тілінің теориясы мен әдістемесі  
кафедрасы, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап адамзаттың танымдық іс-әрекеті мен қызметін жан-жақты зерттеу көптеген ғылымдардың өзекті мәселесіне айналып, кең өріс алды. Белгілі бір ұғымның адам санасында қалыптасуын, оның дамуын әр ұлтта сол ұғымның қабылдану ерекшелігін анықтауды бір ғана тіл біліміне артып қою

дұрыс болмайды. Тілдің танымдық, бейнелілік, ғылыми, «әлемдік тұтастық» сипатын зерттеуді жеке тілдік деректер шырғауына байланбай, жалпы адамзат дүниетанымының тұрғысынан қарау шарт. Тілдің танымдық сипаты әр түрлі ғылымға ортақ мәселе. Қазіргі лингвистикада тілдің бұл мәселесін жалпы философиялық, психологиялық пайымдаулар арқылы шешуге ұмтылуда. Тіл табиғатын тану мақсатында психология, философия, логика, антропология т.б. алуан түрлі ғылым салалары ат салысып келе жатқаны белгілі. Алайда, тіл мәселелері – алдымен лингвистиканың өзекті нысаны. Сондықтан да осы мәселенің жұмбағын тек лингвистика мен когнитивтік лингвистика шеше алады.

Соның нәтижесінде, тіл біліміндегі түрлі бағыттағы зерттеушілер «концепт» ұғымын әр алуан мәнде қолданады. Аталмыш термин әсіресе, тілді логикалық талдау, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика салалары бойынша жазылған еңбектерде жиі кездеседі. Санамаланған ғылым салаларында бұл терминнің түрліше түсіндірілуі, ең алдымен оған негіз болған латын сөзінің «conceptus» көп мағыналылығына байланысты.

Адам баласын өмірге әкелетін, өмір бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіретін, жақсылығын асырып, жамандығын жасырып отыратын – оны дүниеге әкелетін анасы. Ақындар мен жазушылардың ішінде ана тақырыбына қалам сілтемегендері жоқ екендігі тағы ақиқат. Бір қолымен бесікті тербетіп отырса, екінші қолымен әлемді тербете білген ана – мәңгілік ұғым. Ғұмырлық тақырыпты жан-жақты қарастыруға байланысты әр зерттеген сайын оның түрлі қыр-сырын ашып, зерттеуге болады. Сондықтан да көркем шығармалардағы «ана» концептісі – тақырыптық аясы кең, мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалды өрісі өте күрделі болып табылады.

«Концепт» термині М.М. Копыленко бойынша, «тек ұғымды ғана қамтымайды, сонымен қатар ортақ мағынаны қалыптастыратын ұғымнан алғашқы (предпонятийные) және деконцептуализацияланған құбылыстарды да қамтиды, ал реалияларды білдіру үшін тек сөздер ғана емес және де фразалық үйлесімдер қолданылады» [1, 44-45].

Е. И. Диброва концептіні шындық құбылыстарының сезімдік-көрнекті бейнелері ретінде елестетуде орналасқан (сонымен қатар мұнда концепт арқылы ойдың елестетуден ұғымға қарай қозғалысы жүзеге асады) және ортақ мағынаны қалыптастыратын ерекше ұғымнан алғашқы мән (сущность) қатарына жатқызады

[5, 133]. М.В.Никитина «концепт – бұл ең біріншіден, түсінік пен ұғым» екенін айтып өтеді [7, 6]. Е. С. Кубрякова «концепт» және «ұғым» терминдері адам ойлауы мен санасының түрлі аспектілерін сипаттайды дейді: «Ұғым– объективті шындықтың логикалық формада бейнеленуінің белгілі бір түрлерінің бірі; концепт сананың шұғыл (оперативті) мынадай бірліктерін қамтиды: елестету, образдар, ұғымдар, ал олар жинақталып барып концептуалды жүйе не әлемнің концептуалды моделін жасайды» [4, 143].

Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әр түрлі формада көрініс табады. Олар:

Фрейм – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады [7, 17].

Схема – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды кеңістікте, заттық формада таныту тәсілі [7, 28].

Сценарий. Концепт қалыптастырудағы оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады. Бұл жүйені құрайтын бөлшектер – сценарийлер мен скриптер. Сценарий белгілі бір фреймнен туындайтын эпизод фрагменттерінен құралады [7, 35].

Скрипт – күрделі формадағы концепт типі. Скриптті қалыптастыратын басты элемент – фрейм. Скрипттің санадағы көрінісі – сценарийлік құрылымның кеңейтілген формасы. Скрипт көзбен көрген, нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттары арқылы жинақталған ақпараттардан құралады [7, 48].

Ойсурет – концепт құрылымдарын бейнелі формада таныту. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылады. Концептінің ойсурет типіне салынып танылған формасы логикалық – позитивтік танымнан гөрі эстетикалық таным деңгейінде, ақиқат дүние үзіктерін өздігінше суреттеп ұқсату, елестету шеберлігінен туындайды [7, 56].

«Ана» концептісін көркем шығармаларда қарастыру барысында мен тек классик жазушы Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбында жазылған туындылары мен Максим Горькийден аударылған әңгімелерін жұмысымның нысанына арқау етіп отырмын. Мүсірепов әңгімелерінде кездесетін ананың бейнесі мен қасиеттері жоғарыда

көрсетілген ойда бейнеленетін концептілік құрылымдардың тууына себепші болғандығын тағы айта кеткеніміз жөн.

Жазушының «Адамның анасы» шығармасында «Ана-мейірім» когнитивтік моделін қарастыруымызға болады. Шығармада *«Ана тал түбінде жұдырығын түйіп жатқан қызыл адамға мейірімді көзінің барлық нұрын төгіп қараған сайын бетіне қан жүгіреді. Ананың нұрлы көзі баланы ақырын ғана, еркелетіп қана сипағандай болады. Таңертеңгі тымықта күннің көзі ғана осылай сипай алады дүниені»*, - [8,142] деп берілген. Сөйлемде келтірілген мейірімділік ұғымын ана сөзін қолданарда еске түсетін ассоциацияға жатқызуға толықтай негіз бар. Педагогика-психологиялық тұрғысынан алып қарастыратын болсақ, адам бойындағы балаға деген ыстық махаббат пен мейірім сәбидің жатырға біткен кезінен бастап пайда болады. Сондықтан берілген мысалдағы іс-әрекеттер ешқандай да ерсі көрінбей, керісінше заңды құбылыс ретінде беріледі.

«Ана-қамқоршы» когнитивтік моделіне жазушының «Әмина» әңгімесінен мына бір мысалды алсақ: «Бір баланың сандалына ұсақ тас түсіп кетіп, қыңқ етіп қалса, ана да ауырсынып, қабақ шыту керек. Көбелек ұстатпай кетсе, оған да ұрсу керек».[8,159]. Бұл жерде концепт типіне жататын күрделі форма (скрипт) орын алады. Оқиғалы форма сценарийден күрделеніп келген құрылым ананың қамқоршы екенін білдіретін қалыптасып қалған танымды көрсетеді.

Ғабит Мүсіреповтің ана туралы жазылған туындыларының біразы Горькийден алынғаны белгілі. Сондай шығармаларының ішінде «Өлімді жеңген ана» деп аталатын әңгімесінде «Мақтасақ-әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел-ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе!...», - [8,179] деген ойдан «ана-сарқылмайтын күш» концептуалдық моделін алуға болады. Концепт құрылымының ішінде бейнелі форма деп қарастырылатын ой-сурет осы мысалға негіз болады. Ғылыми анықтамалар бойынша ой-суреттің құрамына бейне, суреттеу, символ сынды қосымша құрылымдар енеді. Ал берілген мысалдағы ананы көзді бұлақ пен сарқылмайтын күшке әкеп теңеуі құрылымның негізгі ерекшелігі. Жер бетінде ананың негізгі мақсаты – артына дені сау ұрпақ қалдыру екендігі белгілі. Ендеше «Ана-ұрпақ қалдырушы» деген когнитивтік модель арқылы Ғабит Мүсірепов шығармаларында оның ішінде «Өлімді жеңген ана» туындысында «Сен не істесең де адам ғанасың. Ал енді мен-ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашасың, мен өмір шашамын. Дүниеге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да», - [8,192]

деген екен. Ал концепт құрылымы ретінде фрейм деп алуға болады. Берілген мысалдағы кимыл-әрекет ана мен ханның арасындағы әңгімеде өрбиді. Аталмыш сюжетті оқыған кезде көз алдыңызға бірден-бір уақиға елестейді. Сондықтан оны сызбалы форма схемаға жатқызуымызға толық негіз бар. Сонымен қатар, «ана-өмірдің иесі» концептуалдық модель ретінде алып, жазушы шығармаларынан негіз болатындай тіркестерді де табуға болады. Мысалы, «Өлімді жеңген ана» әңгімесінде «Бұл әйелдің неге мұнша күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл өмірдің иесі, бұл ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүюі, ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар... Мүмкін жерді жылытып, бақыт себетін адам болар...», - дейді. [8,159]. Бұл мысалда сезім, сүю сынды эмоционалды аспектілер кездеседі. «Өмірдің иесі» деп берілген концептуалдық модельдің метафизикалық аспектілер қатарына да жатқызуға болады. Концепт типтері ретінде күрделі оқиғалы формалар қатарына еніп, сценарий қызметін атқарады.

Қорыта айтқанда, көркем шығармалардағы «ана» концептісі түрлі аспектіден қарастыруды қажет ететін – тақырыптық аясы кең, этномәдени мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалдық өрісі ауқымды концепт болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. –178б.
- 2 Диброва Е.И. Коммуникативно-когнитивная модель текстопродукции // Семантика языковых единиц / Доклады V межд. конф. т. 2. – Москва, 1996.
- 3 Никитина М.В. Лексическое значение в слове и словосочетании. – Владимир.: Владимирский государственный институт, 1974. –222б.
- 4 Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И., и др. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – Москва: Наука, 1988. –242б.
- 5 М.Б.Абдрахманова. ҚазҰУ хабаршысы. Қазақ тіліндегі концептілер жүйесі. №8.130- б.
- 6 Неретина С.С. Концепт и концептология // Тропы и концепты// <http://www.Krotov.info/index.htm>.
- 7 А.Әмірбекова. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Автореф., Дисс... ф.ғ.к. А, 2006.
- 8 Мүсірепов Ғ. Шығармалары. Бес томдық. Алматы, 1992. – 400 бет.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ХАНДАР БЕЙНЕСІ

БАҚБАЕВА З. С.  
мұғалім, Екібастұз қ.  
ТОЛЕУБАЕВА Қ. К.

Е. Бекмаханов атындағы ғылыми кітапхана, ПМПИ

Қазақ тарихи тұлғаларының ішінде ел тарихында терең із қалдырған, қоғам өміріне ерекше ықпал жасаған, мемлекетіміздің басты белгілерінің бірі - хандар. Мемлекет тізгінін ұстаған ел билеушілері ретінде Алып Ер Тұңға, Еділ, Тұмар патшалардан, ортағасырлық Бумын, Елтеріс, Білге қағандармен жалғасып, XV ғасырда Қазақ хандығы Жәнібек пен Керейден басталып, Кеңесары ханмен тәмамдалады. Ал Қазақ елінің байырғы хандығының жаңа заман тұрғысындағы мемлекеті - Елбасы - президент. Бұлар - бір жарым ғасырдан кейінгі қайта жалғасқан тәуелсіз тарихымыз бен тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа беті.

Қазақ әдебиетіндегі хан бейнесін Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев еңбектерінде берілген.

Шоқан Уәлиханов тікелей өлең - жыр жолдар туғызбағанмен, халық арасынан мол ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, халқымыздың алаш атауы мен мемлекеттігіміздің шығуы туралы Алаша хан туралы аңыз.

Абылайға арналған жырларды алғашқылардың бірі болып халық аузынан жазып алып, олар туралы маңызды пікір білдірген Шоқан Уәлиханов болды. Үлкен ғалымның жинаған материалдарында, түсініктемелерінде хан бейнесіне қатысты жолдарға, өзінің Абылайдың тікелей тұқымы болғанына қарамастан, ештеңені түзетпей, деректерді бұрмаламай барынша шыншыл болды. Ш.Уәлиханов ел арасынан жинап, өз қолымен хатқа түсірген «Абылай» атты тарихи зерттеу мақаласы бар. Осы мақалада автор халық аңыздары мен тарихи жырларына, орыс тарихшылары деректеріне сүйене отырып, ұлы ханның өмірін, ерлік жолын баяндайды.

Шоқан Уәлиханов: «Қазақтардың аңыз – әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр – дастандардың арқауына айналған», - деп атап көрсетті [1].

Абылай түсінде - шатыр алдында басын салып көтермеген қалпында жатып алған жолбарыс көреді. Бұл не қылғаны деп қарап едім, ол дереу аюға айналып кетеді. Оның аюға айналғаны қалай жаңа

ғана жолбарыс еді ғой дегенімше болмады, аюдың орнында қасқыр тұрды. Қасқырдан соң түлкі, онан кейін қоян, сөйте - сөйте, ақыры майда-шүйде андарға айналды,- деп көрген түсін Бұқар жырауға жорытады. Сонда Бұқар: «Шатыр алдында көрінген жолбарыс өзіңіз боласыз. – Сіз жолбарыстай батыл да өжет болдыңыз. Сізде данқ та, атақ та болды. Оның басын көтере алмай шөгіп жатқаны ендігі жерде басыңыздан бағыңыз тайғанын көрсетеді. Ат басын ордаңызға бұрыңыз топырақ елден бұйырсын. Ал аюды кергеніңіз - өз балаларыңызды көргеніңіз. Енді олардың тірлігі аюдың тірлігіндей болады. Олар сіз жүрген жолмен жүруге тырысып, күресіп өтеді. Ал жаңа ұрпақты қасқыр - өмір күтіп тұр. Ел арасында қатты толқу болады да оларды түлкілер алмастырады. Сосын уақыт ырқына бағынған, тіршілік мәжбүр еткен қояндар заманы пайда болады. Одан соңғы ұрпақтарыңыздың есімін ел біле де қоймас, олардың өзге жұрттардан айырмасы қалмайды, хан ием», - дейді [2].

Абылай хан ажал жастығына бас қойғанда Бұқар жырау:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,  
Қайрусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,  
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай, - деуі Абылай ханның қазақ халқы үшін қандай қадірлі болғанының дәлелі [3].

Ыбырай Алтынсариннің хандар туралы «Әбілқайыр мен Қаналы турасында» атты поэтикалық шығармасы Әбілқайыр ханның қазақ жерін Ресейге бодан етудегі рөлі қандай болды деген өткір мәселеге жауап іздейді. Ы.Алтынсарин бұл жырды жазып алып, хрестоматиясына кіргізіп, насихаттауына қарағанда ақын позициясы да жырдағы көзқарасқа жақын. Әбілқайыр ханның қиын заманда ел басқарудағы «Бұқараға жәбір-жапа көрсетпей» әділ билігіне ризашылық білдіреді. «Ойда орыс, қырда қазақ дұшпан болған заманда», қазағы Ауған, Тәжік, Бұқараға кетуге ойлағанда «Күңіренген алашын, Қонысынан айырмай, Жібермей жұртын тұтқанын» Әбілқайыр ханның даналығы, көрегендігі деп санайды. Сол кездегі жағдайда қазаққа «Ақпатшаға бағынудан» басқа дұрыс жол жоқ екендігіне көзі жетеді. Ы.Алтынсарин қазақ әдебиетінде Абылай мен Кеңесарыдан кейінгі құрмет тұтылып, жиі әдеби кейіпкер болатын Әбілқайыр хан бейнесін жасаудың негізін қалаушы ретінде атауға болады.

Абай Құнанбайұлының Шығыстық тақырыпқа құрылған Абай дастандарының арасында ел билеуші бейнесі жан - жақты суреттеліп, Ескендір тақырыбына жазылған шығыс ақындарына нәзира

үлгісімен жауап беріп, патша тұлғасына өзіндік көзқарастарымен, ерекше бейнеленуімен, көркемдігімен дараланатын туындысы – ұлы ақынның «Ескендір» поэмасы. Қазақ елінің тәуелсіздігінен айырылып, Ресей ықпалына толық түскен кезінде отарлаушы ел билеуші патша, Абай бейнеленуінде басқыншыларға сай бейнесін тапты. Абайдың әдебиеттегі қалыптасқан бағытқа қарсы жүруге тайсақтамаған батылдығы, тосыннан өзіндік жол тапқан жаңашылдығы, ұлылыларға ғана төн даналығы деп бағаланады.

Шәді төре Жәңгірұлының «Тарихнама» атты аса көлемді туындысының дастанға татырлық «Абылайдың тарихы» деген бір тарауында ханның тұлғалық бейнесі көрсетілген. Шығарманың басты тақырыбы – Абылайдың қазақтың үш жүзін біріктіріп, айнала жауға төтеп беретін қуатты мемлекет құруды жүзеге асырудағы әрекеттері мен ұйымдастырушылық, қолбасшылық шеберлігі, табандылығы, даналығы, тектілігі т.б. қасиеттері бейнеленеді. Екіншіден, Абылай ханның ел билеу жүйесін жетілдірудегі ел ішіндегі тәртіпті нығайту бағытындағы реформасы сияқты кейбір әрекеттері көрсетіледі.

XX ғасырдың 30-50 жылдар поэзиясында хандар бейнесін бейнелейді. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы. Поэма оқиғаларынан Абылай хан – батыр Баян қатынасынан ханның тұлғалық бейнесіне байланысты.

XVIII ғасыр қазақ халқының қиын-қыстау заманы болды. Жоңғар, қалмақтың жан-жақтан қыспағы елді қатты күйзеліске ұшыратты. Қазақ елі бытыраңқылыққа ұшырады. Осы кезде халықтың басын қосып, қасына батырларды жинаған ер Абылайды айтпай кетуге болмайды. Жастайынан Төле бидің қолында өскен Сабалақ жорықтарға қатысып, ерлігінің арқасында елдің айбатты арыстанына айналды. Елжіреген жұрттың қамын ойлап, халықты ауызбіршілікке шақырып, елдің еңсесін көтерді. Бірақ,

Жалғыз батыр – жалғыз жан

Майданға тұлға бола алмайды, - деген сөз бар. Сол кезде ер Абылайдың төңірегінде халықтың батырлары шоғырланған болатын. Абылай жинаған батырлар ішінде Кара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Сары, Баян мен Сағынбай сынды ел ардақтылары болатын. Аталған батырлар ішінде бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ер жүрек ардагерлердің бірі – батыр Баян Қосаболатұлы (1710 - 1757). Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқасына қатысып, Баян батыр атанған.

Абылай тақырыбы Төлеген Қажыбай шығармашылығында көрсетілген. Ақынның Абылай ханға арналған «Шалқұйрық-дастан», «Қанай-дастан» және «Жәпек батыр» атты үш шығармасы. Бұл үш дастан бірін-бірі толықтырып, «Шалқұйрық-дастанда» ханның Сабалақ атанған жастық кезін бейнелесе, «Қанай-дастан» Абылайдың хан көтеріліп, дәуірлеген шағындағы тұлғасын бейнелейді. Ал кейін жазылған «Жәпек батыр» дастаны хан өмірінің басқа да кезеңдерін қамтып, бейнесінің жаңа қырларын ашып, Абылайдай ұлы хан тұлғасының жан-жақты бейнесін суреттейді.

Т.Қажыбайдың «Қараой қайғысы немесе Нұрсұлтанға мадақ» атты туындысының бірінші бөлім түгелдей Махамбет ақын тағдырының ең соңғы қайғылы кезеңі – ақынның қашып барып паналаған жері Қараойдағы трагедия бейнеледі. Ақын өлеңдерінің «Тебінгі терден шіріген», «Тендік сұрап тепсінген» сияқты өткір жолдарында Махамбеттің азаматтық бейнесі берілген. Текті ақынның тәкәппар мінезі тобырға айналған туысқанынан безіп, жылыстай жылжып Қараойға барып қамалады. Соңғы шумақтар Қараойда қалған ақынның қазасын Нұрсұлтан баласы шырылынан басқа жарымағанына налиды. Бірақ сол шырыл бүгінгі азат еліміздің құлағына шалынып, халқының Махамбет ақынмен бірге, іргесінің онымен берік екендігін байқауға болады [5].

Қазақ мемлекеттігінің өз тізгініне өзі ие болғандығының белгісі, тәуелсіздігінің символы болған хандар бейнесін қазақ әдебиетінде қарастырылған.

Мұхтар Әуезов «Хан Кене» трагедиясында өмірі де, өлімі де шырғалаңға толы ірі тарихи тұлғаны терең зерттеп, бейнелуге батыл қадам жасады. Тұлға мен заманның, дәуір мен тағдырдың, тұлға мен халықтың қарым-қатынасын әдеби бейнелер арқылы көрсетіп, қазақ ұлтының тарихи болашағына толғанып ой жібереді. Жазушы шығармашылығында көркем сомдалған тарихи бейнелер терең философиялық мән табады.

М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы премьерадан соң «халықтың қас жауы, кертартпа хан – Кенесарыны» суреттегені үшін репертуардан алынып тасталған. Әріптестерін бірінен соң бірін қамауға алып, өзі түрмеден енді ғана босанған тұста басын қатерге тігіп, осындай шығарма жазып, қазақ тарихындағы тәуелсіздікке, дербес ел болуға ұмтылған ең елеулі қозғалыстың маңызын айқындап түсіндіріп, өзінің алашшыл идеясын әдебиетке паш етті.

Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» бұл туынды Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылдығына қарсы батырлық күресіне арналған көрнекті шығармасы.



«Батыр Науан» - халқының адал перзенті азамат ақынның жүрегінен жарып шыққан, шын тебірәніске толы жігерлі, шабытты туынды. Ол қазақ халқының қас дұшпаны зұлым да жауыз отаршылыққа қарсы қаһармандықтың көркем шежіресі іспетті. Поэмада патша отаршыларының жер қайысқан қарулы солдатпен келіп, бейбіт қазақ ауылын аяусыз қанды қырғынға ұшыратуы жан тебіренерлік жыр жолдармен суреттелген. Шексіз зұлымдықтың иесі отаршылдарға қарсы Кенесарының інісі күресі, батырлық қимылдары оқырманның айызын қандырып отырады. Халық батыры Наурызбайдың поэмадағы өр тұлғасы – ақынның биік көркемдік табысы болып шыққан. Поэманың тілі де шұрайлы. Бастан-ақ ақынның құдіретті шабытымен толғанған поэманың көркемдік ежелгі қас дұшпанына қарсы ерлік күрестің шынайы шежіресіндей болып шыққан «Батыр Науан» қазақтың эпикалық поэзиясының тарихындағы аса көрнекті шығармасы.

Е.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясының «Кенесары көтерілісінің қозғаушы күштері» деген тарауында «Қазақтардың ХVІІІ-ХІХ ғасырларда болған барлық басқа көтерілістерінен Кенесары көтерілісінің ерекшелігі - оған үш жүздің бұқара халқы түгел қатысты», - дей келіп, Кенесарының қозғалысын қолдаған рутайпалардың кестесін көрсетіп өтеді. Кенесарының көтерілісі 1837-1840 жылдары Орта жүз аумағын қамтыды.

Е.Бекмаханов Кенесарының күрексер тұлға болып қалыптасуына атасы Абылай, әкесі Қасым, ағасы Саржанның ерекше ықпалы болғанын айта келіп: «Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуына қазақ хандығының тәуелсіздігін қайта өрлету үшін күрескен оның отбасы белгілі рөл атқарды. Осы тұрғыдан бұл отбасы өздерінің қара бастарының мүдделерімен ғана шектелген басқа сұлтандардың отбасыларынан айқын ерекшеленді» [6].

Осы шығармалардың негізгі идеясы Хан Кененің тәуелсіздікті аңсауы, онымен қоса, ғалым - жазушылардың өздері тәуелсіздікті, қазақ халқының жеке мемлекет болып құрылуына көз тіккендері айдан анық көрініп тұр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абылай хан: тарихи жырлар. - Алматы, 1993. - Т.1 : Абылай хан. – 416 б.
- 2 Абылай ханның түсі // Қазақ әдебиеті. - 1992. - 7 ақпан. - 4 б.
- 3 Дәуітов С. Абылай ханның түсі / С. Дәуітов // Социалистік Қазақстан. - 1991. – 6 сәуір. - 3 б.

4 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: жоғары оқу орындары филология, журналистика фак. студент. арналған хрестоматиялық оқу құралы / құраст. М. Мағауин. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 176 б.

5 Қажыбаев Т. Хан Кене: толғаулар, дастандар, драмалар / Т. Қажыбаев. – Алматы: Жібек жолы, 2002. -105 б.

6 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында: оқу құралы / Е. Бекмаханов. - Алматы: Санат, 1994. - 416 б.

#### Қ. МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

НУРКИНА Н. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қадыр Мырзалиев қазіргі қазақ әдебиетінің майталман шебері, классик ақыны, сонымен қатар философ ақыны да екендігі даусыз. Ол «Қазақтың Қадыры» деп танылған ерекше дарын иесі, сөздері мірдің оғындай жыр дүлдiлi, қазақ сөз өнеріне зор үлес қосқан көркем сөздің шебері еді.

Ақын шығармашылығы бұл күні қазақ әдебиетінің тарихында өшпес мұра болып табылады. Себебі ақын өзінің бар талантын, бар мақсат-мұратын өз ұлтын, оның бар мінез-құлқын, салт-санасы мен әдет-ғұрпын баршаға танытуға арнады.

Қадыр Мырзалиев өлеңдерін тұтастай алып қарайтын болсақ, олардың тақырыбы, мазмұны – адам, оның бойындағы сан мың алуан сезімдер, ойлар, адамның өмірге деген құлшынысы, көзқарасы, оның түрлі толғаныстары, адамның табиғатпен байланысы, адамның тағдыр-тіршілігі болып келеді.

Қадыр Мырзалиевты ұлттық ақын дейміз. Ұлттық ақын болғанда да қазақ халқының ақыны дейміз. Себебі оның қазақ халқының бүкіл өмірі, тыныс-тіршілігі туралы жазған өлеңдері өте көп. Сол өлеңдердің барлығын жинақтап қарайтын болсақ, оларды қазақ халқының өмірінің айнасы, шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге болады. Оның әрбір өлеңін оқыған кезде, оның қазақ екенін жазбай танысың, ұлт ақыны екенін айқын аңғарасың. Ол өзінің отты жырлары арқылы туған елінің, тұтас бір ұрпақтың, дәуірдің нақты бейнесін таныта білді. «Бағамыздың шоқ басқан табанымен» атты өлеңінде қазақ халқының тұтас бір бейнесін аса көркем шеберлікпен суреттейді. Ол өлеңде халықтың психологиясы

да, мінез-құлқы да, салт-санасы мен әдет-ғұрпы туралы да айтылады, сонымен қатар әлеуметтік, саяси бейнесі де кеңінен танылады.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей екен жақсысы жаманымен,

Бір жаманы – тынымсыз көше берген, бір жақсысы – кимаған даланы кең.

Бір жаманы – жел сөзге ерген екен, бір жақсысы – тілге ерік берген екен,

Бір жаманы – кетпенге орашолақ, бір жақсысы – найзагер, мерген екен.

Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан, бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.

Бір жаманы – қыздарын малға сатып, бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.

Осыдан оның өзінің елін, өзінің халқын үлкен де жалынды жүрегімен, өлшеусіз махаббатымен, бүкіл жан-тәнімен сүйе білген ақын екендігі көреміз.

Ақын қазақ әдебиетінің ерекше саласының бірі – табиғат лирикасын да молынан жырлады. Оның осы тақырыптағы «Қаңтардағы қыр жолы», «Күз», «Мамыр», «Табиғат – жаратылыс пернесі», «Көңілді қыс», «Мамыр мен тамыр», «Табиғат тойы», т.б. көптеген өлеңдері табиғатты шеберлікпен суреттейді. Оның табиғатты бейнелеуі басқа ақындардан өзгеше. Ол табиғатты жай ғана формалық тұрғыдан ғана бейнелеп қоймайды, сол табиғаттың әрбір туындысының мазмұнына терең үңіліп, өзіне ғана тән пайымдаулар жасайды. Ол суық аязды: «Қас батырдан қаһарлы, ояздан да озбырлау», - деп суреттесе, көз ұшында көрінген ауыл бейнесін: «Бұлдырайды әне ауыл, буға ұстаған әйнектей» - деп, ал сол суықтағы аттың күйін «Құлагердің танауы, қайнап кеткен шәйнектей» деген әсем теңеулермен әдемі бейнелейді.

Қадыр Мырзалиев сонымен қатар ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің поэма жанрының өсіп жетілуіне көп еңбек сіңірді. Оның поэмаларының көбі лирикалық-публицистикалық сипатта жазылған. Ақынның поэмаларында жаңа серпін, жаңаша ой бар. Мысалға алсақ, «Қызыл кітап» (1986) поэмасы – ой толғамы ауқымды, бүкіл адамзатты ойландыратындай пікірлер мен тұжырымдарға бай философиялық шығарма болып табылады.

Қадыр Мырзалиев драма жанрында да өзіндік із қалдырған ақын. Оның «Сақал саудасы», «Тұрт сайтаным тұрт!» атты комедиялары, «Әмір Темір», «Жаралы жолбарыс» атты драмалары,

«Мың бір мұн» атты трагедиясы, «Отырар ойраны», «Төле би» атты либреттолары қазақ драматургиясына ерекше оң беріп, өзіндік сипатымен танылған туындылар болды.

Қадыр Мырзалиев шығармалары туралы айтылған құнды пікірлер өте көп. Мәселен, ақынның шығармашылығы туралы академик С.Қирабаев: «Туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойлармен ұштастыруда Қ.Мырзалиевтің ізденістері өте бағалы. «Ой орманы», «Дала дидары» кітаптары қазақ тағдыры жайлы ақынды тебіренген ойлардың біздің бүгінгі өмір-тіршілігіміздің мән-мақсатын сезінуге бастайтынын көреміз. Ол шындыққа, құбылыстың сырына, дала тарихына ой көзімен қарауға үйретеді» [7, 129-130], - деп оның өлеңдерін, поэмаларын аса жоғары бағаласа, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.П. Жүсіп өзінің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» атты кітабында былай деп пікір айтады: «Қ. Мырзалиев қазақ лирикасына не қосты дегенде, оның «Ой орманы» жинағының орны бөлек екені белгілі. Аз сөзге көп мән ұялатқан, әр шумағы қанатты сөзге, мәтелге барабар бұл жинақ қазақ өлеңі дамуына елеулі ықпал етті. Қазақ ақындарының ішінде Қ. Мырзалиев әр жинақ сайын өзін-өзі қайталамауымен, әр кітабын белгілі бір тақырыпқа құрып, біріндегі ойды екіншісінде алға апаруымен ерекшеленеді» [4, 310]. З. Қабдолов: «Қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр мұзасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар, Қадыр Мырзалиев лирикасының сынғыры бөлек, сыры терең», - деп тамаша пікір айтады [1, 7].

Ақынның бір ерекшелігі – ол үнемі адамдардың бойынан жақсылықты, ізгілікті, асыл қасиеттерді көргісі келеді, соны іздейді. Адамзат бойындағы осындай жақсылықтарды, асыл қасиеттерді көсіле жырлайды:

Күндіз-түні сабылып, ертелі-кеш індетіп,  
Тек жақсылық, жақсылық іздеу – менің міндетім.  
Мен жақсылық іздеймін қызу қанның өзінен,  
Мен жақсылық іздеймін бұзылғанның өзінен,  
Мен жақсылық іздеймін қаскүнемнің өзінен,  
Мен жақсылық іздеймін маскүнемнің өзінен.  
Мен жақсылық іздеймін!  
Әрлі-берлі із кесіп,  
Жамандықты іздесе,  
Онбағандар іздейді!

Қадыр Мырзалиев өлеңдерінде нақылдар мен афоризмдер де өте көп кездесіп отырады. Оның бұл афоризмдерін тіпті халық жадында сақтап, жатқа айтып жүр, демек, поэзиямен қатар Қадыр Мырзалиевтің афоризмдері де баға жетпес құндылық екендігі даусыз.

Қазақ боп

Туғаныңа өкінбе,

Қазақ боп

Жарыта

Алмағаныңа өкін! - деген қанатты сөздері барша қазақтың ар-намысын оятады. Немесе:

Адам жылап туады,

Жатады жұрт жұбатып.

Және жылап өледі,

Өзгені де жылатып.

Жылайтыны туарда –

Жамандар бар қинайтын.

Жылайтыны өлерде –

Жақсылар бар қимайтын.

Ақын өлеңдерінің тілдік ерекшелігіне келер болсақ, біршама мысалдар келтіруге болады:

Эпифора:

Күншілдер өледі

Көңілін от қарып,

Батырлар өледі

Борышын атқарып.

Арғымақ өледі

Артында шаң қалып.

Ақындар өледі

Бәріне таң қалып.

Метафора:

Жүрек пен жүйке егессін,

Жыр-көңіл сонда толғайды. («Шабьтты шақ»).

Ұшқын-тер шашыраса бауырында. («Жүйрік»).

Оқ бойы озып шауып бара жатқан

Ат емес,

Ала құйын шабыт дерсің! («Жүйрік»).

Туады өлең арыс боп,

Тулайды мазмұн барыс боп. («Түр мен мазмұн»).

Бұлттың оның бұлт демей бір түбіт дер. («Бұлбұл бағы»).

Баукеспе уақыт бәрін еппен ұрлайды. («Бұлбұл бағы»).

Кейіптеу:

Тебісіп ырғақ миында,

Төгесің сырды отырып. («Шабьтты шақ»).

Теңеулі эпитет:

Серпінді ой ішті кернейді,

Соғысқа кеткен көп сендей. («Шабьтты шақ»).

Алатаудай сүйікті. («Гамзатовқа»).

Теңеу:

Алдыма алып сәбидей,

Айдарынан сипағым кеп кетеді! («Жер»).

Жұмыр жер шарқайрақтай зырылдайды. («Жүйрік»).

Сұлулардың саф алтын сырғасындай! («Адамның кейбір кездері»).

Бірақ далаң ой секілді бітпейді. («Бұлбұл бағы»).

Есімшелі эпитет:

Ақ көбік ақтарылған езуін-ай! («Жүйрік»).

Құпия қару асынған. («Ұлы адам өлгенде»).

Эпитет:

Көр болғыр көзге жас алмай. («Ұлы адам өлгенде»).

Көк аспан өзі бір сәтке

Қаралы ту боп илді. («Ұлы адам өлгенде»).

Қомағай жол жолаушыға қандай сын. («Бұлбұл бағы»).

Метонимия:

Біреулер бай, ал біреудің малы кем,

Біреу жарлы, біреу жомарт жанымен. («Бұлбұл бағы»).

Ақынның ең алғаш өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап өлеңдер жазудан бастағандығын да білеміз. Бұл салада да Қадыр Мырзалиев балалардың психологиясын, мінез-құлқын, жастық ерекшеліктерін жазумен айналысқан шебер педагог жазушы екендігін танытты. Оның «Көктем» (1959), «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене Қожанасырлар» (1961), «Ноян қоян» (1962), «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964), «Шымыр жанғақ» (1984) және басқа да еңбектері қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына қосылған туындылар.

Сөзімізді қорытар болсақ, Қадыр Мырзалиев – қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтатқан, сол үшін қыруар еңбек еткен, заманның үнін, қоғамның тынысын танытқан ақын. Оның әр өлеңі бірі-бірі қайталамайтындығымен, біріндегі ойын екіншісі жалғастыруымен, табиғи да шынайы мәнімен ерекшеленеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 З. Қабдолов. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. I том. – Алматы: Қазығұрт, 2001ж, 7-б.
- 2 Қ. Мырза Әли. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 2005 ж.
- 3 Қ. Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 8-том. – Алматы: Қазығұрт, 2001ж.
- 4 Қ. Мәшһүр Жүсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: 2007 ж, 310-б.
- 5 Қ. Мырзалиев. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1989ж.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. – Алматы, 2005ж.
- 7 С. Қирабаев. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. А., 1998ж, 129-130б.

## ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

БАТКЕЕВА Б.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Төлеутай Ақшолақовқа көзінің тірісінде-ақ жүздеген, мындаған шәкірттерінің атынан осындай атақ берілген болатын. Тіпті, өздері де біреуі сексеннің, екіншісі жетпістің жалына жабысқан Қазақстанның халық жазушылары Мұзафар Әлімбаев пен Тұманбай Молдағалиев ұстаздарын мәңгілік жырларына қосып, аспан орбитасына шығарып-ақ жіберген. Бірақ көпті көріп, ақ пен қараның дәмін бірдей татқан ақылгөй қария асып, таспаған. Қайта жан-жағына ақыл, білім нұрын шашып, бұрынғысынан да нәрлене түскен.

Біздер Төлеутай ағаның мектеп оқушыларына арналған «Қазақ әдебиетінің» ішіндегі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз әңгімелер, батырлар жыры, лиро-эпос жырлар, шешендік сөздер мен айтыстарды оқып, содан үлгі-өнеге алып өскен ұрпақпыз. Бүкіл бір класқа арналған ұлы ұстаздың жалғыз кітабы қолдан-қолға өтіп, қасиетті құран аятындай жатталып, оқылатын. Ол кездің әрбір оқушысы кітап кейіпкеріне айналып, батыр, би, шешен не лиро-эпос жырының басты тұлғасына айналуға армандайтын. Бойында талант, талабы бар қыз-жігіттер қолдарына қаламдарын алып, алғаш өлең, әңгімелерін жаза бастайтын. Міне, ол кездегі оқулықтардың қадыр-қасиеті осындай болатын. Мен Төлеутай ағамен кейінірек, Алматыда қазақ телевизиясында қызмет істеп жүргенде таныстым.

Қазақ телевизиясының сол кездегі төрағасы Камал Смайылов маған «Қазақстан ғылымы» хабарының «Ғалымдар портреттері» циклына Ақшолақов туралы телеочерк дайындауға тапсырма берді. Сөйтіп, 1985 жылдың жаңа жыл қарсаңында мен ұстаздардың ұстазы туралы хабар дайындауға кірістім. Ғалымның өмірбаянымен, әсіресе ғылыми еңбектерімен танысу үшін алғашқы бір апта уақытымды кітапханада өткіздім. Соның нәтижесінде өз кейіпкерімнің маған жерлес болып келетіндігін, ең бастысы ол кісінің педагог, ғалым, басшы ғана емес, кезінде республикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы және «Қазақстан мұғалімі» газетінің бас редакторы, сондай-ақ «Мектеп» баспасының директоры болған қарымды да дарынды журналист, публицист, жазушы болғандығына көз жеткіздім. Оның үстіне Ұлы Отан соғысының ардагері қазақ тілінде шыққан майдандық газеттің тілшісі. Міне, мен бұдан ширек ғасыр бұрын, кейін өзімнің туған ағамдай болып кеткен белгілі әдебиетші-ғалым, ұлағатты ұстаз, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төлеутай Қазіұлы Ақшолақовпен осылай танысқан едім.

2003 жылы «ЭКО» баспасынан менің «Біртуар дара тұлғалар» деген тарихи-публицистикалық кітабым шықты. Онда мен Баянауылдан шыққан белгілі тұлғалар туралы жазған болатынмын. Кейін осы кітапты Төлеутай ағаға сыйлағанда ішінен өзін көріп, мені ұлы тұлғалардың қатарына қосқанына мың да бір рахмет, мынауың бір таптырмас құнды еңбек екен деп алғашқылардың бірі боп қуанышын сыртқа шығарған болатын.

Үшінші рет мен Т. Ақшолақов туралы Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетіне 2004 жылдың қаңтар айында ол кісінің 90 жылдығына арнап «Тұғыры биік тұлға» атты көлемді мақала жарияладым. Онда да ғалым, ұстаз туралы бұрын айтылмаған жайларды жазуға тырыстым. Алматыдан келгеніме бір-ақ жыл болса да, қайтадан оңтүстік астанаға барып, абыз ақсақалмен ұзақ әңгімелестім. Ғылым, әдебиет тіпті саясат туралы да пікір бөлістік. Кетерде осы сен мені көп айналдырып кеттің мен туралы кітап жазғалы жүрген жоқсың ба деп қалжындады. Мен де өз кезегімде үлкен кісінің көңілін жықпайын деп 100-ге келгеніңізде менен сыйлық болады деп күлдім. Өкінішке орай ағамыз 96-сына екі ай қалғанда мәңгілікке көз жұмды. «Егемен Қазақстан» бетінен ақын шәкірті Т. Молдағалиев:

«Ешқашан басылған жоқ биік еңсен,  
Ілені Ертісіндей сүйіп ең сен.  
Сен мені аялаған ұстазым ең,

Көл едің көңілімнің күйіне ерсең,  
 Сен мені жол көрсетіп, жолға салдың,  
 Сырын да айтып жүрдің көп жасаудың.  
 Жаңа бір өсиеттер айтушы едің,  
 «Жаны сау болады деп дені саудың».  
 Біз шөлдеп бас қоймадық қай тұмаға,  
 Болады мөлдір тұма қайтіп ада.  
 Әрдайым бағымызды ашты біздің,  
 Төлеутай Ақшолақов дейтін аға.  
 Бұлақтар биіктерден жол алады,  
 Биіктер елге қамқор бола алады.  
 Ешқашан жадымыздан шағармаймыз,  
 Өмірлік азық берген сол ағаны», –  
 деп ұстазына осындай жыр жолдарынан мәңгілік ескерткіш орнатты.

Өмірде әрбір адамның басында ұмытылмайтын қызықты бір жайлар болады. Сондай бір әңгімені осындан бір жыл бұрын қайтыс болған Төлеутай ағаның жанжары Ләбиба апамыздың айтқаны бар. Екеуміздің де жас кезіміз. Онда мен Павлодардың педучилищесінде сабақ берем. Бірде бізде Алматыдан оқып келген Төлеутай деген ұзын бойлы, қызыл шырайлы европаша киінген, қолында тростигі бар сұлу жігіт пайда болды. Қыздардың бәрі де соған қарайды. Жаспын ғой менің де көңілім суды. Өзі де кет әрі емес екен. Ақыры екеуміз үйленіп тындық. Қызық мен оның үйіне келін болып түскенде басталды. Екеумізде қалаша тәрбиеленгенбіз. Той ескіше өтті. Басыма кимешек, үстіме камзол кигізгенде Төлеутай қатты ашуланды. Қаланың қызын неге ауылдағыдай киіндіресіндер деп. Бүгін сол күндерді аңсайсың. Одан кейін бір кілең қиын күндер басталды ғой. Төлеутай байдың баласы деп көп қудаланды. Әсіресе, қызмет бабында көп қиыншылықтар кездесті. Оны өзі айтып берер деп апамыз үлкен бір әңгіменің басын ашқан болатын.

Тағы бірде үйіне барғанда Төкең көңілді отыр екен. Соны пайдаланып, мен көптен көкейімде жүрген бір-екі сауалымды қойдым. Е, – деді ағам! Ол бір қиын заман еді ғой. Ашаршылық, репрессия, соғыс ... Мен өзім қалада туғаныммен, әулетіміздің тарихы әріден Арғынның Мейрамсопысының бес баласының бірі Сүйіндіктен басталады. Нақытырақ айтсам Сүйіндік – Қаржас – Құлықе – Телі – Нияз – Құттыбай – Бозай – Избасты – Шегірбай – Ақшолақ – Қазі. Одан мен. ХІХ ғасырда Баянауыл өңіріне аты мәлім Ақшолақ би болған. Ақшолақ биден менің әкем Қазі мен

оның ағасы Құлмахамет (Құлтай) және Бибіш, Бибіжар, Шаймау деген үш қыз туған. Құлтайдан Сүлеймен, Сүлейменнен Шапау. Ол халық жазушысы, ақын Мұзафар Әлімбаевтың құдай қосқан қосағы.

Менің әкем Қазі да, оның ағасы Құлтай да жастайларынан молданың алдын көріп, орысша да оқып сауатты болып өседі. Ашаршылық жылдары кенес өкіметі менің әкеме колхоз бастығы болуды ұсынады. Бірақ, аштықтың халық басына қиямет болып төнгенін алдын – ала сезген көзі ашық Қазі одан бас тартып, елді де үгіттеп, жұмыс бар қалалық жерлерге көшуге үгіттейді. Өзі де бір-ақ түнде бала-шағасын ертіп Керекуде тұратын ағасын сағалап, қалаға көшіп кетеді. Мұның арты жақсылыққа соқпайды, әкем халық жауы ретінде Карлағқа айдалады. Мені әкемнің ағасы Құлтай бауырына басады. Сөйтіп, мен үшін қиын кезең басталған болатын. 11 жасымда жаяу-жалпылап әкемді іздеп, көріп қалайын деп Павлодардан Қарағандыға Карлағқа бардым. Онда ешкімді жібермейді екен. Лагерь басшысы өкең тірі, әлі-ақ қайтып оралады. Енді үйіне қайт. Шешене, іні-қарындастарыңа бас-көз бол деп елге қайтарды. Әкесін көре алмай, қайғы жұтқан бала сол күннен бастап есейіп, қара жұмысқа араласады.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында жамағайыны Қалижан Бекхожин екеуі оқу іздеп Алматыға барып, малдәрігерлік институтына оқуға түседі. Бірақ елде ашаршылық басталып, олар туған жерлеріне қайтып оралып, Павлодар аудандық «Колхоз» газетіне бірі жауапты хатшысы, екіншісі әдеби қызметкері болып қызметке орналасады. Әкесі Қазі Карлағтан босап келгенімен екінші рет «халық жауы» ретінде енді Сібірге жер аударылады. Бұл да жас жігітке оңайға түспейді. Көре алмайтындар оны халық жауының баласы деп түртпектей бастайды. Енді, ашаршылықтың беті қайтып, халық ес жинай бастағанда Қалижан екеуі оқу іздеп тағы да Алматыға жол тартады. Бұл жолы да жолдары болып екеуі де Абай атындағы педагогикалық институттың филология бөліміне оқуға түседі. Киелі оқу ордасының қабырғасында жүріп ол 24 жасында белгілі ғалымдар С. Есмағанбетов, Қ. Жұмалиевпен бірігіп қазақ әдебиеті оқулығын және хрестоматиясын жазады. Ал сол оқулығы 1939 жылдан бастап күні бүгінге дейін баспадан 21 рет қайта басылып шыққан екен.

Оқу бітірген соң Т. Ақшолақов елге оралып, Павлодар педучилищесіне оқытушы болып қызметке орналасады. Осында жүріп, төрт баласының анасы, сүйікті жары Ләбибамен танысып, шаңырақ көтереді. Өзінің іскерлігімен, білімімен көзге түскен

жас маман көп ұзамай қаладағы Абай атындағы орта мектепке оқу ісінің меңгерушісі лауазымына тағайындалады. Осы тұста қуғын-сүргіннен әбден азып-тозып, қалжыраған әкесі де айдаудан босап келеді. Ал, осыған орай жоғарыдағылар егер қызмет істеп жоғарлағың келсе әкеңнен бас тартып, одан бөлек тұруың керек деп шарт қояды. Алайда, бұған келіспеген Төлеутай әке-шешесі мен отбасын алып, басшылық қызметтен бас тартып, Алматыға көшіп барып мемлекеттік баспада қызмет істеп жүргенде соғыс басталып кетеді де, ол өзі сұранып майданға аттанады.

Соғысты қазандай қайнаған Сталинград майданынан бастаған ол 1945 жылғы жеңіспен Берлиннен бір-ақ шығады. Соңғы бір-екі жылда қазақ тілінде шығатын «Қызыл Армия» деген майдандық газеттің тілшісі болады. Соғыс біткен соң да бірден елге оралмай екі жыл бойы Германияда елшілікте жұмыс жасайды. Сонда жүргенде Майдан мен Мейрам деген екі ұлы дүниеге келеді. Отан қорғау жолындағы ерлігі үшін «Отан соғысының бірінші дәрежелі» орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен және бірталай медальдармен марапатталған. Әсіресе, соғыс жылдарында қазақтың ақиық ақыны Қасым Аманжолов жазып, майдан мен тылға кеңінен тарап кеткен «Төлеутайға» деген өлеңі қашан бұл өмірмен қоштасқанша оның бойтұмары ретінде сақталып келді. Онда от пен суды кешіп жүрген майдангер жауынгердің ақын досы:

Төлеутай, досым, құрбым,  
Япыр-ай, тірі екенсің!  
Қалың өрт, қанды қырғын,  
Ұмытпай жүр екенсің.  
Достарым бірі екенсің,  
Солдатпын мен де өзіндей.  
Қан қатқан шинеліне,  
Қасарып келем көнбей,  
Ажалдың дегеніне.  
Қасарып келем көнбей,  
Қажысам, еш сыр бермей.  
Уланса ақыл – сана  
Үстінде ерегістің.  
Болсам мерт қапияда  
Оғынан бір немістің.  
Кешер ме досым менің,  
Кешер ме туған елім!  
Қорықпаймын жұтар деп оқ,

Қаршыға жаз жүрегім,  
Қорықпаймын бір есерсоқ  
Салар, деп қан шеңгелін,  
Қорқамын жұрт сөзіңен.  
«Тым арзан өлді» деген.  
Төлеутай, досым, құрбым!  
Тынбаса қан жүректе  
Астында алты қырдың  
Жүрелік бір тілекте.  
Маған да келер, саған  
Бейбіт күн біз аңсаған, –  
деп өздері үшін асыға аңсаған бейбіт күннің жететінін асқан сенімділікпен жырлайды.

Бұдан басқа Т. Ақшолақовтың ұстаздық, ғалымдық және жазушылық қызметінің өзі бір төбе. Айта берсең, жаза берсең ұшы-қиыры жоқ, таусылмайтын өңгіме. Бірақ біздер бұл шағын мақаламызда ұстаздардың ұстазының осы бір қырын аз да болса қамтып кетуді жөн көрдік.

Ол, біріншіден, ғалым ретінде 200-ге жуық ғылыми мақалалар, алты монография, оқу-педагогикалық, әдебиеттану кітаптар шығарған. 1967 жылы мектепте әдебиет пәнін оқытудың актуальдық проблемаларына арнап кандидаттық диссертация қорғаған. Одан соң Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім проблемалары институты директорының орынбасарлығына тағайындалады. Бұдан соң ол «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын ашу» деген монографиясын жазып, докторлық диссертация қорғауға дайындала бастайды. Бірақ екі рет талпынғанымен, жолы болмай, меселі қайтады. Бір қызығы әрі қайшылығы дәл осы тақырыпқа жазған ғылыми еңбегі 1975 жылғы ғылыми-техникалық ақпараттар орталығында таңдаулы педагогикалық еңбектердің қатарына енгізіліп, ол туралы реферат түріндегі ақпарат ЮНЕСКО жанындағы халықаралық ақпараттар орталығына жіберілген.

Екіншіден, Т.Ақшолақов Қазақстанның 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі белгілі мәдениет қайраткерлерінің шығармашылықтарын зерттеуде көп жұмыс атқарды. Ол алғашқылардың бірі болып Ыбырай Алтынсаринның, Ақан серінің, Жарылқапберінің, Мәшһүр Жүсіптің, Мағжан Жұмабаевтың зерттелмей, шаң басып жатқан еңбектеріне жан бітіріп, рухани байлықтан шөліркеп отырған оқырмандарына жеткізді. Алғашқы болып атақты әнші Майра туралы мақалалар циклын жазып, Естай ақынды төрткүл дүниеге паш етті.

Үшіншіден, Т. Ақшолоқов әдебиет сыншысы ретінде өз кезеңінің көптеген ақын-жазушыларының шығармашылық қызметтеріне зерттеу жүргізіп, терең талдаулар жасаған. Оны ғалымның «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» атты әдістемелік нұсқауынан айқын байқауға болады. Бұл зерттеудің өңделіп, толықтырылып шығарылған үшінші басылымында Ф. Мүсіреповтың «Боранды түнде» әңгімесі, Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясы, Шерхан Мұртазаның «Қара маржан» романы, М. Әлімбаевтың «Қарағанды жырлары», Ф. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романы, М. Әуезовтың «Абай» эпопеясы және т.б. көркем шығармалар сын тезіне ілігіп, ғылыми-теориялық тұрғыдан өздеріне лайық бағаларын алған.

Төртіншіден, Т. Ақшолоқов белгілі аудармашы да. Ол грузин жазушысы Л. Киачелидің «Гводи Бачва», Мажар жазушысы А. Томаштың «Азаттық аясында», корей жазушысы Хон Серояның «Ымырт», даниялық жазушы Иенс Сигсорттың «Жарық дүниеде жалғыз өзі» романдарын қазақ тіліне аударды. Әдебиет хрестоматиясына арнап Н. Гончаровтың «Обломов» романынан «Обломовтың түсі» үзіндісін, У. Шекспирдің «Гамлетінен» үзінді аударды. Олар 1938 жылдан бері мектеп оқушыларына арналған әдебиет хрестоматиясы бетінен түспей келеді.

Сөз соңында айтарымыз Т. Ақшолоқов ұзақ та қиын, бірақ бақытты өмір сүрді. Себебі, ол өзінің сүйікті ісімен айналысты. Ол үлкенге де, кішіге де бірдей болды, олардың жандүниесін тануға тырысты. Ол өмірді барлық жақсы, жаман жақтарымен сүйе білді. Сондықтан өмір де оған есігін айқара ашты. Оның ең басты қасиеті биік адамгершілік саналылығы, өзіне деген талап қоя білгіштігі мен басқаға деген мейірімділік сезімі болатын.

## ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ БАҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БАТКЕЕВА Б. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров ат. ПМУ, Павлодар қ.

ИБАКОВА Ә. Т.

магистрант, С. Торайғыров ат. ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі «Тәуелсіз Қазақстанды» бүкіл әлем таниды десем, артық айтқандық болмас. Оған бірден-бір себепкер Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың еңбегінің жемісі екені айдан анық. Көреген саясатының арқасында еліміз дамып, өркендеп, бауырлас түбі

бір түркі елдермен қарым қатынасымыз дамып келеді. Түркі мемлекеттерінің ішінде, сол кезде Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін ең алғаш болып таныған, ТМД кеңістігі сыртында Қазақстан мен өте тығыз қарым-қатынаста болған мемлекет ретінде ең бірінші кезекте Түркияны атап айтуға болады. Елбасының осы орайда: “Түркі өркениеті, оның мәңгі өшпестей болып, тура мың жарым жылға жуық уақыт бұрын Еуразия құрлығының төсінде бедерленген көне жазбалары – жалпы адамзат өркениетінің үлкен қазынасы...”, - деп толғануы тегіннен тегін емес.

Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан 1991 жылы тәуелсіздігін жариялауымен басталған Қазақстан-Түркия ресми қатынастарына биыл 24 жыл толады. Түркия еліміздегі жүзеге асырылып жатқан барлық жаңашылдық пен даму жолындағы оң өзгерістерге айтарлықтай қолдау көрсетіп келеді. Жаһандық өркениетте ата – бабаларымыздың рухымен түркі өркениетінің сан ғасырлардан жеткен жаңғырығы ұштасып бүгіндері Қазақстан республикасы мен Түркия мемлекеті арасындағы алтын көпір іспеттес.

Екі ел арасындағы саяси-экономикалық, мәдени-рухани байланыстарды дамыту үшін ең бірінші ақпараттық кеңістікті одан әрі жоғары деңгейге көтеріп, БАҚ –тың санын көбейтіп, сапасын жақсартып салиқалы ақпарат алаңын қалыптастыруды қажет етеді.

Бүгінгі күні Қазақстан және Түркия елдері арасындағы ақпараттық қарым-қатынастары қалыптасты деп ойлаймын, бірақ даму жолында шешілмеген мәселелер көп.

Қазіргі кезде мәселелер ортақ теле арна құру, ортақ ақпараттық кеңістік ашу, ортақ газет журналдар, баспахана, ортақ театр, ортақ мәдени орталықтар ашу.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында жекелеген газеттер бар, жекелеген газет журналдарда, теле арналарда Түркия мемлекеті туралы немес Қазақстан туралы оның арадағы байланыстары туралы ақпарат алмасу бар, бірақ өкінішке орай аз деуге болады, бұл дегеніміз түбі бір түрік елі арасындағы диалог аз дегенді көрсетеді.

Жалпы рухани мәдени экономикалық саяси байланыстардың бастауы бұқаралық ақпарат құралдары екенінде сөз жоқ.

Қазақстанда алғаш болып екі ел арасындағы ақпараттық кеңістікке жол салған республикалық деңгейде басылымдардың бірі – «DA Қазақстан» халықаралық мәдени- интеллектуалдық журналы. Аталған халықаралық басылымдардың Қазақстан ақпараттық кеңістігіндегі түркі мәдениеті мен өркениеті дамуындағы атқарып отырған қызметі ерекше. Ал қазақстандық бұқаралық

ақпараттық кеңістікте «Қазақстан Zaman» халықаралық саяси-қоғамдық газетінің ұстанымы қалыптасып келе жатқан басылым. Түркі әлеміне ортақ рухани және мәдени құндылықтармен қатар, еліміздің тәуелсіздігі мен дамуын шынайы тілектес дос ниетімен қолдап-қуаттайтын, бағамдап-бағдарлап баға беретін басылым беттерінде салықалы да сындарлы материалдар легі үзілген емес. Басылым тәуелсіздік алған жылдары, яғни 1992 жылы 17 қаңтарынан бастап қазақстандық баспасөз нарығында жарық көрген бірден бір халықаралық газет ретінде танымал.

Қазақ және түрік тілдерінде жарық көретін «Қазақстан Zaman» газетінің беттерінде екі елге ортақ ақпараттық және рухани дүниелердің алаңы қалыптасып келеді. Басылымның «Ақпарат», «Саясат», «Қоғам», «Жер жаһан», «Білім және ғылым», «Түркі дүниесі», «Аймақтар айнасы», «Қамшыбасар», «Жанайқай», «Ұлттық мүдде», «Намысын қайда, қазағым», «Тіл», «Отбасы», «Алаша әлемі», «Тарих», «Таным» т.б. айдарлары қазақ және түрік қоғамындағы жылдам ақпараттар, елеулі оқиғалар мен рухани жаңалықтардың жаршысына айналып отыр. Бүгінде апталық газет Қазақстан мен Түркия арасындағы ақпараттық кеңістіктің ұлғайып, халықаралық сипат алуына ықпал етуде. Мәселен, «Түркі дүниесінде» «Түркі әлемі өркениеттер диалогында», «Түркі жұртының жаһан көшінде бірігуі» сияқты мақалалар циклі Алматыда өткен түркі елдері ғалымдарының халықаралық жиынынан, сондай-ақ Қарағандыда өткен Түркия Республикасының апталығы күндерінен жарияланған материалдар ақпараттық үндестіктің бастауы болмақ. «DA Қазақстан» халықаралық мәдени-интеллектуалдық журналы Еуропа және Орталық Азияның түркі тектес елдерінің саяси ақпараттық алаңына айналып отыр. Басылымның қамтып отырған аумағы да өзінің көтеретін жүгіндей.

Бүгінде Түркияда қазақ тілінде радио-хабар таратылатындығын білетіндер кемде-кем болар. Түркияның мемлекеттік телерадио корпорациясында “Түркия үні” атты радио-бағдарлама жұмыс істейді. Бұл радио әлемнің 30 тілінде хабар таратады екен. Соның бірі — күніне қысқа толқыннан тікелей эфирде жарты сағат тыңдарманымен қауышатын қазақ тіліндегі бағдарлама. “Түркия үні” радиосындағы қазақ тіліндегі бағдарламаны атажұрттағы ағайындар да тындап, оған өз ықылас-ниеттерін танытып, үлестерін қосса деп армандайды. Сол себептен де қазақ ағайындардан хат күтеді. Радионың интернеттегі мекен-жайы — [www.trt.net.tr](http://www.trt.net.tr) Ал, электронды адресі — [kazak@trt.net.tr](mailto:kazak@trt.net.tr).

Қазақстандық БАҚ кеңістігінен бөлек Түркия елінде қазақ тілінде таралып жатқан радиохабралары екіжақты ақпараттық

кеңістікті толықтырып отыр. ТРТ интернет парақшасы ТРТ-нің 30 тілде, бес құрлықта 24 сағат жүргізген эфирінің түрлі мәдениет пен өркениетті таныстыру мақсатында қызмет етеді.

Мәдени және өркениет құндылықтарын әлемге түсіндіріп, адамзат дамуына үлес қосатын радионың басты ерекшелігі де ақпараттық қызметті әр елдің ана тілдерінде таратуы. Қазақстан ақпараттық алаңында кабельдік алғашқы телеарна «Caspionet»-тің шетелдегі көрермендер аудиториясын сипаттап берге журналистік дүниеге осы телеарнаның продюсерлері құлақ түріп, қазақ тілінде хабар таратуды басты ұстанымы етсе, олардың аудиториясы артып, шетелдегі қандастар арасындағы беделі арта түсер еді.

Ресей Федерациясынан тысқары жүрген орыстар Қазақстаннан тарайтын «Caspionet-Хабар» кабельдік телеарнасының орысша хабарларына мұқтаж емес. Түркияда Ресейдің Первый канал, Культура, РТР, НТВ, т.б. телеарналарын көрсетеді. Шет елде орысша телеарналарға Қазақстаннан шығатын жалғыз кабельдік арна — «Caspionet»-ті қосыңыз. Бірақ орысша және ағылшынша бірдей хабар тарататын БАҚ-тың сыртта бір ғана жоқтаушысы — қазақ көрермендері ғана бар екен. ВВС мен CNN телеарналарынан да ешқашан оза алмайтын ақпарат құралын қызығып көретін шетелдіктер де кемде-кем болып отыр.

Бұл сын – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі қазақ тілінің мәртебесін арттыруға ықпал етуі тиіс. Әрине, бұл телеарнаның басты мақсаты – Қазақстанның имиджін көтеріп, шетелдіктерге елімізді таныта түсу. Ал шет мемлекеттердегі қазақтардың Отанымен жалғыз байланысы – «Caspionet». Түрік тектес елдердің арасындағы ақпараттың кеңістікті ұлғайту, түрік мәдениеті мен өркениетін дамытудың коммуникациялық магистраліне айналуына кепіл болмақ. Қазақ журналистерінің там-тұмдап жазған дүниелері әлі де болса көбесі сөгілмеген ауқымды тақырыптың бірі. Ал алдағы уақытта түрік тектес елдердің жаһандық керуенде өзіндік үні мен келбетімен өркениет жолында дамуы тікелей ұлтаралық, шекаралық және мәдениетаралық үндесу жолында коммуникациялық даңғылды қажет ететіні анық. Автордың пікірінше, қазақ-түрік ақпараттық-коммуникативтік ықпалдастық пен рухани құндылықтарды жаңғырту үшін осы елдерге бағытталған ақпараттық саясат қажет.

Осы мәселені шешудің мынадай жолдарын атағанды жөн санадық. *Бірінші қадам.* Жаһанданудың тұтастану әлемінен түрік өркениетінің дербестігін сақтап қалу мақсатында осы елдерге ортақ ақпараттық қауымдастық қажет. Қауымдастықтың мақсаты



мен міндеті де түрік өркениетін жаһандық және ұлттық деңгейде насихаттау арқылы бүгінгі өркениеттік әлемнің құндылықтарын қалыптастыру қажет. Бұл өз кезегінде өркениеттен өркениетке апарар қадам саналады. Яғни өткеннен сығымдап бар жақсы игіліктерді бүгінге жеткізе отырып, бүгі бүгінгі күннің өркениетін қалыптастыратын рухани дүниелердің тұмасы болу. *Екінші қадам.* Түрік тектес елдердің кәсіби коммуникация және қоғаммен байланыс мамандарының басын қосқан виртуалдық порталдың қажеттігі.

Бүгінде мұндай жобалардың табыстылығы мен тиімділігі байқалуда. Әрі бұл ақпараттық шекараның ұлғаюы мен коммуникациялық технологиялардың молая түсуіне, ортақ пікір алмасу және тәжірибе алмасу алаңының пайда болуына әкеліп отырған тенденцияға айналуға. Мәселен, журналистердің халықаралық IJNet порталын, ресейлік кәсібилер бастаған Proprofessional.ru виртуалдық жобасын атауға болады. IJNet порталы медиаорта дамуына ықпал етуші әлемдік ақпараттық қор әрі журналистер, мадиенежерлер, журналистика оқытушылары мен БАҚ өкілдеріне арналған тренинг ұйымдастырушыларына арналған онлайн қызмет. Бұл бүкіләлемдік виртуалдық платформа. Ал Ресейден бастау алған келесі жобада бүгінде журналистика және коммуникация тобынан басқа біздің мамандардың өзіндік «Бүкіл Қазақстан» тобы құрылуда. Осындай виртуалдық жобалар бүгінде шынайы өмірде үлкен ықпалды топқа айналуын да коммуникацияның жаңа бір бағыты ретінде қарастыру керек.

Бұндай жобаның біздің түркілік қауымдастықтың өркениет құндылықтарын дамыту мақсатындағы ұстанымын бұқараға жеткізу мен жүзеге асыруда тиімді технология ретінде пайдалануға болады. *Үшінші қадам.* Түрік елдерінің жастарына арналған білім беру және ғылым дамуы, мәдени және рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған жобаларды қолдау. Мәселен, Халықаралық ТҮРКІСОЙ ұйымының қолдауымен өткен «Бір дем» сияқты фестивалдің жалғасын табуы, сондай-ақ ғылым мен озық технологияға бағытталған жаңа жобаларды дүниеге әкелуі әрі олардың тиімділігі мен ұзақмерзімділігін бақылайтын мемлекетаралық үйлестіруші-қадағалушы ұйым құру. Аталған ұсыныстар алдағы күндері қазақ-түрік ықпалдасдығын арттыруда ақпараттық-коммуникациялық стратегияларды жобалау мен жүзеге асыруда тиімді болмақ.

Қорытындысында, қазіргі уақытта шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары нарығында ақпараттық индустрия саласында бәсекелестік дамуына орай шоғырлану үдерісі байқалуда. Бұл

айтылған ақпараттық нарықтағы үдерістер жаһандық сипат алуы да занды. Сондай-ақ осынау жаһандық біртұтас ақпараттық кеңістікте дербестікке ұмтылатын әрбір ұлттық, сондай-ақ қазақстандық БАҚ нарығын да шарпатын құбылыстар қатарында. Қазақстанның шетелдік бұқаралық коммуникация арналарымен екіжақты байланыс тәжірибелері тәуелсіздік алған уақыттан бері жаңа сипатта, сыртқы саясаттың әртараптану бағытында жүзеге асып жатқаны мәлім.

Мұстафа Кемал Ата Түрік Түркия Республикасының 10 жылдығында сөйлеген мына керемет сөздері Түркия мен Түркістан, арасындағы ежелгі байланыстардың ең шынайы көрінісі болып табылады.

«Бүгін Кеңестер Одағымен доспыз, көршіміз. Бұл достық бізге керек. Бірақ ертеңі не болатынын ешкім де кесіп айта алмайды. Тура Осман империясы сияқты немесе Австрия-Венгрия сияқты бөлшектенуі де мүмкін. Бүгін қолында қыспаққа ұстап отырған халықтар уысынан шығуы мүмкін. Дүние жүзі жаңа бір деңгейге жетуі мүмкін. Міне, со кезде Түркия не істеуі керектігін білуі тиіс... біздің бұл досымыздың басқаруында тілі бір, сенімі бір, тегі бір бауырларымыз бар. Оларға қолдау көрсетуге дайын емес. Дайындалу керек. Халықтар бұған қалай дайындалады? Рухани көпірлерін нығайту арқылы. Тіл-көпірі, сенім көпірі негізімізді оралуымыз керек және оқиғалар бөлген тарихымыз ішінде бірігуіміз керек. Олардың бізге жақын жақындасуын күте алмаймыз. Біз оларға жақындасуымыз керек» деген.

Сонымен тұңғыш Түркия Президенті Мұстафа Кемал болжағандай 57 жылдан кейін Кеңес Одағы ыдырай бастады.

«1990 жылы тұңғыш рет Түркиядан мәдениет министрі Намук Кемал Зейбек ресми сапармен Қазақстанға келеді. Ол Қазақстан мен Түркияның мәдени байланыстарын дамыта түсу жөнінде бірнеше келісім шарттарға қол қояды. Бұл келісім шарт бойынша Түркия мемлекеті Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссаудің кесенелерін қалпына келтіруді өз мойындарына алады».<sup>1</sup>

«1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР-і Президентінің шақыруы бойынша Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озал Қазақстанға тұңғыш рет ресми сапарымен келді. Осы сапар кезінде Н.Назарбаев пен Тұрғыт Озал Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасының арасында ынтымақтастық туралы қол қойылған келісімде мәдениеттерінің, тілдерінің, рухани мұра мен дәстүрлердің ортақтығы біріктіретін екі ел халықтарының саяси сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени, гуманитарлық, хабарламалық және басқа салалардағы ұзақ мерзімді негіздегі өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтіп, тереңдетуге ұмтылды».

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Асылбек Рахатұлы «Барша ағайынға амандық, жақсылық тілеймін» Қазақ елі 1997ж. 20 маусым
- 2 Д.Ибрагим. «Түркия мен Қазақстан» Заман қазақстан 1997ж. 19 қыркүйек. Н. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» Алматы 1996ж.
- 3 Таныс, Бейтаныс Түркия Егемен Қазақстан, 1997ж. 14 наурыз 2 бет.

### ОРЫС ТІЛДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ

БЕЙСЕМБАЕВА А. С.

мұғалім, №17 жалпы орта білімін саралап оқытудың бағдарлы мектебі,  
Павлодар қ.

Орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға төселдіру, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге бағдарлау.

Бүгінгі оқу іс-әрекетінде әдістеменің орнына білімденудің технологиялары қызмет етеді.

«Технология» гректің «*teché*» – өнер, шеберлік және «*logos*» – ойлау деген сөзінен шыққан, яғни «ойлау өнері» деген мағынаны білдіреді.

Педагогикалық технология мен білімденудің инновациялық технологиялары мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, білімденудің инновациялық технологиясы «Қалай нәтижеге бағдарлаймыз?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Білімденудің инновациялық технологиялары оқытудың жүйесін жеке тұлғалық ерекшелікке сәйкес құрылады

Бастауыш сыныптарының басты талабы – сабақтың сапасын арттыра отырып, сабақ түрлері мен амалдарын танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу. Осы мақсатта бастауыш сынып мұғалімдері сабақ өту амалдарын толықтырып, әр уақытта оқушының бейінін анықтауға бағыт береді.

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғанымен, қанатын әлі күнге дейін кең жая алмай келеді. Оның себебі бәрімізге белгілі.

Бүгінгі таңда оның өміршендігін қалыптастырып, ресми құжаттар, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдыру үшін жан-жақты жүйелі жұмыс жүргізу көзделеді. Бұл маңызды істе орыс тілді аудиторияларда еңбек ететін ұстаздардың иығына түсетін жүк өте зор. Өйткені олардың өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінде сөйлету тыңнан түрен салып, өздігінен тер төгуіне тура келіп отыр.

Қазақ тілінің негізгі байлығы – оның сөздік қоры. Ол байлықтың қалай жиналғанын, алуан түрлі сөздердің қыры мен сырын, олардың қалай қалыптасқанын, басқаша айтқанда, бай лексикалық қордың жасау тетігін жүйелі түрде, арнайы зерттеу - бүгінгі күннің талабы.

Тіл дамыту мәселесі – күрделі әрі ұзақ жүргізілетін үдеріс. Тіл дамыту сабақтарында көркем әдебиеттен мәтіндер оқып, түсініксіз сөздерді оқушы сөздіктен өзі тауып, мәтінде кездесетін қиын сөздерді түйсініп, мәтіннің негізін білім алушының өз сөзімен қысқаша баяндап айтқызып, сурет арқылы сөйлем құратып, мазмұндама, шығарма жаздырып, сөздердің мағанасына талдау жасатып, белгілі бір жүйеде жүргізілмей жүргендігі ойландырады. Оған ерекше мән берсек, жоғары оқу орындарында «Тіл дамыту жұмысы» деген терминнің, ұғымның мағынасын, оның мазмұнын оқытушылар әр түрлі мағынада түсініп оны кешенді түрде қолданбайтындығы байқалады. Сабақ – оқытудағы ең негізгі үдеріс. Есінде қалдыру, жан-жақты білім алушының бойына сіңіру әрбір пән мұғалімінің өзіндік шеберлігін, шығармашылық еңбегін шындауы қарастырылады.

Белгілі педагог К. Д. Ушинский бір сөзінде «Балалық шақта есте қалғандар өшпейді, ізі мәңгі сақталады» деген екен. Сондықтан орыс тілді сыныптағы қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмысының алдына белгілі бір мақсат қойылады. Тіл дамыту жұмысын тақырыптың оқытылуына негіздей отырып, біз тілдік үдерістің мына негізгі мәселелерін саралауымызға бағдар жасаймыз. Яғни, белгілі бір тақырыпты оқытумен байланысты оқытушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздерді меңгеру, сөздердің мағынасын ажыратып, жаңа сөздер жасайтын формаларды анықтау, сөз бен сөздің байланысын, тіркесін айқындау, сөйлем құрап жаттықтыру, ойын жазбаша сауатты дұрыс жаза білуге дағдыландыру, ауызша ойларын жүйелі айтып беруге, сөйлей алуға, әсіресе, тілдің дыбысталу жүйесін бағамдауға бағыттау. Сонда осы айтылғандар күнделікті өтілетін грамматикалық тақырыппен байланысты, біртұтас жүргізіліп отырса ғана тіл дамыту жұмысы жүйелі, жоспарлы, белгілі бір мақсатпен өткізіледі.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өздігінен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Білімді алуда іс-әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. жаттығады. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туып отыр. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Біз сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзіміздің проблемалық тақырыбымызға сүйенеміз.

Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Ойын-бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді. Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың үлкен дидактикалық мәні бар. Бір ойын түрі ойлау мен қабылдауын арттырса, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін ұштайды. Сонымен қатар сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану оқушылардың оқып, отырған сабағына қызығушылығын арттырады, түсінуге мүмкіндік туғызады. Олай болса, ойын түрлері оқушылардың фонетиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді.

Қызығу деп біз бір нәрсеге асыра, артығырақ зейін аударуға бағытталған қатынасты айтамыз немесе бір нәрсемен танысуға, соны зерттеуге, қабылдауға құмарту. Қызығу - адамның білімге құмарту сезімін тудыратын, білім қорын өсіретін, психикалық

тіршіліктің мазмұнын байытатын қозғаушы күш. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену үнемі бір-бірімен астасып жатыр. Сондықтан оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту көзделеді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы – сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы өркендейді. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі оқушының ойлау өнеріне түркі жасар амал, жол, әдіс-тәсілдерді қолданады.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын көрсетіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады», – деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Мектепте оқушының білім фундаменті қалай қаланса, соған байланысты өмір жолы да жалғасады. Сабақта тіл дамыту жұмысын белгілі тақырыптарға негіздей отырып, тілдік үдерістің төмендегідей басты мәселелерін шешуге болады. Ол мәселелер мыналар:

– Белгілі бір тақырыпты оқытуға байланысты баланың сөздік қорын дамыту.

– Тақырыпта кездесетін жаңа сөздерді аңғарту, жадына орнықтыру.

– Ауызша сөйлем құрауға жаттықтыру.

– Сөз бен сөзді байлыныстыруға, ауызша ойларын жүйелі әңгімелеуге дағдыландыру.

Осы айтылғандар күнделікті сабақта белгілі бір тақырыпқа байланысты біртұтас жүргізіліп отырғанда ғана тіл дамыту жұмысы жүйелі де жоспарлы түрде өтіледі.

Ойын – қоғамдық тәжірибені қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеттің бір түрі, яғни тәртіпті, өзін-өзі басқаруды меңгертеді. Бала тәжірибесіндегі кең тараған дамыту ойынының қызметі: ойынға тарту, рахат беру, демалдыру, қызығушылығын тудыру.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы бала неге өзін бағдарлайды:

– Қисынды ой-қабілетін дамытады;

– Өздігінен жұмыс істеуге төселеді;

– Сөздік қоры байиды, тілі дамиды;

– Зейіні қалыптасады;

– Байқампаздығы артады;

– Өзара сыйластыққа бағыттайды;

– Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;

– Бір-біріне деген бала сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды;

– Сабаққа қызығушылығы артады.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде ақпараттық технологияны қолдану ең алдымен оқушылардың қазақ тілі пәніне деген ынтымақ, қызығушылығын арттырады.

Ақпараттық технологияны қолдану мұғалімге не береді? – деген сұрақ туындайды. Ақпараттық технологияны қолдану мұғалім үшін тиімділігін келесі жағдайлар сипаттайды:

– Оқушының білімін қысқа уақытта бағалай алады.

– Білім сапасын арттыра алады.

– Оқушының білімін кез келген уақытта бағалай алады.

– Уақытты үнемдейді.

– Оқу материалын визуализациялауға көмектеседі, әсіресе бүгінгі компьютерлік бағдарламалардың анимациялық мүмкіндіктеріне орай бастауыш сынып оқушыларына елестетуге қиындық туғызатын құбылыстар мен процестерді көзбен көру және есту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ал, ақпараттық технологияны қолдану оқушыға келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

– Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі.

– Шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызуы.

– Оқуға деген қызығушылығын арттыруы.

– Көрнекті түрде тапсырмаларды орындай алуы.

– Қайталау мүмкіндігін кеңейтуі.

– Орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудыруы, өзін-өзі бағалауға дағдылануы.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер – өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады.

Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің бағдарлаған сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын амалдың бірі – грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтымақпен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шындайды. Сабақта грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдалану тиімді. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздейміз.

Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс-тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды ұсынамыз.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық

І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е – береке, текемет, ертең.

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық

«Дыбыс таңдау ойыны» Ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.

«Адасқан әріптер» ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б.- бор

2. а, ш, а, ғ.- шаға

Лексика бойынша

«Жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда....

Ұшқанда

2. Көп...

Терен...

«Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан-жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?

«Жылдам жауап» ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал-мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек.

Морфология саласы бойынша.

«Ойлан тап» ойыны.

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан.

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан» ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

Қорыта айтқанда, кез-келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады.

Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде анықталады.

Ойындар – оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыптасуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – деген екен.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бекетова А. Қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттыру мақсатында оқушылардың танымдық үрдістерін ойын элементтері арқылы дамыту жолдары. // Педагогика және оқушы психологиясы. №3, 2011. – 25 б.

2 Петров А.В. Активизация познавательной деятельности через игру. – М., 2001.

3 Калмыкова Е.В. Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту. – Алматы, 2007.

4 Көккөзова М., Дөрменқұлова Р. Қызықты қазақ тілі.- Алматы, 2004.

5 Қашқынбекова Г. Бастауыш сыныпта қолданылатын ұлттық ойындар // Ұлағат. – №3, 2008. – 118 б.

6 Оңғарова А. Ойын технологиясының элементтерін қолдану тиімділігі // Қазақстан мектебі. - №12, 2009. – 11 б.

## КӨРКЕМ АУДАРМА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІГІН ҚҰРАЙТЫН ҒЫЛЫМИ ПРИНЦИПТЕР ТУРАЛЫ

БЕЙСЕНОВА Г.

магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Аударма үдерісі - шығармашылық сипатта болатын үдеріс. Аудармада тек сөзбе-сөз тәржімалау емес, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелілік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі.

Ал көркем аударманың түпнұсқаға сәйкес келетін мағыналық байлығын, ой-толғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік

ерекшеліктерін жаңғыртып, жарқырататын, қайта туғызатын суреткерлік шеберлік деп айтуға болады. Көркем аударманың бүгінгі әдеби үдерісте алатын орны үлкен.

Көркем аударманы көркем әдебиет шығармаларын, басқаша айтқанда, негізгі қызметі оқырманға көркемдік-эстетикалық әсер ету болып табылатын мәтіндерді аудару деп білуге болады. Осы үрдіс барысында аудармашының мүмкіндігі шексіз; ол екінші тілде жасалған мәтінді өңдеп, реттей алады.

Көркем аударманы бір тілде жазылған әдеби туындыны екінші тілдің құралдары көмегімен оқырмандарға жеткізу және түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету деп айтқан жөн. Осы жердегі аудармадағы ең күрделі жәйт – лингвистикалық ерекшелігі емес, ол түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі.

Сапалы аударылған көркем аударма – сол тілдегі төл шығармалармен бірге өсіп, жымы білінбей біте қайнап сабақтасып кетеді. Ел мен елді таныстырады, жақындастырады, ұлттық мәдениетті байытады. Мұнда автор мен аудармашы өнер жарысына түседі, тіл мен тіл жарысқа түседі. Бұл ел мен елдің өнер жарысы. Демек, аударма шығармалар ұлттың ұлылығын, елінің елдігін дәлелдеудің бір жолы [1, 40 б.].

Жалпы көркем шығарманың әлем әдебиетіне енуі аудармасыз мүмкін емес екені белгілі, сөйтіп, аударма да түпнұсқасыз болмайды. Сонда осы «екі әдеби құбылыс тек қатынаста тұруы тиіс. Аударма проблемалары күн тәртібінен түспейтін, түбегейлі проблемалардың бірі. Қай халықтың болмасын шоқтығы биік, терең мағыналы шығармаларын аудару бүгінгі кездегі игілікті істердің бірі екендігі даусыз мәселе» [2, 5 б.].

Зерттеуші А. Алдашева көркем аударманың төмендегідей айырым-белгілерін ұсынады:

а) көркем аударма – ойлаудың образдылық типінің жемісі; демек, мұнда индивидуалдық даралық, шығармашылық ізденіс бар;

ә) ізденістің шеңберіне шек қойылады, өйткені аудармашының алдында жатқан мазмұны-құрылымы дайын мәтін шығармашылық еркіндікке жібермейді;

б) көркем аударма да төл әдебиет сияқты эстетикалық қызмет атқаруы керек;

в) көркем аударма да төл әдебиет сияқты тұшымды, кедір-бұдырсыз оқылуы; қажет;

г) сондықтан аудармада қазақ тілінің табиғи күйі, сөз қолдану, емлелік нормалары сақталуы тиіс [3, 26 б.].

Түпнұсқа бір халықтың ұлттық жазушысының шығармасы болса, ұлттық сипаты анық, бедерлі болса, ондай жағдайда оны басқа халықтың тіліне аудару аудармашыдан үлкен жауапкершілік пен талантты талап етеді.

Аудармашы өзінің айтқандай талантты талап ететін қызметінде «Аударма теориясы» ғылымының әдістемелігіне сүйенеді. Жалпы айтқанда, ғылым саласында әдістемелікті «ғылыми зерттеудің әр деңгейінде (мақсатты белгілеп, тұжырыдама жасауға дейін) басшылыққа алып, соған сүйенетін ұстанымдарының жиынтығын құрайтын, осындай бастапқы ұстанымдардың іргетасы ретінде ақиқаттың маңызды қасиеттері туралы кең көлемде қалыптасқан философиялық топшылдамаларды алуға болады» [4,21 б. ]

Ал «Аударма теориясы» ғылымының әдістемесі, ғалымдардың зерттеуі бойынша, үш деңгейлі құрылымнан тұрады: «Бірінші деңгейінде іргелі сипатқа ие және әдістемеліктің өзін құрайтын жалпы ғылыми принциптері қарастырылады. Оған *антропоцентристік, когнитивтік, қызметтік* тәрізді принциптері жатады. Әдістемелік құрылымның екінші деңгейінде аударма практикасында қолданылатын зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қарастырылады. Үшінші деңгейде аударма мәселелерімен байланысты арнайы зерттеушілік міндеттерді шешу үшін қолданылатын нақты әдістер жүйесі қарастырылады» [5, 23 б. ].

Объективті ақиқат пен адамның саналы іс-әрекеті мен қызметінің үдерісінде жинақтаған тәжірибесін ескере отырып, санасының барынша елеулі ерекшеліктерін танытатын қорытынды, пәлсапалық қағидаларға сүйеніндіктен негізгі принциптер жалпы ғылыми сипатқа ие болады. Нақтылап айтқанда, тіл табиғатын танып меңгеруде маңызды рөл атқаратын қызметтік және антропоцентристік принциптер ғылыми сипатта болады. Мысалы, ғалым Е.С. Кубрякова сөйлесу қызметінің әдістемелік рөлін ашады [6,19-20 б.].

*Қызметтік немесе функционалдық принцип*

Тіл мен аударманың қызметтік тұжырымдамасының негізі – адамның өзінің қызметтік тұжырымдамасы болып табылады; «тілдегідей түпнұсқа мен аударма мәтінде адамзат қызметінің жалпы формаларымен қоса кісінің сол адамзат қызметін меңгеруінің, шындықты танып, білуінің ізі тұрады» [5, 24 б. ].

Аудару үрдісі кезінде аударма адамның тіршілік жасау қызметінің нысаны ретінде де қарастырылады; «тілдік кодтар (тіл – түпнұсқа

және аударма тілі) - мәдениетаралық коммуникация сияқты аударма кезінде (қатынас пен ақпарат алмасу атрибуттары) қатынас пен аударма коммуникациясы атрибуттары ретінде сипатталады; аударма (мәтін-түпнұсқа және аударма мәтін) - адамзат тәжірибесінің сөйлету тәсілдері, нәтижесі сияқты» [5, 24 б. ].

Функционалдық ретіндегі аударманың анықтамасында оны сол көрсетілген қызметтік принциптің мәні деп түсінуге болады: «функционалдық ұстанымның негізгі қағидалары тілді іс-әрекет ретінде қарастырып, оның қызметін анықтауда көрініс береді» [7, 19 б.].

Осы принциптің өзектілігі аудармада мәтінде заттанған тіл таңбаларының жанды ақиқатқа айналу, аудармашының оларды бөлшектей дамытуы және содан кейін өзінің анықтап, түсінуі барысында өтеді. «Мәтінді түрлендіріп, түсіндіру кезеңінде аудармашы бөлшектенген таңбаларды басқа тілдегі субстанциялыққа айналдырады. Мұндайда тілдік белгілер субстанциальдық жағдайдан жанды шындыққа өтіп, одан соң басқа тілде мәтінде заттануының нәтижесінде қайтадан қатып қалған таңбаға айналып, сөйлесу қызметінде функциясын атқарады» [5, 25 б. ].

*Антропоцентристік принципті қарастырайық.*

Жалпы тіл біліміндегі, оның ішінде, аударматанудағы зерттеулер антропоцентристік бағыт алуымен, тілдік ішкі жүйеліліктен антропоцентристік талдауға көшуімен сипатталады.

*Антропоцентризм* (греческ. *anthropos* – «адам», лат. *Centrum* – орталық) – адам феноменін Ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт [8, 8 б.].

Тіл біліміндегі осы ғылыми принциптің шығу арнасы В.Гумбольдтың лингво-философиялық концепцияларына (Еуропада), Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорфтардың көзқарастарына (Америкада) байланысты.

Тіл мен мәдениет, тіл мен халық, тіл мен таным арасындағы тығыз байланысты қарастыруда В.Гумбольдтың «Тіл – халық рухы, халық рухы оның тілінде. Ұлт нышанын танытатын мәдениет өз ізін халық тілінде қалдырады. Халықтық рух пен мәдениет тілдің ішкі формасына тән» [9, 32 б.] деген тұжырымдамасы мен Э.Сепир мен Б.Уорфтың тілдің ойлауға ықпалын негізге алған «лингвистикалық ықтималдық» концепциясы басшылыққа алынады [10, 34 б.].

Ф. Соссюр, В.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсбергер зерттеулерінде көрініс тапқан «әр халықтың танымдық ерекшелігі

оның тілінің табиғатынан туындайтындығы», «тіл тарихилығы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамитындығы», «адам баласының образды ойлауы, дүниені тануы тіл құрылысымен тығыз байланысып жататыны» туралы ой-пікірлер мен Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня, Р.Якобсон сияқты орыс ғалымдарының тілдің конструктивтік рөлі және оның халықтық мәдениетті, халықтық психологияны, халықтың мифологиялық таным-түсініктерін қалыптастырудағы ықпалына арналған фундаментальді зерттеулері антропологистикалық ізденістердің ғылыми іргетасы етілуде.

Ал философиялық тұрғыдан қарағанда, «Антропоцентризм – это воззрение, согласно которому человек есть центр Вселенной и центр совершающихся в мире событий. Многие философы исходили из данной мировоззренческой установки, полагая, что главная проблема философии – человек. Только осозная природу, сущность, предназначение человека, можно понять все другие философские проблемы, сколько их ни накопилось в течение множества веков» [11, 44 б.].

Жалпы қазіргі заманғы антропоцентристік бағыттағы лингвистикалық зерттеулерде тіл «өзі-өзінде және өзі үшін» деген «*имманентті*» (лат. Тілінде *immanents* сөзі – бір нәрсеге тән не құрамында болу мағынасында) тіл білімі аясынан шығып, этнос болмысы, діл және дін, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, әлеуметтік-қоғамдық орта, ондағы жеке тұлға сияқты ұғымдармен сабақтастықта зерттеледі [8, 8 б.].

Лингвистикалық зерттеулердегі антропоцентристік принцип тілді сол тіл қызмет етуші қоғаммен, әлеуметтік ортамен, тілдің иесі – халық тарихымен, таным әлемімен, оның өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүрімен байланыстыра қарастыруды талап ететін тіл біліміндегі үлкен зерттеулерге жол ашып, нақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізді.

Тіл адамзат қызметінде қарастырылғанда адам факторына ерекше көңіл бөледі. Мұндайда тілге адамның өзін-өзі тану көзі ретінде назар аударылады. Сонымен қатар, тіл «адам тілде не айтады», «өз тіліне әлем туралы қандай білімдерді қосады», «тіл адамның әлем туралы осы білімдерін қалай байланыстырады», «адам тіл туралы білімдерін қалай өз қажетіне орай қолданады» аспектілерінде зерттеледі. Адамның сөйлеу және когнитивтік қызметінде, тілді жан -жақты зерттеу үдерісінде, сол сияқты оның сөйлесу мәнерін зерделеу тарапына сай, адамның өзін тілдік тұлға, коммуникант, аудармашы (шығармашыл тұлға), жазушы, кәсіби маман, ойлы және білімге құштар жан және басқа барлық қырынан тануға болады [5, 24 б.].

Аталған принцип аударма теориясы саласында аудармашы тұлғасының аудармашылық қызметін, екінші репродуктивтік қызметін зерттегенде байқалады, сондай-ақ, тіл аудармашының тұлғасын, оның біліктілігі мен қабілетін танудың белгісі ретінде зерттеледі. Аудармашылық қызмет барысында тілді «аудармашы түрлі кодтардың тілдік бірліктерінің мәнін, мағынасын қалай түсінеді», «адам тілге әлем туралы қандай білімдерді енгізеді», «әлем туралы білімдер әлемнің түрлі тілдік суреттерінде қалай көрінеді», «екі кодты қолдану үдерісінде аудармашы тілдік білімдермен қалай манипуляция жасайды» сияқты түрлі аспектілерде жан-жақты зерделеу аудармашының тілдік тұлғасын жақсырақ түсінуге ықпал етіп, қабілеті мен шеберлігі туралы түсінік береді [5, 24 б.].

Ал келесі *когнитивтік принципті қарастырсақ*, ол жалпы философиялық теориямен байланысты. Ол когнитивтік парадигманың негізі болып табылады, соған сәйкес тіл сана мен ойлаудың ретінде қарастырылады, онда «осы немесе басқа тілде сөйлеп, ойланатын адамның әлем туралы жинақталған білім жүйесі өткеріледі» [7, 14 б.].

Жалпы алғанда, когнитивтік бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек қана теориялық лингвистикадағы контекстегі полипарадигматизміндегі доминанттылығында ғана емес, сонымен қатар ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациялау, тіл мен мәдениет байланысындағы адам рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру болып келеді (Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресян, В.З.Демьянков, В.В.Колесов, Е.В.Рахилина, В.Б.Касевич, Ю.С.Степанов және т.б.). Сонда «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [12, 9 б.].

Аударма теориясында когнитивтік жолдың ерекшелігі мынаған байланысты: аудармашы тілді сана мен ойлаудың нысаны деп қарастыра отырып, біріншіден, «тіл-сана, сөйлеу-ойлауды» адамның коммуникативтік-когнитивтік жүйесінде тығыз байланыстыра отырып, олар адам санасының лингвокогнитивтік базасының компоненттері болғандықтан әлемнің тілдік көрінісі әрқилы деген болжамға келеді [5, 26 б.].

Менталитетке байланысты құрылымдар – этностардың ұлттық ойлау ерекшеліктерінің нәтижесі ретінде қарастырылады. «Олардың әлемнің әр түрлі тілдерінде экспликациялау тәсілі де бірдей емес.

Әр түрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдерінің (бастапқы мәтін субъектісі мен аударма мәтін адресатының) әлемнің тілдік

көріністерінің ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, аудармашы әлемнің тілдік көріністеріндегідей мәтінді жіберуші мен алушының мәдениеттері мен тілдеріндегі де айырмашылықтар мен лакуналарды тауып, оларды қабыстырып, аударма тілінде функционалдық ұқсастықтар мен эквиваленттер табуға шеберлігі мен қабілетін жұмсайды» [5, 26 б.]. Осылай болған жағдайда оған түрлі білімдер – бастапқы мәтінді түсіну, оны репродукциялауға қажетті әлдебір саладағы мәліметтердің жиынтығы қажет болады.

Әдістеме жайында сөз қозғағанда, әрқашанда мына ойды естен шығармау керек: аударма – шығармашылық қызмет, ал шынайы шығармашылыққа еркіндік керек. Аудармашының қабілеті аудармашылық қызмет үдерісінде танылады, сондақтан екі тіл мен олардың нормативтік-құндылық арақатынасын пайдалану барысында тіларалық коммуникативтік акт үдерісінде жүзеге асатын екінші, репродукциялық қызмет ретінде сипатталуы мүмкін. Аудармашылық қызметтің өзі таным объектісі болуы ықтимал.

Қоса айтатынымыз, аудармашының әр халықта әр қилы болып келетін тіл әлемі суретінің ерекшеліктері туралы түсінігі болуға тиіс. Тіл әлемі суретінің ұғымы адамның әлем туралы түсініктерінен құралады. Егер сол адамның әлемі - қоршаған ортасы болса, онда әлем көрінісі – сол орта мен адам туралы ақпараттық өңделу нәтижесі, себебі, когнитологтар дәлелдегендей, аудармада тілдік әлем суреті түрінде көрінетін концептуалдық жүйе физикалық және мәдени тәжірибеге қатысты және сонымен тікелей байланысты болып шығады [13,123 б.].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сабурова Г. Аударма да рухани байлық // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2000. – №5.
- 2 Қазыбек Г.Қ. Аударма тәжірибесі. Хрестоматия. Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 271 б.
- 3 Алдашева А. Аударматану ғылымының басты ұғым-түсініктері туралы // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). Құраст.: Құлманов С. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 300 б.
- 4 Мельничук А.С. О методологии лингвистических исследований //Соотношение частнонаучных методов и методологии в филологической науке. – М., 1986.
- 5 Әбішева К.М., Рақымжанов Қ.Х. Аударма теориясының негіздері: оқулық. – Астана: «Тұран-Астана», толықтырылған. – 244 б.



6 Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности человека. – М., 1986.

7 Ли В.С. Парадигмы знания в современной лингвистике. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

8 Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира./ Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, В.И.Поставалова и др. – М.: Наука, 1988. – 216 с.

9 Гумбольдт В. фон. Характер языка и характер народа./ В. фон Гумбольдт. Язык и философия культуры. – М., 1985.

10 Шедровицкий Г.П., Розин М.В. Концепция лингвистической относительности Б.Л: Уорфа и проблемы исследования «языкового мышления»./ Семиотика и восточные языки. – М.,1967. – 225 с.

11 Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция./ Философская антропология. – М., 2001. – 160 с.

12 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск: Тетра Системе, 2004. –225 с.

13 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека – М.: Языки русской культуры, 1998.

## МӘТІННІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

БЕСІКБАСОВА Ә.

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Мәтіннің мазмұндық-логикалық құрылымы болатыны сияқты композициялық құрылымы да болады. Мәтіннің барлық мазмұндық және пішімдік элементтерінің басын біріктіріп жинақтау, бір бүтін етіп құрастыру онай емес екені белгілі. Сол жинақтаудың өзі мәтінді, оның мазмұнын бейнелеуге қызмет етіп, оның жалпы сипаты мен жекелеген ерекшеліктерін анықтайды. Композицияның күрделі, күрделі емес жай түрлері де болады. Композиция күрделі болған сайын оның қабылдаушыға әсері де күшті болды. Композицияны күрделендіре отырып, автор сөздің әсер ету күшін арттырады, оны сенімді, қызғылықты етеді, жай баяндау маңызды өзгерістердің нәтижесінде белгілі бір композициялық түрге еңеді.

Тақырыпты және оған қатысты маңызды ұғымдарды әр түрлі тәсілмен ашуға болады. Көркем емес мәтіндердің композициялық түрлері осыған байланысты анықталады. Алдымен оның басты екі түрі туралы айтуға болады: егер автор шынайы-тарихи деректердің

ізбе-ізділігін баяндауды мақсат етсе, ретроспективалық (тарихи шолу түріндегі) баяндауды, ал мәселенің мәнісін жүйелік-логикалық байланыстары мен қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан түсіндіргісі келсе, жүйелік-логикалық баяндауды тандап алады. Бұлардың қайсысын тандау, біріншіден, баяндау нысанының өзіне тікелей байланысты болса, екіншіден, автордың алдына қойған мақсатына, үшіншіден, қабылдаушының дайындығына байланысты.

Баяндаудың сипаты баяндаудың түрін анықтайды. Ретроспективалық баяндаудың үш түрі бар: ұзындық өлшемдегі, қатарластық өлшемдегіжәне көп қырлы өлшемдегі баяндаулар. Алғашқысында деректердің табиғи ізбе-ізділігі және жалпы тақырып пен оны дәлелдеп түсіндіруші сипаттаулардың арасында тура, тікелей қатынас орнайды. Қатарластыққа негізделген композицияда жоғарыдағығы қосымша, салыстырылушы оқиға, деректердің арасындағы қатынастарға ие болып келеді. Ал сан алуан (көп қырлы) өлшемді композицияда ондай байланыстардың қатары өсе түседі.

Жүйелі-логикалық баяндау мынадай композициялық түрлерді қалыптастырады: индукциялық, традукциялық және дедукциялық. Индукция жекелеген мысалдарды келтіре отырып, одан жалпы қорытынды жасауға әкелсе, дедукция керісінше жалпы мәселенің қойылысынан басталып, оның жекелеген маңызды жерлері одан кейін ашылып сипатталады. Мұндай баяндау ресми және ғылыми сөйлеу түрлеріне тән. Ал традукцияның мәні оның ұғымдардың арасындағы көптеген кеністік, мезгілдік, шарттық т.б. қатынастарды ашуында жатыр. Бұл ойталқы түріндегі баяндауға тән. Сондықтан мұндай баяндаулар көбіне публицистикалық және ғылыми-көпшілік стильдің жанрларына тән болып келеді[1,28].

Әрине, жоғарыдағы композициялық түрлер мен баяндаулар нақтылы мәтін (сөйлеу) түрлерінде сан алуан мәнерлегіш сапаларға ие болып, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы күрделеніп, өзгерістерге ұшырайды. Ол үшін баяндаудың әр түрлі әдістері пайдаланылады. Мысалы, ұзындық өлшемге негізделген композицияда жалпы жайлар мен нақты деректердің қатынасы әр түрлі жүйелілікте берілуі мүмкін. Айталық, белгілі бір тарихи оқиға өзінің табиғи өту кезеңдері бойынша немесе керісінше, соңғы нәтижесі алдымен баяндалып, оның себептері кейін беріледі. Соңғысында оқиғалардың өтуіндегі реттіліктің бұзылуы себепті туатын шиеленісті жағдай қызығушылықты арттыратын әдіс (форма) болып табылады.

Оқырманның көңілін аудару үшін оқиғалар тізбегіндегі кейбір буындарды алып тастап үзіп баяндау да хабарлаудың жылдамдығын

арттыратын тәсілдердің бірі. Сондай-ақ кейбір жерлеріне айрықша көңіл бөліп, ден қойып баяндау немесе қосымша артық үстемелер қосып баяндау бұлар да автордың алдына қойған коммуникативтік мақсатына байланысты жүзеге асырылатын тәсілдер. Ал қатарластыққа құрылған және көп қырлы құрылымдарда қарама-қарсылыққа негізделген әдіс-тәсілдер жиі қолданылады. Баяндаудың ретроспективалық түрінде оны күрделендірудің жоғарыдағыдай әдіс-тәсілдері қолданылады[2].

Жүйелік-логикалық баяндау түрінде де оны күрделендірудің өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Алдымен проблемалық баяндау әдісін атауға болады. Мұнда ең басында шешілуге тиісті мәселе риторикалық сұрақ түрінде не қандай да бір баламалы формада беріледі. Одан әрі қарай оны шешу үшін деректемелер, дәлелдемелер дамытыла баяндалады.

Композицияның одан басқа түрлерінде, мысалы, сатылыда - баяндау бөліктерінің өзара жүйелі иерархиялық қатынастарын қатаң сақтауға құрылады. Автор мәселенің алғышарттарын алға тарта, оны негіздей отырып, одан қорытынды шығарады, мұның өзі баяндау желісінің одан әрі дамуына негіз болады. Егер мұндай баяндау мәселенің маңызды тұстарын қайталай көрсетуге, экспрессивтілікке құрылса, онда бір орталыққа шоғырландыру, топтау әдісін қолданғандығы туралы айтуға болады. Мұндай тәсіл үгіт-насихат, сендіру сөздерінде қатаң логикалық пен экспрессивтілікті, қайталамалықты ұштастыра жүргізуге септігін тигізеді.

Баяндау композициясын күрделендіріп күшейтуде жоғарыдағы баяндау түрлері бір-бірімен ұштастырыла, араластырыла жүргізіледі.

Мәтін лингвистикасында зерттеуді аса қажет ететін маңызды мәселелердің – бірі композициялық баяндау формаларының мәтінтүзушілік қызметтерін анықтау.

Композициялық сөйлеу формалары көркем мәтінде бір-бірімен мағыналық-тұлғалық жағынан байланысып, өзара тығыз қарым-қатынаста болады. Тіл бірліктерінің эмоционалды бояулары, лексика-грамматикалық тұлғалардың экспрессивті – эмоционалды ерекшеліктері сөйлеуде түрлене қолданылып, сөйлеушінің ойын толық және мазмұнды жеткізуіне көмектеседі. Сөйлеудің мазмұны, қатынас жағдайы, оның қолданысы мен бағыты әр түрлі болатындықтан, тілдік бірліктердің тіркесуі мен бірыңғай әрекеттесу сипаты да әр қилы.

Композициялық сөйлеу формалары мәтіннің контекстік-вариативтік бөлшектерін құрайды. Бұлар – мәтін құрылымының негізін құраушы тұрақты элементтер. Сондықтан көркем мәтіннің мазмұны

да композициялық сөйлеу формаларының кезектесіп, араласып келіп, өзара тұлғалық, мағыналық байланысуы арқылы беріледі. Көркем мәтіннің біртұтастығы осы сөйлеу формаларының ұласымы нәтижесінде ұғынылады. Кейбір көлемі шағын шығармалар тек бір сөйлеу формасы арқылы құрылуы әбден мүмкін, не болмаса мәтіннің негізгі баяндау қабаты бір сөйлеу формасы арқылы ұйымдасады. Көркем шығармада әңгімелеу, суреттеу, ойталқы мәтіндері аралас жұмсалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы., – Орал, 2008.
- 2 Болотнова Н.С. Основы теории текста. – Томск: Издательство Томского университета, 1999. – 205 с.

### ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚИТУ БОЙЫНША АУЫЗША ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ГАЛЕЕВА Ә. Т.

мұғалім, Розовка жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар ауданы

Егемен елімізде жүзеге асырылып жатқан ілгерілеу саясаты қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Қазіргі таңда қойылып отырған күрделі мәселелердің ішінде, жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу үлкен орын алады. Сондай қоғамдағы түрлі бағыттағы өзгерістердің бірі - 12 жылдық оқыту моделі.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған ел тығырыққа тірелері анық» дей келе, кадрлар қорын жасақтаудың қажеттігін айтты. Сонымен қатар бұл мәселенің негізін мектептен басталатынын, сондықтан да 2008 жылдан бастап 12 жылдық жалпы орта білімге көшудің керектігін айқын көрсетті.

Осыдан-ақ, мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуына байланысты әлемдік білім кеңістігіне кіру қажеттігі туындап отырғанын көруге болады. Мұның өзі егемен еліміздің білім мазмұны мен құрылымының әлемдік елдер деңгейіне сай болуын меңзейді.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі-бүкіл әлем жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай

жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр. Бұл мақсатты орындау орта білімнің 12 жылдық мерзімге өтуімен астасып жатыр.

Тіл дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты - өзге тілді жастардың өз ойын қазақ тілінде ауызша не жазбаша түрде толық жеткізуге, қазақ тілінде сөйлеген сөзді жақсы түсінуге үйрету. Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін дамытуға баса көңіл аударылады.

Оқу тілі орыс тілінде жүретін сыныптарда тіл дамыту жұмысына мынандай талаптар қойылады: тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру; тіліміздегі сөздерді орфоэпиялық ережелерге сай айта білуін қалыптастыру; сөздерді дұрыс байланыстырып, өз ойын дұрыс, жүйелі жеткізе білуге үйрету, т.б.

Орыс тілді сыныптарда ауызша тіл дамыту жұмыстарына баса назар аударылады. Мұғалім әр оқушының ауызша жауабын тыңдай отырып, оның қандай қате жібергенін анықтап, сол қателерді жою мақсатында түрлі жұмыстар жүргізуі тиіс. Әсіресе, мәтін мазмұнын қысқаша әңгімелету, мәтінге ауызша жоспар жасату, сөйлем құрастыру, белгі адамдар өмірі мен шығармашылығы туралы ауызша немесе жазбаша әңгімелету, т.б. жұмыс түрлерін жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет.

Оқушының сөздік қорын дамыту, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркесін құрастыра білу қабілеттерін дамыту – байланыстырып сөйлеуге үйретудің шарты. Бұған Б.Мамановтың: «Сөздердің бір-бірімен байланысып, сөз тіркесін құрауда грамматикалық формалардың басты рөл атқаратынын, ендеше грамматикасыз тіл үйрету мүмкін емес ...», - деген тұжырымы дәлел бола алады [1, 23 б.].

Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру олардың дұрыс жазу дағдысын меңгеруіне негіз болады. Оқушыны қазақ тілінде сөйлеуге үйретуді тілімізге тән дыбыстарды меңгеруден бастаған жөн. Қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін меңгерген оқушы тіліміздегі сөздерді дұрыс айтып, жаза білетін болады. Тілімізге тән дыбыстарды жекелей айтқызу арқылы кез келген сөз құрамында осы дыбыстардың дұрыс айтылуын меңгертуге дайындаймыз. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өткенде жаңа сөздерді меңгертіп отырамыз. Бұл қазақ тілінің фонетикасын оқып үйренудің лексикамен тығыз байланысын айқындайды. Қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге үйретудің басты шарты – үндестік

заңын меңгерту болып табылады. Дыбыстардың өзара тіркесу заңдылықтарын, сөздердің байланысу жолдарын білмей тұрып, сөйлем құрату мүмкін емес.

Оқушылардың қазақ тілін меңгерту үшін мынандай жұмыстарды ұйымдастыру тиімді:

Фонетика, лексика, синтаксис мәселелерін салыстыра отырып, ережелерді меңгерту.

Сабақта сұрақ-жауап әдісін жиі қолдана отырып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға тырысу.

Мәтінмен жұмыс. Мәтін бойынша жұмысты түрлі жолмен өткізуге болады:

- мәнерлеп оқыту;
- түсінуге қиынсөздердің мағынасын ашу;
- мәтіннен жаңа сөздерді тапқызу, олардың айтылуы мен жазылуын, мағынасын меңгерту;
- мәтін бойынша сұрақтар қойып, оған жауап алу;
- мәтінге тақырып қойғызу;
- мәтін бойынша жоспар жасату;
- мәтін мазмұнын әңгімелету;
- мәтін мазмұны бойынша оқушыларға сұрақ дайындату, т.б.

Жаттығу жұмысы. Жаттығу – грамматиканың теориялық курсы бойынша білімді бекіту мақсатындағы оқушының белгілі бірі оқу тапсырмасын орындауы. Сыныпта орындалатын жаттығулар ауантүрлі болып келеді. Әсіресе, түсірілген сөздерді табу, сөйлемдерді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылту, көпнүктені норнын атілдіктұлғаларды қою, сурет бойынша әңгіме құрастыру, сөйлемді толықтыру, т.б. жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың қазақша сөйлеу қабілетін дамытуға болады. Мұнда оқушылардың грамматикалық материалдарды бағдарламаға сай меңгеру, сөздерді ауызша сөйлеу барысында дұрыс қолдануы үшін тілдіктұлғалардың қолданылу заңдылықтарын білуі қажет. Грамматиканың заңдылықтарын меңгеріп, оны сөйлеуде қолдану арқылы ғиянақты ойды білдіруге болады. Алайда грамматиканың заңдылықтарын жатқа білгенмен, оны сөйлеуде қолдана алмаса, ол тіл білгенге жатпайды. Сөйлемді толықтыру жаттығуларында берілген сөздерден сөйлем құрату, әр сөздің мағынасын орысша, қазақша түсіндіру, дәптерге, тақтаға жаздыру жұмыстары жүргізіледі.

Қайталау – тіл үйретудің негізгі шарты. Сабақ барысында меңгерген сөздерді қазақша көбірек қайталау, сөйлетіп жаттықтыра беру қажет. Сөздерді жиі қайталату сол сөзді ұмытпау үшін керек.

Мұндай жұмыс түрінде орыс тілінде жеке сөзді атап, қазақ тіліндегі аудармасын оқушыларға айтқызу арқылы тексеруге болады.

Мәнерлеп оқу немесе жаттау. Белгілі бір мәтінді, сөйлемді мәнерлеп оқыту тілді меңгертуге септігін тигізеді. Өлеңдер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар жаттатудың да маңызы зор.

Жаңа сөздермен жұмыс тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Оқушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс. Оқушылардың тілді белсенді меңгеруі үшін ол сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануы керек. Сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымы бұған дәлел бола алады [2, 19 б.].

Сөздік қордың жүйелі болуы тақырыптың дұрыс таңдалуымен тікелей байланысты. Тақырып аясына тиісті сөздерді топтау басқа ұлт өкілдерінің қазақ тіліндегі сөздік қорын арттырып, бір-бірімен осы тілде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жеке сөздің өз бойындағы бар мүмкіндігін толық бере алмайтындығын үнемі ескерген жөн. Тіліміздегі лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір ғана мағынамен шектеуге болмайды.

Сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, көп мағыналы сөздерді, омоним, синоним, антоним сөздерді меңгерту олардың қазақша сөйлеу тілінің қалыптасуына, өз ойларын нақты, жүйелі, әсерлі жеткізе білуіне ықпалын тигізеді.

Білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер елімізге қазақшаға жетік, сауатты, білікті мамандар қажет екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан тіл үйретудің тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруымыз керек.

Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі процесс. Сондықтан оқыту барысында жүргізілетін жұмыстардың барлығы бір-біріне байланысты, жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі қажет. Оқушылар қазақ тілі сабағында тек тіл үйреніп қана қоймайды, олардың сабақ барысында қазақша ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді.

Мұғалім сыныбындағы әр оқушының қабілетін, қазақ тіліне деген көзқарасын білуі қажет.

Қазақ тілін қатысымдық бағытта оқытуда оқушылардың психологиялық, әлеуметтік күйін ескере отырып, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын меңгерген дара тұлғаны қалыптастыратын

танымдық, репродуктивтік, шығармашылық кезеңдерге лайықталған оқу-әдістемелік ұстанымдар басшылыққа алынады. Оқушылардың әр сабақта алған теориялық білімдерін күнделікті қарым-қатынаста орынды да тиімді қолдана алулары көзделеді.

Сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу мұғалімнің сабақтағы негізгі міндеті болып табылады. Айтылым мен тыңдалым сөйлесім әрекетінің ауызша түрін, ал жазылым мен оқылым – жазбаша түрін құрайды. Тілдік қатынастың ауызша және жазбаша түрі өзара тығыз байланысты және үнемі бір-бірімен әрекеттес болады.

Оқушылар таңдалып алынған мәтіндерді тек мәнерлеп, нақышына келтіріп оқумен шектелмей, мәтін бойынша әртүрлі мақсаттағы тапсырмаларды орындауға жаттығулары қажет. Мәтінді мәнерлеп оқу, мәтіннен қажетті қатысымдық тұлғаларды табу, олардың мәні мен мағынасын айқындау, мәтін бойынша жоспар құру, мәтіннің негізгі мазмұнын баяндау, мәтін мазмұнын көршісімен әңгімелеу, мәтін бойынша сұрақтар дайындау, дайындаған сұрақтарын ұжымға немесе көршісіне қою арқылы жауап алу, мәтінге ат қою т.б көптеген жұмыс түрлерін қамтуға болады.

Бағдарлы оқыту түрі негізгі мәселеге ойртуткі болуы көзделіп, оқушылардың жеке көзқарастары, бейімділіктері мен қабілеттері ескеріле отырып ұйымдастырылуы тиіс. Оқушының танымдық және кәсіби көзқарастарын дұрыс дамытуды ұйымдастыру басты нысанаға алынып, болашақ мамандығына байланысты қарым-қатынас лексикасын меңгеру қажеттілігі алға шығады. Мектеп бітірушінің мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынысқа түсуді меңгеруімен қатар, сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттырып, жеке тұлға ретінде дамуына тірек болатын маңызды шараларға бағытталуы көзделеді.

Білім мазмұнын толық игерген оқушының білімдерін жетілдіру мақсатында немесе үлгерімі төмен оқушыға қосымша жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін факультативтік сабақтар ұйымдастыруға болады. Мысалы, «Әдеби тілде сөйлейміз», «Сөз бен мағына», «Тіл ұстарту» және т.б. тақырыптарды таңдауға болады.

Қазақ тілі сабағында модульдік технология арқылы оқушылардың іскерлік қарым-қатынас тілін дамыту – өзекті мәселе. Жалпы оқушыларды мектеп қабырғасынан осы іскерлік қарым-қатынастардың тілін білуге, үйренуге тәрбиелеудің мәні зор. Бүгінгі оқушы – ертеңгі іскер азамат, яғни ол – еліміздің болашағы. Сондықтан оқушыларға іскерлік қарым-қатынасты инновациялық технологияға сүйене отырып оқыту қажет.

Модульдік оқыту негізіне П.Я.Гальпериннің тұжырымдамасы, оның ақыл-ой әрекетін кезең-кезеңмен біртіндеп қалыптастыру теориясы алынған. Бұл теорияның негізінде отандық психологияның іргелі қағидасы – психикалық жаңа түзілімдер үрдісінің әрекеттілік тәсілі, адам психикасы мен іс-әрекетінің бірлігін тану жатыр.

Оқушылардың іскерлік қарым-қатынас тілін модульдік технология арқылы оқыту – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар, баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық қасиеттерінің жан-жақты дамуына бағытталатын оқытудың түрі. Оқушы – білім алуда негізгі психологиялық үрдістерді басынан кешуші субъект. Қазіргі кезеңде педагогика-психологияның өзекті мәселелері қатарында оқу-танымдық қызмет жүйесінің маңызды екі компоненті – мұғалім мен оқушының «субъект- субъектілік» қарым-қатынас мәселесі қойылып отыр.

Оқушылардың іскерлік қарым-қатынас тілін модульдік технология арқылы оқытудың психологиялық негіздерін анықтауда жоғарыда айтылған теориялық және практикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді тұрақтандыруды мүмкін ететін психикалық үрдістер қарастырылады. Ғалымдар психиканың түйсіну, қабылдау, ойлау немесе қиял процестерінің ұйымдасқан жүйесі ретінде зерттелуі – бүгінде осы процестердің өздерін зерттеуді ғана емес, сонымен қатар жүйелер мен жалпы объектілердің табиғаты жөніндегі түсінігімізді тереңінен қайта ұғынуды талап етеді деп түсіндіреді.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырып қатар өтіледі. Оқушының сөздік қорын, сөйлеу дағдысын, тілін дамытуда лексикалық тақырыптардың рөлі ерекше. 5-6-шы сыныптардағы осындай тақырыптардың мазмұны былай болып келеді: «Танысу», «Мектебім», «Менің отбасым», «Отан», «Қыс», т.б. Аталған тақырыптардың төңірегінде әңгімелей білу үшін, сұхбат құрастыру үшін сызбалардың көмегін пайдалану мұғалімге де, оқушыға да тиімді. Оқушыға тілді меңгерудің оңтайлы жолы – сабақта лексикалық сызбаларды пайдалану. Ол баланы сөйлеуге жетелейді. Сызбадағы тірек сөздердің көмегімен оқушы бір тақырып төңірегінде он-он бес сөйлем құрастырып, әңгімелеп айтуға жаттығады. Оқушылар өзара сұхбат құрастыра алады. Мұғалім оқушының сұраққа толық жауап беруін, сөздерге жалғауларды дұрыс жалғап айта білуін қадағалап отыруы керек. Тақырыпты сызба бойынша оқып, үйрене отырып шығарманы да жақсы жазуға дағдыланады.

Мысалы, «Мектеп» және «Күз» сызбаларындағы тірек сөздердің көмегімен оқушы мынадай әңгіме-сұхбат құра алады:

Сен қай мектепте оқисың?

Мен Розовка орта мектебінде оқимын.

Сенің мектебің қайда орналасқан?

Менің мектебім Абай көшесінде орналасқан.

Мектебің неше қабатты?

Мектебім екі қабатты.

- Күз айларын ата.

- Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша.

- Күзде ауа райы қандай болады?

- Күзде ауа райы салқын болады. Аспан бұлтты болады. Жиі жаңбыр жауады. Суық жел соғады.

Осы берілген сұрақ-жауап түрлерін оқушылар өздері өз сөзімен айтып қана қоймай, оны дұрыс оқып айтуына дағдыланады.

Сонымен, қорыта айтқанда, біз мектепте өз шәкірттеріміздің бойында жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Оқушыларымыздың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларды дұрыс қолдана алуына жағдай жасау- біздің ұстаздық міндетіміз. Демек, қазақ тілін оқыту барысында өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, іскер азамат тәрбиелеп шығару арқылы коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту жолында атқарар еңбектері әлі де алда деп есептеймін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аханов Қ. «Қазақ тілі» оқулығына нұсқау. – Алматы, 1975.-52б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1989.
3. З. Бейсембайқызы. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. А., 2001.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журнал №1 2012, №5 2006.
5. Маманов Ы. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту. Алматы, 1980.

## АЛАШ АРЫСЫ А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІН ДАМУДАҒЫ ОРНЫ

ГҮЛБАНУ Н.

доцент, Әлеуметтік-іргілендіру және жаратылыстану кафедрасы,

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты

ІЗҒАЛИЕВА С.

магистрант, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Белгілі бір халықтың ұлттық қазынасының бірі – әдеби тілі болса, оның тағдыры мен табысы жазушы, ақын атанған алыптардың шығармашылық табысымен тікелей ұштасып жатады. Халықтың тілін бір адам, бір уақытта жасамайды. Бірақ та осы әдеби тілдің әр алуан кезеңдері мен сан салалы тармақтарын (стильдерін) бастауда, оның даму барысында жаңаша бағыт сілтеп, жаңа идеялар ұсынуда жеке қаламгерлердің қызметі, орны, үлесі зор болады.

XX ғасырдың басында ақын Абай негіздеген жазба әдеби тілдің одан әрі тармақтала түсуі алаш арыстарының қаламгерлік еңбегімен байланысты. Оның көшбасында қазақ тіл білімінің атасы – А. Байтұрсынов тұр. Ол туралы М. Әуезов 20-жылдардың өзінде-ақ «қазақ халқының рухани көсемі» – деп [1, 204], бағаланған болса, осы бағаны бергізген оның өз халқын мәдениетті елдердің қатарына қосу жолында жүргізген саналы күресі мен қыруар еңбегі еді. Бұл еңбек 1896 жылдардан бастап бала оқытудан бермен қарай, 1906 жылдары Россия «кіндік өкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, одан әрі қарай ана тілінде оқыту үшін жүргізілген күресінен, ең соңғы сол ана тілінде сауаттандырып, ең соңғысы ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллигенциясы өкілдерін өнер-білімге баулуынан танылады.

А. Байтұрсынұлын қазақ халқының рухани көшбасшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын іргелі жұрт қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы – ағартушылық идеясы болды.

Тіл әрбір халықтың этникалық тұтастығын сақтайтын, оның әлеуметтік тағдырына тікелей қатысатын құралдың бірі ғана емес, бірегейі екенін өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ туған елінің болашағы мен кешіп отырған күніне үнілген қазақ зиялылары жақсы таныған еді. «Кел, балалар, оқылық!» деп жар салып, мектептер ашқан ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннен басталған

бұл ағым үстіміздегі ғасырдың басынан, әсіресе 1905 жылғы демократиялық төңкерістен кейін әлеуметтік-саяси үн алып, белгілі бір қоғамдық ой-пікір мен іс-әрекетке айналғаны белгілі.

Оқу-ағарту идеясы – негізі А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы – тәуелділік күн кешіп отырған, білім-ғылымнан кенже қалған, мал барып, марғау жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшыл көзімен, сөзімен айтқанда бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы», «көңілі ұйқылы», «еспесі жоқ қайығы қалтылдақ», «малы талауда, жаны қамауда» болған, «қайран ел», «қайран жұрт» еді. Осынау жұртқа «Оян, қазақ» деп! М.Дулатов жар салса, «көгі жоқ, көгалы жоқ қырга адамдықтың танымын шашып», «ұйықтап жатқан қазақты сары маса боп ызындап оятуға» Ахмет Байтұрсынұлы шықты.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» талантының күшін С.Торайғыров төксе, өнер мен білім, мәдениеттен құр қалып бара жатқан халқының халіне қарап, «Ай, қап!» деп, санын соға өкінген, өкіне тұрып сол халді түзеу жолына М.Сералиндер баспасөздің қуатын жұмсады. Демек, елді әлеуметтік теңдікке, адамзаттық мәдениетке жеткізетін, жалпақ тілмен айтар болсақ, «ел қатарына қосатын» амал-әрекеттің бастысы – «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, надандықтан арылту болды. Аханның тілімен айтсақ, «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты». Өрге басқан өзге жұрт қатарынан қалыспау үшін, оқу-ағартуға шақырып қою, тіпті сол кездегі үгіт-насихаттың мықты құралы – поэзия тілімен халықтың ұлттық намысына тию енді жеткіліксіз болды. Енді оқу-ағартуды жүзеге асыратын нақты іс-әрекеттерге көшу саясаты басталды.

Халықты ағарту, мектеп, баладан басталады. А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын емес, өзінің ана тілінде сауаттануын, содан барып өзге, айталық орыс мәдениетіне, тіліне қол созуды табанды түрде жолға қояды. 1913 жылдардың өзінде ол «Қазақ» газеті трибунасын пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ғалымның бұдан 90 жылдай бұрын байқап-түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі

күні айтылып жатқан проблемаларымызбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік» деп жазды.

Надандық деп отырғаны – қазақ халқының ғылым-білімнен қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп – қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептің өзінде бала оқытатын мұғалімдер одан да аз, мұғалімдер дайындайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеген жөн бе?!» деп, бейнәлі тілмен білдіреді.

Демек, мектеп керек болды. Сол мектепте балаларды ана тілінде оқыту үшін, алдымен қазақша жазу таңбаларын, яғни алфавитін жасау қажеттілігі туды. Ол таңбаларды қай жазудан алсақ та, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, өзіне тән ұлттық графика етіп ұсыну мақсаты тұрды. Содан соң балаларға осы таңбаларды танытып, сауатын ашатын әліппеден бастап, сол тілді пән ретінде үйрететін грамматика оқулықтарын жазу керек болды.

Міне, А. Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеп, танып білуге қатысты еңбегі осы тұстан басталды. Осыдан келіп Аханның қазақ тіліне, оның әрі қарай өмір сүруіне, қоғамға қызмет етудегі тағдырына қатысты білдірген пікірлері мен істері туралы үлкен әңгіме қозғауға әбден лайық.

А. Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алды. Осымен қазақ графикасын жазуға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде ұзақ ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты және бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасы жүйесіне икемдейді, ол үшін қазақша дыбыстары жоқ таңбаларды алфавит беттерінен шығарады, арабша таңбасы жоқ қазақ дыбыстарына таңба қосады. Қазақ тілінің жуанды-жінішкелі үндестік заңына сай жазу үшін, «дәйекші» атты белгі алады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын тұрғызады.

Осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Жоғарыда айттық, оқу-ағарту мұраты – 20-ғ.бас кезінен бастап, қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мүдделердің ішіндегі ең бастысы болды. Сондықтан оқу-ағарту идеясына сол кездегі қазақ интеллигенциясы жаппай мойын бұрды, әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды,

ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастау жолдарын мақсат етті. Сол себептен 1911-1912 жылдардан бастап бірнеше «Әліпби» кітапшалары түзіліп, олар «Уфа, Орынбор қалаларының баспахана редакцияларында жарық көрді.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Өз сөзімен айтқанда, «біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалайша өзгеріп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек» болғандығы себепті «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдерімен қатар, қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету» керектігін міндетіне алады да, сол міндетті орындау үшін «Тіл – құрал» атпен үш бөлімнен, үш кітаптан тұратын оқулық жазады. Бұл оқулықтың аты-жөнінде бірер сөз айту қажет. Бұл кітаптардың аты кейде қате жазылып жүргендей «Тіл құралы» емес, «Тіл – құрал», яғни кітап тілдің құралы деген мәнде емес, тілдің өзі құрал деген мағынада алынып тұр, былайша айтқанда, қазіргіше айтып жүргеніміздей, «тіл – қатынас құралы», «тіл – эстетикалық мұқтажымызды өтейтін көркем дүние құралы» деген фраза ретінде ұсынылған. Сондықтан «Тіл – құрал» деп арасына сызықша қойылып жазылады. Оқулықтың қосымша аты және бар, ол – «Тіл танытқыш». Бұл жерде өзінің әдебиеттанудан жазған екінші кітабы – еңбегінің аты «Әдебиет танытқыш» екеніне қарағанда, ғалымның белгілі бір жүйелілікті, бірізділікті сақтағанын аңғаруға болады.

Жалғыз тіл ғана емес, өзге де пәндерді оқып-үйренетін қазақ тілінде жазылған кітап, құрал дегендерді білмей-көрмей келген сол кездегі қазақ жұртшылығы үшін «Тіл – құрал» бұрын-соңды болмаған жаңа дүние, соны құбылыс еді. Мұны алдымен, автордың өзі ескертеді. Оқулықтың «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде: «Тіл – құрал» деген атпен қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде осындай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын-соңды болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң, қалатын» деп жазады.

«Тіл – құрал» мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, «қазіргі қазақ тілі» атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тілін зерттеп, тану тарихымызда А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл – құралдарының» орны айырықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Аханның және бір зор еңбегін атау керек. Ол – ғылымның осы

саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсы бойынша жаңа қазақша термин ұсынды. Осы күнгі пайдаланылып жүрген «зат есім», «сын есім», «етістік», «есімдік», «одағай», «үстеу», «бастауыш», «баяндауыш», «жай сөйлем», «құрмалас сөйлем», «қарапта сөз» деген сияқты сан алуан лингвистикалық терминдердің баршасы А.Байтұрсынұлынікі.

Бұл осы күнге дейін қолданылып келе жатқан терминдер десек, бұдан ғалым еңбегінің өміршеңдігі көрінеді.

А.Байтұрсынұлының қаламынан қазақ тіліне қатысты жалғыз жоғарыда аталған екі оқулығы емес, өзге де құралдар мен кітаптар шыққан. Олар: осы күнде қолданбалы грамматика деп атап жүрген кітаптар қатарына жататын жұмыс – «тіл жұмсар», екі бөлімнен тұратын екі кітап 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. 1912 жылы «Баяншы» кітапшасы, 1927-1928 жж. «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған бірнеше мақала жариялайды, «Оқу құралы» атты оқулығын жазып, «Тіл жұмсарды» ұсынады. Сондай-ақ «Баяншы» мен «Әліп-би аспарын» жарияға шығарады [3, 156 б.].

Міне, бұлар – А.Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектері. Осы салалардағы орнын көрсететін үлесі, А.Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық білім-ғылымының көшбастары дегізетін тарихи мұра.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Әуезов. 20-томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Жазушы. 1885 ж. – 300 б.

2 Қазақ газеті, 1913 жыл, 21-сәуір.

3 Р. Сыздықова. 3-томдық жинақ. 1-том, 300 б.

### ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ДЕМЕУБАЕВА Б. М.

тәрбиеші, «Қызғалдақ» ортаңғы қазақ тобы,  
№46 «Самал» санаторлық балабақшасы, Астана қ.

Мен «Самал» санаторлық балабақшасында бірнеше жылдан бері еңбек етіп келемін. Бала тәрбиесінің жауапты іс екені баршамызға айтпаса да түсінікті. Біздердің тікелей айналысып жүрген біздің басты міндетіміз – балаға дұрыс тәрбие беру. Балабақша – өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміздің тәрбие алатын, тәртіп пен адалдықтың әліппесін

бойына сіңіретін және білім теңізіне алғаш құлаш сермейтін негізгі ошағы. Сондықтан біздер, балабақша тәрбиешілері, жас шыбықтай балапандарымыздың түзу қалыптасуына, болашағымыздың жарқын болуына үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет.

Балабақшаны білім теңізіне алғаш құлаш сермейтін негізгі ошақ ретінде айтып өттім. Шынында да, өмірлік білімді бала сонда жүріп-ақ бойларына сіңіре бастайды. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады. Сондықтан оқыту мен тәрбие беру ісінде ойын технологиясының маңызы жоғары. Өз тәжірибемде ойын технологиясын жиі қолданамын.

Халқымыз «Ойнап өскен бала - ойлап өседі» дейді. Олай деуіміздің сыры неде? Оның сыры ойынның тәрбие құралы екендігінде жатса керек. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызы аса жоғары. Ойынның маңыздылығы туралы белгілі педагог А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін, еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Ойынның маңыздылығы туралы данышпан ойшылдарымыз бен белгілі ғалымдарымыз айтып кеткен және де ол пікірлер қатары педагог зерттеушілеріміз тарапынан әлі де өз жалғасын табуда. Кезінде А.М.Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды» - десе, А.С.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - деген. Н.К.Крупская ойынның байқағыштыққа, ептілікке және басқа мінездерге тәрбиелейтінін атап өткен болатын.

Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин сияқты белгілі психолог ғалымдар: «Ойын баланың өзіндік өмірі» - деген ортақ тұжырым жасайды. Ал біздің дана халқымыз ойлы баланың ойыннан өсетінін айтқан. Халық даналығындағы: «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «ойында озған өмірде де озады» деген аталы сөздің сырына жүгінсек мектепалды баланың ойынға деген құлқы, қарым қатынасы, мінезі олар өсіп есейгенде де өмірінде жалғаса береді.

Ойын тек баланың іс-әрекеті ғана емес, ойын – еңбек, ойын – оқу, ойын - әлеуметтік қарым – қатынаста ерекше орын алатын әрекет түріне



жатады. Педагог және психолог ғалымдар ойын іс - әрекетін жан – жақты зерттеп, баланың дамуын, тәрбиеленуін, танымдық қызығушылығын арттырудың негізгі құралы ретінде қарастырып келген.

Ойын – баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда танымдық және бағдарлық қызмет бар. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады. Ойын баланың ой өрісін дамытады, балаларды бірлесіп ойнауға үйретеді. Бірлік түбі-тірлік деп тегін айтылмаған. Бірлесе ойнап отырып, бала қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді. Ізеттілік, ізгілік, инабаттылық бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес. Балалар ойын арқылы бір-бірлеріне ізеттілік білдіріп осы қасиеттері өмір бойы жалғасады. Ойын баланың жол серігі іспеттес. Қай бала болмасын ойнап өседі.

Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ та емес. Ол – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. Күнделікті тұрмыста «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болама?» деп әндетіп жүргеніміздей, баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі көрініс береді. Өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің әртүрлі әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе. Бала кезімізде өзіміздің де «Дәрігер», «Сатушы» не «Мұғалім» болып ойнағанымызды еске алайықшы. Адам өскен сайын ойын өзінің мәнін, жетекші ролін жоғалта бастайды. Бірақ ол кейбір адамдарда өмірлік іске айналады (шығармашылық, техникалық және басқа да мамандықтар). Ойын тарихы, оның еңбектен пайда болғанын көрсетеді, ендеше ол адамдар үшін еңбектің түрі болып қала береді. Сондықтан ойын – балалардың ақыл – ой белсенділігін тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Ойын кезінде шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады.

Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді. Сонымен қатар жеңіске ұмтылыс барысында ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Ойын барысында бала сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгіді.

Баланың қуанышы мен реніші де ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

Біріншіден, олар ойланады. Екіншіден, эмоциялық әсері мен белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады. Я.О.Каменский «Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі», — деп тегін айтпаса керек.

Баршамазға белгілі ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, шыдамдылық, ұйымдастырушылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Сабақтан тыс уақытта ойналатын ойын түрлері оқушылардың қимыл қозғалысқа деген икемділігін арттырып, шығармашылық қабілетін кеңейтеді. Халық өзін қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей - тегжейлі білуді баланың шамасына ойын арқылы жастайынан сіңіре беруді көздеген.

Балабақшада білім беру мен тәрбиелеуді ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырамыз. Себебі, бала ойын ойнағанды қалайды, ол ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында баланың қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыптасады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік сезімтал тұлға болмақ. Ойын адамның дамуына, қалыптасуына әр түрлі әсер береді.

Ойын дегеніміз жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, көп білуді, сондай -ақ, басқада толып жатқан сапалық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістердің бірі. Сондықтан ойынды әр уақытта пайдалану үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын тек баланың дене күшін қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б ғана тәрбиелеп қана қоймайды, оның ақыл ойының толысуына, жан дүниесінің қалыптасуына, есейуіне де пайдасын тигізеді. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық, қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады.

Өз тәжірибемнен түйгенім, ойындарды мектепке дейінгі балалардың оқу - іс-әрекеттерінде белгілі бір жүйемен пайдалану

қажет. Ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктеліп алынуы қажет. Өз тәжірибемге сүйене отырып, балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі- ойын әрекеті деп сеніммен айта аламын.

Қорыта айтқанда, бала ойнай да, ойлай да білсін. Балалар біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Олардың ойын арқылы алған тәлім тәрбиесі болашақта балаға дұрыс жол көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жарықбаев Н. «Жалпы психология» Алматы – 2004.

2 Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту // Отбасы және балабақша, 2002, №1.-Б. 9-10.

### АУЫЗША СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

ДӘУЛЕТҚАЛИЕВА Р. Л.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Мәдениет дегеніміз – адамның ойлау, өзіне де, айналасындағыларға да талдау жасай білу қабілеті. Адамдарды ізгілікті, ақылды, моральдық міндеттемелерді мойнына алатын сыншыл жанға айналдыратын да мәдениет.

Мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралық сақталуы тиіс. Әсіресе тіл мәдениетін сақтау, ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі.

«Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап, сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал-әрекеттерді қамтиды.

Тіл мәдениеті дегеніміз - ғылым сөзімен айтсақ, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, стилистикалық нормаларды ұстану, ол заңдылықтарды бұзбай, жетілдіре, орнықтыра түсу»- дейді профессор Р.Сыздықова.

Тіл мәдениеті негізінен «сөз мәдениеті», сөзді орынды қолдану деген ұғымды білдіреді. Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеген кезде орфоэпия қағидаларын сақтап, мәнерлеп сөйлеумен тығыз байланысты. Сөйлеу нормалары орфографияға бағынышты емес.

Барлық сөздерді қалай жазылса, солай оқуды да міндеттей алмайды. Өйткені қазақ тілі – табиғатында үнді, әуезді тіл. Мәнерлеп, сөздің нақышына келтіріп айту- ауыз әдебиетінің асыл қазыналарынан, шешендік сөздерден келе жатқан заңдылық.

Ауызша сөйлеу кезінде тілдің өзіндік заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөйлеудің техникасын жетік біліп, сөздік қордың мол болған жөн.

Таңдап алынған мәтінді грамматикалық талдау, ұтымды үзінділер тілдік норманы дұрыс танып, үлгі-өнеге етуге үлкен пайдасын тигізеді. Мысалы мына үзіндіге көңіл аударайық: -Айт құтты болсын!

-Айтсын, жақсылығы бір болсын!

-Жыл он екі ай бір келген жарықтық «айт» қой, бұл күнді көрген де бар шығар, көрмеген де бар шығар...

Шеттен келген адам:

-Құрбандық қабыл болсын, -дейді.

- Әумин, айтқаның келсін, -дейді шалдар.

-Неғып кеш қалып жатырсындар.

-Малдың табылғаны-ақ осы болды... шетінен ұстап соя салатын бұрынғы дәуір қайда... (Б.Майлин.)

Бұдан ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі- бірін-бірі бетпе-бет көріп отырған екі, не одан да көп адамдардың өзара пікір алысу, түсінісу құралы екенін көреміз. Сөйлеу тілінде пікір алысу, түсінісу сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар кісінің бет-ауызы, қас-қабағы, қол-қимылы қатысып отырады. Оның үстіне сөйлеуші дауыс ырғағын құбылта сөйлейді. Сол себептерден ауызекі сөйлеу тілінде сөйлемді аяқтамай бітіру, сөйлем мүшелерінің орынын өзгертіп айту, сөзді талғамай қолдану жиі кездеседі.

Осындай әдеби шығармалардағы диалогтар оқушының тілдік қорын байыта түседі. Ал ойды жеткізер тіл тапшы болса, ойшыл ақынымыз Абай айтқандай: «көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда сәні кетедінің» кері болмақ...

Бір сөзді қайталай бермей, оған мағыналас, мәнделс синоним сөздерді қолдану-ойды әсерлі, түсінікті жеткізудің айғағы.

Айтайын деген ойынды бейнелі де, әсерлі жеткізудің бір жолы- мақал-мәтелді пайдалану, сөйлеу тілінің стиліне мән беру айрықша бір эмоционалды рең береді.

Мысалы:

-Шырағым, Қараман!-деді Байсал

-Сенің де жасың сәске малдан өтіп кетті. Ендеше, Есім ханның ескі жолын сен де білуге тиіссің. Мына тірлігіңе қарап, қарадай түңіліп

отырмын. Менін сөзімді көңіліңе ала берме... Құдайдың құзырынан тірі пенде қашып құтылған емес... Қарақшыдан кек қуалап қайтесің! Сау басыңды саудаға салмасаң деп едім. «Арамдықты адалдық жеңеді, жамандықты амандық жеңеді», деп атам қазақ білмесе айта ма! Сен ақсың, ал аққа құдай жақ. Мәтіннен Байсалдың қандай адам екенін аңғарамыз. Мақалды өз орнымен қолдана білген.

Мәнерлі сөйлеу мәдениеті дауыс ырғағына (интонацияға) да байланысты. Өйткені сөйлеу кезіндегі дауыстың сан түрлі құбылуы адамның сол өзі баяндап тұрған мәселесіне қатысын, эмоциясын, сезімін білдіреді.

Қорыта келгенде: сөйлеген сөздерді дұрыс айта білу, әсіресе сөз ішінде және сөз аралықтарында, тіркестерде орфоэпияның негізгі заңдылықтарын сабақтап, әуезді де, мәнерлі сөйлей білу, оған қоса дауыс ырғағын, интонацияны дұрыс белгілеп, сәтті де орынды, барынша тиянақты қолдана білу, сонымен бірге әр түрлі бет қимылы мен дене қозғалысы сәйкес келіп, бірін-бірі толықтыру арқылы тыңдаушыны қызықтыра түсу - шешен адамдардан бастап, әр адамның өзіне қойылатын талабы мен міндеті.

Сөйлеу мәдениетін меңгерген адам ойын да жазбаша дұрыс, жүйелі жеткізе алады. Дұрыс сөйлеу арқылы адамдар пікір алысады, бір-бірін түсініп, ой білдіреді. Айналаға, қоғамға, тұрмыс-тіршілікке деген жан-жақты көзқарасын, логикалық ойлау қабілетін, азаматтық, әдептілік, эстетикалық сезімін, өз бетінше терең білім алуын қалыптастырады. Дұрыс сөйлеген адамды ерекше көңіл қоя тындайды, қонымдысын ойға тоқып, таратады. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту-заман талабы. Сол заман талабына сай дұрыс, мәдениетті, сауатты сөйлей білу - баршамыздың міндетіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Г. Б. Охина «Тағылым мен тәжірибе» Алматы: «Өлке», 2004 ж.

2 С. Құрманғалиева «Қазақ тілін тереңдетіп оқыту» Алматы «Рауан» 1995ж.

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ОҚЫҒАҢДАР БЕЙНЕСІ

ЕҢСЕБАЕВА А. Қ.  
мұғалім, № 4 орта мектебі, Ақсу к., Павлодар облысы

Мұхтар Әуезовтің біршама әңгімелерінде сол замандағы оқыған адамдардың өмірі, тұрмыс-тіршілігі баяндалады. Олардың қатарына «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімелерін жатқызуға болады.

«Оқыған азамат» әңгімесінде қала тұрғындарының өмірі суреттеліп, олардың арасындағы қарым-қатынас туралы айтылады. Мұнда жазушы қазақ тұрмысының ауыр жақтарын, ұсқынсыз көріністерін мольрақ бейнелеуге ұмтылған. Әңгімедегі оқыған азаматтар тағдыры әр қилы. Қалада қызмет істейтін Мейірхан ауыр халде жатқан досы Мақсұттың үйіне келеді. Оның алдынан досының әйелі Қадиша шығады. Оны автор былай сипаттайды: «Сәнді киінген сүйкімді пішіні бар жас әйелдің түсінде де әлгіндей кейістің таңбасы бар. Түсінің ажары кетіп, қатты жүдеп, ақ-сұрланған. Қабағы болымсыз түйіліп, уайымның сызынан шытыңған. Жұмсақ қара көздері кішірейіп, жасанданған». Мейірхан мен Қадиша екеуінің түйілген қабағына, жүдеу түрінен бұл үйде бір оқиға болғанын аңғарамыз. Қатты науқастанып жатқан Мақсұттың бейнесін жазушы анық, дәл суреттеп берген: «Беті ашандап жүдеген. Әншейіндегі ақ-сұр түсі күрөңденіп ісінген. Көзі қанталап, жастанып апты. Қысқалау қою қара мұрты, сұлу қара қасы, қайырған ұзын қара шашы да қатып қалғандай болып жабысып жансызданған сияқты. Еріндері іштегі қызудан кебірсіп, жарылып, қарауытып қатты. Еті қашып, арыған жінішке қолдары қазірде дірілдеп, бір жерге орнықпай, ауру кеудесін сипалай береді. Қолдарының түсі сарғыштанған, тырнақтары көкшілденіп қанталап тұр». Ол қарлыққан дауысын қатты шығара алмай, сөздерінің көбі сыбыр аралас, ұғынықсыз болды. Содан соң шатасынқырап, сандырақтай бастайды. Мақсұттың өлер алдындағы бар ойы жалғыз қалып бара жатқан мүсәпір анасы мен өзі оқытқан жас жеткіншектердің қамы. Ол ақырғы сөзінде: «Қадиша... өлмейді... Бірақ ол сен туған жоқ... Басы көп, бай төркіні бар... Ең болмаса, соларға кетіп қалады ғой. Сені о да жылатар...» деп сезгендей айтады. Мейірхан да болашақта болатын оқиғаларды еріксіз көз алдына елестетіп, оған мұндай ой келеді: «Мақсұттың өлетіні рас, кемпірдің сорлы болып зарлайтыны да шын. Мына жас қатын жолдасының рухын сыйлап, бірге қайғы жеп отыра ма? Отырмайды. Бұл және қала қызы... Біреумен кетеді, ә?». Мақсұттың жағдайы күннен күнге нашарлай береді. Бұны автор былайша көрсетеді: «Сөніп бара жатқан шырағдан отындай бөсеңдей

берді». Науқастың дем алысы жиілеп, кеудесінде сырылдақ пайда болады. Енді өз еркімен денесін қозғай алмай, әлсізденеді. Мақсұттың өмірден озған сәтін жазушы былай суреттеді: «Түсі аз-аздап суи бастап, көзі шала жұмылып, бір араға қадалып қалды... Еріндерінің арасы ашылып, тісі ақсиып, бетіне өлім таңбасы басыла бастады. Кешікпей үзілді...». Қыршын жастың өмірі үзілді... Барлық арман-мұраты, болашаққа құрған жоспарлары орындалмай қала берді. Сондай-ақ автор молдалардың бейіт басында «қызылды сезген қарақұстай» жанталасып, өліктің үстіне жапқан шапанға, басы мен аяқ жағына салған орамал шүберекке таласқан рақымсыз, әдепсіз іс-әрекетін әшкерелейді. Мұңлы кемпір мен жас Қадишаның жалғыз ермегі және екеуін байланыстыратын жалғыз нәрсе – Мақсұттан қалған кішкене әйел бала Жәмилә. Мақсұт өлген соң бұл үйге оның жолдастары Жұмағұл мен Ақтай жиі келетін болады. Қадишаға оңашада аздап әңгіме, күлдіргі сөздер айтып көңілін көтеріп кетіп жүреді. Автор Жұмағұлды «жаратылысында қу, сөзінде шынынан өтірігі көп» деп сипаттайды. Ол ақыры ойлаған мақсатына жетіп, Қадишаға үйленіп, Мақсұттың бар дүние-мүлікне ие болып қалады. Оны шын мәнінде «оқыған азамат» деп айта алмайсың. Ол - тек қара басының қамын ойлаған, пайдакүнем, айлакер адам. Жұмағұлдың дүниеқоныздығы басында мына жерден байқалады: «... Қарсыдағы Мақсұттың үйіне Жұмағұл қомағайланған көзбен қарай түсті». Бұл жерде тойға бара жатқан Мейірханның екі оқыған жолдасы жайлы да айтып өткен жөн. «Екеуі жақсы киінген, ақ жаға салып, иіс май сепкен, тойға бара жатқандай-ақ ажарлы, көңілді» деп автор екеуін суреттейді. Мейірхан бұларды тоқтатпақшы болып, бұл тойға бармау керек дейді. Алайда жолдастары болмай: «Қойшы идеалист болмай! Барамыз да тамаққа тоямыз, кішкене ішеміз, нәменәсі бар?» деп Мейірханның аузын аштырмайды. Олардың ойлағаны – ішіп-жеу, тамаққа тойып алу. Ал ауыр науқастан дүниеден озған досы Мақсұттың аруағына деген құрмет жоқ. Бұдан олардың «оқыған» деген аты болмаса, сана-сезімінде имандылық, адамгершілік жоқ екенін көреміз. Жұмағұлдың әке-шешесі де баласына сай. Автордың сипаттауынша, шешесі Қамария «жас күнінен шаруақорлықты сарандыққа жеткізген, күтімділікті пайдакүнемдікке жеткізген, мінезі қатты, дүниеге пысық бәйбіше» болса, әкесі Әміре ақсақал: «... ішінен тақыс есебі арылмайтын...» қыжыр, бір доға кісі. Екеуінің де бар ойлағаны- мал дүние-мүлік. Бұл олардың мына сөздерінен байқалады: «Е, алса- алсын байдың қызын! Ол нәмені біз оқытқанда, «ылғи бізден шығын шығара бер» деп оқытып па едік?! «Мал тап, бізді асыра» деп оқытқанбыз... Бұдан былай мал таппаса, үйге де жолтпайық деп жүр едік». Ауылдағы адамдар үшін келіннің мына қылықтары ерсі көрінеді: «Келіннің келген жердегі ата-әнесіне «сәлеметсіз бе?» деп амандасуынан

бастап, үйге кірген соң төр алдына күйеуінің қасын отырып, минут сайын онымен сыбырласқаны да қыр тұрмысында еш уақытта болмаған бір өрескелдікті танытқандай болды». Бұдан Қадишаның бойында келін затына тән әдептілік, сыпайылық, биязылықтың жоқ екенін көруге болады. Бірақ та біраз уақыт өткен соң бала мен әке, келін мен әне бір-бірімен тез жақындасып кетеді. Бұлардың іс-әрекеті, мінез-құлқының бір жерден шығу себебін автор былайша түсіндіреді: «Малды сүйген қомағайлыққа, сарандыққа, қанағатсыздыққа келгенде, жас келін кәрі әнесінен асып түсті: жас жігіт оқыған десең де, кәрі әкесінен асып түсті, заты мінез бірлігі, «жас-кәрі», «оқыған-оқымаған» деген айырмыстарға қарамай-ақ, бұл адамдардың басын қосып, бірін-біріне үйлестірді». Енді бұлардың бір арманы- қаладағы кемпірдің қолындағы дүние-мүлікті тартып алу. Бұнымен қоймай, Әміре ақсақал тағы да мал табудың амалын ойлай бастайды. Ол кішкентай Жәмиләні Жанғазы деген ірі байдың кенже баласына атастырып қоюға өз басы келіседі. Бірақ Жұмағұл бұған көнбейді. Қадиша мінезіндегі қаттылық, қатыгездік мына жерден көрінеді: «... кемпірдің зар қағып жылағаны, Жәмиләні баурына тығып, құшақтап қысып, Мақсұтты жоқтағаны Қадишаның қатып қалған көңілін жібіте алған жоқ. Оның бұл үйде көп отыруға іші пысып, кемпірден тез жалығып, үйіне қайтқысы келді». Жалғыз баласынан айырылған сорлы ана Қадишалардың не мақсатпен келгенін білгенде, зорлық, жетімдік көз алдына бетпе-бет келгендей болады. Кемпірдің бар қуатын жиып алып айтқан сөзі мынау: «Мен баламнан, кешегі байымнан, арғы ата-бабамнан қалған мүлікті- туған емес, туысқан емес, дүспан болып отырған Жұмағұлға неге беремін? Менің балам жоқ болса да, ағайыным бар, Жұмағұл сияқты жатқа кеткенше, соларға кетсін! Бірзалығыммен бір сабақ жіп бермеймін. Қурап қалған сорлы кемпірге зорлық қылмақ болыпсындар ғой, көптіктеріңді істей беріндер!». Ал Қадишаның ұлықтан әкелген бұйрығын естіген соң, есінен адаса бастайды. Амалы таусылған кемпір Мейірханға барып жалбарынып, көмек сұрайды. Мейірхан мұндай зорлыққа жол бермеуге уәде беріп, Жұмағұлға жолығып: «... адамшылық қарызы деген бар емес пе? «Оқыған» деген атың қайда?!.. Байдың баласысың, бай жесірдің байысың, бай қайынға күйеусің... Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бақтың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны?! Қақаларсың әлі-ақ!..» деп айтып салады. Бірақ Жұмағұл, Ақтайлар бұл сөздерді Мейірхан іш тарлықпен, қызғаншақтықпен айтып тұр деп санайды да, бәрібір өз ойлағандарын істейді. Ақырында қамқорсыз, қорғансыз қалып, дүшпандарынан жапа шеккен сорлы ана қорлыққа шыдамай, қаза табады. Жұмағұл мен Қадиша көздеген мақсаттарына жетеді.

Бұл әңгіменің негізгі идеясы – кейбір оқыған адамдардың өз қара басының қамы үшін іс-әрекет жасауы. «Оқыған» деген аты болмаса, адамгершілігі, рақымы, аяушылық сезімі жоқ. Әрбір адам, мейлі ол кедей, бай болсын, барды қанағат тұтуы керек. Өмірде кедей, бай болу – әркімге берілген сынақ. Қолда барды дұрыс ұқсата білу керек. Біреудің мал-мүлкіне қызығып, сол үшін біреуге зорлық-зомбылық, қиянат істеу түбінде жақсылыққа апармайды.

Мұхтар Әуезовтің «Ескілік көлеңкесінде» әңгімесінің тілі бай, көркем, оқиғасы тартымды. Бұл – жазушы шеберлігінің айқын көрінісі. Бұның басқа әңгімелерден айырмашылығы - ескі әдет-ғұрып, ескі тәртіптің бүкіл көрінісі жан-жақты және өте қонымды суреттелуі.

Әңгіме табиғат құбылыстарын суреттеуден басталады. Автор табиғатты жандандырып, оған адамға ғана тән қасиеттерді дартып, кейіптеу әдісін сәтті қолданған: «Маңдайға таман көтеріліп келген ай мұңлы сәулесін мәңгілік сабырмен таратып тұр. Теңгедей бұлты жоқ таза аспанда таласып жымыңдаған қызғылт, жасыл, сарғыш түсті жұлдыздар түңғиық аспанның елбіреп қараған от көздеріндей... Өзен түн тыныштығының ортасында қоңыр-салқын лебіне оранып, түс көргендей қалғиды». Жайлауға екі атты келе жатады. Бірі - «ақжал шабдарға мінген жас бозбала, екіншісі - шоқша сақалы бар, қылаң мінген жолдасы». Ақжал мінген жігіт ақ көйлек, қара желетке киген, сыртында қара барқыттан жаға салған сұр шапаны бар. Бұл - Мойылды болысындағы оқыған жігіттердің бірі Қабыш. Оның пішіні бетіне жарық айдың сәулесі түскенде анық көрінеді: «Ұзын қара шашы тымақты сыпырып алғанда, салақтықтан шыққан жарастықпен маңдайына бұйраланып түсіп тұр. Пісте мұрын толық бетті ақ жігіт ай сәулесінің астында әрі оқыған, әрі сұлу жүзімен шынымен ақ ыстық сезім іздеген таулы даланың өзінше бір геройы сияқты еді». Қабыш барлық оқығандардың арасында «көзге толымды, көрнекті» саналатын. Оның көп жыл бойғы арманы - Жәмештің сұлу жүзін бір көру еді. Қыздың «ұзын бойлы жіңішке денесі мен сұлу қара көзді қызыл жүзі» жігіттің есінен кетпеген. Автордың Қабыш сезімін «қар үстіне қан тамғандай бусанған ыстық сезім» деу себебі - Қабыштың көп жылдай жазып жүрген хаттарына жауап ала алмай, арманмен жүруі. Жәмеш «өзінің беріктігіне қиғаш істеп қалатындай болып», хаттарға жауап бермеген, тек өзіне бетпе-бет бір-екі ауыз сөз айта салатын. Бұдан қыздың қаттылығы, пандығы, өзімшілдігі, төкаббарлығы көрінеді. Жәмеш өз ықтиярымен елдің ең басты адамы, әрі бай, әрі болыс, әрі өзінің жездесі, елу жастағы Кенжеханға күйеуге шығуға шешім қабылдайды. Осы Жәмештің әпкесі, Жақып қажының үлкен қызы Қадидша Кенжеханның тоқалы болған. Қадидша қайтыс болып, артында бір еркек, бір әйел баласы қалады.

Қадидшаның күйеуіне, төркініне айтқан ақырғы тілегі мынау еді: «Менің төсегімді бөтен кісінің басқанына ырза емеспін, артымда қалған жас балалар да бар. Мен дейтін болса, менің төркінім Жәмешті менің орныма берсін». Бұған Жәмештің оқып жүрген ағасы Қасым қарсы шығады, «алдыңғы Қадидшаның обалына қалғандарың да жетер. Кенжехан әулие болса да Жәмеш әрі қатын үстіне, әрі шалға бармайды» деп ара түседі. Алайда қыз намыстанып: «Мен сол кісіге ырзамын» деп бір-ақ байлауын айтады. Жәмеш барлық қыздардың арман-тілегі оқыған жігітке күйеуге шығу екенін біле тұра, өзі бұндай ойдан қашатын. Оның ақылшысы әрі тәрбиешісі- ескі тәртіптен өмір сүретін, қатал мінезді кәрі әжесі Мәкен. Мәкен «ауыл-ауданға өмірі толық жүретін ақылды, еркек мінезді» бәйбіше болады. Оның алдында барлық келіндері құрдай жорғалап, ешқашан қарсы келіп көрмеген. Жәмештің шешесі қырыққа келіп қалса да, жаңа түскен келіндей еңесінің алдында именіп отыратын. Тіпті Жәмештің әкесі Жақып та ел ішіндегі істерді шешесіне айтып, оның ақыл-кеңесін тыңдап отырады. Мәкен бұрынғы заманның адамын жоқтап, бүгін кісілердің көбін менсінбейді. Біреудің мінезін, істеген ісін өзімшілдікпен сынап, өз адамдарынан басқасының ешбір жақсы жерін көре алмайтын. Осындай «біреуді төмендете сынау, төкаббарлықпен бойына теңгермеу, өзінің билігіне нық көңілмен сену» сияқты мінездер Жәмештің де бойына сіңе бастайды. Жәмеш қонақта болған жердің салақтығын, қонақ күтуге олақтығын, үй ішінің ретсіздігін- барлығын сынап, әжесіне айтып беретін. Мәкен бәйбіше жігітімен бірге қашатын қыздарды «бұзылған» деп, ондай жағдай «ата-анасының туысы кемдігінен» деп мінейтін. Сондай-ақ «оқығандарды» «тұрақсыз, ойсыз, бұзылған адамдар» деп санап, өзінің оқыған немересі Қасым туралы: «оқу түзеткен бала көргем жоқ. Әйтеуір тірі болсын! Бұ да осы елдегі жын қуғандардың бірі» дейтін. Жұрттың Жәмешті мақтау себебі – Жәмеш үлкен кісіше бүкіл ауыл-ауданға ие болып, барлық адамдармен араласа біліп, орынды сөз сөйлеп, әке-шешесінің жоқтығын білдіртпей, ауылға ие болып қалайын мінезі.

Жәмеште ескілік үлгісі тек сана-сезімінде, ой-пікірінде, мінезінде ғана емес, сонымен бірге сырт пішінінде, яғни киім киісінен де анық байқалады. Ол «кең қолтық, кең етек, мол киім» киюді ұнатады. Оның ескі үлгімен киінетінін жазушы оқырман көзіне айқын елестетеді: «Жәмештің көшкенде жорға ат мініп, үкі таққан кәмшат бөрік киіп, тірсек жең қамзолдың сыртынан белін қынай буынып шапан киетіні де түгелімен кем болса қырық-отыз жыл бұрын болған бойжеткендердің үлгісі».

Осының бәрі – Жәмештің ескі тәртіптен шыға алмаған әжесінің тәрбиесін көріп өскендігінің айқын көрінісі. Қадидшаны Кенжеханға

тоқалдыққа бергізген де осы Мәкен бәйбіше болатын. Бірталай уақыт қарсыласып, барғысы келмеген Қадишаның амалы таусылып, әжесінің айтқанына көнеді. Сырт көзге Қадиша шалқып өмір сүргендей болады. Бар билік соның қолында - көңіл көтергісі келсе, ойын-сауық құрады, сәнді киім киеді, жалпы өзін емін-еркін ұстайтындай болып көрінеді. Кенжехан да әйелін қадірлеп, оған ерік беріп, еркелігін көтергендей болады. Мәкен де Жәмешке «бақ» деген осы, «Басындағы үйің алтын сарай болды» деген осы деп, Қадишаның «бақытты» өмірін ылғи сөз етіп, мақтап отырады. Алайда бұл «бақытты» тіршіліктің көз бояушылық, алдамшы екенін кім білсін. Қадиша ішіндегі қайғы-қасіретін, сыр-шерін ешкімге ақтарып айтпайды, күйеуімен алты жыл отасып, дүние салады. Қадишаның бақытсыз болғанын ашып айтқан Қасым: «Қадишаның да бақытсыздығы жетер. Жәмеш бармайды, берілмейді... Қадишада бақыт жоқ-ты, бәрі жалған, құр сырт бояу болатын. Қадиша өз күйігін маған айтқан-ды. Жәмеш Қадиша өмірінің сыртын ғана көрді, іштегі уын сезген жоқ». Ол жаны ашып, туған қарындасын Кенжеханнан қанша алып қалуға тырысса да, әжесінің сөзіне еріп, Жәмеш: «Қасым өз басын білсін, менде жұмысы болмасын, шын туысқан болса, мені айнытам демесін» деп, нық байламын жасайды. Алайда бұл шешіміне кейін қатты өкінеді. Кенжеханмен алғашқы кездесуінен Жәмеш өзгеріп, түңіле бастайды. Бірақ сырын ешкімге айтпайды. Жазушы Жәмештің неге мұндай күйге түскенін ашып айтпай, жұмбақ күйінде қалдырады. Қыздың ішкі сезімін автор былай береді: «Үндемей күрсінеді, іші у жұтып жібергендей пәре-пәре. Әлдекімнің қолы қастықпен ішкізген зәр сияқты». Ақыры Қабышпен кездесуге бел буған Жәмештің женгесі Бибішке: «Тез жүр, тез!» деген әмір-өтініші оның бір шешімге келгендігіне оқырманды үміттендіргендей болады. Әңгіменің басында Қабыштың Жақып ауылына келе жатқан себебі де осы. Қабыштың образы күрделі жасалған. Оның бойында ұтымды қасиеттерімен қатар, осал жақтары да көрінеді. «Оқыған» деген аты болмаса, автор оны жасықтау, икемсіздеу, қиялға көп беріліп, өмірдегі тартысқа онша бейімделмеген жан ретінде бейнелейді. Жәмешпен кездесуге келе жатқанда да Қабыштың көңілінде қуаныш пен күдік араласқандай болады. Қуанышы - осы күнге шейін бір жылы шырай танытып сөйлеспеген тәкаббар сүйгенін көру. Ал күдігі - бұдан қашып жүрген қыздың әлі де суық қарап, осы кеште бұны біржолата түңілтіп, күйеуін мақтап, қыр көрсете ме дегені. Екі жастың кездесуі немен аяқталғаны айтылмай, тұйық күйінде берілген. Олар мұраттарына жетті ме, әлде өмірден опық жеді ме, ол жағы да белгісіз қала береді.

Әңгіменің негізгі идеясы – бүкіл ауыл-аймақты өз қолында ұстай білген Мәкен бәйбішенің, оның тәрбиесінде болып, ақылын

тындап өскен Жәмештің ескілік көлеңкесінде қалып қоюы. Ескілікті аңсап, бұрынғы кездегі қатал тәртіппен өмір сүріп келе жатқан Мәкен кемпір Жәмешті дәл өзіндей қылып тәрбиелейді. Алайда бүкіл әңгіме бойы өзінің сырт келбетімен, іс-әрекеттерімен, мінез-құлқымен ескілікті көрсеткен Жәмеш ақырында мүлдем өзгеріп шығады. Заман ба, әлде жастық женді ме, әйтеуір бұрын менсінбей, көргісі келмейтін Қабышпен кездесуге асығуы Жәмешті оқырманға белгісіз басқа бір жағынан танытады. Осы байламынан, іс-әрекетінен Жәмештің ескілік көлеңкесінен босағаны көрініс тапқан сияқты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрқатов А. М. Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965. – 13-15 б.б.
- 2 Қабыл З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 250-260 б.
- 3 Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов. – Алматы: Ғылым, 1974. – 6-12; 15- 17 б.б.
- 4 Нұрғали Р. Әуезов және алаш. – Алматы: Санат, 1997. – 218-225 б.б.
- 5 Дүйсенбай С. М. Әуезов әңгімелерінің көркемдік және шындық ерекшеліктері. // Абай -2009, №2. – Б.62-66
- 6 Қасенов Р. Әуезов асқары. // Егемен Қазақстан. - 2009, 27 мамыр. – Б.8-10.
- 7 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 22-23 б.б.
- 8 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы: Арда, 2009.
- 9 Сатканова О.Л. М. Әуезов еңбектеріндегі халық өмірі. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2005. №6. – Б.25-30.
- 10 Шайкенова А.Ж. М. Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі құпия мағына туралы // ҚазҰУ хабаршысы, 2008- №2. – Б.252-254.

#### МӘШҰР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ-САЯТШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЗАТТЫҚ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА

ЕРЛАНОВА А. Е.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әр халықтың тұрмысының, мәдениетінің өзгешеліктері, ерекшелігі – сол ұлттың да ерекшелігі. Мұндай айырмашылықтарды

сол халықтың заттық және рухани мәдениетінің, әсіресе, қоғамдық, отбасылық тұрмысынан, мінездерінен, салтынан, әдет-ғұрыптарынан айқын көруге болады.

Сондай ерекшеліктердің қатарына халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы т.б. кіреді.

Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығынан басқа аңшылық-саятшылыққа да көп көңіл бөлінген. Көшпелі халықтың өмірінде маңызды орын алған осы кәсіп жайында жазылған еңбектер қатары баршылық. Әріден айтар болсақ, аңшылық-саятшылықтың қасиеті туралы Н.Я.Бичурин, Г.Е.Грум-Гржимайло, Хиуа ханы Әбілғазы, Г.С.Саблуков, В.В.Радлов сияқты тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде жазылған. Түрколог М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінен де аңшылық пен саятшылық туралы мағлұматтар мен тілдік деректерді кездестіреміз.

Осы тақырып аясында жазылған этнографиялық еңбектерді атап өтуімізге болады. Олар: Ж. Бабалықов, А. Тұрдыбаев «Қырандар». – Алматы, 1983; Б. Кәмәләшұлы «Қазақ халқының дәстүрлі құсбегілі мен атбегілігі». – Алматы, 2006; Б. Мүптекеқызы «Қазақ құсбегілері». – Алматы, 2006.; Б. Хинаят, Қ.М. Исабеков «Саятшылық – қазақтың дәстүрлі аңшылығы». – Алматы, 2007. Аталған еңбектерде аңшылық-саятшылық өнері этнографиялық, әдеби-танымдық тұрғыдан болса, Е.Қосбасаровтың бүркітшілік терминдері жайлы, Н.Уәлиұлының қазақ тіліндегі зоонимдер жайлы мақалалары тілдік тұрғыдан өте құнды. Сонымен қатар, тілдік тұрғыдан қорғалған Айтмұқашева Аида Айтмұқашқызының «Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика»[1] атты ғылыми жұмысын және Асыллова Раушан Омарқызының «Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны» [2] атты диссертациясын ерекше атап өтуге болады.

Сонымен қатар, мәшһүртанушы, профессор А.Қ.Тұрышевтың 4 томдық монографиясы осы салада құнды еңбектердің бірі әрі бастамасы деуге болады. Себебі, Мәшһүр Жүсіп шығармаларына осы еңбекте этимологиялық тұрғыдан тұңғыш рет талдау жүргізілген [3].

Профессордың «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы»[3] атты бірінші томының «Қару-жарак атаулары» деп аталатын тарауында біздің жұмысымызға қажетті кейбір сөздерге талдау жасалынған. Мәселен, қамшы, садақ, мылтық, арқан, қорамсақ сөздері талдауға түсіп, этимологиясы ашылған.

Зерттеуші Р.О. Асылвананың ғылыми жұмысы екі тараудан тұрады. Екінші тарауы аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың

семантикалық топтарына арналған. Біздің ғылыми жұмысымызға қатысты бөлігі осы аталмыш тарауда қарастырылған. Бұл ғылыми жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы қазақ тіліндегі АС қатысты атаулар жинастырылып, бірінші рет тақырыптық топтарға қарай бөлініп, лексикалық құрамына қарай анықталуы болып табылады. Сонымен қатар, АС қатысты атаулардың лексикалық құрамы анықталғанын; АС қатысты атаулардың лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалу ерекшеліктері жан-жақты зерттелініп, талданғанын, қазақ тіліндегі АС атаулардың уәжділік жүйесі ашылғанын, АС қатысты алдыңғы буын ғалымдар еңбектеріндегі АС атауларының этимологиясы жинақталып, жүйеленуін, АС қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге талдау жасалынғанын зерттеу жұмысының басты жаңалықтарының қатарына қосамыз.

Бұл жетістіктер біздің ғылыми жұмысымыздың бірінші тарауының жазылуы барысында ескеріліп, басты нысанға алынады.

Зерттеуші Р.О.Асыллова АС қолданылатын құрал-жабдықтарды жасалу ерекшелігіне, қолдану аясына қарай төрт топқа бөліп қарастырған:

1. Ұрып-соғу, ату құралдары: мылтық, садақ, шоқпар, сойыл, қамшы, қанжар, атқы, сақпан, айбалта, қатыр, саржа, семсер, сембе, таяқ, сүңгі т.б.

2. Жүннен, матадан, қылдан жасалатындар: арқан, арқамшы, тор, ау, сүзу жіп, шыжым, құсбау, бау (балақ бау, аяқ бау, шыжым бау, ірге бау/желі бау) т.б.

3. Аң-құстарды үркіту үшін қолданылатындар: дабыл, сақпан, шын, дауылпаз, дудыға, қоңырау т.б.

4. Арнайы жасалатын құрал-жабдықтар: қақпан, түтік, бүркіт құндақ, биялай, тұзақ, бүркіт балдақ\қолдық, аяққап, ырғақ, жезтұяқ\мыстұяқ, жем қалта, жемсауыт, тұғыр\құсағаш, томаға, құсқода, шырға, шөңгек, қанжыға, қыран үйі\талүйшік\құсхана, иыққап, таңдай ағаш т.б. [ 2, 60 б.].

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда осы бөліністі сақтауға тырыстық. Жоғарыда көрсетілгендерден біздің жұмысымызда төрт топтағы атаулардың барлығы болмаса да, бірсыпыра сөздер талданылады.

АС қатысты қолданылатын құралдың бір түрі – пышақ. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Төрттағандар» өлеңінен мысал келтірелік:

Мырзалық – қонаққа пайда, малға қас,

Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас!

Өтірік сөз – дауға пайда, иманға қас!

Өткір пышақ – қолға пайда, қынға қас! [4, 24 б. ].

ПЫШАҚ зат. 1. Кесуге, турауға, мал союға лайықты жүзі өткір, үшкір, сабы бар құрал [ҚТТС, Т.VIII. 28 б]. Пышағынды қайрап жүр, не соярынды білесің, Жауабынды сайлап жүр, жолдасынның не сұрарын білесің. Пышақ АС кәсіпте жекпе-жекте анды есіп, орып өлтіру үшін қолданылатын ең қажетті құрал. Пышақ сөзінің түбірі – піш. Ол пішетін, кесетін құрал. Тұрмыста жиі қолданылатын пышақтың түрлері өте көп: семсер, селебе, ақинақ, қанжар, құжанта, бұйда пышақ, кездік, от пышақ, бәкі (шаппа), ұстара, қандауыр.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде быч – кесу, шабу мағыналарын білдіреді. Қазіргі тілімізде «пішу», «кесу» етістіктерінің арасында мағыналық реңк бар екені байқалады. «Пішу» етістігінің ертедегі мағынасы бір ғана іс-әрекетте (еркек малды піштіруге) сақталған. Кесу мен пішудің алғаш синоним болғандығына тіліміздегі «кесіп-пішу» қос сөзі дәлелдейді. Пышақ сөзінің төркіні – «піш» [5, 230 б.].

АС кәсібінде жиі қолданылатын аспаптың түрі – дабыл. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Көрұғлы» дастанында:

Арғымақ атты жайлатып,

Қос-қос дабыл қақтырып,

Түрікпен халқын бақтырып, құс салып, сайран етерсің,

худак деген көлдерге! [4, 189 б.].

Халқымыз ертеден-ақ дабылмен қалың тоғайда мекендейтін құстарды, аңдарды үркітіп, қыран құстармен не басқа да айла-тәсілмен аулаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде дабыл сөзіне былайша анықтама беріледі: ДАБЫЛ. Зат. 1. Көне. Жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін, сасаткершілік құрғанда аң үркіту үшін пайдаланған аспап [ҚТТС, Т.III. 25 б]. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте дабыл – 1) барабан (екі жағы сірі керген, іші қуыс цилиндр пішінді соғып ойналатын музыка аспабы); 2) барабан қағу (дыбыс беру); 3) ауыс.хабаршы [АПТС. 8 б].

Р.О. Асыллова қазақ музыка аспаптарының атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген Т. Жаубасованың дабыл атауының тілдік табиғатына қатысты екі пікірі бар екенін айта келе, біріншісі: «дабыл түркі тілдері негізінде қалыптасқан аспап» деп қарау. Олай деуімізге себеп – бүгінгі түркі тілдерінде, соның бірі – қазақ тілінде де сирек қолданылса да \*дап > даб деген ілкі түбір бар. Міне, сол түбірден даб > дабыр, дабыл, дабылдап – дау > дауыл, дауылда сияқты тұлғалар туындаған. Бұл – қазақ т.б. түркі тілдеріндегі имитативті лексиканың сөзжасам модельдеріне тән құбылыс: \*шаңқ > шаңқылда, \*қаңқ > қаңқылда, \*дар > дарыл, \*сар > сарыл т.б. екіншісі: кейбір түркі тілдерінде, мысалы ұйғыр тілінде

– дап, дап – думба, өзбек тілінде – дап «барабан» мағынасында кездесетін шығу төркінін иран тілдері деп қарайтын \*дап аспабының жоғарыдағы «дап» (\*дап > дабыл) түбірімен сәйкестігі және дауылпаз сөзінің қазақ тілінің сөзжасамдық құрылысына сай жасалғаны және қазақ даласында дүниеге келген көне кәсіби құрал деп қарағанды жөн санаймыз деген қорытынды шығарады [2, 64 б.].

АС аң-құстарды қолға түсіру үшін әртүрлі айла-амалдар қолданылады. Соған байланысты тілімізде көптеген атаулар мен тілдік бірліктер бар. Жыртқыш аңдарды аулағанда пайдаланылатын әдістердің түрлері сан алуан болса, онда қолданылатын құралдардың түрлері де өте мол. Мысалы:

1. Аумен, тормен ұстау – аң-құстарды қолға түсіру үшін ау не тор қолданылады.

2. Тұзақпен аулау – аң аулағанда тұзақтар қолданылады.

3. Құмқақпанмен аулау – түлкі, қарсақ аулағанда аң інінде болғанда қар аралас құмды інге нығыздап, аузын үлкен жалпақ таспенибастырып қойып аулауда қолданылады.

4. Қақпанмен аулау – аңдарды қақпан қойып аулау. Аңшылықта қақпанның түрлері көп қолданылады. Мысалы: орқақпан, құмқақпан, тасқақпан, темірқақпан.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Шора батыр» дастаны:

Құдайдың құба жонында,

Таяғы бар қолында

Қақпан құрған шал жатыр [4. 291 б.], - осы үзіндідегі қақпан сөзіне былайша талдау жұмысын жүргіздік:

ҚАҚПАН зат. 1. Аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құрал [ҚТТС, Т. V. 570 б].

Қақпан сөзінің шығу төркіні жайында академик Ә. Қайдар еңбегінде айтылады, «қақ [ qaq] YI (тжч қап): қақпа < қақ+па ворота; қақпан < қақ+пан ( метатеза п ~ қ) қақпан. Ср.уйгр. қақпан қақпан» [6, с. 215]. Ә. Нұрмағамбетов сөздің түбірі «қап» немесе «хап» болғандығын якут, татар тілдерінен байқауға болады дейді. «Ұстап алу», «шап беріп» ұстау» мағыналарында қолданылады. Осы түбіге – қан жұрнағы жалғану нәтижесінде қақпан атауы туған. Ал «қақпан» болып өзгеруі тіліміздің дыбыстардың өзара орын алмасу заңдылығынан туындайды. Мысалы, «дорба», «айналу» сияқты сөздер кейде «дорба», «айлану» болып айтылады [5, 25 б].

Аң-құстарды аулауда қолданылатын құралдың бір түрі – тұзақ. Мысалы:

О заманда бар екен жалғыш киік,

Тамам кәпір аттанды тұзақ жиып.



Тұзағына кәуірдің (кәпірдің) киік түсіп,  
Тартып үзіп кете алмай, қалды киік [4, 129 б.].

ТҰЗАҚ зат. Әртүрлі құстарды ұстау үшін, қылдан есіп жасалатын аңшылық құралы. Тұзақ құрды. а) Құс жолына тұзақ байлады. ә) Ауыс. Айла, амал жасады, пәле ойлады. Тұзаққа түсті а) тұзаққа ілініп қалды. ә) Ауыс. Алдауға түсті, ұсталды [ҚТТС, Т.IX. 264 б.].

Бұл мысалда тұзақ сөзі тура мағынада қолданылған. Яғни, аң аулау мақсатында аңшылардың тұзақ құруын білдіреді.

Зерттеуші Р.О.Асыллова өзінің жұмысында тұзақ пен тұсау сөздерінің шығу төркіні бір деп көрсетеді. Мәселен: Аң құстайын ұшайын, Аяғыңды тұсайын (Сүйінбай). Тұсамыс пен тұзақ мағынасы бір-біріне жақын. Ә. Қайдар тұс [tus]Y: тұсау < тұсау+ау// тұсамыс < тұс+амыс//тұсақ < тұс+ақ диал.путь; тұса < тұс+а налагать нуты. Ср.тұз > тұзақ. Ұйғыр тілінде тұз ау деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде тұзақ сөзімен мағыналық жағынан жақын тор деген сөз қолданылады. Тұз > тұзақ > тұсау > тұсамыс > тор мағыналары жақын сөздер. ТҰЗ// ТОР шығу генетикасы бір сияқты [2, 66 б.].

АС аңдарды аулағанда не тосыннан жыртқыш кездескен жағдайда қамшыны да пайдаланған. Мысалы:

Жолдасы жоқ жанында

Сөйткенмен кімнен сасады?!

Ойына келмей дәнеме

Ғиратқа қамшы басады [4, 197 б.].

ҚАМШЫ зат. 1. Көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әр түрлі нұсқада түйіп өріп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған құрал; ер-тұрманның бір құрамы [ҚТТС, Т.V. 617 б].

Профессор А.Қ.Тұрышев өзінің монографиясында қамшы сөзінің қам түбірі башқұрт, татар тілдерінде «қайғы», «уайым» мағынасында қолданылатынын айтады. Зерттеуші Н. Уәлиевтың еңбегінен: «Ал орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ, қазіргі туыстас тілдердің кейбірінде (Тува, тоғалар, Алтай, Сары ұйғыр, хакас т.б.) қам «бақсы» дегенді білдіреді. Қарапайым тілде де қамшы сөзі шаман мағынасында жұмсалады. Бұл салыстырулардан бақсы мағынасын білдіретін сөздің бірде қам, бірде қамшы түрінде айтылатындығын байқаймыз» мысал келтіреді. Сонымен қатар А. Янушкевич жазбасына сүйене отырып, бақсының ғана емес, қамшының да емдік сипаты болғанына тоқтала келіп, қам (қам+шы), бақсы (бақ+сы) бағу) семантикалық мағынасы бір сөздер деген тұжырымға тоқталады [3, 201 б.].

Аңшылық пен саятшылықта аң-құстарды арқан, шыжым, тор, ау сияқты құралдармен де аулаған. Аtpен қуып жеткен аңды салма ұстап алу үшін арқанды пайдаланған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылаған зары» атты өленде арқан сөзі кездеседі:

Байлаулы атқа пішенім,

Матаулы атқа кісенім.

Ат арқандар қазығым,

Балаларға азығым! [ 4, 38 б.].

АРҚАН. Зат. 1) Мал, аң айлау, жүкті буып-түю, киіз үйдің қаңқасын таңып-бекіту үшін жүннен, қылдан т.б. жасалған жуан, ұзын жіп түріндегі шаруашылық құралы. 2) Малшар. Көбінесе қылдан, жүннен жасалатын, мал байлауға арналған ұзын, жуан жіп, байлап-матау құралы. 3) Киіз үйді таңып-бекітуге арналған бау-шуы. 4) Жүкті буып түюге арналған таңып-бекіту құралы, ұзын, жуан жіп. [ҚӨТС, Т.I. 619 б].

Берілген үзіндіде арқан сөзі мал байлауға арналған ұзын жуан жіп, байлап-матау құралы ретінде қолданылып тұр.

Профессор А.Қ.Тұрышев өзінің монографиясында арқан сөзінің этимологиясына талдау барысында Арқан\* – веревка из овечьей шерести, заплетенная конским волосом – дейді Тверитин. В.В. Радлов арқан 1) толстая веревка, канать; 2) веревка изъ конскихъ волосъ – дейді (Том I. Часть 1. 1893: 288). Арқан – толстая веревка, канать (Будагов, 30). Кемэндь п. Укрюкъ (құрық – А. Қ.) силокъ, аркань съ крючкомъ на концъ, накинуть на концѣ, накинуть аркань, поймать силькомъ (Будагов, 138) деп дәлелдер келтіре отырып, «Арқан бойы ұзындық өлшемі болған. Арқан, қайыс, шыжым жіпті, шылбырларды желі мен керме тартуға пайдаланады. Бұлар ат өзбелдеріне жатпағанмен жасалу жолы, тәсілі бар. Ұлттық өнер, салт-дәстүрдің түрік жұрты ойлап тапқан бір түрі. Тазалық үшін мәні зор. Арқан > желі мағынасы бір сөздер. Тұрмысқа қатысты заттың атына ауысып кеткен» деп қорытынды жасайды [3, 206 б.].

Түркітанушы Э.В.Севортян еңбегінде арқан сөзінің этимологиясы берілген. «Арқан – отглогольное производное со значением названия орудия (или предмета\результата) действия от глагола арқы – (ср.тув.арғы), арқа – (ср.хак.арға) «плести», «сплестать», «вязать» + отглогольно-именной афф. – н со значением орудия\средства или объекта\результата действия. Возможен и друго й анализ арқан как отглогольного производного на – қан от указанных глоголов в исходной форме, т.е., \*ар-қан» [7, 205 б.].

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда АС қатысты пышақ, дабыл, қақпан, қамшы, тұзақ, арқан сөздеріне этимологиялық талдау жұмыстарын жүргіздік. Осы келтірілген мысалдардан басқа АС қатысты көптеген сөздер Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалар жинағында кездеседі. Олардың бәрін бұл мақаламызға сыйдыру мүмкін емес.

Зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағы тілдік тұлғаларға бай құнды еңбек екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Әлі де қарастыратын, талдайтын атаулардың қатары мол. Біздің жұмысымызға дейінгі жазылған ғылыми еңбектерде назардан тыс қалып қойған атауларды толықтырып, талдап, қарастыру біздің басты мақсаттарымыздың бірі болып қала бермек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айтмұқашева А.А. «Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтикалық семантика». Ф.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007.

2 Асыллова Р.О. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны. Филол., ғыл., ғанд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2009.

3 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы. Монография. 1 том. – Павлодар: Кереку, 2008. – 273 б.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. Павлодар: «ЭКО» ГӨФ, - 2005 ж. – 410 бет.

5 Нұрмұғамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

6 Кайдар А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 с.

7 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1974. – 556 с.

8 ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.

9 ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі.

#### КӨРКЕМДЕГІШ-БЕЙНЕЛЕГІШ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ КОМИКА ТУДЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

ЕСЕНФАЗИНА Б. Б.

магистр, аға оқытушы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты  
АЛИЕВА Д. А.

магистр, аға оқытушы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Әдебиеттің драмалық тегі үш түрге немесе жанрларға бөлінеді, олар: трагедия, комедия және драма. Бұлай бөліну драмалық тартыстың ерекшеліктеріне, яғни оның трагедиялық, комедиялық болмаса драмалық сипатта болып келуіне байланысты [2, 356].

Трагедия (грекше tragoidia – текенің әні) – құдіретті күш иесі, ғаламат қайсар, ақиық ер де өр тұлғалардың жаратылыстағы, жалпы өмір-тіршіліктегі адам жөніп болмас асыңқы, асқақ кедергілермен кескілесіне, оның жан дүниесіндегі терең тебіреністерге, өзімен-өзінің іштей арпалыстарына құрылған күрделі сахналық шығарма. Мұнда бас қаһарманның қазасымен – мұңмен, зармен бітіп отырады.

В.Г.Белинский өзінің «Сын мақалалары» атты еңбегінде: «Драматургияның тағы бір түрі – комедия (грекше komadia – күлкілі қызық ән) – өмірдегі келеңсіз, керексіз құбылыстарды, адам бойындағы қасиетсіздікті, оспадарлықты, мінездегі мінді сықақпен сынап, келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса. Комедия, трагедияға керісінше, «өмірдің биік поэзиялық сәттерін» суреттемейді, қарапайым «күнделік прозасын, ұсақ-түйегін, кездейсоқ жайттарын суреттейді» – деп пайымдаған [3, 566].

Комедияда кейіпкерлер тұлғасы күлкілі және әжуә – мазақ түрінде бейнеленеді.

Комедияның басы да, трагедия сияқты, баяғы Дионис мейрамында жатыр: өлген «текенің» қайта тірілуін көне гректер енді комедиямен (космос – көңілді топ, одә – ән), яки көңілді әнмен, қызық бимен, күлдіргі ойындармен құттықтаған. Кейін шын мәніндегі театр өнеріне айналған комедия да дүниеге о баста осылай келген.

Комедия жанрының бастау – негізі де көне грек әдебиетінде жатыр. Комедияның тамаша үлгілері – көне Грециядағы «комедия атасы» (Энгельс) атанған Аристофанның (б.э.б V-IVғғ.) «Салтаттылар», «Бұлттар», «Бақалар» шығармаларынан бастау алады. Бұлардың қай-қайсысында болсын, Аристофан өз кезіндегі қоғамның саяси-әлжуметтік өміріндегі сорақылықтарды ащы, сынға алып, мазақ етеді.

Еуропа әдебиетінде Лопе де Вега, Шекспир, Мольер, Бомарше, орыс әдебиетінде Фонвизин, Гоголь, Грибоедов, Чехов

шығармаларының үлесі қомақты, XX ғасыр драматургиясында да комедияның орны үлкен.

Комедияның Батыс Еуропа әдебиетінде мықтап өрістеген тұсы – классицизм кезі. Әсіресе Мольердің «Сараңы» мен «Тартюфын» атауға болар еді. Комедияның орыс әдебиетіндегі айрықша асыл үлгілері – Фонвизиннің «Тоғызшарлары» мен Грибсеговтың «Ақылдан қайғысы», Гогольдің «Ревизоры» мен «Үйленуі». Ал кеңес драматургиясындағы комедиялық шығармалар В.Маяковскийдің «Қандаласынан» Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірігіне» дейін ондап, жүздеп саналады.

Комедияның күші – күлкіде, күлкінің күші – шыншылдық пен табиғилықта. Шыншыл һәм табиғи күлкі терең мазмұнды тартыстан туып, толыққанды юморлық, не сатиралық образдарға көркем жинақталып, парасатты биік идеяға шебер бағындырылғанда ғана комедия жалаң водевиль, жеңіл фарс, арзан мелодрама сипаттарынан аулақ, бұл жанрдың шын мәніндегі шынайы шығармасына айнала алады. Комедия авторына талап осы тұрғыдан қойылуы тиіс [4, 157 б].

Өзіндік тіл әлемі, сөз қолдану өрнегі бар Дулат Исабековтің сөз ұстану машығын ешбір жазушымен шатастыруға болмайды. Тілінің шұрайлылығы – халықтық тілді үйлесімді қолдана білуінің нәтижесі. Шешен қаламгер сөз мағынасын ауыстырып, кеңейтіп, құбылтып, экспрессионистарды ұтымды жұмсап, қарапайым сөздердің өзін түрлендіре, сөздерге жан бітіре қолданады. Жазушы даралығы осыдан айқын көрінеді.

Шынында, Дулат Исабеков өмірді таныған адам. Өмірді тани білу, түсіне білу бар, сонымен қатар жеткізе білу бар. Жазушы Дулат Исабеков сол өмірді, өзі өмір сүрген ортаны тани біліп, танымын шеберлікпен оқырманына жеткізе білген. Өйткені шебер суретші сөз бояуын өмір шындығын терең бейнелеу үшін талғап, таңдап алып зергерлік танытады. Көркем сөз айшықтарын өзінің идеялық эстетикалық нысанасына орай жұмсайды.

Д.Исабеков көркемдегіш-бейнелегіш құралдар арқылы комика тудырудың шебері:

«Жылында өтететін бір жиналысқа клубтың жартысы да толмай, бөлімшенің белсенділері үйді-үйге кіріп, адамдарды тележкамен теріп әкелетін. Бұл жолы қара құрым боп кетті. Ішке сыймай қалған сорайған мойын мен қолағаштай мұрын, адырандаған көз бен қалқиған құлақтар есік-терезеден анталап тұр. Кемпірбайдың жолдастық сотқа түсуі төртінші бөлімше үшін Нюрнберг процесінен бір де бір кем болған жоқ» («Ақырмаштан наурызға дейін» 371б). «Куәгер ретінде Орысбай мен Мүсір кіріп келгенде Кемпірбайдың аузы аңқиып, көзі шекесіне шығып кетті» («Ақырмаштан наурызға дейін» 373 б).

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, жазушы Д.Исабеков бейнелегіш құралдар: эпитет, синекдоха, теңеу, әсірелеу арқылы комика тудыруған. Жазушы бейнелегіш құралдарды юморлық мақсатқа сай қолдана біледі. Әсіресе теңеу арқылы күлкінің небір түрлерін жасайды. Қазақ тілінде теңеуді жан-жақты зерттеген ғалым Т.Қоңыров теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрлымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген. Қазақ теңеулері атты монографиясында ғалым теңеуге мынандай анықтама береді:

«Теңеу дегеніміз – ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы», – [4, 53 б] дейді.

Ал әдебиетші ғалым Зейнолла Қабдолов: «Әдеби тілде үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі - теңеу /орысша-сравнение/» [4, 212 б], – деп тұжырымдайды.

Д. Исабеков әңгімелерінде теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, жазушы теңеулерді бірде кейіпкерлердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

Кейіпкерлердің күйін, өкінішін, аянышын, ызасын, көрген қорлық-зорлығын, жиреніш сезімдерін жинақтап жеткізген теңеулер жазушының шеберлігін танытып, адам жанын түсініп, адамзаттың ішкі сезім иірімдерін жеткізе білген жазушы екендігін танытады. Мәселен:

Есіркептің көзі ит көрген ешкідей едірейіп, өкпесі ауа сормай қалды («Ескі үйдегі жаңа қоныс» 394б).

Ол сол орнында аз-кем аялдады да, артындағы семіз түйенің ізіндей шаңын алақанымен бір-екі қағып, үндемеген бойы қақпадан шығып кетті («Ескі үйдегі жаңа қоныс» 395б).

Ит көрген ешкідей, семіз түйенің ізіндей, жағаға шығып қалған балықтай, жылан сорып жатқан құрбақадай деген жазушының қаламынан шыққан авторлық теңеулер кейіпкердің түрлі психологиялық күйдегі кескінін көрсетеді. Жазушы болмашы себеппен ашуланатын, бірақ қолынан түк келмейтін адамдарды әрдайым күлкіге нысан етіп отырады. Қаламгер комизм тудыруда көркемдеп-бейнелегіш құралдардың ішінде теңеуді өнімді қолданады. Күлкі тудыратын авторлық теңеулердің барлығы **-дай**,

-дей жұрнағының көмегімен жасалып, кейіпкер портретін берудегі ұтымды тәсіл ретінде қолданылады.

Жүнін жұлған құстың денесіндей, *бұршиқ-бұршиқ бетіне* үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайғасыпты. О баста оны әлдекім лақтырып жібере салғандай, бір жағына қисайып жабысқан екен. Бір көрген адам оны әні-міне құлап кетеді екен деп минут сайын күткендей еді («Шойынкұлақ»300 б).

Үйге Ботбай кіріп келді. Ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық,үстінен солярка мен сүрлем иісі аңқыған баяғы жылқы тіс Ботбай («Есепшот, Түйетауық және домино»392б).

Д.Исабеков күлкіні кейіпкер портретін беруде өнімді қолданады. Жүнін жұлған құстың денесіндей (беті), үсіген картоптай (мұрын), әлдекім лақтырып жібере салғандай (қисын біткен мұрын), апиншыдай (арық дене), шөлдің құдығындай шүңірейген (көз), теректен тескендей сидіған (аяқ-қолдары), қисық ағаштан жонғандай (үлкен мұрын), сырықтай (бой), ащы ішектей шулатылған (аяқ) – деген теңеулер соның дәлелі. Теңеулер арқылы кейіпкер портретін берумен бірге образын да ашады. Өйткені кейіпкердің күлкілі портреті оның мінез-құлқының кейбір жақтарын да аңғарта кетеді. Кейіпкер портретінде күлкі тудырып тұрған белгілер бірден оқырман назарын аудартады.

Қайыңның берш боп қатқан безіндегі екі беті тырсия сыздап тұр. Оның анадай ашуланғанын көргенде, өзінен үлкен итті көрген күшіктей, менің ашуым құйрығын бұлғандатып қалды («Шойынкұлақ», 311 б).

Жаңа Зеріп құлап қала жаздағанда, қасында жоқ сияқты едініз, қайдан шыға келдіңіз? «Айдабол, ас ішкенде пайда бол» дегендей, өбден жатақханаға жақындағанда пайда бола кетеді екенсіз, - деп күлді («Шойынкұлақ», 326 б).

Жаңғазының екпіні жүнін сәл жыққан секілді. Тәмпіш мұрнын үсті-үстіне тартып ойланып қалды. Жанары сәл жуасығандай жүк жақты шарлай қарап кеп алдындағы киізге төнді (Ескерткіш»,256 ).

Мұндағы қайыңның берш боп қатқан безіндегі (*бет*), өзінен үлкен итті көрген күшіктей құйрығын бұлғандату (қорқақ адам), «Айдабол, ас ішкенде пайда бол» (аяқ астынан сап ете қалу), жүнін сәл жыққан секілді (ашу), тапырақтаған тайлақ құсап (сасқан адам), баяғының кең бүйірлі болыскей самаурыны (Шәріптің дем алысы) - деген теңеулер соның дәлелі. Теңеулер арқылы кейіпкер портретін берумен бірге образын да ашады. Өйткені кейіпкердің күлкілі портреті оның мінез-құлқының да кейбір жақтарын аңғарта

кетеді. Сонымен бірге кейіпкер портретінде күлкі тудырып тұрған белгілер бірден оқырман назарын аудартады.

Қаламгердің өзгеге ұқсамайтын тілінің құдіреттілігін танытатын тілдік қолданыстар көп. Авторлық ерекшелік болып түсетін бірліктерге назар аудардаруды жөн көрдік.

Атыммыш жазушы жиі қолданылған көріктеуіш тәсілдерінің бірі – эпитет. «Айқындау, яғни эпитет – заттың құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» [9, 209].

Эпитет кейіпкердің жан дүниесін ашуда, кескін келбетін суреттеуде ерекше қызмет атқарады. Жазушы портрет, оның детальдарын жасау, кейіпкеріне мінездеме беру, кейіпкердің ішкі сезімдерін, көңіл-күйін бейнелеу үшін, сөз ажарын көркейтп, ойды кемел жеткізу үшін, табиғатты әсерлі суреттеу мақсатында эпитеттерге сүйенеді. Эпитет – кейіпкердің портретін жасауда ұтымды түсетін тәсіл.

1.Кейіпкер характері мен портретін беру үшін жұмсалады,

2.Эпитеттерді кейіпкердің жағымсыз бейнесін беруге жұмсалған;

Жазушы эпитеттері тек кейіпкер портретін сомдаумен шектелмей, кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі сезімін ашуға да үлес қосады. Көркем мәтіндегі эпитеттер құрылымы жағынан сын есімнен, есімшіден жасалған.

3. Эпитеттер табиғат, өмір құбылыстарын бейнелеу, өтіп жатқан оқиғаны бейнелеу, суреттеу үшін қолданылады. Мысалы, Дулат Исабековтің әңгімелеріндегі тұрақты эпитеттер көп кездеседі. «Тұрақты эпитет дегеніміз– бір затқа тұрақталап бекіген, мағыналық дербестігін сақтаған, екі не одан да көп сөз тіркесінен тұратын, бірінші компоненті коннотативтік, екінші компоненті денотативтік қызмет атқаратын, өзара қабыса байланысқан, көркем бейнелі, образды тұрақты сөз тіркестері [9,44].

Тұрақты эпитеттердің негізінен бейнелік, көркемдік сапасы әлде қайда жоғары, эмоциялық бояуы мейлінше қалың экспрессивті әсері өзгеше күшті болады.

*Ұзын бойлы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз,сырықтай бой, сұсты адам т.б.*

Осыдан бірер жыл бұрын, тіпті баяғы заманда деп айтуға болады, Ережеп қатты аварияға түсіп, ауызындағы алты тісін сындырып алды. Алты тіс кеткен соң ауыз болмай, қасқырдың ескі ініндей үңірейіп қалады екен. Сол үңірейген ауызбен ол бір жыл жүрді. Бір жыл ішінде құрдастарынан естімеген сөзі қалмады,

тіпті, «апан ауыз» деп балалар да мазақтайтынды шығарды (Дулат Исабеков «Конфронтация» 409 б).

*Ережесі ескі құпияның ойда жоқта ашылғанына іштей қысылып... Бұл ерекше оқиға жұртқа тез тарап, бүкіл совхоз күлкіге батты («Конфронтация» 413 б).*

Берілген мысалдардан байқағанымыздай Д.Исабеков бейнелегіш құралдар: эпитет, синекдоха, теңеу, әсірелеу арқылы комика тудырудың шебері. Жазушы бейнелегіш құралдарды юморлық мақсатқа сай қолдана білген. Әсіресе теңеу арқылы күлкінің небір түрлерін жасаған. Біз осы тараудың алғашқы тараушасында жазушы қолданысындағы теңеулердің жасалуы мен стильдік қызметін сөз еткен болатынбыз. Сондағы жазушықаламынан туған авторлық теңеулердің көпшілігі комика тудыру мақсатындағы теңеулер.

Жүнін жұлған құстың денесіндей, бүршік-бүршік бетіне үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайғасыпты. О баста оны әлдекім лақтырып жібере салғандай, бір жағына қисап жабысқан екен. Бір көрген адам оны әні-міне құлап кетеді екен деп минут сайын күткендей еді («Шойынқұлақ» 300 б).

Сонымен әңгімелер тіліндегі күлкінің шығу негіздерін саралай келе күлкі, мысқыл мынадай жайларда қолданылатынын байқадық.

1. Адам мінезіндегі жалқаулық, бойкүйездік, жемқорлық сияқты кейбір кемшіліктерді ашқан кезде күлкіге, сықаққа жол береді.

2. Кейіпкерің атын мінез-қылығына орайластыра мысқылдап қояды.

3. Күлкіші кешіпкердің кескін-кейіпіндегі ұсқынсыздықты баяндауда қолданады.

4. Мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін және кейбір үйлесімсіздікті көрсетуде күлкіге иек артады.

«Өмірде күлкі негіздері, оның туу себептері көп. Күлкі іс-әрекетте де, сөзде де, түр-түсте де, мінезде де көрініс таба береді» [8, 86 б].

Жазушы соларды түрлі тілдік тәсілдерге жүгіне отырып бейнелі жеткізеді. Шығармалардағы күлкінің берілу жолдары бірдей емес. Айталық сөзді тура мағынасында алып, күлкі тудыру мен теңеу қызметін пайдалану өнімді қолданылған тәсіл. Ал автордың көркемдегіш-бейнелегіш құралдардың ішінде эпитет, синекдоха, әсерлеуді, тосын сөз қолданысы мен диалогты шебер қиюластырып комика тудырудағы өзіндік ерекшелігі екенін айқын көруге болады.

Сонымен жазушы Д. Исабековтің шығармалары тіліндегі күлкінің шығу негіздерін саралай келе күлкі, мысқыл мынадай жайларда қолданылатынын байқадық:

а) адам мінезіндегі ішкіштік, сараңдық, жағымпаздық, жемқорлық сияқты кейбір кемшіліктерді ашқан кезде;

ә) отбасындығы және қыз бен жігіт арасындағы қарым-қатынасты ашуда;

б) баланың тілі мен қылығын суреттеуде;

в) кейбір кейіпкердің кескін-кейіпіндегі ұсқынсыздықты баяндауда;

г) мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін және кейбір үйлесімсіздікті көрсетуде күлкіге иек артады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық: Әдеби-сын мақалалар, портреттер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 42-бет.

2 Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994-796.

3 Белинский В.Г. Шығармалары. Сын мақалалары. Томск. 1987 – 256б.

4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2006 – 332б.

5 Мақыров С. Адамтану өнері. Алматы: Арыс – 2009ж. 221бет.

6 Киселев Н.Н. Проблемы советской комедии. Томск, 1973 – 42с.

7 Қожакеев Т. Сатира туралы сырласу. Жұлдыз – 1975. 195б.

8 Мұсабаев А. Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы. Алматы, 2004 – 178б.

9 Салихова А. Ирония в филологии и лингвистике. Москва, 1994 – 250б.

## ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

ЕСІРКЕПОВА К. Қ.

ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ЛЕКЕРОВА Е. Ж.

оқу-әдістемелік кабинет меңгерушісі,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Мәдениетті жасайтын да, мәдениетпен бірге өмір сүретін де адам. Соңғы кезде лингвомәдениеттаным, когнитивті лингвистика ғылымдарында адам тіл мен танымға байланысты жан-жақты зерттеле бастады. Көптеген ғалымдар адамды бастапқы орынға қойып, тілдік тұлға, жеке тұлға ретінде қарастыра бастады. Жеке тұлға мәдениет шеңберінде қалыптасады.

Ю. Н. Караулов: «Тілдік тұлға тек мәтінді құрылымдық – тілдік қасиеті жағынан ажырата алатын, шындықты дұрыс бейнелей алатын, өзіндік мақсаттық бағыты бар адамды айтамыз» - дейді [1, 89 б].

«Тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның жай саналы адам аумағынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы шығып кетуінде жатыр. Адамның индивидтік деңгейден «Тілдік тұлға» деңгейіне айналу жолы тіл білімі үшін күрделі де қызықты мәселе. Бұл аралықта индивидтің, алдымен тұлғаға айналып барып, тілдік тұлғаға, яғни соңғы шектік дәрежеге көтерілуін ескеруіміз қажет. Халқымыздың рухани мәдениетін құрайтын шешендер мен батырлардың, билер мен ақындардың т.б. тұлғалардың тілдік тұлғаға айналуы нәтижесінде олардан қалған асыл, нақыл сөздер ауыздан-ауызға тарап, халық жадында сақталады. Кез келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, жеке тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында жатыр. Мысалы, Қажымұқан қазақ халқының ұлы перзенті болғанымен тілдік тұлға ретінде қабылданбайды, ал Махамбет Өтемісұлының дара тұлғасы оның өр де азаттық рухына сәйкес көркем тілімен сабақтасып, оның ерекше тілдік тұлғасын танытады [2, 12 б].

Демек, «тілдік тұлға» есімі, оның айтқан сөздері, шығарған өлең-жырлары, жазған мақалалары ел есінде мәңгі қалуы тиіс.

Тілдік тұлға тілде, яғни өз ана тілін дамытушы адам ретінде танылады, сондықтан оның тілінің мазмұны, сол тілдегі ортақ тыныс-тіршілігінен хабар береді. Бұл орайда Ю.Н. Караулов былай дейді: «Біріншіден, тілдік тұлға әлеуметтік заңның қорытындысы, әрі түйіні болады; екіншіден, тілдік тұлға этностың тарихи өсуінің жемісі, үшіншіден, тілдік тұлға меншіктілікке, оның биологиялық, әлеуметтік, физикалық заңдарына байланысты болады; төртіншіден, тілдік тұлға өзінің қолданыс аясында жүйелі құрамды белгілерді жасаушы, пайдаланушы болып табылады да, нәтижесінде «стиль - адам» деген қорытынды жасауға болады [1, 22 б].

Тілдік тұлға ұғымының құрылымын төмендегіше көрсетуге болады:

1. Бағамдық, дүниетанымдық, тәрбиелік компонент. Тіл дүние туралы алғашқы және терең түсінікті қалыптастырады.

2. Мәдениеттанымдық компонент. Бұл тілге деген қызығушылықты қалыптастырады.

3. Жеке тұлғалық компонент. Бұл жеке қасиеттерді қалыптастырады.

Тілдік тұлға әр түрлі деңгейдегі (ғылыми, тұрмыстық) қоғамдық санада, тілде көрініс тапқан мәдениет өрісінде өмір сүреді.

Мәдениет сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдерде, мәтіндерде көрініс табады.

Күні бүгінге дейін тілдік тұлғаның лингвистикадағы статусы жайлы әр түрлі пікір айтылып келеді. Мәселен, В.П. Нерознак тілдік тұлғаны көп адамдық және жеке адамдық тұлға деп екіге болса, С.Т. Воркачев этносемантикалық тұлға деп атады. Сондай-ақ элиталық тілдік тұлға (*О.Б. Сиротинина, Т.В. Кочеткова*), семиологиялық тілдік тұлға (*А.Т. Баранов*), орыс тілінің тілдік тұлғасы (*Ю.Н. Караулов*), тілдік тілдік және айтылымдық тілдік тұлға (*Ю.С. Прохоров, Л.П. Каблукова*), батыс және шығыс мәдениетінің тілдік тұлғасы (*Т.Н. Снитков*), сөздік тілдік тұлға (*В.И. Карасен*), эмоционалды тілдік тұлға (*В.И. Шаковский*) деген терминдерді көп кездестіруге болады.

Тілдік тұлға – әлеуметтік құбылыс. Жеке тілдік қасиет адамның тілге деген ішкі көзқарасы негізінде қалыптасады. Лингвомәдениеттанымдық тұлға белгілі бір тіл ұстанушының ұлттық – мәдени прототипі болып табылады [3, 365 б].

Адамның танымдық әрекеті де зерттеу объектісінен еш уақытта тыс қалған емес. Ежелден ғылымнан өзіндік орын алып, зерттеліп келе жатқан адамның танымдық әрекеті оның коммуникативтік және когнитивтік қызметімен тығыз байланысты болады. Сондықтан да лингвокогнитивтік зерттеулерде адамның ойлау процестері мен олардың ерекшеліктерінің тілдегі көріністері де жан-жақты қарастырылады [4, 15 б].

Жалпы, тілдік тұлға дегеніміздің өзі ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид. Тілдік тұлға мәселесіне қатысты ресей ғалымдарымен қатар, қазақтың тілші ғалымдары да нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. Дегенмен ұлттық тілдік тұлға мәселесін орыс ғалымдары арасында Ю.Н. Караулов кеңінен зерттесе, тілші ғалымдардың қатарында Ф. Тереквананың зерттеуінде Қ.Қ. Жұбановтың тілдік тұлғасына жан-жақты сипаттама берілген болатын.

Ю.Н. Карауловтың пікірінше [1, 171 б], тілдік тұлғаның құрылымы мына деңгейлер құрайды: нөлдік немесе вербалды-семантикалық деңгей; лингво-когнитивтік деңгей (ұғымдар, концептілер, идеялар сияқты бірліктер); прагматикалық деңгей (уәжділік пен мақсат).

Тілдік тұлғаны танудың алғашқы деңгейі «нөлдік деңгей» деп аталады. Бұл – оқырманның көркем туындыны оқу барысында автор қолданған образдардың, бейнелі сөздердің, тілдік тәсілдердің, көріктеу амалдардың мағынасын түсініп отыруы.

Тілдік тұлғаны танудың екінші деңгейі – когнитивтік деңгей. Бұл деңгейден жазушының дүниеге деген көзқарасын, парасат-пайымын, әлем туралы түсінігін тануға болады. Қаламгер танымын сипаттайтын «әлемнің тілдік бейнесі» - «мәндік өріс, мағыналар жүйесі ретіндегі «ішкі образ» түрінде сипатталады. Яғни когнитивтік деңгей әлемнің бейнесін тануда образдар жүйесін сипаттауды басшылыққа алады.

Қазіргі таңда көркем әдебиет тілін таным тұрғысынан қарастыру, қаламгерлердің сөз қолдану ерекшелігі мен автор бейнесі ретінде ғаламның тілдік бейнесін жасаушы жазушының тілдік тұлғасын талдау бүгінгі күні өзекті мәселе болып отыр. Қазақ тіл білімінде соңғы уақытта жүргізілген зерттеулердің ішінде Ш.Ниятова Махамбеттің тілдік тұлғасын, Ш.Елемесова байырғы ұлттық танымның көркем прозадағы тілдік бейнеленуін, Ж.Б. Саткенова көркем шығармадағы кейіпкер тілінің когнитивтік мәнін, тілдік тұлға мәселесін тереңнен зерттеп, Ф.Қожахметованың Тұрмағамбет Ізтілеуовтың, А.Жуминова Олжас Сүлейменовтың тілдік тұлғасын жан-жақты қарастырған еңбектері бар.

Сафуан Шаймерденовтің тілдік тұлғасын танытатын ерекшелік – оның тіліндегі әр түрлі сипаттағы ұлттық мәдениетпен, дәстүр көрінісі бейнесімен астасып жатқан авторлық қолданыстағы эпитеттердің молдығы.

Тілдік тұлғаның табиғатын ашып, суреткерлік шеберлігін тану үшін оның тілінде қолданылған көріктеу тәсілдеріне зер саламыз. «Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі міндетті түрде оның шығармасында көрініс табады» [2, 11 б].

Жазушы шығармаларында оның тілдік ерекшелігін көрсететін көріктеу құралдары көптеп кездеседі. Оның тіліндегі теңеу, эпитет, метафоралар қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабақтас. Көрнекті тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – заңды құбылыс. Мысалы, Тұрмағамбеттің көркем тілі туралы зерттеуші Ф.Б. Қожахметова былай деп көрсетеді: «Тұрмағамбет ақын семантикалық жағынан бір-біріне үйлеспейтін сөздерді тіркестіруді жүйеге айналдырған. Мысалы: Қайғының батпағына бату, қайғының түнегінде қалу қолданысы соның дәлелі деуге болады ... Семантикалық өрісі әр алуан қайғы мен батпаққа бату, түнекте қалу – синкреттік амалдың жемісі» [2,33 б]. Мұндай синкреттік амалдар Сафуан Шаймерденов шығармаларында да кездесетін құбылыс. Мысалы:

«Биыл Бозжанов бастап шықты да, оңтүстіктің шыжыған шөлейтіне тартты» («Инеш», 15 бет).

«Қазір машинадан қарғып түсіп, мына тылсым тыныштық орнап тұрған кең жазық, жасыл аңғарда бауырды бір жазып алар ма еді!» («Ит ашуы», 174 бет).

«Сәске кезінде аспанды біртіндеп сұрқай бұлт жапты. Сілімтік жаңбыр сіркірейді» («Жыл құсы», 236 бет).

Осындай тын тіркестер жазушы шығармаларына жаңаша түр беріп, жиі кездесіп отырады. Тілдегі жаңа түрленістің Абайдан бастау алатынын академик Р. Сыздық зерттеп, көрсеткен болатын [5,169 б].

Қаламгер шығармасы тіліндегі көріктеу құралдың бірі – эпитеттер, олардың авторлық түрлері.

Әдетте, эпитеттік қолданыс сөз қолданушының айырым танымының сол тілдегі мінезін жан-жақты бейнелейді. Эпитеттердегі ұлттық сипат тілдік тұлғаның ұлттық мінезінің өлшемін анықтайды. Эпитеттер жайдан-жай туа салмайды, ол да өмір сүріп, тілдік айналымға ену қажеттілігінен туады. Эпитеттік қолданыс жыраулық дәстүрден бастап орын алған, тілдегі орны берік сақталған тілдік құрал. Қоршаған ортадағы зат, құбылыс, табиғат суреттері, көңіл күй иірімдерін көркем суреттей білу эпитеттік қолданыстың бастау көзі, сол себепті қоршаған орта, ондағы құбылыстар әлемі тұрғанда эпитеттік қолданыстар әрқилы өзгерістерге ұшырап, одан сайын шындалып, дами беретіні сөзсіз.

Шын мәнінде де, эпитет - ұлттық сананың сұрыптаудан өткен көркем суреттеу дәстүрі. Эпитетті халық уәкілінің бірі тудырады да, тілдік тұлға сай үйлесіп кетеді. Эпитет – ұлттық мәдениеттің тілдегі жарқын көрінісі ретінде тілдік тұлғаның тіл ұстарту мен тілді қолдануынан анық байқалады. Эпитеттің туылуы кездейсоқ емес, оның негізінде дүниенің суретін бағалай отырып, қабылдау жатыр. Әдебиет, тіл дамыған сайын эпитет те бір орында тұрмайды, әр түске боялып, күрделеніп дамиды. Қолдану барысында эпитеттер тұрақтылыққа көшіп, тілдік тұлғаның басты ерекшелігіне айналады. Бұл автордың эпитеттерді қолданудағы тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейі. Мысалы:

«Сан заман меңіреу тыныштық пен ойнақы сағымға, өкпек жел мен ақдолы боранға мекен болған бойкүйез адыр-белестер». («Инеш», 9 бет).

«Осындай ой қанаттандырарлық сәтті шабытымен ол өзі аңсаған бақшалы қаланың әлі де талай жерін аралай бермекші еді» («Инеш», 11 бет).

«Бар дыбысты обырлықпен жұтып, елсіз дала кеңістігінде тымырық тыныштық жайлап тұрған бір «Инеш», 16 бет).

Эпитеттегі басты ерекшелік – бейнелілік пен жаңашылдық, сондықтан жаңашыл тілдік тұлға тілінде мұндай эпитеттер жиі кездесетіні белгілі. Эпитеттің тағы бір қасиеті оның архаизмдік сипатқа еніп, қолданбастан шеттеуі. Бұның негізінде дарынның сөз қуаты және қайталаулардан, ұрлаудан қашатын қасиеті жатса керек. Ал жекеленген авторлық эпитеттердің өмірі ұзақ, өйткені ол - халық еншісіне берілген ортақ мұра. С.Шаймерденов шығармаларында эпитеттік қолданыстар аз болғанымен, өзіндік өрнегімен сол кездегі алдыңғы түр, жаңашылдық деңгейде болғанын байқаймыз.

«Жазды күні осы бір қан жайлауда талай ел тоқайласып, талай иттің басы қосылады» («Ит ашуы», 93 бет).

«Кең бөлмеде ішін ынтық болған екі жас жүректің ыстық лебіне толтырып, нәзік саз қалықтады» («Инеш», 44 бет).

«Жігіт көңілін тебірентіп, әлдебір бейтаныс алысқа, жұмбақ арманға жетелеп кеткендей» («Инеш», 44 бет).

«Аналар нәмересін, ақ шашты әжелер шөбересін сүюге тиісті» («Қарғаш», 81 бет).

Сафуан Шаймерденов шығармаларының әр эпитеттері құрылымында бұрынғы дәстүрлі деңгейдегі тіркестер басты жетекшілік қызмет атқарады. Бұл жазушының ұлттық дүниетанымында әбден бекіген көркемдегіш элементтер. Бұлар өз ішінде символдық мәні бар эпитеттерге, яғни сөз – символдарға ұласады. Символ да эпитет сияқты тілдік тұлғаның тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде көрінеді.

Жазушы шығармалары тілінде түр-түс тіркестерінен тұратын эпитеттер символдық мәнге ие болған. Бұлар тілдік тұлғаның лингво-когнитивтік деңгейінің көрінісі. Себебі, қара, ақ, қоңыр т.с.с. түр-түстер – лингвокогнитивтік бірліктер - ұлт танымдағы қасиетті ұғымдарды білдіретін тілдік атаулар. Мысалы, қазақ халқы үшін қоңыр түстің мән-мағынасы ерекше. Қоңыр түс – топырақтың және ағаш тақтаның реңі. Төзімділік және сенімділік береді. Қоңыр, сондай-ақ, жердің түсі. Жер халықтың тіршілік орны. Осымен байланысты қазақ елінің танымында ерекше жағымды мәнде ассоциацияланады. Қоңыр табиғи, тыныш, жайлы, ашық бір атмосфераны қамтамасыз етеді. Қоңыр түсінің ассоциациялануы, тыныштық өмір бейнесімен де астасып жатыр. Соған сай туған тіркестер қатары: қоңыр жел, қоңыр тірлік, қоңыр күз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр кеш, қоңыр жол, қоңыр ымырт, қоңыр төбе,

қоңыр күй, қоңыр леп т.б. Ассоциациялық тіркестер қатарындағы қоңыр үн, қоңыр дауыс ер адамға тән, ер баланың белгілі бір даму кезеңіне сай пайда болатын, ән салғанда кәсіби әншілікті қажет етпейтін (қоңырлатып ән салды) дауыс, үн.

«Әйтеуір, түбінде бір баратын болсаң, онда қазір жүр!» - деген бір қоңыр дауыс құлағында тұрғандай» («Инеш», 13 бет).

«Өткір қоңыр көзінде бір беттілік басым ба?» («Инеш», 280 бет).

«Өткені әдейілеп кеп үнілген біреу болмаса, қоңыр тірлігімізді мына сықсима шамның өзі-ақ пердеден әрмен көлегейлеп тұратын секілді» («Қарғаш», 16 бет).

Сонымен қатар, қаламгер туындыларында «қара» сөзімен тіркескен эпитеттер де кеңінен қолданылуы тілдік тұлғаның лингво-когнитивтік деңгейін танытады:

«Ай жоғары өрмелеп, қара мақпал түн тыныштығына бөккен сахараға бозғыл сәулесін септі» («Жыл құсы», 235 бет).

«Ауа райы көбінесе тымық болатын осы Алматы өлкесінде қара суық дауыл көтеріліп, қара жердің топырағын суырып тұрды» («Инеш», 20 бет).

Мұндағы қара суық – бұрқасыны, бораны жоқ қыс күндері, күз айларында болатынын суық. Осы мағынаны үстеме етіп, қаламгер күзгі суықтың өзін қара суық деп, жақындары жоқ суық қаланы анық білдіріп отыр.

«Сұр жыланныңсуық түсі көз алдында тұрады да қояды» («Инеш», 17 бет).

«Мұнда да жаңағы бір күнгірт тыныштық қарсы алды» («Инеш», 37 бет).

«Сондай сұрқай күндердің бірінде жайлап қана есік ашылды» («Инеш», 79 бет).

«Прагматика» (грек. прагмос – іс-әрекет) – семиотика мен лингвистиканың саласы, яғни тілдегі белгілер қызметін зерттейді. Прагматиканың басты өзегі баяншы (сөйлеуші), (субъект) пен тыңдаушы (оқырман) арақатынасы, өзара байланысы. Сонымен қатар, бұған прагматикалық пресуппозициялар, яғни тыңдаушының жалпы білімін оның зейінін, көзқарасын, түсіну қабілетін, психологиялық ерекшелігін, тағы басқа деңгейлерін айтушының ескеруі, бағалауы кіреді. Прагматиканың басты мақсаты – сөздің қолданыс ерекшелігіндегі өзіндік ережелерді ұғындыру.

Прагматика мәтін лингвистикасында байқалатын категория, себебі мәтін ғана баяншы мен тыңдаушыны жалғастырып тұрады. Осыған байланысты мәтін лингвистикасы – *мәтін синтаксисі*,



*мәтін семантикасы, мәтін прагматикасы* деп үшке жіктеледі. Тілдік тұлғаның шынайы келбеті – оның заттық дәлелі – мәтінде ғана ашыла алады. Мәтін прагматикасы тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейін анықтау құралына айналып отырады. Мәтінде жеке адам тіліндегі «ғаламның тілдік бейнесі» қатпарлы, күрделі жүйеден тұратын құрылым ретінде байқалады. Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаның ең жоғарғы деңгейі деп прагматикалық деңгейін таниды. Себебі бұл деңгей тілдік тұлғаны дамытатын уәждер мен мақсаттардан тұрады [1,181б].

С.Шаймерденов – баяншы ретінде алғашқы кітабынан бастап, прагматикалық ерекшелікке ие тілдік тұлға. Көркем мәтіндегі прагматиканың қызметін зерттеген Г.Әзімжанова: «Алынған ақпаратпен қатар, субъект бойындағы іс-тәжірибесі арқылы мазмұн тұтастығын құрайтын ақпарат мәтін мазмұнына келіп қосылады» деп көрсетеді [4,76].

Прагматикалық деңгей тілдік тұлғаның «Гамлеттік» ой-толғаныс, пайымдау, өзін-өзі тануға тырысушылықтан туған, монолог, сұрақ-жауап, риторикалық сұраулардан байқалады. Сонымен қатар көркем прозасындағы бір ойлау жүйесінен тұратын автор идеяларының тұтастығынан да аңғарылып отырады. Прагматикалық деңгей көп жүйелі, көп қабатты құрылымнан тұрғандықтан тілдік тұлғаның қоғамға деген қатынасынан күрделі түрде жүретінін білдіреді. Мысалы, Тұрмағамбеттің тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі авторлық ойларын белгілі бір адресатқа арналуынан, ақынның өзіне, өзін қоршаған ортадағы жанды және жансыз заттарға, құбылыстарға қарата сөз арнау, ой бөлісуі, нақыл сөздерінен байқалатыны анықталған [2,81 б].

Қаламгердің философиялық пайымдаулары – оның тілдік тұлғалық қасиетін ерекшелетін белгі. Рухани қазақы болмыс-бітімі оның ойлау жүйесінің жетілгенінен анық байқалып, жазушы тілдік тұлғасының ерекше себеп, қырларын ашады. Мысалы: «Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды болып келген бәйгенің алдын алады, ортасы болып келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді» («Инеш», 123 бет). Осындағы Жазушының қазақ ұғымына жақын бәйге жарыс арқылы дүниедегі бәсекені түсіндіруі оның қазақы болмысын анық көрсетеді. Прагматикалық деңгей – ұлттық сипаттан анық байқалатын тілдік тұлға деңгейі, сол себепті ұлттық мәдениет өлшемдері тілдік тұлғаның қаратпа, ой салу, үндеулерінен байқалады:

«Ерлік жер талғамайды, - деп қойды Гүлшат» (15 бет).

«Гүлшат дұрыс айтады. Кедергісіз орындалған мақсат арзан болады» (15 бет).

«Шындық сыры талас арқылы ашылады – деген даналық сөзді ежелгі гректер бекер айтпапты» («Инеш», 72 бет).

«Қиындықсыз келешек жоқ. Келешектің бақыттылығы да сонда» ( 149 бет).

«Тұйық мінезді адамдар көбіне томырылып сынар шойынға ұқсайды. Нені болсын ұзақ уақыт көтереді, неге болсын ұзақ уақыт төзеді. Содан соң... содан соң бір әдемі күні сол тұйықтық сәл себептен-ақ тозығы жеткен киімдей дыр етіп айырылып кетеді» («Инеш», 237 бет).

Сафуан Шаймерденовтің прагматикалық деңгейінің туу себептерін ашуға тырыссақ, алдымен, қаламгердің тілдік тұлға деңгейіне жеткізген өзінің талабы мен ынтасы. Талап, ынта ғылымға деген құштарлыққа ұласқан, содан соң, әрине, табиғи дарынды жоққа шығаруға болмайды. Бұның бәрінің басында тұрған - тілде қалыптасқан ұлттық мәдениет нышандары мен құндылықтары. Сонымен қатар аялық білім, нақыл сөздер мен тұрақты тіркес, идиома, қанатты ойлар тілдік тұлғаның шешендік өнерін тудыруы мүмкін. Кез-келген айтылымды түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушыда негізгі ұғым, яғни білім аясы болу керек. С.Шаймерденовтің тілдік базасын аялық білімі құрайды, оның көрінісі көркем шығармаларынан танылып отырады. Жазушы дұрыс сөз өрнектерін ой бөліске салу арқылы шеберлігін шыңдап, арттыра түскен.

Қаламгердің суреткерлік қырының бірі – табиғат құбылыстары мен пейзаждардың мәтінде ерекше көрініс тауып, кейіпкер жан-дүниесімен үндесуі. Бұл – суреткер қуатын танытатын тәсіл. Мысалы:

«Күз жаңбырымен қайта көктеп, көкалсыны енді-енді қылтия бстаған кер дала. Бір түсті, бір мүсінді үлкен-кіші төбе-шоқылар ұзақ бір керуен көштей шексіз жалғасып, шексіз қайталана береді. Аракідік көк тартып жыра-сайлар, кішігірім өзендер де кездесіп қалып жатыр» («Инеш», 10 бет).

«Тау қойнауы жым-жырт. Жан-жақтан томсара төнген күз шоқылар қаранғы түнде қарауытып, көз аясынан тысқары тұрған әлдебір ғаламаттардың көлеңкесіндей болып, мелшиіп бүкжие көсіліп жатыр» («Инеш», 154 бет).

Қорыта келе, Сафуан Шаймерденовтің тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейі – ұлттық, авторлық эпитеттерден, лингво-когнитивтік деңгейі – лингвомәдени бірліктерден, символдық

мәнге ие болған эпитеттерден, прагматикалық деңгейі авторлық афоризмдер және пейзаждарды қолдану арқылы қазақ халқының ерекшелігін таныту, ұлттық танымын бейнелеуден, насихат айту, уәж максаттарынан тұрады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 263с.

2 Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2004. – 216.

3 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2005. – 24 бет.

4 Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 44 б.

5 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. 613б

6 Шаймерденов С. Шығармалары (*Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова*). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.1: Инеш. Роман. – 320 б.

7 Шаймерденов С. Шығармалары (*Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова*). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.3: Повесть, пьесалар, әңгімелер. – 320 б.

#### НҰРЫН ШАШЫП ҮЛГЕРДІ ҚАЗАҒЫНА

ЖАҚАНОВА Ә. Ш.  
мұғалім, Қызылжар орта мектебі,  
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

*Қалың орыс арасында жалғыз өзі  
Жарқырап шоқ жұлдыздай бір жарқ етті.  
Нұрын шашып үлгерді қазағына,  
Неге бірақ өмірден ерте өтті?*

«Шоқанның ұлылығы соншама, біз оны енді ғана толық түсіне бастағандаймыз», -деп Ф. Мүсірепов айтқандай Шоқанды

неше ғасыр зерттесек те оның құнды да қасиетті мұрасын оқыған сайын таңғаласын.

Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысы, Құсмұрын бекінісінде дүниеге келіп, 1865 жылдың сәуір айында Кербұлақ ауданы, Алтынемел жотасының етегінде Көшентоған мекенінде дүниеден өтті.

Шоқан есімі қайдан шықты? Қазақ арасында өте көп оқыған адамдар шағатай, яғни ертедегі түрік тектілердің әдеби тілімен сөйлеген. Олар хат жазса «шү», «үшбү» деп жазған. Шоқанның ата-анасы оның мінезіне қарап осы хан болады деп біліп, баласын еркелетіп «Шағатай тілі мәнерімен»: «Шұ-хан» деп атаған. Сол Шоқан болып кеткенге ұқсайды.

Мұхаммед – Ханафия – кей ресми құжаттарда ғана жазылатыны болмаса, ол бүкіл ғұмыр кешкен ортасына, заманына Шоқан есімімен танылды, жаһан ғылымының биіктеріне, туған халқының жарқын болашағына ұлы Шоқан болып, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болып атанды.

Балалық шағы Құсмұрында (әкесі Шыңғыс сұлтан болған кезде), кейін ата қонысы Сырымбет тауының бауырында Көкшетауда өткен. Тегі төре тұқымынан шыққан. Арғы атасы – Абылай хан. Оның үлкен ұлы Уәли – Шоқанның бел атасы.

Жастайынан халықтық тарихи өлең-жырларды, аңыз-әңгімелерді қызыға тыңдайды. Шоқанды халқымыз әдебиетші деп те тануда. Шоқан Уәлиханов әдебиет теориясының кейбір мәселелерімен де шұғылданады, қазақ поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттеген. Қазақ өлеңдерін ол 5 түрге бөлген, олар: жыр, жоқтау, кара өлең, қайым өлең, өлең. Бұл жөнінде Т.Н. Потанин: «Қазақ халқы оның жазғандарын оқыса, Шоқан өз халқының данышпаны болар еді және өз елінің әдебиетін өркендетуге негіз сала алар еді» деген пікір айтқан еді [1,85б].

Ш. Уәлиханов халық ауыз әдебиетін, ертегілерді және мақал-мәтелдерді зерттеген.

Шоқан жас кезінен-ақ аңыз-әңгімелерді, жыр-дастандарды тыңдап, оны жинақтай білді. Қазақ халқы аңыз ертегілерде ешкімге зияны жоқ сарыбас жыланды, пәк аққуды, үні әдемі көкекті, сыланған тотыны, сайраған бұлбұл мен сандуғашты қазақтар ешқашан балаға жәбірлетпеген. Шоқан Қашқарға барған сапарында ауыз әдебиеті үлгілерінің бірнеше түрлері мен аса сирек кездесетін кітаптар алып қайтқан. Қашқарда жүргенде қолына «Тазкирия Ходжаган» деген жазба түскен, ол жазбада қожалар әулиетінің тарихы баяндалады.

«Қожалар тарихы», «Тарихи-Рашиди» кітабының жалғасы екенін анықтай түседі. Қазақ халқының ұлы перзенті Қашқардан «Сұлтан Бұғрахан тарихы», «Тоғлық Темірхан тарихы», «Қожалар тарихы» т.б. сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын жеке қаржысына сатып алады. Бұларға қосымша ұйғыр, иран тілдеріндегі тарихи жазбалар, шежірелер алып қайтады.

Тәрбиелік мәні зор асыл мұра, әдебиетіміздің көне бай салаларының бірі – мақал-мәтелдер. Мақалдарда халық ойының ең түйінді, ең қысқа, дәл тұжырымдалған мәуелі жемісі жинақталған. Шоқан мынадай мақал-мәтелдерге көңіл аударған. «Не ексең, соны орасың», «ексең егін, аларсың тегін», «Еңбегі көптің - өнбегі көп» тәрізді тәрбиелік маңызы зор пайымдаулар, халқымыздың еңбекті қадір тұтқанынан сыр тартады.

«Ақыл сақалда емес», «Құл князьдан артық біледі, бірақ айтуға дәрмен жоқ», «Өткір пышақ қынға қас, өтірік сөз жанға қас», «жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа», «Ақыл – дария екен, көңіл – дүлдүл екен», «сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ» т.б. мақал-мәтелдердің ұтымды, ұтқыр жақтарына ерекше зер салған.

Шоқанның эпостық жырлар мен ғашықтық жырларды зерттеуіне тоқталсақ, ауыз әдебиетінің інжу-маржандары: «Ләйлі-Мәжнүн», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Қыз Назым», «Жүсіп-Зылиқа», «Еңлік-Кебек» сияқты ғашықтық дастандарды ұзақ таңға Шоқан сан рет тыңдаған және бала кезінен-ақ қағаз бетіне түсірген. Соның ішінде, әсіресе, халыққа өте кең тараған «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырына ерекше ден қойған. Бұл жыр Шоқанның алғашқы жазған шығармаларының бірі болды. Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері нұсқаларын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.И. Березин бұл зерттеулерге назар аударып, жазып алған. Шоқанның зерттеушілік қабілетін байқаған ғалым оны өз тарапынан ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан. Шоқан әсіресе Шәже ақынның айтқан нұсқасын жазып алған. Шоқан «Едіге туралы аңызды» 1842 жылы Арыстанбай деген ақынның айтуымен жазған екен. Шоқанның осы еңбегін 1905 жылы профессор П.М. Мелиоранский Петербургте бастырып шығарған. Шоқан бұдан басқа «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Алпамыс» т.б. эпостық жырларды зерттеген. Шоқанның ұзақ зерттегені «Едіге батыр».

Шоқанның «Профессор И.Н. Березинге хат», «Профессор И.И. Березиннің «Хан жорықтары кітабына рецензия т.б. алғашқы

ғылыми жұмыстарының өзінен-ақ, оның болашағы зор ғалым, зерттеуші болатындығы аңғарылатын. Шоқанның біліміне мұғалімдері мен құрбылары ерекше қызыққан, сол кездің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен таныстығын жолдастарының көбі үлгі тұтып, мойындаған. Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. «Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, өзінің бізден артық білетіндігін не біздерден білімі жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ, оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды», – деп жазады Г.И. Потанин. Мұның өзі Шоқанның жолдастары арасында беделі ерекше зор болып, оның биік тұрғанын көрсетеді [1,106].

Шоқан Уәлиқановтың орыстың көрнекті жазушыларымен, ғалымдарымен т.б. жазысқан хаттары қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше маңызды. Оның хаттары мен күнделіктерінен публицистикалық дарыны айқын аңғарылады.

Ұлы ағартушы Шоқанның дүниетанымын Абаймен салыстырғанда шығармашылық бағытында, тарих пен заман мәселелерін түсінуі мен талдауында, әсіресе, мәдени мұраны меңгеру, дамыту, оны елдің рухани қажетіне жарату әрекетінде мол үндестік байқалады. Бұл Абай мен Шоқанның ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін жас кезінен санаға сіңіріп, өшпес тағлым алуынан да, небір шешендер мен ақындардың тапқыр сөздерін естіп есуінен де, арғы түбі шығыс елдерінен таралған, араб, парсы, түркі тілдеріндегі қисса, дастан, аңыз, әпсана, ғазел мүлкін өздігінше ізденіп оқып, білімін байытуынан да, орыс және Еуропа кітаптары, соның ішінде олардағы фольклорлық нұсқалармен терең таныстығынан да көрінеді. Шоқан халық әдебиетін тарихты танудың аса бағалы ескерткіштері деп қараса, Абай көркемсөз байлығын жамағатты көміл адамдық жолдарға баулып, тәрбиелеудің, жақсылықтарды өнеге етіп көрсетіп, зұлымдық, надандық атаулыны әшкерелеудің құралы санады. Абай осы мақсатты көздеп, өзінің шығармаларында ауыз әдебиетінде қалыптасқан неше алуан нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді жаңғырта пайдаланды. Абайдың халық өлендеріндегі дәстүрлі ұйқастар мен буындық өлшемдерді, арнау, толғау, жоқтау, жұбату секілді фольклорлық жанрларды қолдануы осыны көрсетеді. Шығыс фольклорындағы фабулаларға сүйеніп, «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» тәрізді көлемді

туындылар жаратуы да ақынның жаһан халықтарының рухани қазынасын кең игергендігін дәлелдейді.

Шоқан мен Абайдың қазақ тарихы туралы толғамдары өткеннің тәжірибесін қорыту, халықтың сенімді болашағы үшін жол іздеу талабынан туған. Шоқан секілді Абай да шығыс пен батыстың тарихи шежірелерімен жақсы таныс болған, тарихи құбылыстарды бірі ғалым сипатында, екіншісі суреткер көзімен бағалап отырғанымен, бұрынғы замандардың қалдырған сабақтарымен мүддесіне тарату мұраттары жақын, халықты ғасырлар бойында тұмшалап келген қараңғылық тұманынан арылтып, өркениеттің даңғыл жолына түсіру қажеттіктері мәселелерінде екеуінің ойлары өте орайлас шығады. Шоқан өзінің тарихи-этнографиялық, фольклорлық еңбектерінде қазақ халқын көркейтудің амалы оқу-білім жүйесін жақсартуда деп көрсетсе, бұл Абай шығармаларының өзекті жемісіне айналған. Түрік халықтарының генетикалық, мәдени бірлігін, тарихи тағдырластығын айтқанда ұлы ойшылдар үні бірдей шығады. Мұның бәрін Шоқан мен Абай өмір кешкен дәуірдің тарихи-әлеуметтік мұқтаждары мен сауаптарының сабақтастығынан туындаған құбылыстар деп те қарауға болады.

Шоқан Ресейге тәуелді болып отырған еліне «Халықтың кемеліне келіп, өркендеу үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» десе, Абай қазақ жеріндегі теңсіздікті, тағы басқа қайшылықтарды өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлады.

Шоқанның өлең туралы зерттеулері де маңызды. Ол қазақ өлеңдерінің түрлерін жіктеп берді. Қазақ өлеңдерін: жыр, жоқтау толғау, қайым өлең, қара өлең, өлең деп бес түрге бөлді.

Онда жіктеулерге жататын қазақ өлеңдерінің түрлерін атап көрсетіп, өзгеше болжаулар жасайды. Бұл – қазақ өлеңінің түрі туралы алғаш айтылған пікір еді. Сондықтан да ол ғылым үшін құнды. Өзінің «Ру жіктері» деген мақаласында ол кыргыз ауыз әдебиетінің үш түрін атап көрсетеді. Олар: ертегілер, эпостық жырлар, өлеңдер.

Шоқанның әдебиет тарихы туралы пікірлері де маңызды. Бұл саладағы еңбектері оның әдебиет туралы түсінігі терең, қабілетті зерттеуші болғанын таныта алады.

«Қазақ поэзиясы өмір шындығын көрсетуі жағынан, қоғамның ұғымын, қарым қатынасын көрсетуі жағынан өте қызғылықты», - деп жазған Шоқан. Бұған қарағанда, ол қазақ поэзиясының құндылығын оның өмір шындығын бейнелеуі жағынан алып бағалағаны, реалистік поэзияны жақтағаны, сондай ақ поэзияның қоғамдық ролін ерекше ескергені байқалады [1,2086]

Ол әдебиеттің қоғамдық мәнін, халықтық қасиетін, реалистік сипаттарын қастерлеуді талап етті.

Шоқан - жан-жақты ғалым. Ол - қазақтан шыққан, еуропалық тәлім алған жан жақты ғалым, мәдениетті қоғам қайраткері, этнограф, географ, экономист, публицист. Сондықтан бұл саладағы ғалымдар да Шоқан туралы бағалы еңбектер жазып жүр. Бұл зерттеулердің бәрі Шоқан қалдырған мұралардың маңызы орасан зор екенін дәлелдейді. Әсіресе, ол әдебиет ғылымы мен публицистиканың дамуы үшін ерекше еңбек еткен адам. Орыс тілінде де жазылса да, Шоқанның күнделіктері мен очерктері қазақ публицистикасы тарихынан елеулі орын алуға тиіс. Оның әдебиет тарихындағы орны да осындай еңбектерімен маңызды.

Шоқанды үлкен ғалымдар ерте таныған. Оның еңбектері мен саяхаттары туралы кезінде тек Ресейде ғана емес, сонымен бірге батыс елдері баспаларында да кеңінен хабарланып жатты.

Ұлы қазақ ғалымы, ағартушы, Ш. Уәлихановтың туған халқының білім алып, мәдениетінің өрлеуі, деспотизм мен зорлық-зомбылықтан құтылып, бақытты да азат өмір сүруі жайлы ой-армандары ол дүниеден өткеннен соң көп жылдардан кейін ғана жүзеге асты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 К. Есмағамбетов Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы, «Толағай групп», 2010.

2 Х. Сүйіншәлиев Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, Ана тілі, 1992.

#### БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

ЖАМБАЕВА Қ. Қ.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
ЛАТЫПОВА З. Х.  
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бала біздің болашағымыз. Қазақстанның бүгінгі мен болашағы жастардың еншісінде. Еліміздің туын көкке көтеретін -бүгінгі мектеп партасында отырған оқушылар. Ендеше бүгінгі жас буын мемлекетіміздің мағым тірегі болсын десек - ХХІ ғасыр жастарын жан-жақты терең білімді, сауатты болуға баулу қажет. Бұл тұрғыда жүйелі жәрдем беретін шаңырақтың бірі - кітапхана.

Баланы бастан десек кітапхана саласында әсіресе, балалар кітапханасына көбірек көңіл бөліну қажет. Өйткені жастайынан кітап оқуға ынталанған бала - ертең жасөспірім оқырман. Ал келешекте көпшілік кітапхана оқырманы.

Кітапханаға оқырманды баулу да және оқырманмен кітапхана арасындағы тығыз байланысты сақтауда да үлкен роль атқаратын жұмыс тәсілінің бірі - бұқаралық іс шаралар.

Бұқаралық іс-шаралар барлық көрнекті және баспа құралдарының жиынтығы арқылы, оқырмандардың белгі бір тобына ықпал етеді, яғни оқырмандарымыздың білімін, ой-өрісін байытатын әдебиеттермен қауышуына елеулі үлес қосады.

Кітапханада әрбір нақтылы жағдайға байланысты оқырмандар аудиториясының белсенділігін, кітаптарды насихаттауды тиімді тәсілдері мен түрлерін, әдістерін ұштастыра отырып әр түрлі өткізген жөн: мысалы, ауызша журнал, оқырмандар конференциясы, пікірталас, ауызша насихат, дөңгелек үстел т.б. түрлерін түрлендіріп өткізу қажет. Өйткені бүгінгі оқырмандарды өздері енжар қабылдауына бағытталып жүргізген іс-шаралар емес, керісінше олардың өзін белсенді түрде ұйымдастыратын іс-шаралар қызықтырады. Сондықтан оқырмандарымыздың рухани жан дүниесін байыту үшін «Бұлақ көрсен көзін аш, сусыныңды қандырар» - деген халық нақылын ескеріп, бұқаралық іс-шараларды түрлендіріп өткізу қажет. Жалпы бұқаралық іс-шараларды 2-ге бөліп қарауға болады:

1. Ауызша насихат түрлері
2. Көрнекті насихат

Ауызша насихат түрлеріне тоқтала кетер болсақ. Алдымен ауызша өткізілетін бұқаралық іс-шаралардың дәстүрлі түрлері. Олар:

1. Ауызша журнал
2. Дауыстап оқу.
3. Ерлік сағаты.
4. Кітап премьерасы.
5. Портреткеші.
6. Кездесу кеші.
7. Ақпарат күні.
8. Библиография күні.
9. Мүдделестер клубы.
10. Поэзия сағаты.
11. Оқырмандар конференциясы.

Ал енді соңғы кезде жандандырып, түрлендіріп отырып өткізіп жүрген бұқаралық іс-шаралар түрлері:

1. Оқырман бенифисі.
2. Аукцион.
3. Әдебиеттер кафесі.
4. Идеялар жәрмеңкесі.
5. Дебат.

**Ал ойын түрінде өткізіліп нсүрген бұқаралық іс-шаралар:**

1. Саяси сайыс.
2. Әдеби сот.
3. Дискотека.
4. Көңілді тапқырлар клубы
5. Әдеби музыкалық қонақ жай.

Кітапхана тәжірибесінде осы бұқаралық іс-шаралардың кез келген түрін өткізуге болады. бірақ олардың тиімділігі, нәтижелігі әр кітапхананың өз жағдайына және ұйымдастыру қабілетіне тікелей байланысты.

Жоғарыда айтқан бұқаралық іс-шаралардың кіші топта да, орта топта да жоғарға топтағылармен де өткізуге болады. Бірақ әр топта өткізу ерекшеліктері бар. Мысалы, кіші топта өткізілетін ауызша журналды жоғарғы топта өткізілетін ауызша журналмен салыстыруға болмайды. Жас ерекшеліктеріне қарай кіші топта өткізілетін ауызша журнал өте түсінікті, өткізілу уақыттысы жарты сағат немесе 45 минуттан ұзақ болмауы керек. Қолданылатын құрал тақырыбы өздеріне жақын болуы қажет.

Ал енді осы бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырудан төмендегі кезеңдерді алып қарауға тура келеді.

1. Мақсаттылықты көздеу.
2. Жоспарлау.
3. Ұйымдастыру және даярлау.
4. Іс-шараны тікелей жүзеге асыру.
5. қол жеткізген нәтижелер.

Міне, осы бағыттарды негізге ала отырып іс-шаралар ұйымдастыр қажет.

1. Балалар мен көпшілік жұмысын өткізуге ең негізгі тек іс-шараны өткізу керек деген мақсат болмау керек. Керісінше өткізілетін кез келген іс-шара оқырман мен қарым — қатынас, күнделікті жұмыс әңгімесінің жалғасы сияқты, балаларға арналған ең жақсы кітаптар өзінен өзі насихатталатындай ойлануға, сезінуге мәжбүр ететіндей, сауатты сөйлеуге үйрететіндей болуы тиіс.

2. Бұқаралық іс-шараларды жоспарлаған кезде сол кезеңнің әлеуметтік жағдайын ескеру қажет. Яғни еліміздегі және әлемдегі:

- қоғамдық оқиғаларды;
- мемлекеттік мерекелерді;
- мерейтойлық күндерді;
- өкімет қаулыларын;
- қоғамдық мәні бар идеяларды негізге алу қажет.

Яғни бұқаралық іс-шаралардың тақырыбы оқырмандарды ынталандыра түсетіндей актуальды болуы қажет. Сонымен, бұқаралық іс-шаралар түрлерін жоспарлау, дайындау барысында мектептермен, оқушылар сарайымен және басқа мәдени мекемелермен, творчестволық бірлестіктермен өз жұмыстарымызды үйлестіре отырып жүргізу тиіс. Және әр өткізілген іс-шараны кеңінен насихаттау мақсатында жергілікті мерзімді басылымдармен, телеарналармен тығыз байланыс орнату қажет.

«Кітапхана — адамзат жасаған ақыл — ой қазынасының ең үлкені. Ғасырды ғасырмен жалғастырар дәнекер - кітапқа деген күштарлықтың қаз-қалпында екенінде дау жоқ. Қазіргі нарық заманында қажет кітаптың бәрін сатып ала беру екінің бірінің қолынан келе бермейді, сондықтан да керек басылымдарды іздеп, оқырмандар кітапханаға жүгіреді. Қазіргі кітапханаға келетін оқырмандардың негізгі жасөспірімдер - мектеп, техникум, колледж оқушылары. Оқу бағдарламасының өзгеруі, заман ағымына сай оқушыларға деген талаптың жоғарылауы балалардың кітапханаға деген сұранысын тудырып отыр. Көпшілік арасына ғылым мен білімнің, ізгілік пен парасаттың дөнін себетін бұл отаулардың тіршілік - тынысы әр саланы қамтиды. Көзін таба, уақытын ұйымдастыра білген адамға кітапхана - өңге ошағы, өнер ордасы...» [2, 25 б.].

Балалар кітапханасы - балалар әдебиетінің қазына — қоймасы мектеп бағдарламаларындағы сабақтарға ғылыми — салалық тақырыптардың, анықтамалық басылымдардың ордасы. Кез - келген мектеп кітапханалардың бола бермейтін әлемдік балалар әдебиетінің, отбасы оқуына ұйытқы қызықты кітаптардың бәрі осы ордадан табылады. Мектеп, отбасы, балалар кітапханасы - осы үш жақтың үйлесімді жұмысы жасөспірімдердің таным - тәлімінің қалыптасуына зор әсерін тигізеді.

Кітап оқу, одан ақыл - санаға қажет ләззат, азық ала білу жасөспірімдерді жақсылыққа үйретеді...

Қазіргі қалыптасқан нарық заманында осынау білім шаңырақтарының өмір сүру кепілдігі өз қолымызда. Кітапханалар мәдени - рухани айна-арнада қайтадан ілгері дамып, көш бастарлық қабілетке қол жеткізуге ұмтылуы керек.

Білім беру саласындағы «төңкерісшіл» жаңалықтарға байланысты көптеген мектептердің, басқа да арнаулы оқу орындарының кітапханалары бүгінгі күннің талабына сай жасақталмағандықтан жасөспірімдер кітапханасында, балалар кітапханаларында оқырмандар саны көбейіп, атқаратын міндеттері күрделілене түсуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асылбекова Ш. Жаңа кезең // Кітапханасы әлемі. - 2003. № 3. 20 б.
2. Әділбекова, М. Жастардың қазақ тілінде кітап оқуының жағдайы // Мектептегі кітапхана. - 2004 №2. 25 б.
3. Қожахметова, А. Бала тәрбиесі - баршаға ортақ // Ақжелкен - 2000. №10. 20 б.

#### ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ШАМАНИЗМНІҢ КӨРІНІСТЕРІ

ЖИЕМБАЕВА Г. Т.

аға оқытушы, Түркітану кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Ертеде қазақ ұлтын құраған ру-тайпалардың шаманизм, христиан, будда сияқты діндерге сеніп келгені белгілі. Осының ішінде шаман діні табиғатқа және табиғаттың түрлі құбылыстарына табынудан туылған өте ертедегі дін. Кезінде Еуропа мен Азия құрлықтарының солтүстік, батыс өңірлеріне кең тараған. Сол кезеңдердегі шамандардың наным бойынша бүкіл әлемді алты қабат аспанның үстінде тұратын тәңірі басқарып тұрады-мыс. Осындай сеніммен олар көк аспанға, күнге, айға, жұлдызға табынатын болған. Бұл туралы ғалым Ш.Уәлиханов “Аспан (көк) тәңірі – шаман дінінің ең негізгі құдайы” дейді.

Кейбір зерттеушілер шаманизм дін емес, себебі онда құдай туралы түсінік жоқ десе, басқалары оны діннің әмбебап формасы деп санайды. Потапов Л.П., Алексеев Н.А. сияқты кеңестік ғалымдардың басым көпшілігі шаманизмді түріктердің негізгі діні ретінде қабылдаса, Осман Туран, Ибрахим Кафесоглы, Абдулкадир Инан сияқты түркі ғалымдары шаманизмді дін емес, діни сезімді қамтитын культ ретінде бағалайды.

Ежелгі түркі халықтарының діни тарихының алғашқы кезеңі дәстүрлі түркі діні, екінші кезеңі әлемдік діндер дәуірі болып екіге

бөлінеді. Дәстүрлі түркі діні негізінен Көк Тәңірге табыну болса, әлемдік діндерге буддизм, зороастризм, манихеизм, христиандық, мұсылмандық және иудаизм кіреді. Орта Азия түркілерінің діни мәдениетінен бұл діндердің әсерін әлі де көруімізге болады.

Дәстүрлі түркі дінінде шамандардың маңызы өте зор. «Кам» сөзі тунгуздардың тілінен алынған, кейіннен оның орнына көп қолданыстағы «шаман» сөзі қолданыла бастады. Шаман - діни мистикалық сиқырлы белсенді түрді білдіреді. Көпшілігі дәстүрлі түркі дінін шаманизм деп те атайды. Тунгуздарда, ұйғырларда «кам» көбіне «сиқыршы» мағынасын білдіреді. IX ғасырда жазылған Махмұд Қашғаридың «Дивани Лұғат-ит Түркінде» «кам» сөзі «ғайыптан хабар беруші» мағынасында қолданылған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» «тәуіптер» сөзімен мағыналас болып келеді. Қазақ халқы шаманды «бақсы» деп те атайды. Шамандар тәңірі мен адамдар және рух арасында қатынас жасаушы қабілетке ие адамдар, олар өлгеннен кейін де отбасының және қауымның қорғаушысы болып саналады. Ұйғырларда, бұлғарларда, моңғолдарда, ғұндарда шамандардан басқа сиқыршы, көріпкел, емшілер болған. Алайда, оларды шамандардан айыра білу керек.

Ежелгі дәуірде ел арасындағы бақсылар өздерін жаратушы мен адам арасындағы қатынасты жалғастырушы, реттеуші деп білген. Олар «Мен жүрген жерде, менің дауысым мен қобызымның үні естілген жерде, жамандық, кесел жүрмейді-міс» деп аңыздар таратқан, өздерін ерекше жаратылған адамбыз деп санаған. Ел көзіне сұсты, жұмбақ болып көріну үшін әлем-жәлем киінген, бет-бейнесінде қорқыныштың ізі байқалған, ауру адамды айналып жүріп қобыз тартқан, үрейлі үнмен өлең айтқан, түсін суытып, зікір салған [1, 7 б.]. Өткен ғасырдың қыркыншы жылдары орта жүз аймағына Ресейден арнаулы сапармен келген А.Янушкевич ел арасындағы бір бақсымен бетпе-бет кездескендегі әсерін «Бақсының қолында қобызы бар, тұрпайы дауыспен жылдамдатып өлең айтты, әулиелердің аттарын атады, жың-перісін шақырды, ішіне отқа балқытылған пышақ ұрып, киіз үйді айнала жүгірді. Мен түнде ұйықтай алмадым: көзіме қызыл тақиялы, жабайы үнді, сайтанның әуені естілгендей болды да тұрды» деп баяндайды [2, 220-221 б.].

Ш.Уәлиханов «шамандықтың негізінде табиғат пен адамды қастерлеу басым болған» дейді [3, 169 б.]. Шамандық нанымдардың көпшілігі тіршілік талаптарынан туындаған. Шамандық ұғымы бойынша, адам өлсе де өмір сүре бермек. Қорқыт өлімнен қашса, мұнда шамандық нанымның іздері бар. Бұл ұғымдардың басым көпшілігі қазақ эпосынан мол орын алған.

Махмұт Қашғари түркілер үлкен тау, ағаш сияқты өздеріне ұлы көрінген әр затты тәңірі деп атайды десе де, түркілерде тәңірі сөзі тек қана Көк Тәңірі дегенді білдіреді. Көктүркітер дәуіріндегі Тоныкөк жазбаларында тәңірінің түркілерді қорғауы, тіпті оларды басқа ұлттардан жоғары көруіне байланысты «Түрік тәңірісі» сөзі қолданылған. Сондықтан, түркілерде Көк тәңірі халықтық тәңірі, қауымдық дін, ұлттық діннен гөрі әлемдік тәңірі ретінде қабылданды.

Арабтар Мавереннахирге келіп, алғаш Бұқара мен Самарқандты жаулап алғанда, Құтайбаның әскері хижраның 95 жылында Ферғана және Ташкентті алып, Бұқарадағы бұдхананы мешітке айналдырады. Ислам әскерлерімен қарсыласқан түркілер зороастризм, буддизм, манихеизм және біразы настури христиан дінінен еді. Ислам діні бұлардың арасына өте баяу жайылды. Бұқара мен Самарқанд шапқыншылығынан кейін арабтар кіші түрік хандықтарымен емес, үлкен түрік хандықтармен қарсыласты, бұл түркілер шамандар болатын. Батыс Көк түрік (Түргеш) қағаны Сұлу Ислам әскерлерімен ұзақ уақыт күресіп, хижраның 119 жылына дейін қарсылық көрсетті. Арабтар бұл ханға да Ебул-Музахим, яғни “сүзетін, ұратын өгіз” деген лақап ат берді [4, 63 б.].

Ибн Фадлан хижраның 310 жылында түрік-бұлғар хандығына бара жатқанда қалың оғыз тайпалары мен башқұрт түркілерінің арасынан өткен. Олардың тұрмыс-тіршілігі және әдет-ғұрыптарына байланысты мағлұматтар берген. Оның айтуына қарағанда Оғыздар және башқұрттар шаман. Аруақтарға сиыну, суға сиыну, жоктау әдеттері тура VIII ғасырдағы Көк түріктерге ұқсайды.

Ибн Фадланның саяхатынан 30-40 жылдан кейін Қарахан мемлекеті бірден Түрік Ислам мемлекеті болды. Қарахандықтардан алғаш мұсылман болған Қаған Сатук Бурахан (955 жылы қайтыс болған). Аңыздарға қарағанда ол кезде екі жүз мың түркі халқы мұсылман болған. Түркі халықтарының барлығы бір мезетте мұсылмандықты қабылдамады. Тіпті бір қауым болып саналатын Оғыздардың толығымен Исламды қабылдауы 2 ғасыр бойы, қыпшақ даласының исламдануы IX ғасырдан XIV ғасырдың бас кездеріне дейін жалғасқан.

IX ғасырда шығыстағы мұсылман түркілер шаманизмдегі жоктау, жылау рәсімін де ислами тұрғыда орындап келген. Махмұд Қашғари «ас – қайтыс болған адамды жерлегеннен кейін үш немесе жеті күнге дейін берілетін тағам» дейді. «Ас беру» шаман түркілерде “аруаққа сиынуға” байланысты ең үлкен рәсімдерден бірі. Бұл жиында тағамның жалғыз түркілерге ғана емес, өлілерге берілетіндігіне сенген. Алтай тауларының ормандарында өмір сүріп жатқан шамандар тіпті бүгін де өліге берілген

аста өліге “же-іш”, бізге және малымызға тиіспе дейді [4, 393 б.]. Қайтыс болған адамға берілген ас қазірге дейін қазақ-қырғыздарда VII ғасырдағы шаман әдеттеріндей барлық ерекшеліктерімен сақталып келген. Қазақтар шаманның көрінісі бар бұл рәсімге ислами әр берген. Мысалы, молдалар Құран кәрімді оқиды, қатым түсіреді. Ал, басқа әдеттер шаманизм бойынша жасалады. Құран кәрімді оқып жатқан хафыздардың даусымен жоқтау айтқан әйелдердің даусы бір-біріне араласып жатады. Өлген адамды жоқтау жетісі, қырқы, жылы бойынша айтылады.

Мұсылман түркілерде бүгінге дейін әлі де жалғасып келе жатқан шаманизм іздері көптеп саналады. Атап айтсақ мазарларға тілек айтып шүберек байлау, мазар басына құрбандық шалу, әулиелердің басына бала көтере алмаған әйелдер келіп дұға оқып, шүберек байлау, көп жылғы шынар ағашын қасиетті деп шүберек байлау әлі де сақталуда. Қорқыт ата хикаясында тау, су, ағашқа сиыну рәсімдерін айқын көруге болады. Хикаяда суреттелген жоқтауда бет жырту, шашын жұлып жылау, айғайлап жоқтау айту, ақ киімді тастап қара жамылу, өлген адамның мінген атының құйрығын тұлдау, жылқы сойып ас беру толығымен шаманизмнің өлілерге сиынуына тән рәсімдер. Оғыз батыры соғысқа кетіп бара жатып жақындарына “үш жыл күтіндер, келмесем мені өлді деп біліндер, айғыр атымды кесіп асымды беріндер” деген. Жоқтау айтқанда оғыз әйелдері беттерін жырттып, шаштарын жұлған. Өлген адамның мінген атының кекілі мен құйрық-жалын тұлдау қазақтарда, қырғыздарда, құмықтарда әлі күнге дейін сақталып келе жатқан әдет. Шаманизм жоқтауында аттың құйрық-жалының тұлданғаны сияқты, өлген адамның әйелінің шаштары жесір қалғандықтың белгісі ретінде кесілген. Бұл шаманизмдегі ең ескі әдеттерден бірі.

Мазарларға және ағаштарға шүберек байлау ең алғашқы шаманизм әдеттерінің бірі және барлық мұсылман түркілердің арасында діни міндет ретінде саналады. Мұсылман түркілер осы арқылы әулиенің рухынан көмек сұрайды, бұл әдеттің кең таралғандығы соншалық оны білмейтін адам жоқ. Анкарадан 90 км. қашықтықта Кызылжахамам айналасында суы минералды бұлақ бар. Бұл бұлақ жанындағы бұталар шүберектен көрінбейді. Бұл жерде әулие мазары да жоқ, ал шүберектер “су рухына” бағышталып байланған [4, 396 б.]. Мұсылман түрік бұл шүберекті діни сеніммен, Аллаға сыйынып байлағанда шаманизм әдетін жасап жатқанын аңғармайды. Анадолыда шаманизмнің кейбір әдеттері толығымен жойылса да атаулары қалған. Мысалы, шаманизмде ауруларды, үйлерді, өлілерді аластау әдеті бар. Қазіргі уақытта Анадолыда

«аластау» сөзі тек қана «от ұстау» және «жағу» мағынасында ғана қолданылуда.

Шаманизмде ауруларды сауықтыру үшін жасалатын ең маңызды әдеттерден бірі де малмен ауруларды айналдырып, ауруға жабысқан жаман рухты малға аудару. Моңғолдар XVI ғасырдан бері будда дінін қабылдаса да шаман қалдықтарын әлі де сақтап келе жатыр. Ауруларды өлімнен құтқару үшін, туыстарының бірі ауру адамның жанынан айналып, өзінің жанын қияды. Алайда, моңғолдар арасында соңғы уақыттарда жанын бұлайша қиғысы келетіндер болмағандықтан адам тәрізді пұт жасап аурудың жанынан айналдырып суға тастайды [5, 454 б.]. Г.Потанин «Қазақтар қатты науқастанған кезде ақ сарыбас қойды құрбандыққа шалады» деп жазады. Бақыстардың ұғымынша, жамандық иесі (ауру) өлмейді, сол себепті оны ауырған адамнан (немесе малдан) басқа бір нәрсеге көшіріп жіберуге ғана болады.

XVI ғасырда мұсылман шағатайлар арасында бұл әдеттің болғандығы туралы «Бабырнамадағы» хикаядан көруге болады. Захиреддин Бабырдың өте жақсы көретін ұлы Құмайун қатты сырқаттанады. Бабыр шах ұлын айналғаннан кейін ол сырқатынан айығады. Ал, Бабыр үш күннен кейін өледі [4, 434 б.].

XV ғасырдағы Анадолы Оғыздарындағы бұл әдеттің ислами түрін Қорқыт Ата кітабында көруге болады. Бұл хикаяда Салур Қазан ұлы Оразды тұтқыннан құтқарғаннан кейін «жанұясы бар қырық күлмен, басы бос қырық күлді ұлының басынан айналдырып бостандық берді» дейді. Бастан айналдырып садақа беру әдеті Стамбұлда, көз тиіп ауырған адамның басынан тұз айналдырып отқа тастау әдеті де Анадолының түрлі аймақтарында әлі де орындалуда [4, 398 б.].

Суға байланысты сенімдерді бүгіндері халық арасында көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Түркиядағы Тунжели және Бингөл айналарында келінді үйге түсірместен бұрын өзен үстіне құрылған көпірден өткізу әдеті бар. Өзен құрғақ болса да бұл әдет орындалады. Осылайша, үйге келген келіннің жаманшылықтан қорғайтындығына, келген үйіне құт-береке әкелетіндігіне сенілген. Диарбақыр және Шанлыурфа айналасында тартылған немесе тартылып бара жатқан құдықтарға, бұлақтарға, өзендерге құрбандық шалынады. Осы әрекеттер арқылы олардың жоғалып кетуінің алдын алуға тырысады [4, 56 б.]. Битлисте жаназа шыққан үйдің барлық ыдыстарындағы сулар төгіледі. Суларды төгу арқылы олар жанұядағы басқа адамдардың аман-есендіктерін тілейді. Карста жеті түрлі бұлақтан су жинап әкеп, таңертенгі намаздан кейін бұл сумен жуынған қыздың бақытты болатындығына байланысты сенім бар.



Шанлыурфада танертең ерте есік алдына су төгілсе үйдің ырысының артатындығына сенеді. Карс және оның айналасындағылар жәйсіз түс көрсе ағын суға айтады, олар сол арқылы қиыншылықтырын, жайсыздықтарын ағын судың алып кететіндігіне сенген. Сонымен қатар, бүгіндері Анадолының кейбір аймақтарында ыстық суды жерге төгер алдында жер иелерінен рұқсат сұрайды [4, 114 б.].

Түркі шаманизмінің ең көп таралған әдеттерінен бірі де жаңбыр, бұршақ жаудыру және дауылды пайда қылу немесе тоқтату күшіне ие тастың бар екендігіне және бұл тастың аталарынан мирас болып қалғандығына сенуі. Бұл тасқа түркілер “яда, жада” немесе “ят” тасы дейді. Қазақтар да «жай тасы» деп атайды. Бұл тастың күдіретіне тек қана шаман түркілер ғана емес, бірнеше ислам ғұламалары мен батыстық зерттеушілер де иланған [4, 160 б.].

Ебул Аббасқа Саманұлдарынан әмір Исмаил бин Ахмед (892-907) түркілермен соғыста олардың бұл таспен керемет жаңбыр және бұршақ жауғызғандықтарын өз көзімен көргендігін айтады. Түркілердің мұсылман болғаннан кейін де соғыстарда осы тасты қолданғандықтарына ислам ғұламалары сенген. Жай тасына байланысты үлкен түрік ғалымы Махмұт Қашғари: “Жаңбыр, қар жауғызып, жел соққызатын тасты көзіммен көрдім. Жаз уақыты еді. Өрт болды. Осы таспен жаңбыр жауғызды. Алла тағаланың рұқсатымен өрт сөндірілді” дейді (3 том 2 бет).

Фирдоусидің Шахнамасында «жай тасы» моңғол тілінде «жед» деп аталатындығын және оның сиқыр екендігі туралы айтылған. Оның әсері түркілерден басқа Қытай, Моңғол, Орал-Алтай қауымдарына да жайылғандығы туралы айтылған. XIII ғасырда өмір сүрген бір автор да жаңбыр тасының түрі туралы: «Жаңбыр тасы жұмсақ, үлкен құс жұмыртқасына ұқсас үш түрлі болады» дейді. Түркілердің мәдени өмірі, фольклоры, этнографиясын зерттеген танымал ғалым В.В.Радлов 1861 жылы Алтайда Абакан өзенінің айналасында болған кезінде жаңбыр тасына байланысты бір оқиғаның куәсі болады. Бастаушы болып жанында жүрген адамның жаңбырды тоқтатып, күннің көзін ашу үшін сиқырлаушы бір дұға оқығандығын жазған. Жаңбыр тасының жаңбыр жаудырумен бірге жаңбырдың күшті және ұзақ уақыт жаууына байланысты халықтың үлкен зиян көргендігі және жаңбырды тоқтату үшін де әртүрлі тәсілдердің қолданылғандығы туралы жазбаларда кездеседі. Мысалы, Хорезмшах Сұлтаны Мехмет Шыңғыс шапқыншылығынан бұрын Қытай тарапына келе жатып жаңбыр мен қарға тап болады. Мұны жаңбыр тасын қолданған адамның жасағанын білгеннен

кейін ол осы екі адамды өлтіріп, қара жүнге орап көмеді, осылайша жаңбыр тоқтайды. Егер өлтірмесе жаңбыр үздіксіз жауып халыққа пәлекет әкеледі делінген. Тағы бір жазбада «Самарқанд қаласында құрғақшылық болады. Тас иесі тасты су толы ыдыстың ішіне қойып қойған екен. Хафыз атты біреу білместен суды ішіп қояды, содан кейін-ақ жаңбыр еш тыңбастан үздіксіз жауа бастап, сел болып тасиды. Халық бір жаманшылықтың белгісі болар деп себебін іздестіре бастайды. Соңында Хафызды ұстап алып қаладан қуғындайды, бірақ ол қай жерге барса сол жерде жаңбыр жауа бастайды. Халық оны Мавереннахир мен Хорасаннан қуып жібереді, ол соңында Мысырға барып тұрақтайды. Хафыз жұртын сағынып біраз жылдардан кейін Самарқандқа келсе бұрынғы әсері жоғалған. Осы оқиғаға байланысты халық та оған Хафыз жайшы деген ат беріпті» дейді [4, 553 б.].

Мавереннахирде орналасқан өзбектер XVII ғасырда солтүстіктегі қазақ-қырғыз хандарының жаңбыр жаудыратын көріпкелдері бар екендігін, бұлардың нағыз мұсылман еместіктерін айтқан. Өзбек Абдолла ханның (1551-1598) тарихын жазған Бұқара сарайының тарихшысы Нафыз Таныш қазақ-қырғыз сұлтандарынан Баба сұлтанның әскеріндегі жаңбыр жаудырушының таспен жаңбыр жаудырғандығын жек көрушілікпен жазған.

Шаман Алтайлықтар мен якуттар әлі де осы тастың күдіретті күшіне сенеді. Якуттар жай тасын «сата» дейді. Олар бұл тастың ат, сиыр, аю, қасқырлардың қарынында болады деп сенеді. Ең күшті тас қасқырдың қарнынан шыққан тас дейді. Жай тасымен якут шамандары жазда жаңбыр, қар жауғызып, керемет дауылдар тұрғыза алады. Якуттар жай тасын адамның басына ұқсас келген жанды зат дейді. «Жүзі, көзі, құлағы, аузы өте анық көрінеді, әйел немесе бөтен адамның қолы немесе көзі тисе өледі, күшін жоғалтады, тасты алып жоғары көтерсе тез арада суық ызғар еседі, жаңбыр немесе қар жауады» деп суреттейді. Ер-Көкше дастанында Алтын Орда мемлекетінің даңқты батырларынан бірі Ер Қосайдың дұшпандарына бара жатқан уақытта шөл далада басынан кешкендерін былай суреттейді: «Ер Қосайға жанындағы адамдар шөлдегендіктерін айтып шағымданды. Ер Қосай ұзын құлақты сары атының ер тоқымының астынан жай тасын шығарды, сілкіп-сілкіп жерге қойды. Аспаннан жаңбыр жауып, барлығының шөлін қандырды» [6, 120 б.].

Қырғыздардың “Манас” дастанындағы батырлар ислам діні үшін жиһат жасайды. Кәпірдің ханы болғанша мұсылманның құлы

болу жақсы дейді. Дастанда ат басы үлкендігіндей Құрандары бар. Алайда, дастан басынан аяғына дейін шаман әдеттеріне толы.

Шаманизм қалдықтарының бір бөлігі халыққа зияны жоқ әдет-ғұрыптар ретінде қалыптасып, діни сеніммен байланысын жоғалтқан. Ал кейбірі ислам дініндегі қасиетті шарттар сияқты орындалып, қоғамға өзінің зиянын тигізуде. Зиялы дін иелерінің аздығынан, ислам дінінің негізгі шарттарынан хабарсыз кейбір қоғам иелері рухани мұқтажықтарын дін пердесін жамылған шаманизм қалдықтарымен қанағаттануға мәжбүр болады. Халық емшілері, тәуіптер, бақсылар, өлілерден медет іздеу шаманизмнің ең зиянды қалдықтары болып саналады. Әйтсе де түркі халықтарының дінінің байып түрленуіне шаманизмнің қосқан үлесі зор болып саналады. Қазақ халқын құрушы басты ру, тайпалардың ислам дініне кіргеніне 10 ғасыр шамасында уақыт өтті. Қазақ халқының фольклорындағы, этнографиясындағы, жалпы дәстүрлі мәдениетіндегі атадан балаға қалып, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан шаманизм қалдықтары бүгінгі өркениетті ғасырымызда да фольклордан, этнографиямыздың, мәдениетімізден жойылып кете қойған жоқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Садырбаев. Қазақ халық әдебиеті. - Алматы: Рауан, 1990.
- 2 А. Янушкевич. Дневники и письма и путешествие по казахским степям. - Алма-Ата, 1956.
- 3 Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1985, - 410 б.
- 4 Türkler. 3с. - Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002.
- 5 А. Позднеев. Очерки быта буддистских монастырей и буддизма в Монголии. - Санкт-Петербург, 1987.
- 6 Батырлар жыры. - Алматы: Жазушы, 1986, - 264 б.

#### АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ЖИЕМБАЙ Б. С.

оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қыпшақ тілінде жазылған орта ғасыр жазба ескерткіштері біздің заманымызға келіп жеткен құнды жәдігерліктер болып есептеледі. Бұларды жасауға қазақ этносын құраған тайпалардың белсене араласқаны сөзсіз.

Қыпшақтар тіліндегі орта ғасырлық жәдігерлер тарихи-әлеуметтік және сол кезеңдегі саяси ахуалдарға байланысты

әр дәуірде, әр жерде, әр түрлі әліпбимен хат бетіне түскен. XI-XVII ғасырлар аралығында Қырым, Подолия, Польша, Венгрия, Египетте араб, латын, армян, славян, руна жазуларымен хатқа түскен қыпшақ (половец, хардеш, құман) және печенег тілдеріндегі ескерткіштердің қазіргі түрк тілдері арасында алатын орны ерекше. Қыпшақ ескерткіштері қазақ тілі тарихының ерте дәуірін зерттеудің қайнар көзі болып табылатыны анық.

Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер негізінен XI-XVII ғасырлар аралығын қамтиды. Оларды жазу үлгісіне қарай былайша топтастыруға болады: 1. Готикалық көне шрифтпен жазылған ескерткіштер (XIII-XIV ғасырлар). 2. Араб әрпімен жазылған мұралар (XI-XIV ғасырлар). 3. Армян жазуымен берілген мұралар (XV-XVI ғасырлар). 4. Орыс әліпбиімен жазылып қалған деректер (XI-XIII ғасырлар). 5. Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген сөздер (кісі аттары мен жер-су аттары т.б.). Сонымен қатар ескерткіштер белгілі бір саяси-әкімшілік орталықтарда туып, солардың талап-тілектеріне сай жазылып отырғандықтан, қазақ ғалымдары – Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов оларды шартты түрде мынадай топтарға бөліп қарастырады: құман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер.

Орта ғасырларда жазылған ескерткіштерді зерттеп, құнды пікірлер айтқан ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа алған Мұрат Сабыр мынадай екі үлкен топқа бөліп қарастырады: а) көне қыпшақ ауызекі сөйлеу тілінде жазылған ескерткіштер; ә) көне қыпшақ жазба ескерткіштері [1, 6].

Армян-қыпшақтар – бүгінгі таңда тарихшылар да, тілді зерттеушілер де «армян-қыпшақ» анықтамасын ұстанатын, өз дәуірінде христиан дінінің армян-григорян бұтағын діни ретінде қабылдаған қыпшақтар. Деректер көрсеткендей, армян-қыпшақ тілін таратушылар өз тілдерін «хыпчак тілі», «біздің тіл», «татарша» деп көрсеткен. Көлемі мол жанры әр түрлі армян-қыпшақ ескерткіштерінің зерттелу тарихы, жазба мұрасы әр түрлі және өмірдің экономикалық, саяси, мәдени сияқты салаларын қамтиды. Ғалым Александр Гаркавец армян-қыпшақ мәтіндерін алты топқа бөліп қарастырады.

1. Тарихи жылнамалар. Олар 3 бөлімнен тұрады: а) Каменец жылнамасы. ә) Венеция жылнамасы. б) Польша өңірі жылнамасы. 2. Заң кітаптары және құқықтық тіркеу дәптерлері мен хаттамалары. 3. Тіл білімі еңбектері және лұғаттар. 4. Мәсхаб (дін) әдебиеті. 5. Ерекше еңбектер. 6. Табиғи білім еңбектері [2, 102].

1970 жылдардан қазірге дейін тыңғылықты зерттеле бастаған, армян әліпбиімен қыпшақ тілінде жазылған мәтіндер аясында зерттеуші ретінде танылған ғалымдар Е.Трыарский, Э.Шютц және Ж.Дени өз еңбектерінде «армян-қыпшақ» терминін қолданған. Сондай-ақ армян-қыпшақ ескерткіштерін зерттеуде Г.Алишан, М.Левицкий, Т.Грунин, А.Гаркавец, И.Абдуллин, Я.Дашкевич, С.Құдасов секілді ғалымдардың сүбелі еңбегі бар. Қыпшақ, армян-қыпшақ жазбалары, оның танылып, зерттелуіне өзіндік үлестерін айтарлықтай қосып үлгерген В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Ф.Е.Корш, Н.А.Баскаков, Э.Н.Наджиб, В.А.Гордлевский, А.А.Зайончковский, В.Р.Григорян, А.Е.Крымский, К.К.Юдахин, С.Г.Кляшторный, Н.Сауранбаев, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, тағы да басқа бірқатар ғалымдардың еңбектері өз құндылығымен ерекше.

Ең алғашқы қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің басылымдары Польшадағы армян тұрғындарының мекендерінде армянтану сипатындағы мәдениет орталықтарында болған. Алғашқы басылым 1896 жылы Венецияда Гевонд Алишанның 1560 жылдан бастап 1624 жылға дейін Каменец-Подольсктегі оқиғалар туралы бөлімі жарияланды (қысқаша мәліметтер және 1430 жылдан бастап келесі ғасырлардағы оқиғалар туралы). 1611 жылдан бастап 1624 жылға дейін оқиғалардың (хроникалардың) бөлімі көне қыпшақ тілінде, ал қалған бөлімі армян тілінде жазылған. Өкінішке орай, Г.Алишанның басылымын түркітанушылар зерттемеген, оныкі профессор Жан Дени қолданған париждік хроникалар тізімінен толығырақ болған екен.

Келесі басылымды армян-түрк тілдері қатынастарымен айналысқан веналық профессор, филолог Ф.Фон Крелитц-Грайфенхорст орындаған. Оның басылымының қолжазбасы Венадағы патшалық кітапханада сақталған армян-қыпшақ псалтырындағы 50 псалманың көне қыпшақ аудармасы болып табылады. Бұл 1590 жылы қыпшақ тіліне аударылған. Ф.фон Крелитц-Грайфенхорсттың басылымы қазіргі ғылым талаптарына сай орындалған алғашқы ғылыми басылым болып табылады. Ол түпнұсқалық армян графикасында, арменистік негіздегі транслитерациямен, немісше аудармамен, лингвистикалық түсініктемемен жабдықталған. Ол ең алғашқы рет ескерткіштің

түркі тілінің қыпшақ типін анықтап, оны «татарлық» немесе «армян-татарлық» деп атады, бұл жағдайда арменистік дәстүрге сүйене отырып (осылай Г.Алишан өзі құрған Каменец-Подольск хроникасының тілін атады, ал Агоп Дашян веналық кітапханада сақталған қолжазбалық сөздікті «армян-татарлық» терминімен атады) өзі басқан ескерткішті тілдерімен біріктірген половецтік «Кодекс Куманикусты» негізге алды. Алайда «Кодекс Куманикусте» де құман тілі «татар» тілі деп айтылады. Лингвистикалық қосымшалар мәтінінде Крелитц-Грайфенхорст қазіргі түркітануда да сақтаған қыпшақ псалмаларының ерекшеліктерін көрсетті.

Келесі армян-қыпшақ ескерткіштерінің басылымы Крелитц-Грайфенхорсттың басылымынан кейін 45 жылдан кейін пайда болды. Оны дайындаған атақты османтанушы және түркітанушы 1921 жылы Парижде сақталған армян хатындағы көне қыпшақ мәтіндері туралы болжамдық хабармен шыққан профессор Жан Дени, ол париждік қолжазбалардың тілі туралы кейбір ортақ мәліметтерді жасаған болатын [3]. 1957 жылғы басылымның негізі ретінде 1604-1613 жылдардағы №194 қолжазбасының Каменец-Подольск хроникасының мәтіні алынды, алайда ғалым ескерткіш тілін зерттеуде басқа да париждік қордың қолжазбаларын пайдаланды.

Профессор Жан Дени кітабының филологиялық бөлімінде тарихи кіріспені алғышарт ретінде қойған, бұл кіріспе армяндардың отарларына, армян-половец (құмандық) байланыстарына және тағы да басқа мәселелерге арналған. Ары қарай ескерткіш туралы бөлім, оның графикасы мен фонетикасы, «Хроника» тілінің лексикасы және грамматикасы туралы бөлімі, астында қосымшаларымен жабдықталған транскрипцияланған мәтін және француз тіліндегі аударма, соңында екі глоссарий: 1) ескерткіштің сөздерінде кездесетін және 2) жалқы есімдерге байланысты сөздер берілген. Автордың іргелі еңбегі польшалық армяндардың көне қыпшақ тілі аясындағы негізгі зерттеулердің бірі болып табылады.

1957 жылы польшалық шығыстану «Rocznik Orientalistyczny» журналында көне қыпшақ тілінің құнды ескерткіші – Вроцлавтағы Ossolineum кітапханасында №1916 тіркелген, XVI ғасырдың басы немесе ортасына сәйкес келетін қолжазбасы бойынша «Польшалық армяндардың заң жинағының» қысқартылған аудармасы пайда болды. Қолжазбада «Жинақтың» польшалық және қыпшақша нұсқасы бар. Ескерткіштің баспашылары профессор М.Левицкий және Р.Конова транскрипциясының кейбір элементтерімен арменистік негіздегі транслитерациямен жабдықтап отырып, ескерткіштің түпнұсқасынан жақсы фотокошірмесін жасады.

Басылымның кіріспесінде «Жинақпен» байланысты керекті ақпарат берілген. Аударманың тілі стилистикалық жағынан өңделген және көне қыпшақтың әдеби тілдік нұсқасы бола алады.

1957 жылдан бастап армян-қыпшақ саласы бойынша жаңа басылымдар шыға бастады. Бұл бағытта шығыстану басылымдарында шыққан польшалық түркітанушы Эдвард Трыарский белсенді еңбек етті. 1960 жылы екі веналық: God. Arm. 3 қолжазбасы және National bibliothek кітапханасынан және №311 кітапхананың веналық мхитаристердің қолжазбасы негізінде ол – өзі дайындаған армян-қыпшақ сөздігінің үзіндісін (польшалық және француздық сәйкестіктерді қосып) шығарған. Қыпшақ мәтінін автор арменистік транслитерацияда және иллюстрациясы ретінде қолжазбаның бір бетінің фотокөшірмесін берген. Сөздік мақалалар польшалық армяндардың көне қыпшақ тілінің сөздік құрамын құруына маңызды көрнекі, құнды материалдардан тұрады [4].

1964 жылы Ж.Дени және Э.Трыарский шығыста кеңінен таралған «Дана Хикардың тарихы» атты шығарманың қыпшақша аудармасын жарыққа шығарды. Басылым Веналық мхитаристердің кітапханасында сақталған №4682 қолжазбасы бойынша дайындалған. Оның кіріспесінде әдеби шығарма туралы, оның түрлі, атап айтқанда армян және көне қыпшақ тіліндегі нұсқалары туралы мағыналы грамматикалық очерктен, транскрипциясы (транслитерация), француз аудармасындағы мәтін, глоссарийден тұрады. Басылымның соңында ескерткіштің анық фотокөшірмесі тіркелген. «Дана Хикардың тарихы» Галиция мен Подолия армяндарының көне қыпшақтық әдеби тілінің үлгісіне жатады. Бірақ стилистикалық жағынан Подолиядан айырмашылығы бар. Бұл еңбекті отандық ғалым С.Құдасов 1990 жылы «Дана Хикар сөзінің тілі» деген атаумен казак тіліне алғаш аударып, лингвистикалық зерттеу жүргізген [5].

Армян-қыпшақ байланыстарын зерттеудегі ерекше орынды түркітанушы Эдмунд Шютцтың еңбектері еншілейді [6, 291-309 бб.]. Эдмунд Шютц орфографиялық ереже бойынша армян әріптерімен жазылған көне қыпшақ мәтіндерін оқуда түркітанушылар білмеген қателікті байқай білді. Э.Шютцтің еңбегі осы сияқты қателіктердің сараптамасына арналады. Ғалым транскрипция саласындағы практикалық сипаттамаларын 1618 жылы Львов қаласында жарық көрген армяндық дұға кітабы «Алғыш бітігінің» қыпшақ тіліне аударған жұмысында жүзеге асырды.

Бүгінгі таңға дейін сақталып, армян қарпімен жазылған, армян-қыпшақ түпнұсқалық немесе аударма мәтіндерінің ішінде басты

орынға көлемі бойынша әр түрлі аударма еңбегін жеңілдетуге арналған және грамматикалық көмекші оқу құралы ретінде екі тілді армян-қыпшақ сөздігін атауға болады. Түркітанушыларға армян-қыпшақтардың грамматикасы туралы құнды мәліметтерді О.С. Еганяның Еревандағы Матенадаран топтамасынан алынған XVI ғасырдың армян-қыпшақ грамматикалық көмекші құрал басылымы бере алады. Қыпшақтардың Қырым мен Кавказда үстемдік құрған кезінен бастап-ақ армяндар половец тілін үйренуге кіріскен. Армян-қыпшақ түпнұсқалары мен аударма мәтіндерінен сақталып қалғандарының арасында аудармашылар үшін құрастырылған армян-қыпшақ сөздіктері ерекше маңызға ие болды. Олардың бірін О.Е. Еганян суреттеп, орыс тілінде жариялаған [7, 152-154 бб.].

Осы кезеңдегі қарым-қатынасты қыпшақ тілінде жүргізіп, христиан дінінің армян-григорян бұтағын тұтынған қауымдық топты «ассимиляцияланған армяндар» немесе «екінші халықтың тілін жетік меңгерген қыпшақтар» болар деген пікірталас – тарих пен тіл ғылымында әлі толық басы ашылмаған мәселе.

Армян мен қыпшақтардың жақындастығының бір себебі, олардың арасындағы сауда байланысының күштілігінен де болуы мүмкін. Себебі армяндардың Қырым түбегінде қоныстануынан кейін ізінше саудамен айналыса бастағандары тарихи құжаттардан белгілі.

Қыпшақтанушы, белгілі ғалым А. Гаркавец Алтын Орда үстемдігінен бұрын қыпшақтардың төрт түрлі топқа бөлінетіндігін айтқан. Бұлардың бірінші тобы өздерін «урум» ретінде санап, христиан дінін қабылдаса, екінші тобы армяндардың григорян бұтағын қабыл еткен. Үшінші топ өздерін «қарайымбыз» деп еврейлікті, ал соңғы топ кейінірек исламды қабыл еткенін жазады. Осылайша олардың ана тілдері болған армян-қыпшақ тілінің құмандарға, Қырым татарларына, қарайымдарға және Қырым урумдарына жақын болғанын көрсетеді. Сонымен қатар ғалым өз еңбегінде Украина армяндары өздерін «армяндар» деп атай жүріп, армян әліпбиін қолдана отырып, ана тілдері болған армян тілін толығымен дерлік ұмытқан, қыпшақша сөйлесіп-жазып, қыпшақша дұға тілеумен жүре берген дейді [8, 8 б].

«Армяндардың қыпшақтануы» және «өз тілдерін ұмытып, қыпшақша сөйлесе бастапты» деген көзқарастың кең таралуына XV ғасырдан XVIII ғасырға дейінгі уақыт аралығында сол аумақта тұрған армяндармен және қыпшақтармен байланысы бар ақпараттарды таратқан саяхатшылардың әсері де болуы мүмкін. Мәселен, итальян шіркеуінің адамы Антония Мария Грацини

(1537-1611), поляк тарихшысы Мартин Кромер (1512-1589) өлкені шарлағаннан кейін жазған саяхат жазбаларында өлкеде тұрған және өздерін «армян» деп атайтын халықтың түгелімен «татарша-қыпшақша» сөйлесетіндіктерін, сыйынатындықтарын, армян тілін тек белгілі дін адамдарының ғана қолданатынын айтқан екен.

Армян жазулы қыпшақ жазба тілінің болуымен белгілі болып алға шыққан басқа көзқарас ол – Сер Герард Клаусон тарапынан ортаға шыққан көзқарас. Клаусон мәтіндерге сыни тұрғыдан қарап, әуелі «шабуылшы ретінде қыпшақтардан құралған бір қауымның не үшін армян әліпбиімен өз тілдерін жаза бастағандықтары және неліктен армяндандықтары» мәселесінің жауабын іздейді. С. Клаусон пікірінше, құдіреті жоғары бір тілді сөйлесушілердің әсерінен басқа да қолданыстағы тілдердің жеңген тілден әсерленуі нәтижесінде аралас тілдер пайда болады. Осыған бағынышты болып армян әліпбиімен жазылған қыпшақ тіліндегі келесі бір топ сөздер славян түбірлі (польша тілінде және украинша), негізгі сөздері мен дыбысталуы қыпшақша. Армян сөздерінің лексикасы славян сөздерімен салыстырғанда, әлдеқайда аз. Егер осы тілде сөйлейтіндер қыпшақтанған армяндар болса, тілдегі түбір сөздердің лексикасы армянша болар еді. Польшада «армян қыпшақтары» деп танылған және көбісінің армян немесе армян киімін киген румындар деп жүрген халықтың тегі «армянша» емес, «қыпшақша» аталған. Мәселен, Камеңец хроникасында кездесетін адам аты «Aksent der Krikog ulu Novannes nemeges» түрінде. Егер бұлардың шығу тегі армяндар болған болса, олар өздерінің ұлттық терминологиясын қолданып, «Aksent Krikogian» деуші еді [9, 7-14 бб.].

С.Клаусон өз мақаласының соңында басты кейбір христиан миссионерлік белсенділіктердің болғандығын да айта кетеді. Осыған байланысты христиан дінінің табынатын кітаптары мен Інжіл көпшіліктің негізгі тілінде зерттеліп, түсіндіріледі. «Армяндар өз жұртынан Дешті Қыпшаққа қоныс аударғанда, көршілері Ислам дінімен байланысы бар адамдар болғаны белгілі. Сол үшін өз мәсхабтарын жаюға болатынын білген армяндар, қыпшақтарды діни насихат жасауға лайықты қауым болады деп шешті. Сөйтіп өздерінің діни кітаптарын қыпшақша аударып бастады». Бұл пікірмен таныса отырып, «армян-қыпшақ тілі» деп аталатын тілде сөйлесетін қауымды түбі армян болған деп есептеу өте қате. Егер жеңген халық армяндарға тән болса, тілдегі сөздік қордың көбісі қыпшақшаның орнына армянша болулары керек еді. Бұл жәдігерлерде керісінше, армян сөздерінің қолданылу аясы өте тар екені көрініп-ақ тұр. Бұдан

шығатын түйін, армян хәріпті қыпшақ тілі мәтіндерінің негізгі тілі – қыпшақ тілі болған.

Қыпшақтардың армян-григоряндық христиан дінін қабылдағандары жөнінде зерттеуші ғалымдар Г.Алишан, Э.Хуршудян өздері зерттеген эпиграфикалары бойынша, Арменияның қазіргі Ширак облысының Артик ауданының Арич елді мекені Қыпчаг атауын алғанын, ал XII ғасырларда бұл жерде «Хыпчакаванк» атты монастырь (армянша «хпчак» қыпшақ, «ванк» – монастырь) болғанын жазады. Бұл монастырь қазіргі уақытқа дейін сақталған [10].

Алайда христиан григоряндары арасында түрк күнтізбесі секілді исламнан бұрынғы күн атауларының кейбіреуінің қолданылуы, 12 жануардың атауымен жыл қайырудың бары таңқаларлық жайт. Григоряндар қолданған күнтізбе бойынша жыл аттары: sıçhan yılı (тышқан), büza yılı (сиыр), bars yılı (барыс), hoyan yılı (қоян), ıylan yılı (жылан), balıh yılı (балық), at yılı (жылқы), hoy yılı (қой), maımun yılı (маймыл), tavuh yılı (тауық), it yılı (ит), tonguz yılı (доңыз). Аптаның кісіаунакүн, аунакүн, şabatkүн, bayramkүн, ayaskүн, kankүн секілді күндерінің болуы да григоряндар деп жүргендердің қыпшақ тілін «көнеден» білетіндіктеріне дәлел бола алады.

Армян-қыпшақ байланыстарын зерттеу бағытында ең басты бағалы құндылық болып Армения Республикасы Ереван қаласында, Месроп Маштоц атындағы Ежелгі қолжазбалар институты Матенадаранда сақталған қолжазбалар болып табылады. Бұл ескерткіштерде қыпшақ тілінің тілдік жүйесі, лексикасы, грамматикасы туралы сирек кездесетін тың материалдар жетерлік. Сақталған 8 қолжазбаның барлығы дерлік армян хәрімімен қыпшақ тілінде жазылған. Осы қолжазбаларды тереңірек тану арқылы қыпшақ тілінің ерекшелігін, фонетикалық, грамматикалық, морфологиялық модельдерін қалпына келтіруге мүмкіндік жоғары. Олай болса, армян-қыпшақ байланыстарын зерттеу соны ізденістерге, тарихи-салыстырмалы зерттеулерге жол ашатыны ақиқат.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сабыр М.Б. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі. – Орал, 2009. – 152 б.

2 Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков. Т. II. – Алматы: KASEAN; БАУР, 2007. – 912 с.

3 Deny J., Tryiarski E. «Histoire Du Sage Hikar» Dans la version Armeno-Kiptchak. //Rocznik Orientalistyczny, 1980. – №27(2). – p.291-309.

4 Tryjarski E. An Armeno-Kipchak Sermon by Anton Vartabed from the 17<sup>th</sup> century // Tractata Altaica, 1976. – P.647-674.

5 Құдасов С. Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана хикар сөзінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 118 б.

6 Schuts E. An Armeno-Kipchak Text from Lvov // Acta Orientalia Hungarica. – Hungary, 1962. – №15 (1-3) – P.291-309.

7 Еганян О.С. Об одном армяно-кыпчакском грамматическом пособии XVII в. // Вопросы языкознания. – М., 1962. – №5. – С.152-154.

8 Гаркавец А. Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата: Наука АН КазССР, 1987. – 223 с.

9 Clauson G. Armeno-Qypchak. // Rocznik Orientalistyczny, 1971. – №34 (2). – P.7-14.

10 Гаркавец А.Н., Хуршудян Э.Ш. Армянско-кыпчакская Псалтырь, 1575/1580. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2001.– 646 с.

#### ПОНЯТИЯ «ТУЛПАР», «ЗМЕЯ», «ВОЛК», «УРОЖАЙ», «МОРЕ», «СМЕРТЬ», «СОБАКА» В СТИХОТВОРЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА

ЖУСУПОВ Н. К.

д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

БАРАТОВА М. Н.

к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ЖАСУЛАН М.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В приведенных примерах национальный образец «тулпар» используется акыном для выделения конкретного героя. В казахском языке использование слов в переносном значении исследовал ученый Б. Хасанов. Специального внимания заслуживает его точка зрения по поводу эквивалента слова «змея» («жылан»): «В литературе все звери и насекомые имеют свои обозначения. Повадки, качества зверей и насекомых, их отличительные признаки становятся объектами сравнения. К примеру, в поэзии используется качество змеи – укусы» [1, с. 86]. Приведем группу примеров, в которых, наряду с добавочным оттенком, расширяется значение слова «змея» («жылан»):

Жаманнан без, қор қылады басынды,

Ол – у жылан, умен булар асынды.

Юсуф Баласагуни – [2, с. 160].

Қарап жатқан жыланнның

Құйрығын неге басасың?

Умбетей Тилеуулы – XVIII в. [3, с. 104].

Хан емессің ылаңсың,

Қара шұбар жылансың.

Махамбет – XIX в. [4, с. 75].

Қол сандықтан айдаһар жылан шықты,

Сыйғызып енді өзінің сал орнына.

Машхур Жусип [5, с. 201].

Б. Хасанов обращает внимание на то, что образ сравнения «волка» («бөрі») давно имеет место в казахской литературе: «В VI веке отряд тюркских воинов называли «фу-ли» («бөрі»). В тюркских языках сравнение человека с волком стало традицией. В казахской литературе, в особенности, в устном народном творчестве, часто встречаются примеры сравнения батыра с волком:

Келген қалмақ жолықты

Тарғын сынды бөріге» [1, с. 81]

Приведенные ниже примеры свидетельствуют о том, что «волк» выступает одним из основных образов сравнения:

1. Ұрысқа кіргенде тойға кіргендей кірер,

Аш бөрінің қойға тигеніндей тиер

Хорезми – 1353 г. [6]

2. А в шестьдесят я прекратил мирские развлечения.

Прихода смерти, как мудрец, спокойно ожидая.

Шал Кулекеулы [3, с. 183].

(«Алпыс жасқа келгенде бөрідеймін,

Жетпіс жаста илеген терідеймін»).

3. В дни, когда нас вел Исатай,

Я, как вождь мой, тарланом был,

Мясо злобствующих врагов

Словно волк, я есть был готов,

Вот с какой я гордыней жил!

Махамбет Утемисов [4, с. 74].

(«Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім,

Қай қазақтан кем едім?!»)

«Хұрият» - деген сөзді жоқ қылам?» - деп,

Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.

Машхур Жусип [5, с. 10].

Исследователь А. Коныратбаев указывает на то, что в восточной литературе «урожай» («егін») в качестве образа сравнения занимает определенное место. В подтверждение тому – пример из дастана Сагди «Гүлстан»: «Піспей жатып тамам бопты егінің» [7].

В творчестве Машхур Жусипа встречаются примеры с образом сравнения «урожай»:

Әр жерде шашып тұқым, салып егін,  
Тіл шаршап, құлақ талар, айтсам кебін.  
Машхур Жусип [8].

Тұқым салмай, алар ма егін орып,  
Кім балалы болыпты бойдақ жүріп?!  
«Еккен оран, - деген сөз, - берген алар,» -  
Көрдін бе бәйге алғанды қарап тұрып?!  
Там же.

Үзіліп жерге түсті қызыл гүлім,  
Мезгілсіз батып кетті-ау күндіз күнім?!  
Піспеген егін жастай орылған соң,  
Дал болып тоқтап қалды-ау сөйлер тілім!  
Там же.

Жігіттен бақыт, дәулет сырт айналса,  
Жеріне егін еккен – тікен бітер  
Там же.

В восточной поэзии также встречается образ сравнения «бескрайнее, безбрежное море» («дария»):

Не дер екен селеу шашты қария,  
Көпті көрген, ақыл-ойы дария  
Юсуф Баласағуни – XI в. [с. 67, 175, 208].

Масайрады Елік мақтап баласын:  
«Ойың-дария, сөзің-терең данасың!»  
Там же.

Ақиқаттың дариясына шомған кісі,  
Өзі мұндық, көңілі сынық, көзде жасы.  
Кожя Ахмет Яссауи – XIII в. [с. 60, 67, 109].

Махаббаттың дариясында шомып жүріп,  
Мағрипаттың гауһарын алғым келер.

Там же.

Ұлығы патшалардың – патша құдай,  
Дүниені бір дария ғып қойған солай.  
Машхур Жусип [с. 22, 11, 253, 255, 256, 257].

Көңілім дария болғанда, қолым-қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.

Там же.

Ғалым жоқ мұнан асқан Қараөткелде,  
Атбасар, Көкшетау мен қалың елде.  
Дариядан есіл сондай су іше алмай,  
Құр ерін, мейір қанбай, қалдық шөлде.  
Там же.

Болмаған оларда да мұндай ғалым,  
Дария еді: түпсіз, терең, жоқ шамасы.  
Там же.

Ғақайды пәнлеріне болып судай,  
Ғылымның дариясына қонған құдай  
Там же.

Таким образом, для обозначения большого количества людей, расширения значения слова использовался эквивалент «бескрайнее, безбрежное море» («дария»). Применение данного эквивалента открывало перед акынами возможности развития мысли и придать выразительность.

Говоря об особенностях применения эквивалента вместо определенного слова, следует учесть такие моменты, как национальный колорит, влияние религиозных понятий и т.д. К примеру, в тюркской литературе, а также в произведениях Машхур Жусипа эквиваленты «смерть» («өлік») и «могила» («көр») использовались для обозначения времени в национальном мироизмерении:

Хорошим – при жизни хвала подобает,  
А злым – и по смерти хула подобает!

Юсуф Баласағуни – XI в. [с. 67, 134, 205, 207].

(«Елік айтты: - ұқтым, түгел түсіндім,  
«Тілсіз - өлік» дегенді еске түсіргін!»)

Ақыл – тірлік, ақылсыз жан – бір өлік,  
Ей, ақылсыз, ақыл болсын тілерің.  
Там же.

Ақыл – жарық: басырларға көз болар,  
Тірі өлікке – жан, мылқауға сөз болар!  
Там же.

Тіл де - өлік, ауыз да - өлік, айтпаса сөз,  
Құр сурет – жарқыраған, бақырайған көз.  
Машхур Жусип [9].

Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді  
Өлік біл, оны жан деп білме тірік!  
Там же.

Өзіңе-өзің дөп-дөкей ірісің де,  
Жаның-өлік, құр сұлдең тірісің де.  
Там же.

Все так и теперь: кто о благе радел,  
Тот стал во главе добродетельных дел  
Юсуф Баласағуни [с. 67, 73, 159].

(«Білімсізге төрден орын болса, көр:  
Төр - босаға, ал босаға болды төр!»)

Тірлік еттім, өлем енді, төрім-көр,  
Дүние мені не қылғанын өзің көр.  
Там же.

Садап болып, ішінде болмаса дүр,  
Садап емес, қараңғы қазулы көр.  
Иттің көбі болумен соқыр, саңырау,  
Көрде жатып: «Тірімін» - деуменен жүр.  
Машхур Жусип [10].

Жау ғой деп қараңғыда омақаны,  
Жан сақтап, жалтандаймыз қазған көрде.  
Там же.

Тірілей тықпаса екен бізді көрге,  
Бас азат сұрасаң дәурен жұртпен бірге.  
Там же.

Дүние шапқан аттай өткен ғұмыр,  
Қарақшы-көрдін басы, бәйгелі жер.  
Там же.

В литературе очень часто встречаются обороты с образом сравнения «собака» («ит»). Об этом Б. Хасанов пишет следующее: «В тюркских языках, особенно в казахском языке, часто встречается метафора – «собака» («ит»). Хотя в хозяйственной жизни казахов собака охраняет скот и хозяина, в литературе отрицательный герой сравнивается с собакой. Следует отметить, что в английской литературе собака представляет образ верного, преданного человека или же одного из членов семьи. В европейской литературе собака – образец, символ верности, преданности» [с. 82, 82-83]. Приведем примеры не только метафор, но и сравнительных оборотов с эквивалентом «собака» («ит»):

Арыстандар басы болса ит бір күн,  
Арыстандар жасар еді ит тірлік!  
Юсуф Баласағуни – XI в. [2, с. 222].

Дүние бок, соңыннан итше жорттым,  
Іздеп оны артынан күн-түн қудым.  
Кожа Ахмет Яссауи – XIII в. [11, с. 45].

Әкесі мен шешесі баланы андыр,  
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр.  
Абай – XIX в. [12, с. 98]

Шөлдеп барып ішермін деген қымыз,  
Көп иттер дым қоймапты, ұрлап ішіп.  
Машхур Жусип [13]

Қазанға қайнап қанша піспеуменен,  
Біз қалдық көңіл құрғыр өспеуменен.



Не екенін танымайтын ит ап кетпек,  
Бір сүйектің орнында тістеуменен.  
Там же.

Көрдін бе болған бағбан гүлге құмар,  
Ол итке гүл мен сабан бір бас шығар.  
Там же.

Бір иттен бір ит барып алып келген,  
Онан бір ит саудалап алып келген.  
«Өлмегенге – дегендей - өлі балық»,  
Кез болдым күйінішті үйге кісісі өлген.  
Там же.

7. Таққа мініп, басына тәж қойғанмен,  
Иттің кетпес ойынан жерік асы.  
Там же.

8. Ит мойнына гауһарды таққанменен,  
Айналдырып жібермес басқа затқа.  
Там же.

В первых примерах из произведений Юсуфа Баласагуни мы наблюдаем, что собака правит львом. В творчестве Кожа Ахмет Яссауи лирический герой в постоянной погоне за наживой; такая брэнная жизнь никчемная. Осуждая неправильное воспитание родителей, приведшее к совершению их детьми плохих деяний, в качестве сравнения Абай использует образ собаки. Строки Абая, повествующие об этом, созвучны со строками Машхур Жусипа. А в других примерах из творчества Машхур Жусипа эквивалент «собака» расширяет свое значение, в разных ситуациях приобретает различные окраски. К примеру, в пятом отрывке словоупотребление «ит ап кетпек» адресовано не только к собаке, но и подобным ей. Такое наблюдение относится и к седьмому, восьмому отрывкам. На первый взгляд кажется, что в последних двух примерах речь идет относительно собаки. Однако мы видим, что путем аллегории автор расширяет значение анализируемого слова, тем самым, оно приобретает разнообразие.

В целом, в тюркской поэзии наблюдается тенденция к расширению значения слова, усиления выразительности мысли путем использования какого-нибудь определенного эквивалента.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы.- Алматы: Мектеп, 1966.-Б. 102-103.
- 2 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік.- Алматы: Жазушы, 1986.- 616 б. (Ауд. А.Егеубаев).
- 3 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы . –Алматы: Ғылым, 1982.- 240 б.
- 4 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы.- Алматы: Ғылым, 1985.-320 б.
- 5 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.
- 6 «Оғуз-наме, Мұхаббат-наме» кітабы ішінде.- Алматы: Ғылым, 1986.-Б. 92.
- 7 Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары.- Алматы: Қазақ университеті, 1991.-Б. 198.
- 8 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 261 б. және Шығ., 4-том, 2004.-Б. 130, 158, 267.
- 9 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 17 және 4-том, 2004.-Б. 114, 149 .
- 10 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 187 және 4-том, 2004.-Б. 18, 72, 200.
- 11 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани Хикмет, Алматы: Мұратас, 1993.-262 б.
- 12 Абай. Шығ., 1-том, Алматы, Ғылым, 1977.-454 б.
- 13 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 225, 6, 7, 284 және 4-том, 2004.-Б.135, 202.

## ЛИРИКАДАҒЫ СЮЖЕТ МӘСЕЛЕСІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.  
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
БАРАТОВА М. Н.  
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
СУЛЕЕВ А.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Лирикалық туындылардың сюжеті өте аз зерттеліп, қарастырылған. Лирикадағы сюжет туралы белгілі зерттеуші З. Қабдолов өзінің еңбегінде: «Сюжет кез келген көркем шығармада бола бермейді, – дей келіп, – лирикалық шығарма көлемі жағынан, эпосқа қарағанда әлдеқайда ықшам. Сюжетке де көп бара бермейді. Оқиғадан гөрі отты сезім басымдау», – деп өз пікірін баяндайды [ 1, 312-б.].

Міне, осындай пікірдің лирикада сюжет бола бермейтіні туралы пікірдің орыс әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де кең тарағанын айта келіп, дегенмен бұл мәселенің түбегейлі зерттелмей отырғанына баса назар аударғымыз келеді. Әдебиеттану ғылымында лирикадағы сюжет жайында екі түрлі пікір кездеседі. Жоғарыдағы З. Қабдолов пікіріндей пікірді орыс әдебиетшісі Г.И. Беленький: «Сюжет лирикалық шығармаларда болмайды, кей жағдайда лиро-эпикалық, эпикалық шығармаларда болмауы мүмкін», – деп айтады [ 2, 180-б.]. Лирикалық шығармаларда сюжет болмайды деген көзқарасты Леонид Иванович Тимофеев те: «Лирикалық шығармаларда эпикалық, драмалық шығармаларға қарағанда сюжеті болмайды», – деп құптайды [ 3, 160-б.].

Ал, екінші бір ғалымдар басқа тұжырымдар, пікірлер айтады. Мәселен, Л.В. Щепилова: «Эпос пен драмаға қарағанда, лирикалық шығарма өрістеуінің басқаша түрімен сипатталады», – дейді де, «сюжетсіз» делініп жүрген біраз өлеңдерді келтіріп, онда да өзіндік сюжет бар екенін дәлелдейді.

Г.А. Абрамович: «Қағида бойынша, лирикалық шығармаларда оқиғалар жүйесі болмайды. Бұл бірақ олар сюжетсіз дегендік емес. Онда да сюжет күрес пен даму үстінде әсерлену, ой, сезім қозғалысы ретінде көрінеді», – дейді [ 4, 183-б.].

Сонда да бұл пікір, тұжырым лирикалық шығармаларда сюжет болады дегенге саяды. Соңғы кезде көптеген ғалымдар бұл пікірге қосылады. Алайда, лирикадағы сюжет эпос пен драмадағы сюжетке ұқсамайды. Лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі бар.

Эпоста адамдар қарым-қатынасы неғұрлым кең алынады, ол қатынастың бастауы, биігіне жетуі, аяқталуы – бәрі қамтылады. Ал, лирикада соның бәрі алынбайды, тек соның бірер сәті бөлініп көрсетіледі. Лирикада адам көңіл-күйінің бірер сәті бөлініп алып суреттеледі. Лирикада адам сезімі жырланады. Бірақ, бір ғана адамның сезімі беріледі деуге болмайды. Ең алдымен, лирикалық қаһарманның немесе ақындық «меннің» өзіндік сезімі бейнеленеді және оның басқа адамға қалай қарайтыны да қоса алынады. Лирикалық қаһарман өз сезімін жария етумен қатар екінші бір адамға деген көзқарасын, сезімін береді. Алайда, лирикалық қаһарманның сезімі неғұрлым кеңірек ашылады. Бұл жерде лирикалық қаһарман ақынның өзі. Лирикалық «мен» – ақынның өз болмысынан тұлғаланатын құбылыс. Ол ең алдымен, ақын парасаты мен жан дүниесінің айнасы. Лирикадағы кейіпкерлердің образынан ақынның мінез-әрекеті, ой-өрісінің ықпалы анық байқалып отырады.

Белгілі зерттеуші ғалым Амангелді Кеңшілікұлы: «Лирикалық өлеңдердегі басты тұлға – «лирикалық қаһарман», яғни басқа сөзбен айтқанда лирикалық «мен» Гегельдің айтуынша, лирикалық өлеңнің нақ ортасында жырдың бүкіл бітім-болмысын әйгілейтін нақты субъект ретінде ақындық «мен» жатуға тиіс» – деп көрсетеді [ 4, 8-б.].

Белгілі ғалым З. Ахметов пікірінше: «Лирикалық қаһарман – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеалдары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-сезінуі. Сөйтіп, лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармаларында ой-сезім дүниесінің, мақсат-мұраттардың бірлік-тұтастығын танытады. Кейбір шығармалар оның жан дүниесін бір қырынан, ой-сезімдерінің, толғаныстарының белгілі бір қырынан көрінетініне табиғат лирикасының кейбір үлгілері мысал бола алады. Біз бұлардан лирикалық қаһарманның табиғат сұлулығын қалай сезінетінін, әсіресе, айқын байқаймыз. Бұл айтылған пікірді табиғатты немесе махаббатты жырлайтын шығармада лирикалық қаһарман үнемі бір жақты, тар көлемде көрінеді деп түсіну дұрыс болмайды. Лирикалық шығармада көбіне-көп қоғамдық күрделі ой-пікірлер, ақынның жеке адамға деген жылы сезімі, не болмаса назары түскен табиғаттың бір көрінісін сезінуі – бәрі тығыз байланысып жатады. Мәселе, тек қай шығармада қай жағы басым келетінін ескеруде. Сонымен бірге, лирикалық қаһарманның бейнесі мейлінше толық, жан-жақты қалпында ақынның бір ғана емес, көптеген туындылары арқылы бой көтеретінін әр уақытта есте сақтау керек» [ 2, 171-172-б.].

Ал зерттеуші ғалым З. Қабдолов болса: «Лирикалық қаһарман деген термин маңында талас та жоқ емес: біреулер мұны А. Белыйдың лирикалық «мен» суреттеулер санадағы «біз» деген бұлыңғыр бірденесіне сайып, қарсы болса, енді біреулер А. Блоктың лирикасына байланысты Ю. Тынянов өте орынды енгізген термин деп қолдап шығады. Сондай-ақ лирикалық қаһарманның ұғым ретіндегі кейбір астарын Н. Грибачев жатырқаса, О. Бергольд жан сала жақтайды», – деген пікір айтады [ 1, 128-б.].

Соңғы кездері осы пікірге кереғар лирикалық қаһарман (кейіпкер) мен ақындық «мен» (ақынның өз тұлғасын) қатар алып, тең дәрежеде қарауға болмайтындығы айтылып жүр. Белгілі зерттеуші Т. Шапай: «Лирикалық кейіпкер – ең алдымен, көркем бейне... Лирикалық кейіпкер – ақынның өзі емес, творчестволық тұлғаның шығармадағы көркемдік проекциясы, әдеби бейне... Лирикалық

тұлға – ақынның шындыққа қарым-қатынасын бейнелей отырып, оның өзіндік поэтикалық әлемін түзетін және оны тұтастықта ұстайтын өзек-арқау, кіндік-тұтқа...– дей келіп, лирикалық тұлға – ақын творчествосындағы оқырман қауымға жақсы таныс, адамның тағдыры, кісілік келбетінің рухани мазмұнымен дараланған оқшау бейне деп түсінеміз», – деп атап көрсетеді [ 6, 145-б.].

Бұл пікірлерден лирикалық кейіпкер мен ақын тұлғасының бір еместігін аңғарамыз. Алайда, бізге керекті лирикалық шығармалар болғандықтан, ондағы бейнелерге тоқтала кетуді жөн көрдік.

Қазақ лирикасын оқиғалы және оқиғасыз өлеңдер деп шартты түрде екіге бөлуге болады. Соның ішінде оқиғалы өлеңдерде лирикалық кейіпкерлердің саны көп болып келеді және іс-әрекеттері тартысқа құрылады. Бұған Қ. Жармағамбетовтың балладаларын, кейінгі кезде М. Шахановтың өлеңдерін жатқызып, кеңінен талдауға болады.

Баллада – (итальянша ballare – билеу) – лиро-эпостық сипаттағы, шағын сюжетті өлең. Мұнда ақын өзінің көңіл-күйін, толғанысын жырлап қана қоймайды, сол сезімді туғызған себептерді оқиғаға айналдыра суреттеп көрсетеді. Мазмұны көбіне тарихи шындық, оқшау фантастикалық хал, ерлік әрекет болып келеді [ 1, 319-б.]. Бұған Қалижан Бекхожиннің «Ақсақ Темір мен Ақын» балладасындағы оқиға, тартыс дәлел бола алады. Бірнеше лирикалық кейіпкері бар.

Лириканың оқиғасыз деп аталатын түрінде де сюжетке тән өзіндік ерекшеліктер бар. Көбіне бұндай өлеңдерде бір ғана лирикалық кейіпкер болады. Сондай-ақ, лирикалық өлеңдерде бірнеше адам образы қатар алынуы мүмкін. Бұған қарамастан ол көп образдылыққа бармайды, себебі, ол эпос болып кетуі мүмкін. Қазақ лирикасында Абайдан кейін, тура өзіндей дербестік танытқан, өзгеше поэтикалық әлем ашқан тұлғалы ақындарымыздың бірі Қасым Аманжоловтың «Құрдас туралы» өлеңін келтіретін болсақ:

Түн ортасы ауғанда көше жым-жырт,  
Жұпар жаңбыр себелеп ойнайды бұлт;  
Таң асырған тұлпардай тұр тыпыршып,  
Қақпа алдында қалшыып жалғыз жігіт.  
Жүрек лүп-лүп соғады, ұйқы сергек,  
Көкірегін кей кезде ыза кернеп:  
«Әлде басқа жігітпен кетті ме екен?  
Неге алдады, япырым-ай түнде кел деп.  
Үйде дөуге, – естілмейді ешбір тықыр,  
Түзде болса, мұнша кеш ол не ғып жүр?»  
Деген оймен бір жылып, бірде суып,

Таң күзеткен тағатсыз жас жігіт тұр.

Сүйген сәуле алаңсыз жатыр ұйықтап,

Қақпа алдында болған соң күзетші сақ [ 1, 322-б.].

Өлең сонетке жатады. Сонет (итальянша sonetto, sonare – сылдырау, сынғырау) – арнаулы өлшеммен әр түрлі тақырыпқа жазылатын сыршыл өлең [ 1, 321-б.]. Сонет қазіргі қазақ лирикасында да бар.

Бұл өлеңде лирикалық қаһарман бейнесі және оның сезіміндей қыз бейнесі бар. Алдымен, ақынның табиғат, айналаны әсерлі суреттеуіне көңіл аударайық: түн ортасы ауғаны, жұпар жаңбыр бұлттың себелеп ойнауы, көшенің жым-жырт болуы, міне, осының барлығы да лирикалық қаһарман сезіміне сай берілген. Одан әрі автор лирикалық қаһарманның іс-әрекеті мен сезімін жырлауға тырысады. Мәселен, «қақпа алдында қалшыып жалғыз жігіт» дегеннен-ақ лирикалық қаһарманның қызды ұнатқандығын білеміз. Ал оның таң асырған тұлпардай тыпыршып тұруы сезімінің күштілігін көрсетеді. Ел, көше жым-жырт ұйқыда жатқанда, оның жүрегі лүп-лүп соғып, үйде шығар деген үмітпен тосуда әрі өзі іштей психологиялық тартыста, ол мүмкін үйде? Мүмкін басқа жігітпен кетті ме? деген ой мазалап, жігітті «іштей жейді». Бірақ осының бәріне қарамастан өзінің сезімін аялап, қақпа алдында күзетші секілді өз махаббатын қорғап жүр. Осыдан жігіт сезімінің өте адал қатты екенін байқаймыз.

Ал, қыз бейнесі ше? Ол да лирикалық қаһарманды жылы қабылдауы арқылы ұнамды тұрғыдан бейнеленген. Алдымен ол қыздың сұлу екенін ақынның «сәуле» деген алмастыру сөзінен аңғарамыз. Қыз бейнесі анық ашылмаса да бар және ол лирикалық қаһарман образын ашуда үлкен роль атқарып тұр. Сондай-ақ, лирикалық қаһарман сезімі, іс-әрекеті даму үстінде берілген. Осы өлеңде лирикалық қаһарман сезімінің туу, даму себептері жақсы өрілген. Лирикалық кейіпкерлер аз болса да адам сезімінің бір сәті біршама ашылған. Әрі тартыс та бар. Бұл тартыс адамдар арасында болмаса да, эпикалық шығармалардағыдай өз биігіне жетіп, кең алынбаса да, лирикада тартыстың бір сәті ғана бөлініп алынады. Мысалы, жоғарыдағы өлеңде жігіттің ішкі оймен арпалысы, тартысы жақсы келтіріліп суреттелген.

Бірақ, барлығы да лириканың өзіне тән ерекшелігіне сай құрылады. Сондықтан да лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі болады деп нақты айта аламыз.

Осы орайда белгілі зерттеуші Амангелді Кеңшілікұлының: «...Сонымен қатар кез келген лирикалық өлең (өлең = сезім + ой + сюжет + композиция = ақиқат) негізінде құрылып, ақынның «көңіл

жүрегінің концентрациясынан» (Гегель) таза да табиғи күйінде шыққанда ғана шынайы жырдың болмысын әйгілей түседі. Поэзиядағы интеллектуалдық ойлаудың әдібін дұрыс таразылай алмаған кейбір ақындар лирикалық өлеңдеріндегі басты салмақты бұлыңғыр ойға салып шала жансар ақиқаттың ауласынан ұзап кете алмай жүр. Соның кесірінен соңғы он шақты дылдың ішінде «өлең= сезім + ой» негізінде ғана құрылған тиянағы жоқ, абстракциялы, сырдан тұратын, логикалық үйлесімділіктен ада, сезім қылын шерте алмайтын өлеңдердің тасқыны қаптап кетті», – деп өз пікірін білдіре отырып, лирикалық өлеңдерде сюжет болу керектігін растайды [ 2, 8-б.].

Ендеше, осыдан шығатын қорытынды лирикалық шығармалардың да сюжеті болады. Олардың да сюжетті эпикалық шығармалардағыдай бастауы, дамуы, образдары және өзіндік тартысы бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 2 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық / З. Ахметов. – Алматы: Жазушы, 2002. – 347 б.
- 3 Бельский Г.И. Краткий словарь литературоведческих терминов; под. ред. Л.И. Тимофеев, С.В. Тураев. – Москва: Просвещение, 1978. – 327 с.
- 4 Кеңшілік А. Мраморға жазылар бір өлеңім / А. Кеңшілік // Жас қазақ. – 2007. – №8. – 8 б.
- 5 Жүсіп Қ.П. Лирикадағы сюжет мәселесі / Қ.П. Жүсіп // Жұлдыз. – 1985. – №11. – 195 б.
- 6 Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: эссе, әдеби сын, зерттеу / Т. Шапай. – Алматы: Жазушы, 1999. – 256 б.

#### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «ЖОЛ» КОНЦЕПТІСІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ӘУБӘКІР С. С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі таңда қаралып жүрген өзекті мәселелердің бірі – концепт мәселесі. «Концепт» ұғымы лингвистикада «адамның әлем

туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А. Вежбицкая), «концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы» (В. Н. Телия) тәрізді анықтамалармен беріліп жүр.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В.А. Масловның еңбектерінде әр түрлі қырынан қаралады.

Қазіргі лингвистикада концепт үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыда зерттеушілер бір тілді сөйлеушілерге ортақ концептуалдық ойлау жүйесі, «менталдылықтың негізгі бірлігі», «мәдениеттің кілт сөздері», «ұлттық колориті», «ойлау мен қарым – қатынас құралы ретінде» деп қарастырған.

Концептіні когнитивтік бағытта зерттеген өзге де ғалымдар Д.Ж. Лакофф, А. Вежбицкая, Ю.С. Степанов концепт мазмұнына түсіндірілетін зат құрылыстың негізгі ұғымдық белгілерін еңгізеді, яғни концептіні ұғыммен қатар қояды.

Концептіні лингвомәдениет танымдық аспектіде зерттеушілердің Н.Д. Арутюнова, В.В. Колесов, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.С. Степанов, В.Н. Теле, Л.О. Чернейко т.б. пайымдауынша, концепт барынша кең ұғым. Оның мазмұнына ұғымдық белгілерден де басқа осы зат-құбылысқа қатысты барлық мәдени-аралық ақпараттар енеді.

Концепт сөз мағынасын емес сөздің сөздікте берілген мағынасы мен адамның өзіндік және халықтық тәжірибелері негізінде қалыптасқан мағыналардың тоғысуынан туған мағыналар нәтижесі болып табылады. Сөз, мағына, концептінің өзара қатынастылығын қарастыра отырып, біз адамды ол қатардан шығарып тастай алмаймыз. Бұл жерде басты нысан – адам, адамның тәжірибесі, танымы, тілдік қабілеті. Концептінің әлеуеті неғұрлым кең және бай болуы үшін адамның мәдени тәжірибесі де, кең, әрі бай болуы қажет. Д.С. Лихачев әрбір адамның өзіндік дара мәдени тәжірибесі, дағдысы мен білім қоры, оның концепт байлығын немесе жұтандығын айқындайтын болады деп көрсетеді.

Сонымен, қазіргі тіл білімінде концепт табиғатына байланысты бірнеше көзқарастар бар: 1) концепт – бұл құбылыстың лингвокогнитивті түсіндірмесі; 2) концепт – лингвомәдениеттанымдық құбылыс; 3) концепт – жан – жақты құбылыс, ол жоғарыда аталған аспектілердің қай – қайсысы арқылы да талданады.

Концепт терминін талдау барысында көптеген зерттеушілер оның мәнін жан-жақты ашатын ұғымдар ретінде «сөздің ішкі

формасы», «прототип» терминдеріне де тоқталады. Мәселен, дүниенің жаратылуы туралы түсінік мен, мен және олар, мен және қоғам, мен және ғалам арақатынасынан өрбиді.

Концепт терминінің Британ энциклопедиясында берілген анықтама:

A concept (substantive term: conception) is a cognitive unit of meaning—an abstract idea or a mental symbol sometimes defined as a «unit of knowledge», built from other units which act as a concept's characteristics. A concept is typically associated with a corresponding representation in a language or symbolology; however, some concepts do not have a linguistic representation, which can make them more difficult to understand depending on a person's native language, such as a single meaning of a term.

Солардың бірі «Жол» концептісі.

«Жол» концептісін тілдік-танымдық тұрғыдан қарастыра отырып, «өмір» мазмұнын ашуға болады. «Жол» концептісінің беретін ұғымдары мен түсініктеріне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде:

Азат жол – жаңа жол

Аяқ жол – жалғыз аяқ жол, жақын

Бұлау жол – қиыр – шиыры мол жол

Даңғыл жол – кең, тегіс жол

Қасқа жол – үлкен жол

Шойын жол – темір жол

Сиыр жол – жалғыз аяқ жол

«Жол» лексемасына сөзжасамдық лексемалар қосылу арқылы жаңа мағыналы туынды сөздердің жасалуына ұйытқы болады. Сондай-ақ, «Жол» концептісінің лингвофилософиялық сипаты этностың өзіндік ерекшелігін танытатын мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестерде жиі кездеседі. Мысалы:

Тар жол тайғақ кешу – ауыртпалығы көп жол (фразеологизм).

Жолы болар жігіттің

Желі оңынан туады (мақал).

Жол лексемасы ауыспалы мағынада жиі қолданады. Мысалы:

Көде, сый, ретінде

Орамал тоңға жарамаса да жолға жарайды.

Жолға шығар алдындағы ырым «жол ашар»

Бұрыс іс-әрекет немесе, керісінше, мақсатты айқын, дұрыс әрекет Мысалы: Теріс жол, сара жол

«Жол» сөзі ағылшын тіліне «Way» деп аударылады. Бұл сөздің де қазақ тілінде сияқты, қолданыс аясы кең. Яғни бұл сөз тура және кері мағынада да қолдана береді:

«Way» сөзінің қолдану аясы:

Тура жол деген мағынасында мысалы: the way was rough – жол жаман болды.

Бағыт (направление) Мысалы: he went this way – ол мына жаққа кетті

Ара – қатынас (расстояние). Мысалы: His birthday is still a long way – off-оның туған күніне дейін алыс.

Қозғалыс

Мысалы: to make way - алға жылжу

Тәртіп, өзін-өзі ұстау (поведение)

Мысалы: to speak in a careless way – қалай болса, солай сөйлеу (говорить небрежно)

Бірым, әдет. To stand in the ancient ways – ескі әдетті ұстану

Жұмыс немесе әрекет кендігі. to live in a small way – қарапайым өмір сүру, немесе түру

Ағылшын тілінде «жол», яғни «Way» концептінің фразеологияда, идиома және мақал-мәтелдерде кең қолданады.

1) Where there's a will, there's a way – қайда қалау болса, сонда жол тартады. (proverb)

2) Every which way - кімде-кім қайда. (Idiom).

Жоғарыда көрсетілгендей, «жол» концептісі қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де жиі қолданыла. Салыстырған тілдерде «Жол» сөзі тура мағынада да, кері мағынада қолдану шеңбері кең екенін көріп отырмыз. Бұл жердегі біз тілдердің өзара ұқсастығын байқай аламыз.

Қазақ тілінде «жол» концептісі ақын-жазушылар поэзиясында тілдік бейне жасауға қатысады. Мысалы: Ұлы Хакім Абайдың шығармаларынан көре аламыз. Абайдың «Алланың өзі де, рас, сөзі де рас» өлеңінен үзінді:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы де әділетті...

Бұл шумақтан біз «Жол» концептісінің өзінің тура мағынасынан ауытқып, жүретін жол емес, алланың жолы, яғни сара жол, дұрыс жол деген мағынада қолданылып тұр.

Мағжан Жұмабаев «Жан сөзі»

Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,

Ессіз жүрек ақылға жол бермеді

Жастық – у ғой, айнымай у ішіппін

Бұл күндерде кеудені ой кернеді...

Мағжанның өлең жолдарынан «жол» сөзін «кезек», деген мағынада қолданып отыр. Яғни жол сөзі өзінің бастапқы мағынасынан айырылып тұр.

Мұхтар Шаханов еңбектерінде «жол» сөзінің қолданысы:

Көтергенше балаң ойдың желкенін  
Қинаса да қиқар соқпақ, қиыс жол,  
Өзің туған қасиетті өлкенің  
Ауасымен дем алуға тиісті ол!

Ақын бұл жерде «жол» лексемасын «өмір жолы», «өмірдегі қиындық», «кедергілер» деген мағынада қолданып отыр.

«Жол» концептісіне байланысты ағылшын тілінде шығармашылық тұрғыда қарастырғанда ойымызға бірден Франк Синатраның әйгілі әні «My way», қазақша баламасы «Менің жолым» есімізге түседі.

**My Way** (оригинал Frank Sinatra)

And now, the end is near,  
And so I face the final curtain.  
My friend, I'll say it clear,  
I'll state my case  
of which I am certain.

I've lived the life that's full,  
I travelled each and every highway,  
And more, much more than this,  
I did it... my way...

Менің жолым» (аударма)

Жол соңына келіп тұрм,  
Қоштасу шағы жетіпті,  
Баршаныңға достарым,  
Еш күмәнсіз  
Ақтарылып бар шындықты айтайын.

Өмірдің басыныан өткіздім  
Бар ләззатын татып көрдім,  
Бірақ бөрінен маңыздысы,  
Мен өз жолымда... болдым...

Қазақ және ағылшын тілдерінде жол лексемаларын білдіретін фразеологиялар, мақал-мәтелдер тұрақты сөз тіркестер қатарында айырмашылық айтарлықтай үлкен емес және олар мағыналық жағынан жақын. Бұл мақаланы жазу барысында 21 қазақша, 17 ағылшынша сөздіктерді қарастырдық. Онда жол концептісі кездесетін сөз тіркестер және фразеологиялық бірліктер саны қазақ тілінде - 75, ал ағылшын тілінде – 48 бірліктер көрініс тапты.

Қорыта келгенде айтарымыз келтірілген мысалдардан біз жол концептісінің қазақ және ағылшын тілдерінде кенінен қолданылатынын көреміз және бұл концептінің мағынасы мәтінге байланысты екі тілде де өзгеріп отырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым – 1977ж.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986. 10 томдық.
- 3 Нұрдаулетова Б.Ш. «Когнитивтік лингвистика». - Алматы, 2011.
- 4 Гумбольд В.Избранные труды по языкознанию. - Москва: Прогресс, 2011-784.
- 5 Сонеты Уильяма Шекспира сборник «Страстный пилигрим» 1599 год.
- 6 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің қолданылуы. – Алматы:Мектеп, 1966 – 205б.
- 7 The New Oxford Thesaurus of English. Oxford University Press, 2007 – 1087р.
- 8 Кеңесбаев Ү. Ағылшынша – қазақша фразеологиялық сөздік. English – Kazakh dictionary of idioms. Парасат баспа үйі. Астана 2010 – 772б.
- 9 Литвинов П.П. 35000 английских фразеологизмов и устойчивых словосочетаний. – М: Астрель: АСТ, 2007. – 285с.

**М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ЖИНАҒАН ЖҰМБАҚТАР**

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Фольклоршы М. Ж. Көпейұлы ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген түрлерін жинаған. Мысалы, тұрмыс-салт жырлары, эпикалық жырлар мен шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер, оның ішінде фольклорлық жанрдың ұсақ түріне жататын жұмбақтарды да назардан тыс қалдырмаған. Халық шығармаларын жинау барысында «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездескен... Өзінің белгілі адамдарымен әңгімелерін, олардың айтқан маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырған...» [1, 360 б.].

М.Ж.Көпейұлы жинаған фольклорлық шығармалар үш түрлі жазба бойынша жинақталған: «Біріншісі - Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы. Оның көбісі кезінде жоғалып кеткен. Бізге жеткендерінің біраз бөлігі Ғылым академиясының кітапханасында «Қара мес» деген топтамасында сақтаулы, ал қалғандары Мәшһүр ұрпақтарында «әулеттік архив» түрінде сақтаулы. Екіншісі - Мәшһүр Жүсіптің туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының жазбалары. Олардың ішінде Мәшһүр Жүсіптің өз қолжазбасынан көшіргендері де, әр кезде ел аузынан жинап алғандары да бар. Үшіншісі - Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Фазылдың жазбалары. Ол кісі де біразын әкесінің жазбаларынан көшіріп, енді біразын ел аузынан жинаған» [2, 20 б.].

Алайда сол қолжазбаларында М.Ж.Көпейұлы жұмбақтарының саны қаншалықты дегенде, аталмыш мәселеге нақты жауап беру бізге оңайға түспесі анық. Өйткені оның жазбаларының басым бөлігі әлі баспа бетін көрмеген. Оған себепте жоқ емес. Осы уақытқа дейін Ш.Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Г.Н.Потанин, В.Васильев, Ә.Диваев т.б. зерттеушілермен бірге М.Ж.Көпейұлы есімі аталғанымен еңбектері ескерілмей, тіпті Кеңес үкіметі тұсында атын атауға тыйым салынған болатын. Тек соңғы жылдары ғана оның мол мұрасы ұрпағымен қауышты. Қуанарлық жағы -шығармаларының жиырма том болып жарыққа шығуы, сонымен бірге баспасөз бетінде оның жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің соңғы оншақты жылда жиі

жарияланып жатқаны, алайда, өкініштісі сол - мол мұраның ішінде жұмбақтарының әлі де болса ескерілмей жатқандығы.

Дегенмен, бұл мақаламызда қолда бар деректерге сүйене отыра М. Ж. Көпейұлы жинаған жұмбақтар туралы жинақтап айтуға тырыстық.

Ғалым Н.Қ.Жүсіпов «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы фольклорист» атты монографиясында: «М.Ж.Көпеев жинаған материалдары шамамен алғанда, төрт жүздей тақырыптарды қамтитын бес мың беттік көлемді құрайды. Ал көшірмелері жүз елудей тақырыпқа арналған екі мың бет шамасында», - деп топшылайды [2, 22 б.]. Зерттеу барысында Н.Қ.Жүсіпов оларды жанр бойынша жіктеп жүйелеген. Ғалым: ертегілерден он бес шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан бес-алты; ғашықтық жырдан екі-үш; қисса-дастандардан он бір-он екі; тұрмыс-салт жырларынан отыз-қырық шақтысы; аңыз-әңгімелерден екі жүз-үш жүздей үлгісі; жаңылтпаштың жүз-жүз елу түрі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегі елу шақтысы; мақал-мәтелдердің екі жарым мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының жиырма жеті үлгісі; ақын-жыраулардың отыз-қырықтай өлең-дастандары орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы т.б. нұсқалары бар», - деген пікір айтады [2, 75 б.]. Ғалымның пікірін түйіндесек, М. Ж. Көпейұлы өз қолымен халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық түрін жинаған, ал соның ішінде жұмбақтары: қара сөз бен жазылғаны, өлең түріндегісі бар, барлығы - елу шақты.

Алайда «Мәшһүр-Жүсіп жинаған фольклорлық үлгілердің ішінен жарық көргендері - 200-дей текст, оның ішінде өзінің таңдамалысында - 80 мәтін берілсе, газет-журнал т.б. беттерінде 120-дай үлгі жарияланған. Демек, М. Ж.Көпейұлының жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі әлі де жарық көрген жоқ» [2, 77 б.]. Оның ішінде қаншасы жұмбақ үлгісі екені бізге белгісіз. Сондықтан біз әзірге баспа бетінде жарық көрген жұмбақтарын ғана талдап, саралауға талпындық.

М. Ж. Көпейұлының жинаған жұмбақтары туралы деректерді қарастыру барысында жинаушының өз қолымен жинап, қағаз бетіне түсірген біршама жұмбақтарын таптық. Бұл жұмбақтарды сұрыптай келгенде, көпшілігі адамға қатысты жұмбақтар екенін айтқымыз келеді. Арасында табиғат құбылыстарымен байланысты жұмбақтар да бар. Діни мазмұндағы жұмбақтар да кездеседі.

Ең алдымен адамға байланысты жұмбақтарын келтірсек, олар қарапайым сұраулы сөйлемге құрылған. Төменгі жағына жауаптары бірге беріліп отырған:

Бір айырылып кеткен соң қайта қосуға көнбейтін не нәрсе?  
(жастық, жігіттік).  
Үш арсыз, үш даусыз бар, үш қадірсіз бар, бұлар ше?  
(ұйқы, тамақ, күлкі).  
Кісінің қолына түспейтұғын, еккенмен піспейтұғын, қуғанмен жетпейтұғын не нәрсе?  
(сабыр)  
Күйе тимей, сен тимей, кісіні көріксіз қылып тастайтығұн не нәрсе?  
(ашу)  
Түзетуге көнбейтұғын не нәрсе?  
(бұзылған ой)  
Адам баласы не нәрсе үйренемін деп талап қылса, үйренуге көнеді. Жалғыз-ақ үйренуге көнбейтұғын не нәрсе?  
(зереклік)  
Адамға алыс болғанда не алыс, адаға жақын болғанда не жақын?  
(алыс - өткен өмір, жақын - өлім)  
Үш нәрседе сенім жоқ, тұрған орнында тұрады-ау деп ойлауға жарамайды. Бұл үшеуі не нәрсе?  
(бірі - жан, бірі - дәулет, бірі - сыр)  
Бір екі жолдас бар: тізе қосып тұрғанда дүниенің түбін түсіреді, тауды орнынан көшіреді. Екеуін бірінен-бірін айырып, ешкімнің жолдас қылып алуына көнбейтін не нәрсе?  
(Жан мен дене).  
Табиғат құбылыстарымен байланысты жұмбақтар:  
Бірін-бірі қуысып шаршамастан, талмастан өмір өткізген не нәрсе?  
(Күн мен түн).  
Бірін-бірі қарасып, көзін тайдырмастан өмір өткізетін не нәрсе?  
(көк пен жер) [3, 51 б.].  
Діни мазмұндағы жұмбақтарға мыналарды жатқызуға болады:  
Адам баласы білемін деп талап қылса, білмейтұғын нәрсесі болмайды. Жалғыз-ақ жете білуіне көнбейтұғын не нәрсе?  
(Құдайдың заты қандай екендігі, қайда тұратындығы).  
Бір екі жолдас бар: тізе қосып тұрғанда дүниенің түбін түсіреді, тауды орнынан көшіреді. Екеуін бірінен-бірін айырып, ешкімнің жолдас қылып алуына көнбейтін не нәрсе?  
(Жан мен дене).  
Қолжазбада берілген кейбір жұмбақтардың шешуі бірге жазылмаған:

1) Бір жапырақ еті жоқ,  
бір ұрттам қаны жоқ,  
Белгілі жаны жоқ,  
Сөйлегені не нәрсе?

2) Бір жапырақ еті жоқ,  
Бір ұрттам қаны жоқ,  
Белгілі жаны жоқ,  
Не керектің бәрі өзінен табылған не нәрсе?

3) Жансыз, денесіз, дем алып тұрған не нәрсе?

4) Бас, көз, ауыз, тілден дәнеме жоқ,  
Айтқан сөзі артында қалған екеу не нәрсе?

5) Жын емес, адам емес, періште емес,  
Адам баласына тағылым берген не нәрсе?

6) Жын емес, адам емес, періште емес,  
«Охи» - ға ие болған не нәрсе?

7) Өзі өлді де, өлгендік себебімен  
Екінші өлікті тірілтуге жарады - не нәрсе? [4, 99 б.].

Бұл жұмбақтардың шешуі бірге берілмегенімен, бұлардың ішінде бірінші мен екінші, бесінші және алтыншы жұмбақтардың соңғы жолдары өзгертілсе де, шешулері бір екенін байқауға болады.

Жоғарыда біз келтірген жұмбақ үлгілері М.Ж. Көпейұлының өз қолымен жазылған «Қара месінде» сақталған. Бұл қолжазба туралы Н.Қ. Жүсіпов: «М.Ж. Көпеев жинаған «Қара мес» жинағы Қазақ ССР Ғылым академиясының қорына түскен. Қолжазба жолсыз сары қағазға Мәшһүр-Жүсіптің өз қолтаңбасымен араб әрпімен, бидай сиямен жазылған. Сырты жасыл түсті мұқабамен тысталған, кейбір беттерде су тиіп жайылғандықтан қағаздары сарғайып, түптелген шеті сөгілген», - дейді [2, 40 б.]. Бұл қолжазбаны ұлттық қорға Шарафи ағамыз өкеліп тапсырған деген дерек бар [2, 21 б.].

М.Ж. Көпейұлы елаузынан жинаған мұраларын қашаң кімнен және қайдан жазып алғандығы туралы біршама мәліметтерді беріп отырған. Мұны фольклортану ғылымындағы жинаушыларға қойылатын басты талап екенін ескерсек, М.Ж. Көпейұлының жинаушылық қызметінің қаншалықты дәрежеде екенін бағамдауға болады.



М. Ж. Көпейұлы «Қыз жұмбағының шешуі» деген жұмбақ үлгісін 1905 жылы Ақмола облысына қараған Атбасар уезінде Терісаққан өзені бойында Мейрам Жанайдаров аулында Құмқоңыр елінің қазағының аузынан жазып алған. Жұмбақты жасырушы Ақмешіт атырабының тұрғыны Батпа Байбейсенқызы. Жұмбақ мәтіні төмендегідей: «Ертемен тұрдым, үш бала көрдім: екеуі - жалаңаш, біреуінің киімі жоқ. Киімі жоқтың етегі тола ақша түйілген: төгіледі деген ойында, қиялында дәнеме жоқ. Және сонда үш көл көрдім: екеуі - құры, біреуі - суы жоқ. Суы жоқ көлден үш балық алдым: екеуі - өлі, біреуінің жаны жоқ. Және сонда үш үй көрдім: екеуі - жалаңаш, біреуінің шиі жоқ. Және сонда үш қазан көрдім: екеуі - жарық, Біреуінің түбі жоқ. Және сонда үш пышақ тауып алдым: екеуі - сынық, біреуінің сабы жоқ.

Суы жоқ көлден жаны жоқ балықты алып, шиі жоқ үйдің ішінде отырып, түбі жоқ қазанға асып, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім. Қарным - қабақтай, бұтым таяқтай болды. Сөйтіп отырып, отырған үйімнің жапсарынан шығып кеттім. Есігі ойда жоқ» [3, 149 б.].

Бұл жұмбақты М.Ж. Көпейұлы 1905 жылы 15 ноябрьде шешкен. Мәтін үлгісін толық келтірейік: «Ертемен тұрып, үш бала көрдім» - дегені: бірі тұламыз, бірі - қырыс дүние, бірі - дүниеқор адам. Бұған дәлел болуға «Хадис (хыдыш) Шәріп» бар: «Айшип ибн адам уйшаб фиа хызылтан хырыс отул ламил». Адам осы екеуімен үш ағайынды есепті. Ана екеуі - асылы жалаңаш нәрсе. Дүниеге келген адам жалаңаш келіп, жалаңаш кеткендіктен, киімі жоқ есепті. Киімі болса, киініп кетпес пе еді?!

Дүниеде: «Қанша нәрсе менікі!», - деп бауырлап жүргені - жалаңаш кісінің: «Етегім тола ақша бар!» - деп жүргені сықылды, оны: «Төгіледі!» - деген ойында болмағаны, жалған дүниеде жүргенде: «Бұл дүние менен қалады» - деген қай пенденің ойында бар?!

«Үш көл көрдім» - дегені - бірі - дүниеге келмей тұрғандағы ананың қарнынан шыққанда, суы терең көлден кемесі сынып, бір тақтаймен жан сақтап шыққан - жердің құрғағына шыққан есепті емес пе?! Бірі - өлген соңғы адамның күні не болары белгісіз түбі жоқ тереңге түсіп кеткен сықылды емес пе?! Ол екеуінің заһар көріп тұрған суы жоқ. Бірі - дүние: «Суы жоқ көл» - деп, дүниені айтқаны. Дүние - бір сағым есепті емес пе?!

Суы жоқ көлден алған үш балығы: бірі - тірлік, бірі - денсаулық, бірі - байлық. Өлім даяр тұрғандықтан, тірліктің өзі өлі балық сықылды. Ауырып - сырқамақ даяр тұрғандықтан, денсаулықтың өзі өлі балық сықылды. Ішіп-жеген корек, дүниелік жаны жоқ балық сықылды.

«Үш үй көрдім» - дегені: бірі - заман мазы, адамның басынан өткен заманы. Бірі - заман мыстақпыл, адамның алдында қарсы келешек

заманы. Бұл екеуі - тұттай жалаңаш. Енді біреуі - заман хал, қазір адам үстінде тұрған заман. «Оның да шиі жоқ» - дегені: шиі болса, желге төтеп берер еді. Адамның басынан дәуренін ұшыратуғын (өшіретуғын) жел - өлім. Қазір тұрған заманның өлімнен алып қалуға шамасы болмаған соң, желге шиі жоқ үй есебінде болғанлығын айтқаны.

«Үш қазан тауып алдым» - дегені: Адам қолына түскен дүниені туысқан бауырына сақтатуға көзі қимайды. Оны жарық қазан сықылды көреді. Баласына сақтауға да көзі қимайды. Баланы да жарық қазан сықылды көреді. Жарық қазанға сеніп, кісі тамақ қылып, іше ала ма?! Бауырына, баласына сенбегенде, сеніп, дүние сақтатқан кісісі қатыны болады. Ол - түбі жоқ қазан. Ана екеуі өзі ішіп-жесе де, дұшпаныңа бермейді ғой! Мұның түбі жоқ қазан есептісі - душар боса, көңл тапқанға байының дүниесінің бетіне қарамай, беріп тауысатын қулар да әрқашан болатұғын оқиға. Олай болғанда, түбі жоқ ыдыс сықылды болады.

«Үш пышақ» - адамда болған үш қуат. бірі - қуат ғазбие - ашу қуаты; бірі - қуат шаһуание - әр нәрсеге көңіл шабу қуаты; бірі - қуат ғақлия, ғақыл қуаты. Қуат ғазбие мен қуат шаһуание - ғақылсыз сынық пышақ сықылды дәнемеге жарамайды. Ғақылдың өзі де ғылымсыз болған күнде сабы жоқ пышақ сықылды.

«Түбі жоқ қазанға асып жедім» - дегені: «Қанша қолыма түскен дүниені қатынмен бас қосып, ортақ ішіп-жедім» - дегені.

«Қарным қабақтай болды» - дегені: «Дүние - көміт мығрұр болып, нәпсімнің семіруі қатден тежеусіз боды, үш қанат үйіме сыймай, дүрілдеп отырған күнім көп болды» - дегені. «Бұтым таяқтай болды» - дегені: «Нәпсі дүние мешел (мысалы) сықылды еді де, оны көтеріп, ұшырып жүрген жан аяқ есебінде еді. Жан тарапым, ақырет пайдасы жағым арықтап, өзі өлуге тақалды» - дегені.

«Шиі жоқ үйдің жапсарынан шығып кеттім, есігі ойда да жоқ» - дегені: өлім жолын айтқаны. Өлген адам отырған үйінің жабығынан еріксіз шығып кеткен есепті. Есіктен шықпағандығы белгілі: оң жақта жатырғой. Жатқанмен, жаны жоқ болғаны - жапсардан шығып кеткен сықылды болғаны - сол.

«Осы үйдің есігінен шығармын-ау!» - деп, өлім жабдығын ойлаушы мыңнан біреу-ақ болып табылады. Құдай жолына басын құрбандық қылып, өлімді ойлап, жақсылық жолға шығып, сол жолда жүріп өлгендер - әнеки, үйдің есігінен шыққан - солар! Үйде жатып өлгендер - есік ойында жоқ, жапсардан шығып кеткен есепті [3, 151 б.].

Бұл жұмбақтың тақырыбы адамзат баласына байланысты әрбиді. Жұмбақты жасырушы адам баласының дүниеге келерден

бұрынғы, келгеннен кейінгі және өмірден озар шағындағы кезеңдерін жұмбақ етіп бейнелеген. Оны М.Ж. Көпейұлы тарқатып өте тамаша шешіп берген.

Жұмбақ М.Ж. Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазбасынан алынып отыр. Жұмбақтың үш түрлі нұсқасы бар: бір нұсқасы «Мәшһүр Жүсіп шығармалары» жинағының 1-томында «Қыз жұмбағының шешуі» деген атпен 2003 жылы жарық көрді. Екінші нұсқасы осы жинақтардың 11-томына басылды. Жоғарыда сөз болған қорда бұл мәтіннің көшірме түріндегі үшінші нұсқасы сақталған. Біз бұл мәтінді екінші нұсқа бойынша алып отырмыз. Ал екі нұсқаны салыстырып қарағанда, мынадай ерекшеліктерді атап айтуға болады: 1) Мұндағы сөйлем «Киімі жоқтың етегі тола ақша түйілген: төгіледі деген ойында, қиялында дөңеме жоқ» - деп берілсе, алдыңғысында «төгіледі» орнына «төгілер» сөзі қолданылған. Ал «дөңеме» сөзі мүлдем еңбеген; 2) Алдыңғы нұсқада бір сөйлемнің аяғы «Түбі жоқ қазанға асып жедім, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім» - делініп, «жедім» сөзі екі рет қайталанған. Кейінгіде бұл сөз түсіп қалған; 3) Соңғы нұсқада «Баласына сақтауға да көзі қимайды» - делінсе, алғашқыда «да» шылауы жоқ; 4) Бірінші нұсқадағы «даулатқанға» деген сөздің орнына екінші нұсқада «тапқанға» сөзі қолданылған. 5) Екінші нұсқадағы «Ғақылдың өзі де ғылымсыз болған күнде сабы жоқ пышақ сықылды» - дегендегі «болған күнде» сөздері бастапқы нұсқада қолданылмаған. 6) Бірінші нұсқада «Есіктен шықпағаны белгілі» - делінсе, екіншіде «шықпағаны» сөзі сәл өзгеріске түсіп, «шықпағандығы» түрінде қолданылған. 7) Алғашқыдағы «Осы үйдің есігінен шығайыншы!» - дегендегі соңғы сөз кейінгіде «шығармын-ау!» - деп берілген; 8) Бірінші нұсқада «Баянауладағы тұрғын қазақ - Мәшһүр Жүсіп Көпеев» - деп берілсе, екінші нұсқада сәл өзгеріс бар: «Баянаулада тұрағы - Мәшһүр Жүсіп Көпеев».

Алайда бұл өзгерістер жұмбақтың мазмұнына т.б. ешқандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Нұсқалардың бәрінде дерлік материалдың кімнен, қайдан алынғандығы көрсетілген, тек нақты беттері ғана көрсетілмеген. Бұл жұмбақ «Батпа Байбейсенқызының жұмбағы» - деген атпен Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің 2001 жылғы 17 мамырдағы санында жарық көрді. Баспаға ұсынған Е. Жүсіпов.

Қазақ жұмбақтарын жинаумен бірге жұмбақтардың туу негізін, тәсілін жақсы меңгерген М.Ж.Көпейұлы өз жанынан жұмбақ та ойлап шығарғанын. Мысал үшін, қолжазбасында бір топ жұмбақтарды «Мәшһүр Юсуф Көпеевтің жиырма екі жасында

айтқан жұмбақтары» - деп көрсеткен де, бірақ шешуі бірге берілмеген. Мысалы:

Алыстан әңгір-сәңгір,  
Қасына барсаң қатты темір.  
Ашып көрсең аппақ қана,  
Татып көрсең тәтпақ қана [3, 188 б.].

Бұл жұмбақтың шешуі берілмесе де, шешуінің не екенін бағамдауға болады. Сондай-ақ М.Ж. Көпейұлының қолжазбасында жиырма үш жолдан тұратын «Дайыр молда мен Мәшһүр Жүсіптің жұмбақ айтысы» [1, 380 б.] сақталған. Алайда бұл жұмбақ айтыс әлі баспа бетін көрмеген.

М.Ж. Көпейұлы қазақ жұмбақтарына ерекше мән беріп, оны жоғары бағалаған, сонымен қатар, ол айтыс өнерінің табиғатын терең түсінген. М.Ж.Көпейұлының: «Қазақтың ауызша айтқан өлеңі, жұмбағы, айтысы рухани тарихы - үйінің шаңырақ, кереге, уығындай мүшесі» [156 б.], - деуі, соның айқын дәлелі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ фольклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең). - Алматы: Ғылым, 1988. - 432 б.
- 2 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - фольклорист. Павлодар, 2011. - 141 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 14 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. - 385 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. - 385 б.
- 5 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: ХХ ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар, 2007. - 381 б.
- 6 Сүтжанов С.Н. М.Ж.Көпеевтің әдеби мұрасы. ф.ғ.к.д. алу үшін дисс. 1994. - 134 б.
- 7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 11 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. - 385 б.

## АУДАРМА МӘСЕЛЕСІНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ШОЛУ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.  
ф.ғ.д., профессор, Павлодар қ.  
ОСПАНОВА Э. Н.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үш тілділік мемлекеттік деңгейден ынталандырылуы керек. Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз. Біз ағылшын тілін меңгеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктер ашады», деп көрсетілуі еліміздің тілдік кеңістігінде бірнеше тілдік орта қалыптастыру керектігін айқындайды [1].

Тіл – халықтың ең басты қазынасы. Үш тұғырлы тіл саясатын қолдау мақсатында «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» - деген даналық сөзін ескере отырып, ана тілімізді жетік меңгергенмен қатар шет ел тілдерін де меңгеретін болсақ нұр үстіне нұр болар еді. Әрине, тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті қоғам уақытында, жаһандану мәселесі алға шығып тұрған уақытта көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Сондықтан қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген ұрпақ қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болу әлемдік аренада ұлтымыздың бағасын көтеретініне ешкім күмән келтірмейді. Қазақстанда көп тілді меңгеру – бүгінгі күннің көкейтесті мәселесіне айналып отыр. Бұл мақсатта мемлекетіміз тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Жалпы орта білім беретін мектептерде бастауыш сыныптан ағылшын тілін оқытуды былай қойғанда, ата-аналардың да балаларын ағылшын тілін үйрету мақсатында қосымша курстарға беру кең етек алып отыр. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының білім алушылары үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасы жақсы

жолға қойылған. Аталған бағдарлама шеңберінде білім алушыларға алыс-жақын шетелдерде білім алу мүмкіндігі туып отыр. Осылайша, өздерінің шет тілдерін тереңдетіп, мамандығы бойынша алдыңғы қатардағы жаңалықтармен танысуға, тәжірибе алмасуға көп мүмкіндіктерге ие болып отыр. Сондай-ақ шетелден ғалымдарды дәрістер оқуға шақыру бағдарламасы да белсенді жүзеге асып отыр. Бұл да білім алушылар үшін тілді тасымалдаушымен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы шет тілдерін меңгеруге көп ықпал етуде.

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі елдердің мәдениетін, тарихын, әдебиетін, білімі мен ғылымынан хабардар болып отырудың құралы десек те болады.

Қазіргі уақытта қазақ ақын-жазушыларының көркем шығармалары ағылшын тіліне аударылып, шетелдерде жарық көріп жатыр. Бұған күнделікті теледидардан жаңалықтардан беріліп жатқан тұсаукесерлер дәлел.

Көркем шығарма нақтылықты, тарихи кезеңдерді, қандай да бір халықтың өмірі, оның салт-дәстүрлерін бейнелейтін тәсіл болған және солай қала береді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің жаңа деңгейіне ауысуымен, жаһандану үрдісінің бүкіл әлемді қамтыған ауқымына орай аударманың біздің өмірімізде алар орны алдағы кезеңде айрықша арта түсетіндігіне сенім мол.

Адамзат баласы аударма арқылы араласып-құраласады. Біз өмір сүріп жатқан әлемнің іштей белгілі бір жүйеге құрылғандығы, адам тіршілігінің кез келген қимыл-әрекеті өзінше шағын жүйе екендігі, онсыз әлемнің тұтас жүйесі жасалмайтындығы да белгілі. Адамзат тілдерінің арасында да коммуникацияның өз жүйесі, яғни трансляторы – аудармасы болуы керек. Тілдер арасындағы осындай байланыстырушы жүйенің ең қарапайым шешімі – аударма. Сол себепті аударма адамзатты біріктіріп тұрған факторлардың бірі деп те айтуға болады.

Аударма ұғымы – кең ұғым. Аударма – лингвистика заңдылықтарына арқа сүйеу арқылы тіларалық коммуникация міндеттерін шешетін сөз өнерінің өзгеше түрі. Ал көркем аударма – аударматанудағы ең бір күрделі сала.

Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы атақты зерттеуші Қ. Жұбанов - бір тілден екінші тілге аударудың теориялық мәселелерін зерттеген ғалым. Ол өзінің еңбектерінде орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы синтаксистік құрылымның ерекшеліктерін қозғайды [2].

Бұдан кейін Қазақстанда аудармаға қатысты пікірлер 1950 жылдардан бастап көбірек айтыла бастады. Өйткені осы кезеңде біздің елімізде аудармаға көбірек мән беріліп, көптеген көркем шығармалар бір тілден екінші тілге аударылды. Аударманың тілдік-стильдік жағдайына алғаш тоқталғандардың бірі – Мұхтар Әуезов. Ол «аударманың бір беткей, сұрқай пішіндерін қарастыру» дұрыс емес, аударма ісін танып-білу үшін бір тілдегі түпнұсканы екінші тілге аударғанда ұлттық дәстүр, ұлттық форма қалай берілді, аудармашы қолданған құрал-тәсілдер қандай (интонация, ырғақ, синонимдер, идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдер) сияқтыларды жүйелі түрде талдау керектігін айтады [3]. М. Әуезовтің «ақын-жазушының өз ана тілінің ұлттық формасы мен түрін кәдеге жаратып, өз тарапынан «жаңа сөз туындыларын қосу, жаңа сөз байланыстарын жасап, бар сөздердің мағыналарын тереңдетуі, жаңартуы керек» деп айтқаны – аударманың лингвистикалық теориясының басталуына әкеліп соқты.

Кез келген саланың өзіне тән проблемасы болатыны секілді аударма ісінде де өзіне тән проблема жетерлік. Аударма жасау үшін тек қана тілді біліп қоймай, сол елдің тарихын, мәдениетін, философиясын, менталитетін жете білу керек. Қазіргі жаһандану дәуірінде, ел мен ел арасындағы мәдени, экономикалық, саяси және т.б. байланыстардың артқан заманында аударманың рөлі өте маңызды.

В. Н. Комиссаров аударманы – тіларалық қарым-қатынастың ерекше бір түрі, үш сөйлеу актісінің бірлігі ретінде қарастырған:

- 1) шет тілі арқылы түпнұсканы тудыратын сөйлеу актісі;
- 2) аудару тілі арқылы аударма мәтінді тудыратын сөйлеу актісі;
- 3) бірінші және екінші актілерде іске асқан сөйлеу актісі арқылы сөйлеу шығармалардың біріктіру актісі, яғни коммуникативті теңеу.

Ал П.И. Копаневтің анықтамасы бойынша аударманың мақсаты заттық-логикалық мәліметтерді хабарлау, қандай да болса істерге, белгілі бір сезімдерге түрткі болу. Осыдан келіп ол аударманың қызметіне төмендегідей анықтама береді: аударма қызметі – бұл тіларалық, мәдени-эстетикалық бөгеттерді бұзу [4].

Аударманың теориясы мен практикасы – қазіргі қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі. Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен айналысып жүрген ғалым А.М. Алдашева «... қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс – тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржімә ісіне қойылатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан

анықталмаған емес», - деп атап өтеді [5]. Жалпы, Қазақстан тіл білімінде аударма теориясының қалыптасуына Ө. Айтбаев, А.М. Алдашева, Б. Хасанов, Р.З. Загидуллин, Н.Ж. Шаймерденова және т.б. ғалымдардың еңбектері үлес қосады.

Ғылыми еңбектерде аударманы екіге бөлген: ауызша аударма және жазбаша аударма. Ауызша аударма, әрине жазбаша аудармаға қарағанда, күрделі. Айтылатын ақпараттың мазмұнын жазбай ауызша жеткізу керек. Бұл жағдайда сөйлеген сөздер, баяндамалар тікелей ілеспе түрде аударылады. Әсіресе, шет елдерден келген өкілдермен кездесулер барысында, сұхбат жүргізу барысында аударманың бұл түрі кеңінен қолданылатыны сөзсіз. Бұл аудармашы үшін жоғары тілдік білімнің болуын, сөздік қорының бай болуын талап етеді. Ал жазбаша аударма әрине, қағаз бетіне жазылып орындалатын аударма. Жазбаша аудармалардың өзін көркем аударма және ақпараттық аударма деп бөледі.

Көркем аударма - көркем әдебиет шығармаларын, яғни негізгі қызметі оқырманға көркемдік-эстетикалық әсер ету болып табылатын мәтіндерді аудару. Бұл процестің өтуі барысында аудармашының мүмкіндігі шексіз; ол екінші тілде жасалған мәтінді өңдеп, реттей алады. Әдеби немесе көркем аударма дегеніміз – бір тілде жазылған әдеби туындыны екінші тілдің құралдары көмегімен оқырмандарға жеткізу және түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету. Бұл жерде аудармадағы ең қиын нәрсе – лингвистикалық ерекшелігі емес, ол түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі. Көркем аударманың бүгінгі әдеби процестегі алатын орны үлкен [6].

Ақпараттық аударма – қандай да болмасын ақпаратты, мәліметтерді беру болып табылады.

Ғалым А.Алдашева көркем аударманың төмендегідей қағидаларын ұсынады:

- көркем аударма – ойлаудың бейнелік типінің жемісі; демек, мұнда индивидуалдық даралық, шығармашылық ізденіс бар;

- ізденістің шеңберіне шек қойылады, өйткені аудармашының алдында жатқан мазмұны-құрылымы дайын мәтін шығармашылық еркіндікке жібермейді;

- көркем аударма да төл әдебиет сияқты эстетикалық қызмет атқаруы керек;

- көркем аударма да төл әдебиет сияқты тұшымды, кедір-бұдырсыз оқылуы қажет;

- аудармада қазақ тілінің табиғи күйі, сөз қолдану, емлелік нормалары сақталуы тиіс [5].

Қазақстанның халықаралық аренадағы бүгінгі күндегі дәрежесіне назар аударатын болсақ, болашақта дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат еткен болсақ және де шетелдік компаниялардың, инвесторлардың біздің елге деген қызығушылығына көңіл бөлсек, еліміздің ата-бабадан келе жатқан тарихын, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрін жеткізу үшін шет тілдеріне аудармалар жасау өзекті мәселенің бірі екендігі анық. Сол себепті аудармашының бойындағы негізгі қасиеттерінің қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- өзінің ана тілін жетік меңгеруі;
- таңдаған шет тілінің құрылымымен ғана емес, ол елдің тарихы, әдебиеті, тұрмысынан хабары болуы;
- сөзбе-сөз аударудан гөрі, мағынасы мен идеясына аса көңіл бөліп аударуы керек.

Тілдің ұлттық айшығын терең түсінбейтін маман сапалы аударма жасай алмайды. Яғни, біздің мәдениетімізді, тектілігімізді әлемге танытатын аудармашы текті ортада туылып, қазақ тілінің тамырына терең бойлап, әдебиетіміздің кез келген түпнұсқасынан аударма жасай алуы керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»
- 2 Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 3 М. Әуезов. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Қазақ әдебиеті, 1957.
- 4 Сайт материалы: <http://bigox.kz/korkem-audarm>
- 5 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 243 б.
- 6 Көркем әдебиет саласындағы аударма мәселесі // ҚАЕУ хабаршысы. Өскемен, 2006. - №2.

#### ЖОҚТАУ ӨЛЕҢДІ ТҮРГЕ БӨЛУ, ЖАНРЛЫҚ ДАРА СИПАТЫН АЙҚЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.  
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
БАРАТОВА М. Н.  
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
ПСТЕБАЕВА Қ. С  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ел тұрмысы туғызған өзгеше әдеби үлгінің бірі – жоқтау өлең. Жоқтау жырлар – қазақ әдебиетінің арғы бастауларында жасаған жанр.

«Жоқтау – ауыз әдебиетінің ең ескі түрі. Мұндай өлең үй ішінде, қауым ортасында ардақты болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған. Жоқтау – Орхон жазуларының түбегейлі аялғысы. Оның ең бір жарқын түрін біз Күлтегін жазуынан көреміз. Ал XI ғасырда Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде түркілердің батыр қолбасшысы болған Тұңға алып ер дүниеден өткенде айтылған жоқтаудан үзінді келтіреді. Бұларға қарағанда жоқтау өлең шығарудың тамыры тереңде екені даусыз» [1, 57 б.].

Жоқтау өлең халықтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпынан туған мұн-шер өлеңдерге жатады.

Жоқтау әдебиет зерттеу ғылымында әрідең-ақ назарда болған. Және өзі бөлек бір түр есебінде көрсетіліп отырған. «Қазақ халық поэзиясы үлгілері жөнінен» деп аталатын, қазақ өлеңінің тұңғыш ғылыми классификациясы жасалған Шоқан Уәлиханов еңбегінде жоқтау өлеңі жылау деп аталғаны белгілі [2].

Қазақ халық әдебиетін зерттеуші А. Васильевтің қазақ өлеңін топқа бөлуі мынадай:

«По содержанию своему на исторический (где воспеваются подвиги героев-батыров, передаются события прошлого и проч.), похвальная (мақтау), составляемая в честь прославленного в народе человека; назидательная (ғибратсөз, ғибрат жыр), бытовая (қара өлең, терме); надгробная или скорбная (жоқтау) и др.» [3, 149 с.].

Халел Досмұхамедұлы да халық әдебиетін топқа бөлген зерттеуінде жоқтауды бөлек түр деп таниды [4].

Мұхтар Әуезов сыршылдық салт өлеңдерінің ішінде жоқтау өлеңді бөліп көрсетті [5].

Ахмет Байтұрсынұлы да жоқтауды ғұрып сөзінің бір түрі деп қарастырады [6]. «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынұлы ауыз

әдебиетін екі салаға бөліп, олардың іштей тарау-тармақ-бұтаққа бөлінетінін айтты. Жоқтау жырлар сарындаманың ғұрып сөзі тарауына жатқызылған.

Жоқтау өлеңдерді әлде де тілдік қор, тіл тарихы, әдеби тіл арналары мәнінде арнайы зерттеу әдебиет тарихын ғылыми мәнде игеріп тануға өзіндік дәлел, дәйек, дерек беретіндігі даусыз.

Қазақ әдебиетінде жоқтаудың түр есебінде танылуына Шоқан Уәлихановтың жүйелеуі негіз, бастау болған сияқты.

Осы жоқтаудың өлең түрі, жанры есебінде айқындалуында, біздіңше, басын ажыратып алатын мәселелер бар. Шоқан Уәлиханов аталған зерттеуінде былай дейді: «Қырда қазір мынандай поэзияның түрлері бар:

1. Жыр, мен осыған дейін сөз еткен.

2. Жылау – жоқтау өлеңі. Әйелдер жанынан суырыпсалып айтады.

Шумақ, тармақ көлемі жырлардікіндей болып келеді. Барлық жылаулардың, адам жанын тебірентерлік ең жақсысы, ең әйгілісі Орта жүзде, ол: Айғаным Уәлиеваның 1833 жылы шешектен өлген ұлы Мамекені жоқтап жылауы және кейіннен суырыпсалма деген атағы шыққан әнші әйел 14 жасында, өлген күйеуін жоқтап айтқан жылауы...» [2, 164 б.].

Шоқан Уәлихановтың бұл ғылыми классификациясына, соның ішінде жылау-жоқтау өлеңге берген анықтамасындағы қайсыбір мәселелер айқындай түсуді қажет ететіндей. Басы анық бір мәселе – бұл жүйелеудің тарихи құндылығы бола тұра, қазақ өлең түрлерін бөлудегі түбегейлі ғылыми негіздеме емес деп танылатындығы және олай болмауының себебі.

«Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» деген еңбектің аса маңызды тұсы онда өлең жанрларының ерекшелігін ашып, сипаттама беріп, жіктеуге талаптануы. Поэзияның түрлері бұлайша жүйеленуі елеулі ғылыми ізденіс нәтижесі, қазақ фольклортану саласының зор табысы екені анық» [7, 74 б.].

Шоқан Уәлиханов жыр, жылау, қайым, кара өлең, өлең деп түрге бөлуінде жалпы топтама жасап, жалпы да, нақты да мәніне тоқталған. Осында өлең үлгісіндегі түр мен жанрлық түр мәселесі қабаттасып келгендей қабылданатынын көреміз.

Таза жанрлық та, таза өлшем, өрнек мәніндегі түрлік те мән қамтылғанымен, бұлардың ғылыми негізделуінде екі басқа болатыны ескерілмегендей ұғынылатыны да рас. Алайда, дәл осы жүйелеуде Шоқан Уәлиханов таза жанрлық сипаттарға байланысты түсінік беріп, түрге бөлген. Осы жерде жыр – 7-8 буынды өлең түрі, немесе кара өлең – 11 буынды түр деген өлең үлгісіне байланысты жіктеуді,

біздіңше, араластырмауымыз керек. Мәселен, жыр өлең де, жоқтау өлең де, айтыс өлең де жыр үлгісінде келетіні бар. Сол сияқты жоқтау мен айтыс кара өлең үлгісінде де айтылады.

Шоқан Уәлихановтың осы классификациясы қазақ поэзиясының жанрлық түрін айғақтаудағы ең бастапқы әрі мейлінше негізді ғылыми тұжырым. Мұнда түр ұғымы – тұтас, жанр ұғымында. Жанрдың іштей қайта түрлік арналарға бөлінуі өз алдына.

Жалпы, Шоқан Уәлихановтың осы зерттеуі, ондағы өлең түрлері мен жанрлары туралы ғылыми ұғым әлі де зерттей түсуге сұранады.

Халел Досмұхамедұлы қазақ халық әдебиетінің классификациясын жасауында жоқтау өлеңді іштей бірнеше түрге бөлген. «19 Жоқтау: а) қайтыс болған кісіні не жер аударғанда, ә) ата жұртты, б) жастықты, в) сүйгенін, т.б.» [4, 34 б.]. Х. Досмұхамедұлы көңіл айту, жұбату мен жылау-сықтау деген тағы бір түрді көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы жоқтаудың таза өлген адамға байланысты ғана айтылатынын атап көрсеткен.

«Жоқтау. Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, ә қызы, иә келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағын, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз – жоқтауды көбіне ақындар шығарып береді» [6, 428 б.].

Мұхтар Әуезов жоқтау өлеңді қазаға байланысты айтылатын басқа естірту, көңіл айту, жұбату өлеңдермен тұтас алып «Ел салтындағы шер өлеңдер» атауымен келтіреді. Және жеке-жеке әр түрге айналып-тоқталып ұзақ ұғындырып, өзіндік байламдарын негіздейді [8].

Осында жоқтау өлең тек әйелдер айтады деген қайсыбір айқындамадан ауқымды жатқаны көрінеді.

1) Ел салтындағы шер өлеңдер: жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту сияқтылар.

а) Жоқтау. Жоқтау өлеңі көпке бірдей жайылған көп қазақтың қолданған салтынан туатын шер өлеңі. Жүрген қайғысын өлеңмен, әнмен, кейде күймен шығару ескіліктің сүйген түрі болған. Кей уақытта жалпақ елдің жоқтауы болады. Ондайда, қайғылы қалың елдің атынан, ақын-ырау жоқтайды, кейде үй ішінің, ауыл-аймақ, рудың ішінде жоқтау өлеңі болады. Әуелгі түрдегі жоқтау – хан өлгенде қарашаның жоқтауы. Қайғымен күйзелген қалың елдің шерін жыраулар айтады» [8, 23 б.].

М. Әуезов Бұқардың Абылайды, Нармамбеттің заманды жоқтағаны сияқты жоқтау түрлері бар деп келіп, «үй ішіндегі тұрмыстық шерін»

– ананың баласын, күйеуін жарының жоқтауларын атайды. Жоқтау өлең мысалы қазақтың ауызша әдебиетінде өте көп екенін, бұл түрдің алғашқы шыққан мерзімін айқындау қиын екеніне көңіл бөледі.

Қазақ жоқтауының төтума сипаттарына тоқталады.

Ә. Қоңыратбаев бұл мәнде жаназалау жырлары атауын қолданған. Оған тарихи оқиғаларға, қазаға байланысты туып, сақталған естірту, көңіл айту, қоштасу, жоқтау түріндегі салт жырларын жатқызған [9].

Қазақ әдебиетінде жоқтау өлеңнің, естірту, көңіл айту, жұбатудың аса мол үлгілері бар. Осы мұң-шер өлеңнің тұтас жанрлық атауын Шоқан Уәлиханов классификациясындағы бастапқы қалыпта «жоқтау» жанры деп, мұң-шер өлеңнің барлығын соған жатқызып қарастыруға болатын сияқты. Қазаға байланысты өлеңнің барлығына жалпы жанрлық атау – жоқтау қатысты болса.

«XIX ғасырдағы жоқтау өлеңдердің ішінде Бұдабайдың «Әйкеге жоқтауы» тілдік шеберлік, әлеуметтік үні жағынан, жалпы құрылым, баяндау тәсілі жөнінен өзіндік даралығымен ерекшеленеді» [10, 109 б.]. Тек XIX ғасыр емес, қазақ әдебиетіндегі жоқтау өлеңнің ұзақ тарихында да өз орны бар екені даусыз.

Әйке болыс болып, ұзамай қарсы жақтың құрбанына айналғанда оның қызының атынан Бұдабай шығарған ұзақ жоқтауда Әйкенің өз ортасындағы орны, жеке бас қасиеттері дәстүрлі жоқтау үлгісінде тұтас ауқымда айтылады.

*... Айналайын әкежан,  
Қараның болдың ханындай.  
Қарайғанды ықтаттың  
Қамысқа түскен жалындай.  
Орта жүздің көркі едің  
Қоңыраулы бұйра нарындай.  
Ағайынды жинадың  
Алтыс үйлі ауылдай.  
Орынды болдың орасан  
Мыңжылқының қарындай.  
Көпке пайдаң көп тиді  
Көктемдегі жауындай... [11, 174 б.].*

Әйкенің болыс болуы, қарадан шығып хан болуы, үкіметтің бекерлігі, қапыда келген қасірет, ішті бұған өкініш-арман – бәрі-бәрі ағылып-төгілген зар, жоқтау...

Осы бір мәселелер елді жоқтау, заманды жоқтау немесе елмен қоштасу, жермен қоштасу өлеңдер лирикалық поэзияның өзіндік желілері қалпында қарастырылса деген ойды ортаға салуға итермелейді. Бұл бағыттағы арнайы зерттеулер – алдағы іс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейітжанұлы З. Халық әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы, 2002. – 155 б.
- 2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 560 б.
- 3 А. Васильев – қазақ әдебиетін зерттеуші. – Алматы, 2004. – 199 б.
- 4 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – 176 б.
- 5 Сыздықов К. Мұхтар Әуезов еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері: Филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 1997. – 55 б.
- 6 Байтұрсынов А. Ақжол/Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы, 1991. – 464 б.
- 7 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988. – 432 б.
- 8 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.
- 9 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 288 б.
- 10 Әбдіразақов Қ. // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2007. - № 10. - С. 108-112.
- 11 Байтұрсынов А. Ақ жол – Алматы, 1991. – 464 б.

#### ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЖИНАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

ЖҮСІПОВ Н. Қ.  
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
БАРАТОВА М. Н.  
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
АБДУЛЛАЕВА Қ. М.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ халқының рухани байлығы - халық даналығы тудырған, ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде ұсақ жанрға жататын қазақ жұмбақтарын ел арасынан жинау ісі XIX ғасырдың екінші жартысынан басталды деуге болады. Бұл ретте, Ш. Уәлиханов, Г. Н. Потанин, В. Васильев, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпейұлы т.б. ғалымдардың еңбек сіңіргенін айта кетуіміз

керек. Бұлардың еңбектерінде қазақ жұмбақтарын жинаудың өзіндік әдіс-тәсілдері қолданыс тапқан. Бұл кездегі жиналған жұмбақ үлгілері өзінің мәнерлілігімен ерекшеленеді.

Жұмбақ қай елдің фольклорында болмасын өзіндік орны бар, ерекше жанр екені белгілі. Қазақ жұмбақтары да ғалымдар назарына ерте ілініп, арнайы жинала бастады. Алғашқы жинау жұмыстары, негізінен, этнографиялық сипатта болды. Қазақ даласында болған ғалымдар мен саяхатшылар оларды халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен байланыстыра жинады. Яғни олар этнографиялық материалдар жинаумен ғана айналысып, қазақ халқының ішкі халіне, әлеуметтік мәселесіне көңіл аударма қоймаған. Алғашқы кезеңдерде халық шығармалары осылайша тек дерек көзі ретінде жиналып, кейіннен, нақтырақ айтқанда XIX ғасырдың аяғына қарай ғылыми материал ретінде арнайы жинала бастады. Мұндай игі істер жоғарыда аты аталған ғалымдар есімімен тікелей байланысты.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Ш.Уалиханов қысқа ғана өмірінде қазақ фольклорының барлық түрін жинады десек, қателеспейміз. Оның ішінде қазақ жұмбақтары да ғалымның назарынан тыс қалмаған. Алайда Ш. Уалиханов өзінің досы, әрі замандасы Г.Н. Потанин және де басқа зерттеушілер сияқты ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен арнайы шұғылданып, не болмаса арнайы экспедициялармен сапарға шықпаған. Оған оның мүмкіндігі де бомаған. Әскери қызметте болғандықтан Ш.Уалиханов ірі ғылыми міндеттер атқарған. Бұл мәселе турасында сақталған құжаттар да бар. Құжаттағы деректерге қарағанда ғалым Ш.Уалиханов аса ауыр міндет жүктелген. Ол соған қарамастан халық шығармаларын, оның ішінде қазақ жұмбақтарын жинап, оларды өзінің ғылыми еңбектеріне пайдаланған.

Ш. Уалиханов жинаған жиырма шақты өлең-жұмбақ Санкт-Петербург мұрағаттарында сақталған. Олар әлі күнге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ.

Қазақ жұмбақтарын жинаумен Ы. Алтынсарин жас кезінен-ақ айналысқан. Бұл кезде Ы. Алтынсарин ауыз әдебиеті үлгілерін орындаушы адамдармен, көпті көрген көнекөз қариялармен таныс болған, олардан тікелей ауызба-ауыз жазып алған. Кейінгі ұстаздық-ағартушылық бағытты өзіне өмірлік мұрат етіп, осы салада еңбек еткен кезінде жұмбақтарды халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінен туған тәрбиенің негізгі тұтқасы деп қарады. Сөйтіп «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегіне жұмбақ үлгілерінің қолына іліккенін емес, көркемдігі жағынан ажарлысын, балалардың ой-дүниесіне қозғау салатындай тартымдыларын бөліп енгізді.

Ы. Алтынсарин жинаған жұмбақтар тақырыбы жағынан әр алуан: көшпелі өмір салтынан өрбіген, төрт түлік мал, киіз үй, оның түрлі жасаулары, тағам түрлері т.б. Ең бастысы - балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктелініп алынған.

А. В. Васильев фольклор үлгілерін негізінен ел аралаған сапарларында жинаған. Нақтылай алғанда, ол 1894 жылдың жазынан 1906 жылдың жазына дейін барлығы 11 рет жолсапарда болған. Жүрген жерлері - Қостанай, Торғай, Ырғыз, Ақтөбе өңірі. В.Васильев халық әдебиеті нұсқаларын жинаумен Торғай облысы халық училищелері инспекторы ретінде қазақ жеріне табаны тиісімен айналысқан.

В. Васильевтің жинаушылық қызметіне келсек, ғалым фольклорлық үлгілерді жинау барысында айтушының аты-жөнін, үлгінің қай жерде, қай уақытта хатқа түскенін т.б. қамтитын жинаушылық талаптарды орындап отыруға тырысқан. Мұндай «паспорттық» мәліметтерді ол нұсқа басында, не соңғы сөзбен толықтырып, сөйтіп нұсқаның қабылдауға жеңіл, зерттеген кезде талапқа сай болуына көбірек мән берген. Мысалы, «Қожахмет пен Әбубәкірдің жұмбақ айтысы» араб әрпінде жазылған. Қолжазба төрт беттен, қырық бір жолдан тұрады. Жинаушы оны 1889 жылы Маңғышылық облысы, Маңғышылақ ауданынан жазып алғанын айтады. Айтыс соңында орыс тілінде жазылған 11 жолдық түсініктеме бар.

Жұмбақтың мазмұны мынадай: «Қожахмет молда хат арқылы Әбубәкірге жеті жұмбақтың шешуін тауып беруді өтінеді. Ол: «Сені тапқыр ақын дейді халық. Осының дәлелі ретінде мен саған жұмбақ жазып жіберіп отырмын. Осы жұмбақтарды дұрыс шешіп берсең, мен де сені жақсы ақын деп есептеймін» - дейді. Әбубәкір Қожахмет молданың жіберген жеті жұмбағын былай деп шешеді: «Әуелі халық сұңқар деп ұғынған қара құс - патша, патша өкіметінің озбыр ояздары; Ең абзалы - қазақ елі сауда-саттық жасайтын Орынбор қаласы; Сары сабазда бір сарай - сауда айырбасы сарайы, іші толған қызыл қазына, мүлік; Көзі өткір, көңілі тар мақұлық - күзетші ит; Жер үстіндегі мың айдың арасында жүретін күміс қанатты құмай - почта; Петербор мен Бұқар арасындағы екі адамы сөйлестіретін қу ағаш - телеграф ағашы». Бұл нұсқаның қолжазбасын В.Васильев 1935 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорына тапсырған.

Қазақ жұмбақтарының жер-жерден жиналуына XIX ғасырдағы басылымдардың да атқарған қызметі ерекше. Сол кездегі қазақтардың сүйіп оқитын «Дала уалаятының газетінің» 1900 жылғы 20-21 нөмірлеріне А.Васильевтің «Киргизские загадки в



виде состязания джигита с девушкой» деген атпен қайым айтыстың жұмбақ жасыру түрімен өрбіген үлгісі жарияланған. Бұл жұмбақ айтыстың тақырыбы мен мазмұны өнер-білім турасында өрбиді. Жігіттің дүние құрылысын «жайын», «алты терек», «айдаһар» образдарына бөлеп жасырған жұмбағын қыз жайынды 360 күн, алты теректі жыл мезгілдері, айдаһарды Исафилдің сүрен ұруы деп оп-оңай шешіп береді. Бұл жұмбақ айтыстың көркемдік тұрғыдан ерекшелігі - бастанаяқ жансызды жанды образға бөлеп көрсететін, жұмбаққа тән парадокс әдісінің мол қолданылуы.

Қазақ жұмбақтарын көптеп жинауда зор қызмет атқарған адам - Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев. Жинаушы көбінесе Сырдария, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Өзбекстан, Қарақалпақстан төңірегіннің жұмбақтарын жинаған. Бұл ретте оған көп көмек көрсеткен Шымкент уезі, Ноғайқара болысының қазағы Еркінбек Ақынбеков болды.

Ә. Диваев жұмбақтың халықтық сипатына мән беріп, көбіне еңбекші елдің тұрмысы мен философиясына негізделген үлгілерді жинаған. Алайда жұмбақтың халықтық екенін ажырату мақалдарға қарағанда әлдеқайда қиын. Мақал-мәтелдерде адам туралы, оның мінезі, кәсібі жайында нақтылы ұғым берілсе, жұмбақтарда жан-жануар, аң-мақұлық, жер, су, тау, тас т.б. құбылыстар жөнінде астарлап айтылады, бүркемелі түрде мәлімет беріледі. Біз оны Ә. Диваев топтамасынан айқын байқаймыз. Халықтың өмірін, оның әдет-ғұрпын түрлі тараптан білуі фольклоршы ғалым еңбегінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін арттыра түскен. Ә. Диваев жинаған жұмбақтардың он бесі 1895 жылы «Сырдария жинағына» енген. Бұлардан басқа жүзге тарта жұмбақ М. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінде, сондай-ақ, Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Ә. Диваев топтаған жұмбақтардың біразы Мәскеудегі Тарихи мұражайдың қолжазба қорында Н.И. Гродеков материалдары арасында кездеседі. Ал зерттеушінің қолжазбаларынан іріктеп алынып соңғы жылдары басылғандары - «Казакская народная поэзия» (1964) атты жинақтағы жұмбақтар.

Фольклорист ретінде Г.Н. Потанин қазақтың халықтық мұрасының ғылыми жағынан аса маңызды жанрларын, атап айтқанда, эпос, миф, аңыз, әпсана тағы басқасын түгел жинаған. Сонымен бірге ғалым жұмбақтарға да назар аударған. Г.Н. Потанин жинаған жұмбақтарының ішінде: «Үш нәрсе кішкенедең үлкен болады (от, өлім, дау), сегіз нәрсе тоймайды (көкірек-ақылға, көңіл-ойға, ер-малға, қатын-ерге, от-отынға, жер-адамға, көз-көруге, тіл-

сөзге), төрт нәрсеге тоқтау жоқ (кәрілік, ажал, аштық, ұйқы) тәрізді қызықты үлгілерін оқи аламыз» [1, 189 б.].

«Г.Н. Потаниннің фольклорды жинауға ынтасы Омбы кадет корпусында оқып жүрген (1845-1852ж.) кезде туған. Оның үстіне Шоқан Уалихановпен дос болып, бірге жүріп, бірге өсуі Г.Н. Потаниннің жинаушылығына әсер етті», - деген пікір айтады Н.Қ. Жүсіпов [1, 60 б.].

Ал фольклорлық мұраларды жинаудағы негізгі мақсаты - халықтық шығармалардың әлем мәдениетінің дамуына тигізер пайдасы мол екенін таныту. Бұл мақсатқа жетуде барлық фольклорды бір адамның жинауы мүмкін еместігін білген ғалым тұрғылықты тәсіл арқылы жергілікті қазақтарды жинаушылық қызметке тартқан. Бұған жер-жердегі қазақ азаматтарының да, тұрақты тілшілерінің де көмегі тиген. Мәселен, Ш. Уалихановтың ауылы Сырымбеттен Бейсемби деген кісі, Баянауыл елді-мекенінің аға сұлтаны Мұса Шорманов Г.Н. Потанинге фольклорлық үлгілерді жинастыруға көмек берген деген деректер бар [2, 61 б.].

Г.Н. Потаниннің жинаушылық қызметінде экспедициялық әдісті де орын алған. Ол саяхаттар мен экспедицияларда жүріп фольклорлық үлгілерді молынан қамтыған. Астроном К. Струвенің экспедициясында жүрген кезінде ол Тарбағатай өңіріндегі Қожырада көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарынан бірнеше мақал, өлең және Ытығыл батыр туралы ертең, біршама қазақ жұмбақтарын да жазып алған. Бұл Г.Н. Потаниннің фольклорлық үлгілерді жинауда қазақ жұмбақтарына да назар аударғанын дәлелдейді.

1895 жылы Г.Н. Потанин өзінің жинаған материалдарын сұрыптай келе, Петербург университетінің студенті Сұлтанғазинмен бірігіп жинақ етіп бастырады. Осылайша Г.Н. Потанин өзінің жинаушылық қызметінде түрлі әдіс-тәсілдері қолдану арқылы халық шығармаларын молынан жинап, баспадан шығарып қазақ фольклортану ғылымына өзіндік үлес қосқан.

Қазақ жұмбақтарының жиналуына Ш.Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Г.Н. Потанин, В. Васильев, Ә. Диваевтармен қатар сүбелі үлес қосқан фольклорист - М.Ж. Көпейұлы. М.Ж. Көпейұлының жинаушылық қызметі турасында ғалым С.Н. Сүтжанов мынадай пікір атады: «М.Ж. Көпеев халқымыздың ауыз әдебиеті нұсқаларын мүмкіндігінше шашпай-төкпей жинауға тырысқан. Ол шағын тұрмыс-салт жырларынан бастап, көлемді эпикалық туындыларға дейін қағазға тізген. Ғұлама ойшылдың арып-аршып жинаған, көз майын тауысып жазған қыруар мұрасы

бүгінде халық игілігіне айналы. Оның фольклорлық мұраларды құныға жинауында шын асылды тани білетін және сол асылды келер ұрпақтың рухани кәдесіне жаратуды көксеген прогрессивті арман-аңсары айқын аңғарылады» [3, 126 б.].

М.Ж. Көпейұлының фольклорист ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар: біріншісі - өз елінің ауыз әдебиетін жақсы білуі; екіншісі - шығыс елінің орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі; үшіншісі - батыс және орыс зиялыларының әсері. Әрине, орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі дегенде, М.Ж. Көпейұлының олардан қолжазбаларды жазу стилін алуы, ал батыс ғалымдары арасынан В. Радлов, Г.Н. Потанин сияқты фольклорист ғалымдардың еңбегімен жақсы таныс болғаны айқын көрінеді.

Фольклорлық үлгілерді жинау барысында М.Ж.Көпейұлы белгілі бір жинау принциптеріне сүйенген. Ең бастысы, М.Ж. Көпейұлы фольклорды өзгертуге, түзетуге жатпайтын асыл мұра деп білген, сөйтіп мәтінді сол қалпында хатқа түсіру шартын ұстанған. Сол себепті, М.Ж.Көпейұлы кімнен не алса да көрсетіп отырған. Мұны фольклортану ғылымындағы жинаушыларға қойылатын басты талап екенін ескерсек, М.Ж. Көпейұлының жинаушылық қызметінің қаншалықты дәрежеде екенін бағамдауға болады.

М. Ж. Көпейұлы жинаған жұмбақтар туралы деректерді қарастырғанда жинаушының шығарманы жеткізушілердің есімдерін жазып отырғанын көреміз. Мысалы, «Қыз жұмбағының шешуі» деген қолжазбаға қатысты М.Ж.Көпейұлы мынадай түсінік-сілтеме берген: «1905 жылында Ақмола облысына қараған Атбасар уезінде Терісаққан өзені бойында Мейрам Жанайдаров аулында Құмқоңыр елінің қазағы сөйледі: «Осы табында айтылмыш жұмбақты Сыр мазипатында Ақмешіт атырабында бір қыз айтыпты: - Шешкен кісіге қалың малсыз тиемін! - депті. - Сол жұмбағы - мынау! - депті» - делінген.

Мұнда М.Ж. Көпейұлының жұмбақты жеткізуші мен жұмбақты жасырушы адамның қай жерден екеніне ерекше мән берген. Сонымен қатар фольклорды жинау талаптарының бірі - жазылып алынған үлгіге толық мағлұмат беру, яғни кімнен, қашан жазып алғаны туралы паспорттық деректемелерін толтыру шартын орындаған.

Әрі қарай, «Қыз жұмбағы» деп, жұмбақ мәтіні берілген: «Ертемен тұрдым, үш бала көрдім: екеуі - жалаңаш, біреуінің киімі жоқ. Киімі жоқтың етегі тола ақша түйілген: төгіледі деген ойында, қиялында дәнме жоқ. Және сонда үш көл көрдім: екеуі - құры, біреуі - суы жоқ. Суы жоқ көлден үш балық алдым: екеуі - өлі, біреуінің жаны жоқ. Және сонда үш үй көрдім: екеуі - жалаңаш, біреуінің шиі жоқ. Және сонда үш

қазан көрдім: екеуі - жарық, біреуінің түбі жоқ. Және сонда үш пышақ тауып алдым: екеуі - сынық, біреуінің сабы жоқ.

Суы жоқ көлден жаны жоқ балықты алып, шиі жоқ үйдің ішінде отырып, түбі жоқ қазанға асып, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім. Қарным - қабақтай, бұтым таяқтай болды. Сөйтіп отырып, отырған үйімнің жапсарынан шығып кеттім. Есігі ойда жоқ» [4, 149 б.].

Ал жұмбақтың соңында Мәшһүр Жүсіп түсіндірмесі берілген: «Бұл жұмбақ иесі: «Атым - Батпа, Байбейсеннің қызымын» - депті. Мен еңдеше талай «Батпаныкін» батырып, жоқ есебінде қылып, жіберетұғынның өзімін. Бар болса, жарыққа шықсын! Шын болса аныққа шықсын! Құй бар болсын, құй жоқ болсын, сөйленген сөзі әшкере болып, халыққа шықсын! Баянаулада тұрағы - Мәшһүр Жүсіп Көпеев. 1905-інші жылында, 15 ноябрьде Мәшһүр Жүсіптің шешуі», - деп шешуін берген. Бұған қарап бұл жұмбақты шешуші М.Ж. Көпейұлының өзі екені білеміз. Демек, жинаушы жұмбақтарды жинап қана қоймаған, жасырылған жұмбақтарды шешіп те отырған.

Кез келген жинаушының фольклорлық үлгілерді жинау барысында өзіндік ұстанымы болатыны белгілі. Бірқатар жинаушылар, мәселен, В. Радлов, Г.Н. Потанин т.б. ғалымдар фольклорлық үлгілерді жинағанда жанрдың көнелігіне баса назар аударған. Оны олар өздерінің көмекшілерінен де талап етіп отырған. Бұл түсінікті де, себебі кез келген адам өзге ұлттың тарихын, мәдениетін т.б. танып, білу үшін алдымен оның ауыз әдебиеті үлгілерін жинайды, саралайды. Соның арқасында ол сол халықтың ұлттық дүниетанымын бағамдай алады. Ал М.Ж. Көпейұлы болса, халықтың көне мұрасын бөлмей, біртұтас ауқымды түрде жинаған. Бұны М.Ж. Көпейұлының демократиялық, ағартушылық көзқарасына негізделген жинаушылық ұстанымы дегуге болады.

Жалпы фольклортану ғылымында айтушының сөзін өзгертпей, сол қалпында жазу талабы бұрыннан бар дүние. Артық сөз қосу немесе қысқарту, тілдік ерекшеліктерді сақтау т.б. міндеттер барлық фольклористерге ортақ шарт. Ал шығарманың толық паспортын беру де маңызды талаптардың бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, М.Ж.Көпейұлы талап-тілектердің барлығын орындауға тырысқан. Ол шамасына қарай фольклорлық үлгі турасында жан-жақты мағлұмат беріп отырған.

Сонымен, М.Ж. Көпейұлының жинаушылық қызметіндегі өзіне ғана тән ерекшеліктерін атап айтар болсақ: Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен бірге араб, парсы, орыс, көне түркі тілін білуі; халықтың тарихын, этнографиясын, фольклорын бөлмей, біртұтас жинап, ауқымды жұмыстар атқаруы; шығарманы айтушы

аузынан қолма-қол жазып алып, сонымен бірге айтушының аты-жөні мен мекенін өте мұқият көрсетіп, материалының паспортын жасап отырғандығы; тілшілердің көмегіне жүгінбей, халық шығармаларын өз аяғымен ел аралап жүріп жинауы; фольклортану ғылымында қалыптасқан әдіс-тәсілдерді түгелдей қолдана отырып, фольклористер үшін міндетті талаптарды орындап отыруы т.б.

Қорыта келе, қазақ жұмбақтары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап фольклортанушы ғалымдардың бірлескен күш-жігерінің арқасында жиналды. Олар жинау жұмыстары барысында түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана отыра одан әрі жетілдіріп, жинаудың ғылыми негізін қалады. Бұл дәстүр XX ғасырда өз жалғасын тапты. Бұл кездегі жиналған қазақ жұмбақтары өзінің толық сақталуымен құнды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар, 2007. - 381 б.
- 2 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын жиналу мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар: Кереку, 2011. - 176 б.
- 3 Сүтжанов С.Н. М.Ж.Көпеевтің әдеби мұрасы. ф.ғ.к.д. алу үшін дисс. 1994. - 134 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 11 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. - 385 б.
- 5 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. - Алматы: Арыс, 2007. - 272 б.
- 6 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - фольклорист. Павлодар, 2011. - 141 б.

#### ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ «ТІЛДІК ТҰЛҒА» МӘСЕЛЕСІ

ИЛГИШЕВА М. Д.

филология магистрі, Семей қаржы-экономикалық институты, Семей қ.

КАКИМЖАНОВА А. Л.

п.ғ.м., Семей қаржы-экономикалық институты, Семей қ.

Жалпы ғалымдардың кейбірі когнитивтік талдауда ақиқат пен бейақиқат мәселелеріне қатысты көзқарасты қайта қарау қажеттігін, өйткені оның нақты ғылымдарда алынатын тәжірибелік деңгейдегі нанымды нәтижелер алуға, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардан үздіксіз алынып жататын жаңа мәліметтер арқылы үнемі өзгеріп отыратын «ішкі әлемнің» үлгісін жасауға мүмкіндік беретінін,

оның адамдар арасындағы қарым-қатынастарындағы келісімдер мен қайшылықтарды, саяси және идеологиялық жүйелер негізін анықтауда таптырмайтын әдіс екенін ерекше атап өтеді. Яғни тілді мәлімет беру мен мәлімет қабылдаудың когнитивтік жүйесі ретінде бағалайды. Сол себепті біз өз жұмысымызда аталмыш қаламгерлердің балалар тақырыбына жазылған көркем дүниелеріндегі кейіпкердің тілдік тұлғасын қарастыруды мақсат тұттық.

Жалпы, **тілдік тұлға** дегеніміздің өзі ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид. Тілдік тұлға мәселесіне қатысты ресей ғалымдарымен қатар, қазақтың тілші ғалымдары да нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. **Тілдік тұлға** — тіл жүйесінде бір-бірінен **қызметі**, құрылысы, орны жағынан дараланатын тұрақты тілдік элементтер. Тілдік тұлға тілдің негізгі қызметін атқаратын материалды-заттық мағыналық атауыш сөздер. Сөздер Тілдік тұлға ретінде жеке айтылғанда заттар мен құбылыстардың аты, түр-түсі, саны мен сапасы, қимыл-әрекеті сияқты алуан түрлі мағаналарды білдіреді (**адам**, жақсы, терт, кел, бүгін). Тілдік тұлға, жаппы алғанда, тілдің сөздік құрамын (лексикасын) құрайды да, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің құрамында айтылып, бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, тілдің грамматикалық құрлысын жасайды. Ондайда Тілдік тұлға қолданылу ретіне қарай түр-түрпаты, тұлғасы жағынан әр түрлі морфологиялық өзгерістерге түсіп, әр алуан **синтаксистік** қарым-қатынастарға ие болады. Тілдік тұлғалар атауыш, **коммуникативтік** және құрылымдық болып бөлінеді.

Ал тілді құрылымы жағынан анықтамақ болсақ, тіл –қатынас жасауға қажетті материалдардың жиынтығы деп қараймыз. Тілді таңбалық сипатына қарай таңбалар жүйесі, семиотикалық жүйе деп анықтау да тілдің қоғамда атқаратын қызметіне қатысты екені сөзсіз.

Бұлардың ішіндегі ең негізгісі – тілдің функциясына қатысты берілген анықтама. Тілдің тіршілігі, дамуы оның қатынас құралы болу қызметіне байланысты. Тілдің бұл қызметі **коммуникативтік функция** деп аталады. Тілді адам өзін қоршаған қауымнан, өмірден үйренеді.

Сонымен, тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол халықтың тарихи-мәдени байлығының көрінісі деп танылады. Кейінгі жылдары лингвистикада **жеке тұлғаның** тілдік бейнесін оның дүниетанымы арқылы анықтау бағытындағы зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы кезде тілдік фактілердің көпшілігін лексикалық бірліктердің мағынасын анықтаумен, оларды халықтың тарихымен,

мәдениетімен байланыстыра қарастыру, адамның шығармашылық қабілетімен, дүниетанымымен байланыстыра түсіндіру, танымдық ғылымның басты мәселесі тіл мен ойлауды ұштастыра зерделеу қолға алынып, қазақ тілін танымдық тұрғыдан зерттеу алдыңғы қатарға қойылып жүр.

Тілдік қатынастың дыбыс арқылы айтылуы және әріп арқылы таңбалануы лингвистикада **ауызша және жазбаша тілдік қатынастар** деп аталады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік қатынасты дыбыстық және графикалық таңбалардың әмбебап жүйесі деп танысақ, онда тілдің таңбалар жүйесі тілдік қатынастың жазбаша түрі болады да, тілдің дыбысталу жүйесі тілдік қатынастың ауызша түрі болып табылады.

Қазақ тіл білімінде тілдік қатынасқа қатысты терминдердің қалыптаспағандығын ескеріп, бұл ұғымдарды беру үшін зерттеуші Ф.Оразбаева *баянышы, хабар, тұлға, қабылдаушы* деген терминдерді қолдануды ұсынады. **Тұлға** терминін ғалым тіл білімінде әртүрлі қолданылып жүрген «тілдік бірліктер», «тілдік единицалар», «қатысымдық бірліктер» деген терминдердің орнына ұсынады. Ендеше, «...тұлғалар – хабарлаушыдан шыққан дерек туралы басқа адамның санасында ұғым тудыратын, оған ақпараттың түсінікті болуын қамтамасыз ететін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысшы ретінде қызмет атқаратын қатысымдық бірліктер».

Сөйлеу үдерісіндегі сөздің ерекшелігі – ол объективті шындық пен өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойда бейнелейді де, тілдік қатынаста іс жүзіне асырады, дыбысталу арқылы сыртқа шығарады. Сонымен қатар іс-әрекет жүріп жатқан ортаның әсерін, адамның көңіл-күйін де қоса білдіреді. Тілдік қарым-қатынаста жұмсалатын сөздің бірнеше қасиеттері бар:

1. Сөз адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді.
2. Сөз басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйытқы болады.
3. Сөз өмір шындығын нақтылы мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізілуіне әсерін тигізеді.
4. Сөз адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болады.

Демек, сөз мағынаны, ұғымды, сезімді, ойды білдіре келіп, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушылардың барлығына аса қажет қатысымдық тұлға болып табылады.

Қатысымдық тұлғалардың ішіндегі басқаларына ұйытқы болатын және тілдік қарым-қатынаста аса маңызды орын алатын

тұлға – сөз. Сөз – лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да, сөзжасам тұрғысынан да жан-жақты зерттеліп келе жатқан тұлға.

Сөзді қатысым құбылысына қатысты қарастырғанда, негізінен, оның сөйлеу мен сөйлесуге байланысты ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Мұнда ол адамдардың тілдік қарым-қатынасында пікірлесуге негіз болатын, өзара түсінісуге мүмкіндік жасайтын қатысымдық элемент тұрғысынан сөз болады.

Сөздің сөйлеу үдерісіндегі орны мен қызметі, маңызы туралы көптеген лингвистер (Фердинандт де Соссюр, Б.Н.Головин, Р.А.Будагов, Ю.В.Фоменко, т.б.) өз еңбектерінде жан-жақты тоқталған. Оларда сөздің әртүрлі ерекшеліктеріне қатысты берілген анықтамалардың мазмұны түрліше болып келеді.

**Тілдік тұлға дегеніміз** – тілді, оның заңдылықтарын, толық игерген, оны тілдесім әрекетінде қолдана алатын, жеке басының қызығушылығы бар, қоғамдық өмірге икемді, кәсіби әрекетінде сауатты, кәсіби әрекетіне шығармашылықпен қарайтын адам. Тілдік тұлғаның қатысымдық әрекет барысында сөйлей білу қабілетін, дағдысын жетілдіру үшін олармен жүйелі жұмыс жүргізу керек екені күмәнсіз.

Сөз – әрекет және ойды беру құралы. Яғни тілді тек сауатты жұмсамай, кез келген сауатты, білімді адам сияқты тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылысты ұқыпты, дұрыс қолдана білу дағдысын қалыптастыруы керек, өзіне тән тілдік ерекшеліктермен бірге көпшілікке ортақ әдеби тілдің нормасын білуі тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 272 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1999. – 448 б.

#### ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ЕТІС ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ СТИЛЬДІК СИПАТЫ

ИМАМБАЕВА F. E.  
ғ.к., профессор, Павлодар қ.  
БЕКБОСЫНОВА X. B.  
магистрант, ИнЕУ, Павлодар қ.

Етіс категориясын мүмкіншілігімізше жан-жақты зерттеуіміз қажет. Етіс категориясын етістіктің тұлғалық ерекшеліктерінің негізгі

етістіктің негізгі бір саласы екендігін айқындап жүйеге салумен ғана тыңбай, оның беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметінің ерекшеліктеріне де кеңінен тоқталуымыз керек.

Осы мақсатпен біз өз мүмкіншілігімізге қарай ортақ етіс тұлғалардың Ж.Аймауытовтың шығармалары арқылы ерекшеліктеріне және стильдік сипатына көңіл бөлдік.

Шағын нәрседен бастау керек. Қазақ филологиясында Ж.Аймауытовтың шығармаларының тілі аз зерттелген, әсіресе ортақ етістің қызметі.

Зерттеудің негізгі мақсатына көшейік.

Ж. Аймауытовтың шығармаларында жазушы не үшін ортақ етісті қолданғанын қарайық және жасалу жолдарына тоқтайық. Ш. Бектуров, М. Серғалиева ортақ етіске өз еңбектерінде анықтама береді. Істі істеуші нақты айтылмай, біреу емес, бірнеше адам істегенін көрсететін етістікті ортақ етіс дейміз. Мысалы: төгісті, алысты, санасты, күресті т. б.

С. Исаев өз еңбегінде ортақ етістің ерекшелігіне тоқтайды: «Ортақ етіс қимыл, іс-әрекеттің бір-емес бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, -ыс,-іс-с қосымшасы арқылы жасалады. Біріншіден, ортақ етісті қимал, іс-әрекеттің субъекттері қималға ортақтығы бірдей де, бірдей де емес болуы мүмкін( субъект көптік тұлғадағы бір зат атауы немесе бірінғай бастуыштар, немесе біреуі грамматикалық субъект те, екіншісі-грамматикалық жанама объекті болуы мүмкін т. б, екіншіден, ортақ етіс қосымшылары салт етіске де, жасай береді: олар хат жазыс - ып тұрады, қонақтар жайғасып отыр - ыс -ты, ол бізге үй сал-ыс -ты т. б.

Сөйтіп, ортақ етіс мағынасы мен қосымшылары етістің басқа түрлерінен сабақтылық салтылық сипатқа бейтарап болуы негізінде де ерекшеленеді. Ортақ етістің тағы бір ерекшелігі - қимыл атауын білдіруге бейім тұрады да, кейбіреулері сол арқылы заттық ұғымның пайда болуымен зат есім болып кеткен: соғыс, айтыс, жүріс, байланыс т. б.

Зерттеу барысында Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романынан алпыс сегіз сөйлем тауып, сол сөйлемдердің ішінен алпыс тоғыз ортақ етіс шығарылды. Оның арасында бірнеше рет қолданған және сөйлемдерде қайталанып отырған ортақ етіс бар. Мысалы, айтысып, айтысты деген ортақ етістерді, – ыс жұрнақ арқылы құралған романда жазушы жеті рет қолданады. Ал сөйлесті, сөйлесіп деген ортақ етістерді он бес рет қайталайды. Бұл етістің формалары - с жұрнақ арқылы жасалған. Десті деген ортақ етіс - с -жұрнағы

бар бес рет қайтаналады, кірісті - төрт рет (іс- жұрнағы бар). Сөйлесті деген ортақ етістің синонимдері жиі кездеседі. Мысалы, әңгімелесті, сырласты. Айтыс деген ортақ етіс бірнеше рет кездеседі. Етіс мағынасында бұл сөз жектеледі, септеледі, рай түрленеді, ал есім мағынасында септеледі, тәуелденеді. Соғыс деген ортақ етіс формасы жиі кездеседі, бұл сөз есім сөз болып қалыптасып кеткен. Жазушы неге осылай жиі ортақ етістерді қолданған деген сұрақ туады. Ортақ етіс жазушыға ойын жеткізу үшін керек. Ортақ етіс көпшілік оқиғалар, көпшілік мәселелерді көрсеткенде ең қолайлы, ұтымды форма, тұрақтылық-ыс/іс/с жұрнақтары арқылы көренеді.

Ортақ етіс жазушының идеясын жеткізуге қызмет етеді деп айтуға болады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның 1917 жылы февраль революциясына ұласуы, қазақтардың ел ішіндегі әлеуметтік күрестерге аралысуы, «Алаш орданың» құрылуы мен ақ әскерлерінің большевиктерге қарсы күресі, Октябрь революциясы мен азамат соғысының жеңісті оқиғалары роман сюжетіне негізгі желі боп кіреді. Шығарма қаһарманы Қартқожа да, оның елі, жұрты да осы оқиғалар фондындағы тартыста есейіп, есін жинап, ілгері басады, болашаққа қарайды.

Автор кедейлер ортасынан шыққан жас Қартқожаны, елі үшін күйген, еңбекті сүйген, ер жүректі, жұртшылық көсемі - жалынды жастырдың (автордың арнау сөзінен) қатарынан көргісі келеді. Оның халықтық ойлары Қартқожа бейнесі арқылы өрбіп дамиды. Бұл «Қартқожаның» жалпы қазақ романының тарихындағы маңызды оған қоса тақырыптық, идеялық жаңалығында көрсетеді./ 12-10/

Сонымен, ортақ етіс арқылы жазушы ойын, шығарманың идеясын жеткізу үшін қолданып, ортақ етіс бірлікті қолдайтынын топшылауды жақсы көретінін көрсетеді.

Болашақта адамдардың үлкен істі атқару үшін бір ауздықты қолдау керектігін автор мездейді. Қорыта айтқанда: бірлік бар жерде тірлік бар.

Осы сөздерді дәлелдеу үшін «Қартқожа» романынан мысалдар келтіруге болады: Біреу шын ұрысып жатыр екен деп ойлар./20-26/ Былай таман шыққан соң Қартқожа шөкіртпен әңгімеге кірісті /20-31/. Құбыла жағына келіп тізіліп ақсақалдар да отырысты /20-47/ Шеткері отырған жамау, жаман тымақтылар сәлем берісті./20-47/.

Оларды кимелеп, қамшысын білеп ұмырлауы жігіттер ақырысты /20-49/

Осы не білуші еді...-десті жұрт /20-50/

Дереу жігіттер алқа -котан отырысты /20-51/  
 - Тіпә-тіпә деп , азан-қазан болып , түкірісті/20-51/  
 - Шу , қара құйрық ! Кеткеннен келме ! -деп тағы шуласты көп. /20-51/  
 - Енді Нығманды әкел! Басқамен күреспейді /20-61/  
 Жүген іздесіп атқа жүгірісті /20-66/  
 Бәрі де бір адамның баласындай, біріне-бірі сүйеніскен,  
 айқансқан, құшақтасқан /20-67/  
 Біреу жылқы баққаның, біреу сасқаның, біреу ұялғаның айтысты /20-69/  
 -Ұмтыл! Шап! деген жаң-жұн, қарбалас , жанталас , жүгіріс. /20-87/  
 Баратын үйіне ауылдың кісілері жүгірісіп кіріп жатыр /20-92/  
 Дәретсіз алақанын топыраққа соғып , дембі қағысты. /20-95/  
 Қартқожа башқұртпен әңгімелесіп жүріп, оқытатын бір орыс  
 тауып алды. /20-99/  
 - Қайтарды , патша түскен соң соғыс бола ма?/20-100/  
 - Әжеммен ақылдасам ба, ақылдаспайым ба?/20-105/  
 - Әйтсе де сөйлесейін деп, өшетілге барды /20-108/  
 Балалар үйлерінен жаялығын ала келуді ұйғарысты ./20-114/  
 Касен олармен сырласатын /20-116/  
 - Бүгін түні ар жаққа шығып, жастар соғысамыз деп сөз  
 байладық /20-117/  
 Қатқожамен жампайдап, амандасып кетті /20-117/  
Айтыс болғалы жатыр- деседі /20-117/  
 Қазақ азаматтары қырдан қайта келіп, қызметке кірісіпті /20-118/  
 Ақтар қашып келеді... деп гулесті /20-119/  
 Айғай-ұйғай жүгіріс /20-120/  
 Жастар жұмысқа кірісіпті /20-122/  
 - Олар бұ күнде ұсталды. Бірақ көп алыстық. /20-121/  
 Қартқожа соларға ілесіп кетті /20-127/  
 Тұрмыс-күнкөріс тартысы /20-133/  
 «Нар жолында жүк қалмайды» десіп , жолдастары Қартқожанын  
 жүгін сиістырып таратып алды. /20-136/  
 Жүрісі шабан, митын аяң . /20-136/  
 Қатын әуелде көнбесе де, артынан еркегімен ақылдасып, қызып  
 Қартқожаға берді. /20-137/  
 Бір сабынға сөйлесіп, келісе алмады ./20-138/  
 Ал енді ортақ етістің сөйледегі қызметіне тоқтасақ, бұл тұлға  
 сөйлемдерде бастауыш ролін атқаратын мысалдарды келтруге болады:  
Атыс болғалы жатыр - деседі ./20-117/  
 - Бұл сөйлемде атыс -бастауыш ролін атқарып отыр , атыс-бұл  
 есім мағыналы ортақ етіс , - ыс жұрнақ арқылы жасалған .

-Қайтарады, патша түскен соң, соғыс бола ма? /20-100/-бұл сөйлемде де соғыс - ортақ етіс, бастауыш қызметін атқарып тұр.

Ортақ етіс романда көбінесе баяндауыш қызметін атқаратын мысалдар өте көп :

Тұрмыс - күнкөріс тартысы./20-133/-бұл сөйлемде тартысы есім мағыналы етіс , бірақ сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Балалар үйлерінен жаялығын ала келуді ұйғарысты./20-114/- бұл сөйлемде де ортақ етіс баяндауыш ролінде .

Касен олармен сырласатын./20-116/- бұл сөйлемде ортақ етіс сырласатын дара + баяндауыш қызметіде.

Сонымен романдан алған мысалдар арқылы осындай қорытынды жасауға болады:

Ортақ етіс «Қартқожа» романында бастауыш, көбінесе баяндауыш қызметін атқарып жүреді.

«Қартқожа» романы - көркем шығарма , бұл романда жалпы халықтың тілдегі қарапайым, тұрпайы және жергілікті ерекшеліктерін көреміз.

Ж. Аймауытов - шығарма тілдің шебері, осы романда тілінің байлығын, кереметтілігін, көркемділігін көруге болады.

Ортақ етіс - грамматикалық форма, ал грамматикада стилистиканың объектісі, ортақ етіс арқылы жазушы ойды мәнерлі жеткізу үшін қолданғанын мүмкіншілігіміз келгенше дәлелдедік.

Енді Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романдағы ортақ етіс тұлғалардың стильдік сипатына тоқтайық.

Зерттеу барысында жазушының «Ақбілек» романынан жүз отыз сөйлем тауып, сол сөйлемдердің ішінен жүз елу ортақ етіс шығарылды. Арасында бірнеше рет сөйлемдерде қолданған ортақ етістер қайталанады.

Мысалы, ең жиі қайталанатын ортақ етіс тұлғалары - сөйлесіп, сөйлесті. Олар шығармада жиырма төрт рет кездеседі.

Романда кейіпкерлер ішкі монолог, диалог арқылы көп сөйлеседі .

А. Зейнуллинаның айтуынша: Ішкі монолог көбіне үшінші жақтан, яғни әңгімелеуші тарапынан баяндалады. Кейіпкер ойы мен жазушы сөзі бір-бірін толықтырып, сезімдері бір арнаға түскендей болады. Ж. Аймауытұлы ішкі монологты орнымен ұтымды пайдаланады /13-26/.

Тағы жиі кездескен ортақ етіс тұлғасы - айтысқан (он рет қайталанады), мағынасы жағынан үстенгі сөзге жақын , тек ол ішкі монологта кездесе, айтқан деген сөз көбінесе диалогта , үнсіз диалогта кездеседі.

Ортақ етіс диалог тәсіліне көмек беріп тұрғандай . Демек ол көпшілік оқиғалар , көпшілік мәселелерді көрсетуге лайық форма.

А. Зейнуллинаның пікірі бойынша: «Диалог тәсілі арқылы жазушы шығармаларында кейіпкердің арманы , мақсаты белгі береді»/13-30/.

Соғыс, соғысты деген ортақ етіс тұлғалары жиі кездеседі (8 рет). Бұл сөздердің қолданғаны романның тақырыбымен байланысты.

С. Қирабаевтың айтуынша: «Ақбілек» тақырыбы жағынан «Қартқожа» романымен үндес. Егер «Қартқожада» жазушы ескі қоғамдық құрылыс жағдайында теңсіздікте күн кешкен қазақ кедейінің Социалистік революциядан соң құлдықтан құтылып, азаттық күрес жолына шыққанын суретесе, «Ақбілекте» де осы идеяны жалғастырады . Мұнда феодалдық - рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының жаңа шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы тең праволы азамат болуы бейнеленеді./14-10/.

Тағы да романда кірісіп, көрісіп, ұстасып , құшақтасып, сүйісетін деген ортақ етіс тұлғалары бірнеше рет кездеседі. Бұл сөздер шығарманың идеясын ашуға көмектеседі деп айтуға болады: алай - түлей қаранғы кара күндер барса келмеске біржола кеткендей, анау-алыста, етекте біржола қарасы өшкендей көренеді. Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнәдан тазарып сонау жетіқат көктегі ғарышқа барып жүрегін алтын легенге салып тұрғандай, анадан жаңадан туғандай тазарады. /20-339/

Қорта келгенде - бұл романда жазушы қазақ ауылының жанаруын көрсету үшін ортақ етіс тұлғаларын шеберлікпен қолданады. Жаңа ауылдың өмірі тек қана көпшіліктің арқасында өзгереді.

Осыны дәлілдеу үшін мысалдар келтірейік:

Қашанғы өзді -өзіміз боқтасып , керісіп, төбелесе берейік./21-155/  
Тіршілік - деген арпалысып күнелту деген сөз. /21-155/

-Орыспен де қазақпен де сөйлесе кетем. /21-157/

-Алыс-жұлыс, ауыр күйік, аттың соққысымен Ақбілектің сілесі қатып, аттан түсіргенде өлген адамша сылқ ете түскен. /21-159/

Өзге орыстар жирен орысты мазактағандай қарқ-қарқ күлісті. /21-160/.

-Жасасын Совет өкіметі! -деп әр кімнің стаканына бір шағылыстырды. /21-229/.

Бұл айтысты естіп отырған Бекболаттың кімдікі дұрыс, кімдікі теріс екеніне ақылы жете алмады. /21-233/.

Ертеңінде шайдан кейін ақсақал қораның бұрышында Әлдекей екеуі отырып, бір қыдыру сөйлесті. /21-261/.

Әйнек алдында бастары түйісе жаздап, шүңкілдесіп екі жас әйел іс тігеді./21-262/

-Емен бе , қарағым ? - деп әуелі Ақберген амандасты./21-271/.

«Құр, жауарым, құр!» - деп атқа еңсесін салысты /21-287/.

Ағайындары қуанысқан болып, «қайырлы болсын» айтысты /21-287/.

Ас ішіп тараған соң , қатындар төрге төсек салуға кірісті /21-287/.

Жар дегенде Өрік, Ұрқиямен ұстасты. /21-294/

Күлян күнде еке үш серіктесімен сәекте қолтықтасып, сөйлесіп, сұңқылдасып, жүруші еді./21-321/

Енді ортақ етіс тұлғалардың сөйлемдегі қызметіне тоқталайық.

Зерттеу барысында шығарманың ішнен ортақ етіс тек қана бастауыш пен баяндауыштың қызметін атқарған сөйлемдер ғана кездейспей, тұрлаусыз мүшелері де болған сөйлемдер жиі кездесті.

Мысалы:

Көріп, мауқын басқансоң, екі жас әйел бірне-бірі таянасып, аяқтырын айкастырып, телмендеп отырып өңгімеге кірісті /21-311/- бұл сөйлемде баяндауыш - кірісті (-іс жұрнақ арқылы жасалған ортақ етіс), ал ортақ етістер пысықтауыш қызметін атқарады.

Мен қайтып кележатқанда Күлян мен Жаңыл сөйлесіп, күлісіп келе жатты/21-320/- бұл сөйлемде де ортақ етістер сөйлесіп, күлісіп, пысықтауыш ролін атқарады(қалай келе жатыр?)

Біз соғысқа барамыз, сен қайтесің?/21-176/- бұл сөйлемде соғысқа мекен пысықтауыш ролін атқарады. Соғыс- есім сөз болып қалыптасып кеткен сөздердің бірі.

Қорыта келгенде «Ақбілек» романының тілі таңқылдырады, сүйсіндіреді, әсересе табиғатты суреттеу үстінде қандай өрнекті бейнелі, көркем сөздер табылған!

Жазушы өз ойын жеткізу үшін ортақ етіс тұлғаларын шеберлікпен қолданады, өйткені ортақ етіс көпшілік қатысы арқылы жүзеге асатын амалды ғана білдіреді.

Бұл зерттеудің негізі мақсаты Ж.Аймауытовтың шығармалары арқылы ортақ етістің жасалу жолдарын көрсету, жалпы морфологиялық, синтаксистік мағынасын, стильдәк сипатын көрсету. Осы міндеттерді орындау үшін 1988 жылы ақталған.

Қажетті теориялық негіздер А.Байтұрсынов, С.Аманжолов,

А.Аманжолов, А.Қалыбаева, С.Исаев, А.Бсқақов, С.Қирабаев, Ш.Бектуров, М.Серғалина, Қ.Бігібаева, А.Зейнулинна, Ғ.Имамбаевалардың еңбектерінен алынып, көркем әдебиет тілі мен жекелеген ақын-жазушылар шығармаларының тілі бойынша жазылған зерттеу жұмыстарының ғылыми тұжырымдамалары басшылыққа алынды.

Жұмыс барысында тарихи – саластырмалы, бақылау объективті – аналитикалық сипаттау, статистикалық әдіс – тәсілдері қолданылды. Бұл жұмыста жерлес ақын жазушының шығармаларындағы ортақ етіс тұлғаларының стильдік сипатына тұжырымдар жасалды.

Жұмысты орындау барысында онда шешілуге тиісті төмендегідей тұжырымдар ұсынылып отыр:

Роман жанрының ауқымды мәселері.

Ж. Аймауытовтың романдарындағы ортақ етістің лексика-символикалық құрылымы.

Шығармалардағы ортақ етіс тұлғалардың стильдік сипаты. Зерттеу нәтижелерін мектептерде факультатив сабақтарында, арнайы курс қазақ тілі және әдебиетіне тереңдетіп оқыту сыныптарда, жас ғалымдарға немесе филология факультетіндегі қазақ бөлімі студенттері үшін арнайы курстар мен семинарлар жүргізуге қосымша құралы ретінде пайдалануға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аймауытов, Ж. Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар // Шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1989. – 560 б.

2 Қазақ тілі грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

3 Шаяхметұлы, Қ. Қазіргі қазақ тілі (Сөзжасам – дериватология, сөзөзгерім – морфология). – Семей-Новосібір : Талер-Пресс, 2007. – 334 б.

#### ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

ИСАКОВА Г. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

К. Макпалев ат. №4 орта мектебі, Павлодар қ.

МАКИМОВА А. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы,  
М. Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникация академиясы,

Ақмола колледжі, Астана қ.

Бүгінгі күнде білім беру саласында өзекті болып отырған мәселенің бірі – білімгерлердің функционалдық сауаттылығы. Бұл түсінікті де, себебі ақпараттық технологиялар мен коммуникацияның

қарқынды дамып отырған кезеңінде әр адамның функционалдық сауаттылығы, керісінше, жоғары деңгейде болмай отыр. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы және орта кәсіптік оқу орындарының білімгерлерінің 40-тан аса пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен немесе колледжден, лицейден білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әртүрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша, адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиынақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Сонымен қатар өскелең ұрпақ ақпараттық технологиялардың, оған қатысты заманауи құрал-жабдықтардың дамуына, қолданылуына ерекше көңіл бөледі.

Жалпы алғанда функционалдық сауаттылық - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Зерттеушілер көрсетіп жүргендей, функционалды сауаттылық көрсеткіштері – ақпараттық, коммуникативтік, тұрмыстық мәселелерді шеше білу, шет тілін меңгеру (тұрмыстық лексика деңгейінде) т.б. болып бөлінеді және әр көрсеткіштің өзіндік сипаттамасы бар. Мысалы, жалпы сауаттылыққа – шығарма, реферат жаза білу; іс қағаздарын жаза білу; сұрақтарға жауап бере білу т.б., коммуникативтілікке – топта, ұжымда жұмыс жасай білу, басқалармен тіл табыса білу, эмоцияға берілмеу, топ жұмысын ұйымдастыра білу т.б. жатқызылып жүр. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде және техникалық кәсіптік білім беретін оқу орындарында Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты меңгеруде басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Мұғалім білімгердің бойына әлеуметтік ортаға



бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- коммуникативтік (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік (қоғамда, өз өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақта өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);
- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеу жолындағы азаматтық парызын түсінуі);
- технологиялық (ақпараттық технологияларды, білім беру технологияларды сауатты пайдалану).

Заман талабына сай және әлемдік жаһандану үдерісінде болашақ ұрпақтың ертеңгі күніне болжам жасай білуі өте маңызды мәселе. Өйткені адамның өмірі оның кәсіби әрекетімен байланысты. Мектеп қабырғасынан өзінің келешектегі өмір жолын дұрыс таңдай білуіне функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру тәсілдері үлкен көмек береді. Өзін өзі тану, өзін өзі жетілдіру, өзін өзі таныту үшін күнделікті сабақты өмірмен ұштастыру ауадай қажет. Бәсекелестік, сұранысқа ие болу, заманауи өндіріс талаптарына сай болу сияқты шарттарға төтеп беруге жас ұрпақ дайын болуы керек. Сондықтан білім беру жүйесінің қай сатысында да оқытудың мазмұны мен сабақ өткізу жолдарының өзара байланысына ерекше мән берілуі керек. Сондықтан меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Ал бәсекелестікке бейімділік білім алушының меңгерген білімін іс жүзінде пайдалана білуімен анықталады. Оқытудың түпкі мақсаты білімді өзіндік әрекет, яғни «үйренуге үйрену» тұрғысынан меңгерту болып табылады. Осы мақсат орындалуы үшін бірнеше концептуальды бағытта жұмыс жүргізілуі тиіс. Алдымен пәндік-ақпараттық бағыт, яғни пән бойынша берілетін білім көлемі анықталып, дәстүрлі педагогика жүйесінің тұжырымдамасы іске асады. Ал әрекеттік бағыт немесе «қалай оқыту» мәселесі «үйренуге үйрену» талабына негізделеді. Соның нәтижесінде оқу орындарында бағдарламаға сәйкес берілетін білім өмірмен ұштастырылып, оларды болашақ мамандықтарына дайындау мақсатын көздеуі тиіс. Осы ретте мемлекеттік тілді өзге тілді дәрісханада оқыту арқылы берілетін білім, білік, дағдылар да

функционалдық сауаттылық тұрғысынан нақтылануы тиіс. Өзге тілді білім алушыларға қазақ тілін меңгерту тек қана қарым-қатынас құралы ретінде емес, кәсіби бағыттағы білік, дағдыны дамытуға, сол арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда сабақта мамандыққа байланысты мәтіндерді пайдаланудың мәні үлкен. Ғалымдар көрсетіп жүргендей, мамандыққа байланысты мәтіндер студенттердің ғылыми стилін қалыптастыратыны, мамандыққа байланысты мәтіндер студенттерді қызықтыратыны, мамандығы туралы өте көп мәлімет беретіні, ондай мәліметтер білімгерлердің білімін байытатыны, шындайтыны сияқты пайдалы жақтары бар. Сондай-ақ мамандыққа қатысты оқу мәтіндерінің

- ақпараттылық;
- қажеттілік;
- мазмұндылық;
- түсініктілік;
- заман талабына сәйкестілік секілді ерекшеліктері де ескерілуі қажет [2, 29].

Ойын дұрыс басқаға жеткізгенде ғана, адам тілді білемін дей алады. Сондықтан тіл үйренушілер алдымен тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға үйретіледі.

Жаңа сөзді меңгертуде ол сөздерді дұрыс айтуға үйрету сөздікпен жұмыстан басталып, сөзді сөйлемде дұрыс қолдану, жаттығулар, тапсырмаларда, өздік жұмыста, оларды дұрыс айтуға жаттықтырылады.

Осы ретте ұтымды жұмыс түрі – мәтінді әңгімелету. Бұл – айтылымды қалыптастырудың өнімді түрі. Мәтінді әңгімелетудің мына түрлерін жүргізуге болады:

- мәтіннің мазмұнын қысқаша әңгімелету;
- мәтіннің мазмұнын толық әңгімелету;
- мәтіннің мазмұнын жалғастыра әңгімелету.
- «Синквейн» әдісімен әңгімелету;
- «Екі жазба күнделік» әдісімен әңгімелету;
- мәтінді өз ойынан шығарып жалғастыру;
- мәтінді сұрақтар қою арқылы әңгімелету;

Бұл әдістемелік жұмыстар мәтінді ойланбай қайталауға жол бермейді. Мәтінді ойланбай қайталау есте сақталмайды. Мәтінді түсініп, ондағы негізгі ойды тауып әңгімелеу есте сақталады.

Мәтіннің мазмұнын әңгімелету тіл үйренушіні қазақша өз бетімен сөйлеуге мүмкіндік беретін тәсіл. Алғашқыда оқытушы

үлгісін көрсетіп жаттықтыруына болады, келесіде мәтіндегі сөйлеушінің жағын өзгертіп әңгімелеуге жаттықтыру. Мәселен, мәтін бірінші жақта баяндалса, оны 3-жақта әңгімелеу. Немесе, мәтіндегі мезгілді өзгерту, мәтіндегі уақиғаның болған орнын өзгертіп әңгімелеу, мәтінді басқа оқиға желісімен әңгімелеу және т.б. Бұл жұмыстың түрлерін орындатуда оқытушының көмегі керек. Бірақ әңгімелетудің бұл түрі тіл үйренушінің өзінше сөйлеуін, өзінше әңгімелеуін, өзінше сөйлеуін қалыптастырады.

Мәтінді әртүрлі әңгімелету арқылы тіл үйренуші айтылымға әбден жаттығады. Қазақша әңгімелеуге, қазақша сөйлеуге үйренеді. Бұл жұмыс түрі – қазақша сөйлеуді қалыптастырудың тиімді жолы.

Қазақ тілін үйретудегі қатысым әрекетінің келесі түрі – тілдесім. Тілдесім әрекеті, ғалымдардың көрсетуінше, адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өз ара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі түсініп қана қоймай, сонымен қатар өмірлік тәжірибелерді, дағдыларды, әр түрлі іс-әрекеттерді де бірігіп меңгеруі [3, 24].

Тілдесім – адамдар арасындағы ең жиі қолданылатын сөйлеу әрекеті. Өйткені, ол – отбасынан бастап, қоғамның әр түрлі саласында ең жиі қолданылатын сөйлеу әрекеті. Сондықтан тіл үйренушілердің қазақша сөйлеуін қалыптастыруда тілдесімнің мәні үлкен.

Тіл үйренушілер қазақша пікірлесе алу үшін шағын тілдесімге арналған мәтіндерді қолданған тиімді, өйткені олар тіл үйренушілердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаны сыни ойлауға үйрету, жауапкершілікке баулу, қатысымдық әрекетке бейімдейді. Тіл үйренушінің аналитикалық, сыни ойлауын қалыптастыру оқу мәдениетіне, оқу деректерін ажырата, талдай білуге, қорытынды жасауға, шығармашылық, іздену, зерттеу жұмысына бейімдеу, өз бетімен білім алуға үйрету болып табылады.

Мамандық мәтіндері мамандар білімін нығайту, толықтыру, дамыту қызметімен бірге, қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізгі құралы деуге болады. Өйткені мамандық мәтіндері – қазақша әдеби тілде сөйлеудің үлгісі. Тілді оқытуда үлгі арқылы оқыту алғаш еліктеу ретінде болса да, кейін ол қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Тілді оқытуда мәтін жиі қолданылады, қазақша сөйлеуге жаттықтыру, қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруда мәтіннің мүмкіндігіне байланысты. Өйткені оқу мәтіндері арқылы алуан түрлі жұмыстарды жасауға болады. Мәселен, сөздік қорды байыту, қазақша сөйлеуді қалыптастыру бағытындағы түрлі жұмыстар. Осымен байланысты қазақ тілін оқыту әдістемесінде мәтін негізгі орын алады.

Бұл тілді оқытудың барлық түріне қатысты. Олай болса, тілді оқыту әдістемесінде мәтінге ерекше көңіл бөліну керек. Әсіресе, ол өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты. Сондықтан өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін ол маңызды екені ғылымда дәлелденіп жүр. Қазіргі кезде ғалымдардың мамандық мәтіндеріне мән беруі де осымен байланысты.

Тіл үйренушіні қазақша байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру бірден іске аспайды. Өйткені ол бірте-бірте қалыптасады. Сондықтан бұл жұмыстарды бірнеше кезенге бөлуге болады:

- алғашқы кезең – байланыстырып сөйлеуге үйрену кезеңі,
- байланыстырып сөйлеуді меңгерген кезең,
- шығармашылық кезеңі.

Байланыстырып сөйлеуге үйрену кезеңінде тіл үйренушілер оқытушыға еліктеп әңгімелеуден бастап, мәтінді қысқаша әңгімелеу, толық әңгімелеуді үйренеді.

Бұл кезеңде тіл үйренуші әңгімелеудің жолын, ретін, әңгіменің байланысты болуын мәтіннен үйренеді. Бірақ ол мәтінді қайталау емес, мәтін мазмұнын әңгімелеуді қамту керек екенін түсінеді, әрі байланысты сөйлеуге жаттығады.

Тіл үйренуші байланыстырып сөйлеуді меңгерген кезеңде мамандық мәтінін өз сөзімен әңгімелейді. Әңгімелеудің бұл түрінде мамандық мәтіннің құрылым ретінде сақтамай, өзінің түсінігімен әңгімелеп береді. Ол кемшілік саналмайды. Бірақ мәтін мазмұнын толық қамту талабы сақталады. Егер бұл талаптар толық сақталып, тіл үйренушілер өз сөзімен, мәтін мазмұнын толық байланыста әңгімелесе, ол әңгімелеуді қазақша байланыстырып сөйлеуді үйренді деуге болады.

Шығармашылық кезең мәтінді мазмұнына сәйкес деректермен толықтырудан басталады. Шығармашылықтың бұл түрінде мәтін мазмұны мен жалғастыру мәтіннің мағыналас болуы – міндетті шарт. Бірақ жалғасқан мәтіннің құрамы өте үлкен болуы талап етілмейді. Әрине, ол негізгі мәтіннен кіші болады. Оны ауызша да, жазбаша да орындауға болады.

Барған сайын бұл жұмысты күрделендіріп, оны мәтінмен байланысты тақырыпқа айналдырып, жеке шығармаға айналдырған тиімді. Бұл, әрине, қазақша байланыстырып сөйлеуді әбден меңгергенде ғана іске асады. Шығармашылық жұмысқа да жаттығу керек. Оны меңгеруде оқытушының көмегі өте қажет. Тіл үйренушілердің шығармашылығын дамыту үшін оқытушы жұмыстарды тіл үйренушімен талдап, кемшілігін қалай түзетуді ерінбей үйретіп отыруы керек.

Қатысымдық әдіске негізделіп ұйымдастырылатын ойталқы да функционалдық сауаттылыққа жаттықтыруда ыңғайлы жұмыс түрі. Ойталқы – тіл үйренушіні қызықтырады, дұрыс пікір туғызады, дұрыс шешім қабылдауға жетелейді, мәселені тыңғылықты шешу деген ынтадан туады. Ойталқыны ұйымдастыруда мына жайлар есте болу керек:

1. Ойталқы мазмұнды, маңызды мәселеге ұйымдастырылуы керек. Әсіресе, ойталқы тіл үйренушінің мамандығымен байланысты өзекті мәселеге арналғаны дұрыс.

2. Ойталқы мамандықпен байланысты ғылыми талас мәселеге арналғаны жөн. Бұл тіл үйренушілерді ғылыммен шұғылдануға жетелейді.

3. Ойталқының тақырыбы тіл үйренушінің өмірімен, тәжірибесімен байланысты болғаны дұрыс.

4. Ойталқының эмоциялық күшті әсері болғаны жөн. Ойталқы кезіндегі талас пікір, өз пікірін дәлелдеуге деген ұмтылыстар эмоцияға күшті әсер етеді.

Ойталқыны өткізуге үлкен дайындық керек, ол – өте жауапты мәселе. Біріншіден, оқытушы ойталқының тақырыбымен, сұрақтарымен тіл үйренушілерді таныстырады. Өйткені ойталқыға қатысушылардың ойталқы мәселесі бойынша білімі болу керек, оған дайындалу керек. Сонда өз біліміне сүйеніп, тіл үйренушіде өзіндік пікір туады. Дайындық кезінде өз білімін толықтырып, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін дамытады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін өзге тілді топтарға үйрету олардың болашақ мамандығына негізделіп, пән мазмұны мен қоғамдық-әлеуметтік сұраныс өзара үндесіп, тіл үйренушінің келешегіне қажетті білік, дағдыларды меңгеретіндей кешенді жұмыс түрлері арқылы үйретілсе жұмыс нәтижелі болады. Сонда ғана функционалдық сауаттылыққа қол жетеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет» [1].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Президентінің 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 2 Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. ПФД дисс...автореф. 2002.
- 3 Оразбаева Ф.ш. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. ПФД дисс...автореф. 1996.
- 4 Камаева Г.К. Орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін мақал-мәтелдер арқылы дамыту. ПФК дисс...автореф. 2003.

## ИНТЕРНЕТ КАК СРЕДСТВО МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

ИСКАКОВ К. С.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Сегодня уже ни у кого не вызывает сомнения, что электронные цифровые технологии в сочетании с Интернетом (и технологиями следующего поколения информационных сетей) определяют будущее коммуникаций. Естественно, что традиционные поставщики информационных продуктов, начиная с компаний, выпускающих словари и энциклопедии и заканчивая масс-медиа, не хотят смириться с тем, что их время прошло, и делают все для того, чтобы наверстать упущенное.

С точки зрения динамики рынка информационных продуктов на цифровых носителях и on-line, безусловно, заслуживает внимания факт перехода большей части энциклопедических словарей в электронный формат. Этот процесс начался в 1992 году с покупки компанией «Майкрософт» аутсайдера энциклопедического рынка «Энциклопедии Функа и Уогнеллса», которая была отредактирована, дополнена свежей информацией и иллюстрациями, после чего стала одним из наиболее продаваемых изданий на CD-ROM под названием «Майкрософт-Энкарта». Только в 1994 году было продано более 6 млн. экземпляров «Энкарты», сегодня энциклопедии принадлежит более 60% рынка электронных энциклопедий. Если в 1988 году было продано 200 тысяч комплектов 32-томной энциклопедии «Британника», то в 1995 году ее тираж снизился более чем в четыре раза, а в 1997 году практически сошел на нет. Зато электронная версия «Британники» является одним из лидеров рынка энциклопедических словарей на цифровых носителях, который растет со скоростью в среднем 20% в год. При этом стоимость энциклопедий продолжает падать. Если в начале 1997 года «Британника CD 97» на CD-ROM стоила 1000 долларов, то к концу года цена снизилась до 125 долларов. Новая версия «Британника CD 98» стоит столько же. Сетевые версии этих энциклопедий, часть из которых работает бесплатно («Энкарта»), а часть - по подписке («Британника»), являются прообразом интегрированных информационных систем будущего, доступных on-line и не ограниченных в объемах информации размером бумажных носителей, компакт-дисков и дисков DVD. Как считают многие специалисты, мы присутствуем

при кончине традиционных средств массовой информации или того, что подразумевалось под этим понятием на протяжении большей части XX века. Единственное, что пока не до конца ясно, - это когда же состоятся похороны и каков будет их размах. Однако, известно, что Интернет, каким мы его знаем сейчас, является первой **интерактивной медиа**. Что же принципиально нового по пользовательским характеристикам вносит Интернет в информационное пространство?

	ТВ	Радио	Пресса	Интернет
Возможность выбора времени пользователем	X	X	+	+
Возможность хранения для повторного использования	X	X	+	+
Возможность получения/передачи информации одновременно с событием	+	+	-	+
<i>Форма передачи:</i>				
Текст	+	+	+	+
Неподвижное изображение	+	+	-	+
Движущееся изображение	+	+	-	+
Звук	+	+	-	+
Необходимость в специальном оборудовании	+	+	-	+

Примечание: + да, - нет, X-с использованием специальных дополнительных устройств.

Из таблицы видны все преимущества Интернета, так насколько же реально замена традиционных СМИ?

### Пресса.

К концу 70-х годов в Америке перестали существовать вечерние газеты. Американцы переселялись в пригороды, а значит, позже добирались до дому, да и доставка газет стала куда более долгим делом. Тем временем стремительно развивались крупные телевизионные компании. Прочитав утреннюю газету, американец отправлялся на работу, а вернувшись, усаживался к телевизору. Вечерние газеты не выдерживали конкуренции и закрывались одна за другой. В результате распространения Интернета многие предрекают судьбу вечерних газет и

утренним. На протяжении последних десяти лет читательская аудитория ежедневных газет в Америке неизменно сокращалась со скоростью 600 000 человек в год. Демографический аспект этого процесса просто повергает в ужас. Все меньше пожилых людей читают ежедневную прессу: сейчас они составляют 64 процентов аудитории, тогда как тридцать лет назад их доля равнялась 81 процентов. Большинство молодежи в возрасте от 18 до 24 лет вообще не читает газет. Другими словами, когда у газеты умирает очередной читатель, никто не приходит ему на смену. Индустрия просто исчезает вместе со своей аудиторией. Интернет уверенно отвоевывает себе жизненное пространство у других средств распространения и обмена информацией. В возникшей ситуации многим газетам и журналам приходится срочно делать выбор: размещать свое издание в сети Интернет или нет. Уже к середине 90-х годов число электронных изданий мировой Сети приближалось к тысяче. В списке газет и журналов, присутствовавших в Сети уже в первой половине 1996 года, можно было видеть такие названия, как «The New York Times», «The Washington Post», «The Boston Globe», «Известия», «Независимая газета», «Коммерсантъ», «Le Monde», «The Guardian», «The Economist», «Der Spiegel», «The Jerusalem Post», и прочие. Инициаторы создания сетевых версий печатной прессы не собирались переманивать собственных читателей в Сеть, они лишь осознали в полной мере важность освоения киберпространства. Среди электронных версий печатной прессы были как читаемые с монитора копии первоисточника, так и издания, в полной мере использующие технические возможности Интернета для передачи и усвоения информации. Примерно в это же время появились собственно сетевые издания. Их печатные версии являлись вторичными по отношению к сетевым и существенно отличались от них, а то и отсутствовали вовсе. Учредителями подобных виртуальных информационных проектов выступили концерны и корпорации, работающие на стыке компьютерной, издательской и новостной индустрий.

## Преимущества и недостатки печатных изданий и их электронных версий в Интернете.

Печатное издание	Web-издание
<p><b>Преимущества:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>удобство использования - можно читать где угодно;</li> <li>читатель получает сразу полный комплект информации;</li> <li>информация всех категорий умело скомпонована.</li> </ul>	<p><b>Преимущества:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>отсутствует процедура тиражирования;</li> <li>читатель и конкретный номер газеты (журнала) потенциально может быть любой пользователем Интернет;</li> <li>доставка номера обеспечивается системой Интернет автоматически;</li> <li>газета одновременно доступна всем пользователям Интернет независимо от места жительства;</li> <li>легко делать тематические подборки информации. Некоторые издания ведут такие подборки, а у некоторых есть специальные поисковые службы в архиве издания;</li> <li>можно читать (точнее знакомиться с содержанием) издание на незнакомом иностранном языке, используя специальное программное обеспечение;</li> <li>"электронная подписка" за год занимает всего несколько мегабайт памяти, и может быть организована в соответствии с интересами пользователя;</li> <li>любимые фрагменты статей можно легко использовать для работы (копировать, перерабатывать, цитировать);</li> <li>обнаруженные ошибки легко исправляются;</li> <li>существенно упрощается работа с объявлениями и прайс-листами. Как правило, можно сделать запрос и получить все</li> </ul>

Недостаток:	Недостаток:
<ul style="list-style-type: none"> <li>необходима печать тиража (типография, бумага);</li> <li>часть тиража остается нераскупленной;</li> <li>необходимо использовать службу доставки;</li> <li>доставка за пределы страны существенно ограничена;</li> <li>трудно делать тематические подборки информации по изданиям;</li> <li>неудобно собирать подписки газет и журналов;</li> <li>крайне затруднен поиск необходимой статьи в подписке (нужно просматривать всю подписку);</li> <li>трудно использовать найденные материалы для частичного воспроизведения (нужно копировальное устройство, к тому же их нельзя редактировать);</li> <li>ошибки, допущенные при печати, или невозможно исправить или исправление стоит очень дорого.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>необходимо иметь компьютер, модем и телефон (либо радиомобильную связь);</li> <li>необходимо платить за подключение к Интернету;</li> <li>читать и смотреть материалы можно только на компьютере (хотя можно и распечатать);</li> <li>рассеивается внимание от обилия интересной информации.</li> </ul>

### ЛИТЕРАТУРА

- 1 «Сетевые СМИ – другая журналистика?». Керстин Вейлер, Роберт Инго Маурер, Зальцбургский университет. Перевод А. Кобякова [<http://www.mediasprut.ru/jour/theorie/online/webjour.shtml>].
- 2 «Новостная Интернет журналистика». Александр Амзин. [<http://kebati.ru/journ/index..>]
- 3 Руководство по блоггингу, Transitions Online [<http://www.blogginstan.com/?lang=ru&pid=2>].
- 4 Пособие для блоггера, «Репортеры без границ» [<http://www.blogginstan.com/?lang=ru&pid=3>].
- 5 Основы блоггинга, ЮНЕСКО [<http://www.blogginstan.com/?lang=ru&pid=4>].
- «Где собака порылась. Защита авторских прав в Интернете». Ольга Копцева, М.: ЭКСМО, 2009.
- 6 «Некоторые вопросы защиты авторского права в Интернете (теория и практика)» Антон Серго [<http://www.internet-law.ru/articles/ap-is.htm>].

7 «Практическая журналистика в Казахстане: Практическое руководство». Алматы, 2008 (глава Марата Шибубова «Блоги для журналистов», с. 97-111).

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

ИСКАКОВА Ж. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 23 жалпы орта білім беру мектебі,  
Павлодар қ.

Н. Ә. Назарбаев өз жолдауында «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» [1].

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы-ел өміріндегі ең маңызды оқиғаның бірі. Еліміздің іргелі ел болып егемендігін алған асулы жылдарында мұғалім алдында жаңа талаптар мен міндеттері қойылуда. Яғни, болашақ ұрпағымызды білімді де білікті, мәдениетті де саналы етіп тәрбиелеуде мемлекеттік тілді заман талабына сай жаңаша оқыту мұғалім тарапынан өмірлік зор маңызы ие болып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Қазіргі кезде мектептерде жаңа қолдану жөнінде жие айтылып жатыр. Қазіргі педагогикалық технологиялар балалардың қабілеттерін біліктілік деңгейін, зеректіліктерін ескере отырып, даралап оқытуды қамтамасыз етеді және оқытуда құзыреттіліктерін іске асыруға көмектеседі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен – күнге өзекті болып келеді. «Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады» [2]. Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, қазақ тілі де мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда, қазақ тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс – тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Қазақ тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан қазақ тілін оқыту

ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: **қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?**

Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Экономикадағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болуымен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болуымыз қажет. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық –технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», – деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді. Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі

компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету - оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады: I кезең: диалогпен танысу; II кезең: диалогті жаттау; III кезең: диалогті қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру; Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді. Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады.

Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио – визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Қазақ тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс – әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. «Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық – психологиялық

сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық – коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек» [3]. Біздің мемлекетімізде жаңа телекоммуникациялық құралдың дамып келе жатқаны сөзсіз. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барсында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді.

Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық – электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық – электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ең тиімді программалардың бірі – Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Қазақ тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқытушыларға мемлекеттік тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес «...оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым – қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамсыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік – мәдени білім, білік дағдылар енеді» [4]. Осы мақсатқа сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленеді. Танымдық бағыт бойынша:
  - оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
  - тілдің қоғамдық – әлеуметтік мәнін түсіндіру;

Қазіргі уақыт талабына сай қазақ тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен – күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік – экономикалық, ғылыми – техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда.

- Оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

- сөз мәдениетін таныту;

- пікірталас мәдениетін жетілдіру;

- сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;

- оқушылардың логикалық ойлауының бір ізді болуын қалыптастыру;

Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша:

- оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;

- тілдік сауаттылығын арттыру;

- оқушылардың тілдік – эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;

- этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;

- сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;

- шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу;

- пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру.

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің (мұның қай – қайсысы да тіл арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, сөз әрекетінің түрлеріне) қатынасты машықтануына әсерін тигізеді. Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі арта түсуде. «Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды» [5].

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды: 1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды. 2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді. 3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тындау әрекеттері. Тіл үйренуде

бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ. 4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуға дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады. 5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Оқыту процесі барысында ақпараттық технологиялардың түрінің бірі интерактивті тақтаның көмегімен сабақта тіл дамытуға арналған жаттығулардың құрылуы танымдық іс-әрекеттің дамуы арқылы оқушылардың қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттыру болды.

Ақпараттық технология объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинақтау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс.

Сонымен, ақпараттық технология ұғымы: өңделген, жинақталған ақпаратты пайдаланушыға жинақталған түрде жеткізу әдістері, құрылғыларын, элементтерін қамтитын жиынтық. Яғни, ақпаратты бізге жинақты түрде жеткізу технологиясы болып табылады. Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық тех-нологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі. Қазіргідей әлемдік ғаламдану процесі кезінде ақпараттар ағымынан адам баласы өзінің ұдайы дамып отыруына керекті ақпаратты саралап, пайдалана білу-бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі-жастарға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету. Ақпараттық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапаларымен бір қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне оның ілгерлігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктерін дамыту ақпараттық технологияларды қолданумен жүзеге асады. Оқушылар ақпараттық технологияны пайдаланып, оның кейбір элементтерінің жеке шығармашылық байланысымен сипатталады. Олардың бір – біріне деген әсерінде байқауға болады. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио



қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақты электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптасытуға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айландыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желелер арқылы тарату болып табылады.

Бұл қоғамда тек өндіріс қана өзгеріп қоймай, сонымен бірге жалпы өмірдің сипаты мен құндылықтар жүйесі басқадай түрге өтеді. Яғни, бұл дегеніңіз «шығармашылық қабілетке, зердеге және оқып білуге ынта мен қажеттілік жоғары деңгейде болады» деген сөз [6]. Осы мектептердің материалдық және технологиялық базасы болып компьютерлік техника мен компьютерлік желілер, ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялық байланыс негізіндегі түрлі жүйелер қалыптасады. Сонымен қатар, өзіндік ақпараттық инфрақұрылым түзіледі. Оның негізінде озық электрондық техника көмегімен кешенді түрде ақпарат өндіріледі, өңделеді, сақталады және пайдаланылады.

Қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу. Оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір-бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Ауызекі сөздің жалпы міндеті – сөздің мағынасын түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану және сөз қорын молайту. Әр сыныптың бағдарламасына қарай оқушылар жаңа сөздерді меңгереді, сөздерді жаттаумен, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем және мәтін құрастыра білу. Ақпараттық технологиялар оқушылардың шығармашылығын арттыруда ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Ол үшін сабақ құрылымы әртүрлі оқу әдістері мен ұстаздың дайындығы, ізденісі жоғары болуы керек. Қазақ тілі сабағында интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қолдана отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге болады.

- Уақыт үнемделеді;
- сабақтың сапасы көтеріледі;

- оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады;
- оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы. 2014. 17 қаңтар. Кларин М.. Интерактивное обучение – инструмент освоения нового опыта//Педагогика. М., 2000, № 7. 13 с.
- 2 Иманбаева А. Ақпараттық технологияны сабақ процесінде қолдану. Алматы, 2010.
- 3 Тұрсынғалиева С. Ч., Қорабай С. Қазақ әдебиеті: Әдістемелік нұсқау. Арман-ПВ 2010. Білім заңы. Алматы, 2007.
- 2 Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Алматы: Қазақстан мектебі, №2, 2000.
- 3 Дмитриева Е. И. Основная методическая проблема дистанционного обучения иностранным языкам через компьютерные телекоммуникационные сети Интернет //М.: ИЯШ, 1998, №1, с. 27–32.
- 4 Андреев В. И. Проблемы педагогического мониторинга качества образования //М.: Известия Российской академии образования, 2001, №1, С. 86–90.
- 5 Маткин В. А. Обоснование ценностно-синергетического подхода к подготовкам специалиста-профессионала //М.: Вестник высшей школы, 1999, № 6, С. 63–67.
- 6 Полат Е. С. Интернет на уроках иностранного языка//М.: ИЯШ, 2001, №2, С. 24–28.

#### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ҚАДЫРОВА У. Т.

магистр, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 10 орта мектебі, Семей қ.

Орыс тілді сыныптарда қазақ тілі пәнінің көздеген мақсаты - оқушыларды қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Орыс мектебін бітірген оқушылардың кейін еңбекке араласқан кезінде мемлекеттік тілді жетік білуі - пән мұғалімінің абыройлы міндеті. Осы бағытта істелетін күрделі жұмыстардың бір саласы - ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Тіл

дамыту жұмыстарын ұйымдастыру-оқушылардың ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырады.

Тілі жақсы дамыған бала ойын дәл жеткізеді, оқуды да ойдағыдай меңгереді. Тіл дамыту - ой дамыту. Оқушылардың тілін дамытуды сөздік жұмысы –тіл дамыту жұмысының бастапқы негізі болып саналады. Егер оқушының сөздік қоры кедей болса, ол өзінің айтайын деген ойын нақты жеткізе алмайды және сөйлемдерін дұрыс құрастыра алмайды. Сондықтан да сөздік жұмыс оқушылардың сөздерді, сөйлемдерді дұрыс жазуына, сөйлеу дағдыларын дұрыс қалыптастыруына зор ықпал етеді.

Сөздік жұмысын әр сабақты өткізілетін тапсырмаларға байланысты жүргізіп отыру керек, сөздікпен жұмыс істегенде, жаттығу орындағанда карточкаларды немесе суреттерді қолданғанда әрдайым қазақ тіліне тән дыбыстар қатысқан сөздерге мән берген тиімдірек. Жаңа сабақ сөздік жұмысынан басталады. Тіл дамыту жұмыстарының негізгі түрлерінің бірі –осы сөздік жұмысы. Орыс мектебіндегі қазақ тілі сабағын өтуде мұғалімнің ас зер салатын өзекті мәселелерінің бірі де осы. Тақтаға екі тілді сөзді жазып, оны дептерлеріне көшіріп, жаттатқаннан балалар ол сөзді жадыларында ұстай алмайды, ұғып алса да кейінірек ұмытып қалады. Сондықтан балаларға жаңа сөз үйретуде оның орысша баламасымен қоса суретін көрсетіп, жанына қатарласа аттың аты қазақша жазылады, оны бірнеше рет қайталағып оқытып, мағынасын түсіндірсе, бұл жұмыс әлдеқайда ұтымды болады. Ал енді оны есте сақтау үшін сол сөздер бар сөз тіркесін құрып, күнделікті тұрмыста қолдана алатындай сөйлемдер құратып, оны дәптерлеріне жаздырып отырса, тіл дамыту жұмысы тиянақты жүргізілгені.

Әр жаңа сабақта оқушы бірнеше жаңа сөздер үйренеді. Жаңа сөздерді кестеге жазған дұрыс болады, себебі, олар жаңа сөздің аудармасымен ғана танысып қоймайды, сонымен қатар сол сөздің синонимін, антонимін, омонимдерді тауып жазады.

Мысалы: ақ-қара, күн-түн, биік-аласа, сұлу-әдемі, көркем, сымбатты, түс-полдень, свет, слезь.

Жаңа сөздерді сөздік дәптерлеріне жазып, хормен және жеке-жеке оқиды. Одан әрі мұғалім оқушыларға осы тақырыпта диалог құру тапсырмасын береді.

Мысалы: «Қыс» деген тақырып бойынша мынадай сөздік жұмысын жүргізуге болады.

Қыс айлары –зимные месяцы

Желтоқсан-декабрь

Қаңтар-январь

Ақпан-февраль

Суық-холодно

Қысқа-короткий

Қар-снег

Қырау-иней

Шаңғы-лыжи

Сырғанау-кататься

Сырғанайды-катается

Жылы киім-теплая одежда

Киеміз-одеваемся

Жаңа жыл-новый год

Қызықты-интересный

Сұрақ-жауап, әңгімелесу.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қазір қыс.

- Қыс айларын ата!

- Қыс айлары-желтоқсан, қаңтар, ақпан.

- Қар қандай болады?

- Қар ақ болады.

- Қыста күндер қандай болады?

- Қыста күндер суық болады.

- Балалар қыста не істейді?

- Балалар шаңғы тебеді? т.с.с.

Тіл үйрету үшін оқушылардың жас ерекшелікті мен жеке ерекшеліктерін, олардың зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу керек. Оқушылардың қабылдауы мен ойлауында толып жатқан ерекшеліктері бар, сондықтан әр сабақта қай оқушы нені білетінін және соған көмектесу үшін не істеу керектігін анықтап, есеп жүргізген жөн. Сонда әр оқушыға жеке-жеке қандай тапсырма беру керек, кіммен нендей жұмыс жүргізу қажет екендігін шатастырмай білесің. Әсіресе бұл білімі нашар балаға көп көмек береді. Оқушының жіберген қатесін дәптерге жазып және оның себебін анықтағаннан кейін, сол қатесін оқушы екінші рет қайталамау үшін соған қосымша жұмыс ұйымдастыру қажет. Мысалы, оқуға, жазуға үйрету барысында олар жеке әріптерді, дыбыстарды жаттайды да, олардың әрқайсысының мәніне көңіл бөлмейді, сөздерді дұрыс байланыстырып оқып, жаза алмайды. Сондықтан әрбір сөздің айтылуы мен жазылуын салыстырып, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөліп, немесе, керісінше, дыбыстардан буын, буыннан сөз құрастыру

арқылы үйретсе, сол сөзді оқушылар дұрыс жазып оқиды және есінде ұзақ сақтайды.

Орыс мектебінде қазақ тілін үйрену әр сабақта жаңа сөздерді құрғақ жаттау емес, сол сөздердің мағынасын саналы түрде ұғынып, ауызша және жазбаша қолдана білу керек. үйреткен жаңа сөздерді оқушылар ұмытып қалмау үшін жаттығудың мынадай түрлерін орындатқан пайдалы:

Жаңа сөздерді оқыту.

Қиын сөздерді хормен оқыту немесе арнайы дискілер арқылы тыңдатып,

қайталату.

Жаңа сөзді сөз тіркесі, сөйлем ішінде оқыту.

Ауызша сұрақ-жауапты қолдану.

Сол сөздерді қолданып, сурет бойынша сөйлем құрату.

Заттың өзін немесе суретін көрсетіп, аттарын атау.

Жаттығулар орындау.

Таратпа материалдар бойынша өзіндік жұмыс орындау.

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып келесі сабақтарда да әлденеше рет қайталау арқылы оқушылардың есінде ұмытылмастай мәңгі қалдыруға болады. Өйткені, ондай сөздерді дұрыс айта, жаза білу орыс сыныбында оқитын оқушыларға қиынға соғады, сондықтан бұл дыбыстарды әр сабақ сайын қайталап келудің еш артығы жоқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тынылина Б. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияны пайдалану // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде, 2004, №3, 103-109 б.

2 Ахметова Г. Жаңа технология элементтері өз іс-тәжірибемде // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2003, №6, 87-92 б.

3 Бекмұханбетова Р. Тіл сабағында қолданылатын жаңа әдістер. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2006, № 9, 3-5 б.

#### Ж. Т. САРБАЛАЕВТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КОШАЕВА А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіліміздің сөздік қоры үнемі өзгеріп отырады, тілдің лексикалық қабатында да, грамматикалық табиғатында да

өзгерісті айқын байқауға болады. Ғылымның уақыт тынысымен дамуы тілге де ықпалын тигізеді. Тың ізденістерге жол ашады. Тілдің бүкіл құрылымдық жүйесінде үздіксіз болатын мұндай өзгерістердің сырын ашып, оны ғылыми тұрғыдан түсіндіріп беру – тіл ғылымының басты міндеті. Тілдегі осындай құбылыстарды зерттеу барысында тіл ғылымы дамып отырады. Қазақ тілінде әлі де болса толық қарастыруды қажет ететін жайттар баршылық. Соның бірі қазақ тіліндегі адъективация процесі болып табылмақ. Адъективация процесі орыс тіл білімінде біршама зерттелген. Деуге болады. Ол жөнінде кандидаттық диссертациялар мен арнаулы монография жарық көрді. Есімшелердің сын есімдерге ауысуы орыс тіл білімінде арнайы зерттеулер нысаны болған. Қазақ тіл білімінде сөз таптарының адъективациялануы жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Өзге сөз таптарының сын есімдер тобына ауысуы жайлы қазақ тілінде бір-екілі еңбектерде сөз болғанмен арнайы қарастырылмаған.

Қазақ тіл білімінде біршама еңбектерде сын есімнің өзіне тән белгілері, жасалуы, синтаксистік қызметі жайлы талдаулар жасалып, сын есімнің сөйлем құрамында субстантивтеніп, зат есімнің мәні мен қызметінде қолданылатындығы туралы мәліметтер беріледі. Дегенмен, қазақ тіл білімінде сын есім категориясы жайлы әлі де тың мәліметтерді қарастыру кезек күттірмейтін мәселелер қатарын құрайды. Мысалы ғылыми еңбектерде сын есімдердің жасалуы, дамуы жайлы баяндалады, сонымен қатар оның сөз тудырудың лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік жолмен жасалатындығы айтылады, ал адъективация тәсілімен, яғни лексика-грамматикалық жолмен де жасалып дамитындығы туралы мағлұмат берілмейді.

Бұл жөнінде ғалым Ж.Сарбалаев: «...адъективация процесін қарастырмай сын есім мәселесі өзінің толық шешімін ешқашан таба алмайтындығы анық. Басқа сөз таптарының сын есімге ауысуы, яғни адъективация процесіне жөнді мән берілмеуінің себебі – біздіңше, сын есімнің күні бүгінге дейін тарихи тұрғыдан қарастырмауында, оның тарихи дамуы жайында арнайы, іргелі ғылыми еңбектің жазылмауында жатқан сықылды. Қазақ тіл білімінде сын есім мәселесі, көбінесе тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан пайымдалады да, ал диахрондық тұрғыдан сөз бола бермейді. Рас, қазақ тілі мамандары адъективация процесінің жайынан хабарсыз емес. Кейбір қазақ тілі оқулықтарындағы морфологияға қатысты тарауларда сөз таптары проблемасы, әсіресе сөздерді сөз таптарына топтастырудың принциптері әңгімеленгенде адъективация процесі тиіп-қашып сөз болады», - деп ашық атап көрсетеді.

Сондай-ақ Ж.Сарбалаев өзге сөз таптарының сын есімге ауысу құбылысы, яғни қазақ тіліндегі адъективация процесі жайлы М.Томанов еңбегінде құнды пікірлер кездесетіндігін айтады. Ғалымның сын есімдердің жеке сөз табы болып тарихи қалыптасуында басқа да факторлармен бірге адъективация процесінің де маңызды роль атқаратындығын көптеген тілдік мысалдар негізінде дәлелдейтіндігі маңызды екендігін тілге тиек етеді. М.Томановтың адъективация жөніндегі құнды пікірлерді саралай келе, ғалым Ж.Т.Сарбалаев: «Қазіргі қазақ тіліндегі байырғы деп қарастырылатын қызыл, сары, жасыл, ұзын, ұзақ, қыңыр, ақсақ тәрізді сын есім сөздердің о баста түбір мен қосымшадан құралғандығын, кейіннен олардың құрамындағы түбірдің не қосымшаның, кейде екеуінің де көнеленіп, қолданыс барысында адъективтеніп, сын есімге айналғандығын айтады. Ғалымның зерттеулеріне қарағанда, қазіргі қазақ тіліндегі бүгінгі норма тұрғысынан түбір мен қосымшаға бөлінбейтін «негізгі» сын есімдердің дені басқа сөз таптарынан ауысқан яғни адъективтенген сөздер. Бірақ біз ғалымның адъективация процесі мен трансформация процесінің арасына шек қойып, бұл екеуін сын есімдердің дамуындағы маңызды роль атқарған, «екі түрлі процесс» деп түсіндіруін құптай алмаймыз», -деп тұжырым жасайды. Оның себебін зерттеуші мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді. «Себебі, адъективация мен трансформация – екі түрлі процесс емес, бір ғана лингвистикалық процесс болып табылады. Жалпы тіл білімінде сөз таптарына байланысты шыққан еңбектерде, лингвистикалық сөздіктердің қай-қайсысында да бұлар бір процесс деп түсіндіріледі. Бұлардың айырмашылығы – трансформация барлық сөз таптарының арасындағы сөз ауысуларды білдіретін жалпы процесс болса, адъективация оның сын есімге қатысты көрінетін бір ғана формасы. Трансформацияның адъективациядан басқа да әрбір сөз табына қатысты толып жатқан формалары бар. Мысалы, субстантивация, өзге лексика-грамматикалық категориялардың үстеуге айналуы, басқа сөз таптарының етістікке көшуі, басқа лексика-грамматикалық топтардың есімдіктер қатарын толықтыруы және т.б.», -деп ой түйеді.

Біз Ж.Сарбалаевтың «Сонымен, адъективация процесі - тілдің даму барысында басқа сөз таптарының сын есіме ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Тілдегі сын есімдер тобы өз дамуында сөз тудырудың лингвистикада әбден орныққан лексика-семантикалық, синтетикалық тәсілдерімен ғана толығып қоймайды, ол сонымен бірге басқа сөз таптарынан сөз қабылдап алуы арқылы да көбейіп, өз өрісін үздіксіз кеңейтіп отырады. Тілдегі сөздердің барлығы да

жеке сөз ретінде лексикалық құрамға енеді де, оның даму кездерінің бірі болып табылады. Осыған орай басқа сөз таптарынан ауысып, сын есімге айналған сөздердің барлығы да сөздік құрамнан орын алады. Олай болса адъективация процесі де сын есімнің сөзжасам жүйесінен өзінің орнын алуға тиіс деп ойлаймыз», - деген пікіріне толықтай қолдай отырып, тіліміздегі сын есімдердің көпшілігі адъективация процесі арқылы қалыптасқан деп санаймыз.

Сын есім туралы жарық көрген барлық еңбектерде, неге екені белгісіз, сын есімдердің тарихи дамуында және өз алдына бөлек жеке грамматикалық класс болып қалыптасуында аса зор роль атқарған адъективация процесіне назар аударыла бермейді. Сын есімдердің жасалуы, дамуы сөз болғанда, оның сөз тудырудың лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік жолмен жасалатындығы айтылады да, ал адъективация тәсілімен, яғни лексика-грамматикалық жолмен де жасалып дамитындығы туралы мардымды ештеңе ауызға алынбайды.

Қазақ тіл білімінде, жалпы түркологияда, сын есімдердің жеке сөз табы болып қалыптасу процесінде адъективацияның зор роль атқаратындығын, ең бастысы оның басты фактор болғандығын бірінші айтқан ғалым профессор Мархабат Оның тарихи морфологияға байланысты жарияланған еңбектерінде адъективация процесі туралы қызықты құнды ойлар ұшырасады. Ол сын есімдердің жеке сөз табы болып тарихи қалыптасуында басқа да факторлармен бірге адъективация процесінің де маңызды роль атқаратындығын көптеген тілдік мысалдар негізінде дәлелдейді. Қазіргі қазақ тіліндегі байырғы деп қарастырылатын қызыл, сары, жасыл, ұзын, ұзақ, қыңыр, ақсақ тәрізді сын есім сөздердің о баста түбір мен қосымшадан құралғандығын, кейіннен олардың құрамындағы түбірдің не қосымшаның, кейде екеуінің де көнеленіп, қолданыс барысында адъективтеніп, сын есімге айналғандығын айтады. Ғалымның зерттеулеріне қарағанда, қазіргі қазақ тіліндегі бүгінгі норма тұрғысынан түбір мен қосымшаға бөлінбейтін «негізгі» сын есімдердің дені басқа сөз таптарынан ауысқан яғни адъективтенген сөздер. Бірақ біз ғалымның адъективация процесі мен трансформация процесінің арасына шек қойып, бұл екеуін сын есімдердің дамуындағы маңызды роль атқарған, «екі түрлі процесс» деп түсіндіруін құптай алмаймыз. Себебі, адъективация мен трансформация – екі түрлі процесс емес, бір ғана лингвистикалық процесс болып табылады. Жалпы тіл білімінде сөз таптарына байланысты шыққан еңбектерде, лингвистикалық сөздіктердің

қай-қайсысында да бұлар бір процесс деп түсіндіріледі. Бұлардың айырмашылығы – трансформация барлық сөз таптарының арасындағы сөз ауысуларды білдіретін жалпы процесс болса, адъективация оның сын есімге қатысты көрінетін бір ғана формасы. Трансформацияның адъективациядан басқа да әрбір сөз табына қатысты толып жатқан формалары бар. Мысалы, субстантивация, өзге лексика-грамматикалық категориялардың үстеуге айналуы, басқа сөз таптарының етістікке көшуі, басқа лексика-грамматикалық топтардың есімдіктер қатарын толықтыруы және т.б. «Осы процестердің қай-қайсысы болсын түпкілікті болып, тиісті сөздер басқа бір категорияға біржола ауысқандай болса, оны сөз тудырудың белгілі бір жолы деп есептеу қажет». («Қазақ тілінің грамматикасы» 1-17). Бірақ соңғы кезде жалпы тіл білімінде, түркология салалары – жекелеген тіл білімдерінде «трансформация» терминінің орнына «конверсия» сөзі жиі қолданылып жүр. Біз де «конверсия» терминін қолдануды ыңғайлы деп санаймыз. Бұл біріншіден, лингвистикалық терминдердің ала-кұла болмауы үшін қажет. Екіншіден, түркі тілдерінде де зерттеушілер конверсия терминін дұрыс санап, бұл сөзді өз еңбектерінде жиі қолдана бастады.

Сонымен, адъективация процесі - тілдің даму барысында басқа сөз таптарының сын есіме ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Тілдегі сын есімдер тобы өз дамуында сөз тудырудың лингвистикада әбден орныққан лексика-семантикалық, синтетикалық тәсілдерімен ғана толығып қоймайды, ол сонымен бірге басқа сөз таптарынан сөз қабылдап алуы арқылы да көбейіп, өз өрісін үздіксіз кеңейтіп отырады. Тілдегі сөздердің барлығы да жеке сөз ретінде лексикалық құрамға енеді де, оның даму кездерінің бірі болып табылады. Осыған орай басқа сөз таптарынан ауысып, сын есімге айналған сөздердің барлығы да сөздік құрамнан орын алады. Олай болса адъективация процесі де сын есімнің сөзжасам жүйесінен өзінің орнын алуға тиіс деп ойлаймыз.

Қазіргі қазақ тілінің сын есімдер тобында «арғы тегі» өзге сөз табы, бүгінде әбден адъективацияланып, «байырғы» сын есімдер санатына кіріп кеткен сөздер мол ұшырайды: жатаған, сүзеген, күлдіргі, жинақы, ауру, ақсақ, бұзық, қайнар, жанар, жамау, кебу, ұшқыр, т.б. бұлардың өзге сөз таптарынан ауысып, адъективтенгендігі олардың сыртқы формаларынан-ақ көрініп тұр. Егер бұлардың қатарына қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сын есімдер деп қаралатын жарымжан, тасбауыр, қанішер, желөкпе, көрсе қызар, ұр да жық, бос белбеу, т.б. адъективацияға ұшыраған күрделі сөздер мен сөз тіркестерін қосатын болсақ, онда адъективациялану ауқымы, тіпті, ұлғая түсетіндігін

байқаймыз. Адъективацияға ұшыраған мұндай сөздердің молдығы бұл процестің қазақ тілінің грамматикалық құрылысында кең қанат жайғандығын көрсетеді. Сонымен, адъективация процесі – тілдегі басқа бір құбылыстар сықылды сын есімнің де үнемі даму үстіндегі тілдік құбылыс екенін дәлелдейтін фактор болып табылады.

Жалпы тіл білімінде сөз таптарының бір-біріне ауысуы конверсиялық процесс деп аталады да, ол сөзжасамның бір түрі ретінде танылады. Тілдегі субстантивация, адъективация, прономинализация, адвербиализация, вербализация деп аталатын түрлі процестер конверсия бойынша сөз тудырудың әр түрлі формалары болып табылады. Ал «сөз тудыру дегеніміз – жаңадан сөз жасау заңдары мен ережелерінің жиынтығы» екені мәлім (Ысқақов, 2-86). Олай болса, конверсия бойынша сөз тудырудың қандай амал-тәсілдері бар? Оның жалпыға белгілі, түрлері мен ееркшеліктері қандай? міне, осы айтылған мәселелердің басын ашып алмай, адъективация процесінің де табиғаты, оның сөзжасам мәселесіне қатыстылығы да толық ашылмайды.

Конверсиялық амал бойынша сөз тудыру ең алдымен, қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің шеңберін кеңейтеді. Екіншіден, сөздерді белгілі бір лексика-грамматикалық категорияларға дұрыс топтастыруға септігін тигізеді. Үшіншіден, түрлі сөз таптарының арасындағы сан алуан грамматикалық қатынастардың, әр түрлі семантиканың байланыстарды танып білуге көмектеседі. төртіншіден, сөз таптары туралы теорияның мазмұнын молайтып, толықтырады, бесіншіден, оның лексикографияда сөздік жасау ісінде де зор мәні бар.

Адъективация процесі кез-келген сын есім сөздің құрамында жұрнақ бар екен деп, оны морфологиялық тәсілмен жасалған, ал ондағы туынды мағынаны «морфологиялық дериват» деп түсіндіру барлық уақытта дұрыс бола бермейтінін аңғартады. Мысалы, қазақ тілінің барлық грамматикалық оқулықтарында сөз таптарына байланысты жарық көрген зерттеулерде сын есімге қатысты шыққан морфологиялық еңбектерде неге екені белгісіз -ғыр, -гір, -шак, -шек, -аған, -еген, -у, -к, -кі, т.б. аффикстер етістік негіздерінен сын есім жасайтын қосымшалар деп түсіндіріліп жүр. Ал аталған қосымшалардың төркініне үнілсек, олардың о баста сөз тудырғыш қосымшалар болмағандығын, етістіктің есімше, қимыл есімдерінің формаларының қызметін атқарғандығын көреміз. Қысқасы, бұл айтылғандар адъективация процесінің өз алдына бөлек зерттеу нысанасы бола алатынын көрсетеді. Ал зерттеу нәтижелерінің қазақ тіл білімінің сөзжасам жүйесін теориялық тұрғыдан байытуда да, оқу ағарту ісінде де пайдасы болатындығына сенеміз.

## ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ХАЛЫҚТЫҚ ИГІЛІКТЕР АСПЕКТІЛЕРІ

КӘРІПЖАНОВА А. О.

доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТӨЛЕУ Ұ.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ-ардың  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.  
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз бабам тілі сен қалдың!*

(М. Жұмабаев)

Бүгінгі таңда бізге ана тілінің уызына қаныққан, ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да шабытты тұлғаның қажет екені белгілі. Демек, қазіргі кезде біздің алдымызда тұрған мақсат - өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, әрбір азамат өзінің ана тілін қастерлеп, ұлттық құндылықтарды бағалай білуі маңызды рөл атқармақ. Сондықтан да, қазақ тілін меңгертуде ұлттық құндылықтарымызға баса назар аударған жөн деп ойлаймыз. Сол сияқты, барлық отандастардың Отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп - өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі – патриотизмнің қайнар көзі.

Бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік. Көптілділік – кез келген қоғам үшін интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңмен іске асыруды қолға алуды ұсынды: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын [1]. Әрине, білім жүйесіне қандай жаңашылдықтар енгізіліп жатса да, Елбасымыз бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан, қазақ тілін тереңдетіп оқыту мен көптілділікті меңгеруді жолға қою

– бүгінгі таңдағы білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі болып отыр

Мемлекеттік тіл конституция бойынша мемлекеттің қамқорлығында болып, оны меңгеру – сол елде тұрып жатқан әр азаматтың борышы саналады. Мемлекеттік тіл мектепке дейінгі білім мекемесінен бастап орта, арнаулы және жоғары білім беретін оқу орындарында, елдің қоғамдық-әлеуметтік, саяси, экономикалық т.б. басқа аяларында кеңінен қолданыста болу керек. Осы тұрғыда тағы да Елбасымыздың сөзіне жүгінейік: «Қазақ тілі - ғажап тіл.. Қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» [2]. Демек, қазақ тілі – Қазақстан Республикасында тұрып жатқан әрбір азаматтың тілі.

Қазақта «Өзіндегіңді қастерлемесең, қадіріңнен айрыларсың» деген сөз бар. Біздің ең негізгі қастерлеу керек нәрсеміз – ол тіліміз, ұлттық құндылықтарымыз және халықтық игіліктеріміз.

Бүгінгі таңдағы өркениетті елдерді этнос ретінде түбегейлі танытатын тілінде қалыптасқан деректері арқылы тіл мен мәдениет, тіл мен ұлт сабақтастығында жүргізілетін лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің өзектілігі ерекше. Осы орайда тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін барынша толық танытудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу. Оның мәні тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік те, танымдық та, танытушылық та қызметімен байланысты.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өзге ұлт өкілдеріне оқытып үйретуде де көптеген мәселелердің шешімін табуы лингвисттану саласымен ұштастыру да өте өзекті деп санаймыз. Себебі қазақ тілі:

- түпкі түрін сақтаған түркі туыстас байырғы тіл;
- ежелден жазба мәдениеті бар тіл;
- әдеби тіл, жергілікті тіл (диалекті), сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді формалары бар;
- демографиялық тірегі мықты ұлттық тіл;
- құрылым-құрылысы кемелденген тіл;
- егеменді Қазақстан Республикасы өз қамқорлығына алған мемлекеттік тіл.

Осы орайда тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін барынша толық танытудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу. Оның мәні тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік те, танымдық та, танытушылық та қызметімен байланысты. Сол себепті де қазақ

тілін оқытуда ұлттық құндылықтардың маңызы зор екендігіне тағы да көз жеткіземіз. Осы орайда сабақ беру барысында қолданылатын материалдарды блогтарға бөліп қарастырған жөн деп санаймыз. Атап айтар болсақ:

- «Ана уыз» блогы («Бата», «Наурыз бата», «Бата өлеңдер», «Алғыс, тілектер», «Мақал-мәтелдер»);

- «Атамекен» блогы (Ақмешіт; Алатау; Алматы; Алтай; Баянауыл; Бурабай; Бұланты; Қазығұрт; Қаратау; Қарқаралы; Отырар; Сайрам; Сарайшық; Сауран; Семей; Сығанақ);

- «Атамұра» блогы («Құран», «Күлтегін», «Қожа Ахмет Иассауи кесенесі», «Арыстан баб кесенесі», Айша бибі кесенесі», «Бегазы – Дәндібай мәдениеті», «Бекет ата ескерткіш ғимараттары», «Байтерек», «Тарихи – и – рашиди», «Жамиғ ат – Тауарих», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Төстік», «Алтын сақа», «Аяз би»);

- «Ататек» болгы (Шежіре; Жүз; Жүздердің кестесі; Хандар кестесі; Қарға тамырлы қазақ);

- «Аташанырақ» блогы (Шанырақ; Киіз үй; Бесік; Дастархан; Отан – алтын бесік; Ана; Әке; Дос; Ұстаз; Қонақ; Туған жер; Төрт түлік);

- «Баба дәстүр» блогы (Салт-дәстүрдің түрлері; Қазақтың төл мейрамы; Салт-дәстүрлер мен ырымдар; Тыйым сөздер; Қазақ халқының ұлттық киімдері);

- «Бойтұмар» блогы (Қазақ сөзінің шығуы жөнінде; Қазақстан; Қазақ тілі; Қазақ жазуы; Елтаңба; Өнұран; Ту; Астана);

- «Тұлға» блогы (Асан қайғы, Домалақ ана, Өз Жәнібек, Керей хан, Қазтуған жырау, Шалкиіз жырау, Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Тәуке хан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Есет батыр, Бұқар жырау, Бөгенбай батыр, Әйтеке би, Қабанбай батыр, Кейкі батыр, Әбілқайыр хан, Жәнібек Тархан, Райымбек, Абылай хан, Кеңесары, Махамбет Өтемісұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері Қорамсаұлы, Абай, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Қажымұқан Мұңайтпасов, Міржақып Дулатов, Жанша Досмұхамедұлы, Әміре Қашаубаев, Оспан батыр. Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әбілхан Қастеев, Өлкей Марғұлан, Жұмабек Тәшенов, Бауыржан Момышұлы, Қасым Аманжолов, Дінмұхаммед Қонаев, Күләш Байсейітова сияқты ұлы тұлғалар).

Осы аталғандардың барлығы біздің ұлттық құндылықтарымыз болып табылады. Оларды өз межесінде ұлықтасақ қана ұлттық

тілімізге деген көзқарас өзгеретін сияқты. Ол үшін сабақ барысында мәтінмен жұмыс жақсы меңгерілуі тиіс.

«Дін мен ділді, тілді тең ұстап жүрегімізге иман ұялата білсек, қазақ үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман болуы мүмкін, тек ондай заманның салтанат құруы қазақтың өзіне ғана байланысты», - дейді Мәшһүр Жүсіп [3, 246]. Расымен де тіл жоғалса, тұтас ұлттың да жоғалуы ғажап емес. Сондықтан да бұл мәселеге немқұрайлы қарамаған жөн. Бұл мәселе туралы айтылды да, айтылып та жүр. Алайда шешімін толық тапты деп айта алмаймыз.

«Дауға салса, алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде не бар екен?. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз да» деген Елбасымыздың ұлы сөздері әрбір «Қазақтың» деген азаматтың жүрегінен орын алса игі еді...

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы.

2 «Егеменді Қазақстан», 23.05.2008 жыл.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. -Павлодар, ЭКО, 2008. – 5т. – 425 б.

#### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНЪЮНКЦИОНАЛИЗАЦИЯ ПРОЦЕСІ

КОШАЕВА А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдегі сөз таптары да, ондағы өзге де грамматикалық категория сықылды бірден, бір мезгілде пайда бола қойған жоқ. Олар да тілдің тарихи даму барысында ұзақ жолдан өтті, бірте-бірте лексика - грамматикалық болып қалыптасты. Осыған байланысты тіл құрамындағы сөз таптарын пайда болу мерзімі жағынан «көне» немесе «байырғы» сөз таптары және «жаңа» болмаса «тың» сөз таптары да ажыратуға болады. Көне немесе байырғы сөз таптарының

қатарына өзін иеленуші халықтың тілімен бірге жасасып, ежелден келе жатқан есім, етістік, еліктеуіш, одағай тәрізді лексика грамматикалық категориялар жатса, ал жаңа болмаса тың сөз таптарын құрамына тілдің тарихи даму барысында кейінен, онда да тілде бұрыннан бар байырғы сөз таптарының негізінде қалыптасқан сын есім, үстеу, шылау секілді категорияларды кіргізуге болады.

Шылаулар тілдегі басқа лексика-грамматикалық категорияларға қарағанда есім, етістік тәрізді сөз таптарын негізінде пайда болған жаңа категория болып саналады. Шылаулардың өз алдына бөлек категория болып орнығуында конъюнктивация процесі шешуші рөл атқарған. Конъюнктивация басқа сөз таптарының шылаулар қатарына ауысым білдіретін лингвистикалық процесс, егер шылаулардың сөзжасамы лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және т.б. тәсілдер арқылы жасалмайтынын ескерсек, оны бұл орайда, біріншіден шылаулардың пайда болуын бірден бір жолы, көзі ретінде қарастыру керек. Екіншіден конъюнктивация процесін шылаудың бірден-бір сөзжасамы деп мойындаған жөн болады. Себебі шылаулардың сөз табы ретінде қалыптасуының бұдан басқа ешқандай жолы жоқ. Осы орайда шылау сөздердің пайда болуының қандай қоғамдық әлеуметтік және лингвистикалық себептері, объективті жағдайлары болды деген сұрауға жауап беруді жөн санаймыз. Оның, біздің пікірінше екі түрлі себебі бар.: а) қоғамдық әлеуметтік себеп; ә) лингвистикалық себеп. Бұл екі себеп бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам мен тіл, әлбетте бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам алға қарай дамып, жылжыған сайын, адамның санасы да өзгеріп, ілгері қарай дами береді. Адамның қоғамдық әлеуметтік өмірден, өзін қоршаған ортадан алған сезім, әсер түйсіктерін тілімен бейнелеп жеткізу қажеттілігі үнемі туып отырады. Бұл қажеттілік тілде жаңа сөздер тудыру арқылы өтеліп қоймайды. Сонымен бірге грамматикалық түрлі амал-тәсілдердің жетілуі арқылы да қанағаттандырылады. Осының нәтижесінде тілде жаңа грамматикалық категориялар туып қалыптасады, грамматикалық құрылыстың жетілуіне жаңа грамматикалық амал-тәсілдермен толығына түрткі болады. Бұл қажеттілік айналып келгенде тілдің грамматикалық жүйесінде «көмекші сөздер» деп аталатын сүбелі топтың пайда болуына алып келді. Тіл тарихында о баста көмекші сөздер болмаған көмекші сөздер міндетін толық мағыналы сөздер атқарған. Кейінен белгілі бір синтаксистік тұрақты әрі ұдайы позицияда қолданылуының нәтижесінде толық мағыналы сөздер «бастапқы лексикалық мағыналары солғындап,

өздеріне төн әуелгі дербестіктерінен айырылып көмекші сөздер қатарына көшуіне, сайып келгенде, олардың практикалық тілде аса жиі қолданылуы арқасында туған грамматикалық абстракция тікелей әсер еткен»1. (1-361).

Сөйтіп бұдан басқа сөз таптарының шылаулар қатарына ауысуының басты себебі қоғамдық және әлеуметтік, лингвистикалық себептерінің байланысты екенін көреміз. Шылаулардың сөз табы болып қалыптасуының мерзімі туралы лингвистикада әртүрлі болжамдар айтылып жүр. Бірақ түркі халықтарының барлығына бірдей ортақ ең көне жазба ескерткіштер болып табылаты, V - VII ғасырларды жазылған Орхон-Енисей жазуларында шылаулар өзіндік сипаты бар мәні мен қызметі айқындалған грамматикалық топ ретінде көзге ерекшелінеді. Ондағы аталған ескерткіштердегі шылауларға статистикалық зерттеулер жүргізілген ғалымдарының есебіне қарағанда оларда жиырмадан астам лексикалық тұлға шылаудың мәні мен қызметінде қолданылған. Егер сөз таптарының өз алдына бөлек, дербес лексика-грамматикалық категория болып пайда болуы бір күнде, бір жылда орнықпайтынын оның тым ұзақ уақытқа созылатын процесс екенін ескерсек, онда бұл фактілер шылаулардың Орхон-Енисей ескерткіштері дәуірінен көп бұрын сөз табы болып қалыптаса бастағандығын аңғартады. Көне түркі тілінде қолданған шылаулар да қазіргі тілдегідей жалғаулықтар, демеуліктер, септеуліктер болып бөлінеді. Осы арада ескеретін бір мәселе, ол – шылаулардың мағыналық топтарының пайда болуы мерзіміне қатысты Лингвистикада жалғаулықтар демеуліктермен септеуліктерге қарағанда біршама кеш қалыптасқан деген болжам үстемдік құрып жүр. Мысалы көрнекті түрколог В.М. Насилов демеуліктермен септеуліктердің жалғаулықтарына қарағанда бұрын пайда болғандығын айта келіп былай деп жазады: «Известно, что тюркские языки в своем синтаксическом строе не имели категории союзов и историческое развитие подчинительной и сочинительной связи обходилось без союзов» 2(2-131).

Әрине, түркі тілдерінің синтаксистік құрылысының жетілік дамуында араб, парсы тілдерінің ықпалы олардан енген жалғаулықтардың зор әсері болғаны анық. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Алайда, фактінің аты факті. Жоғарыда сөз болған Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі қолданылған та, да, иеме (және), азу (әлде) сияқты шылауларда қайда қоямыз. Біздің пікірімізше, жалғаулықтар да демеуліктермен септеуліктер сияқты көне кезеңде толық мағыналы сөздердің конъюнктивациялануы негізінде шылауға айнала бастаған. Көне түркі жазбаларында ұшырайтын шылаулардың о баста қандай



толық мағыналы сөздердің қалыптасқандығын анықтау қиынның қиыны. Өйткені кейбір шылау сөздер толық мағыналы сөздердің лексика мағынасын толық жоғалту арқылы қалыптасса, енді бір сөздер екі немесе одан да көп лексика едичиналардың бірігуіне қалыптасқан. Енді бір жағдайда, шылау сөз табы қатарына өтуші лексикалық единицалар көсемше формаларымен көнеленіп, бүтін мен бөлшек біртұтас болып бірігіп, өзінің бастапқы мағыналық сипатынан алшақтап, түбір мен қосымшасын айыра алмастай болған жағдайда ғана барып ауысады. Сондай-ақ сөйлем құрамында қызметіне байланысты есім сөздер белігі септік жалғауларында тұрып, түрленуші қасиеттен алшақтап, ұзақ мерзімдік тарихи қалыптасуы негізінде формалары көнеленіп барып шылау ретінде танылады. Жалпы белгілі бір қосымшалар түбірімен сіңісіп, оның ажырамас бөлігі ретінде сақталса, енді бірі мүлдем тарихи тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін дәрежеге жеткен. Ал кейбір шылау сөздерді көне тілдік сипатта түбір мен қосымшаға ажыратуға болады. Тілдегі осындай құбылыстар сөз таптарының арасында сан ғасырлық тарихымен әлі күнге дейін толассыз қалыптасу, даму үстінде. Мақала көлемі көтермейтіндіктен, біз ше шылауының мәні мен қызметіне тоқталып өтейік. Бұл тұлға көне ескерткіштер тілінде өте сирек ұшырасады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде ше формасы қазіргі қазақ тіліндегі шақты (шамалы), жуықты мағынасындағы септеулік шылау қызметінде қолданылған. С.Исаев «Қазақ тілі жайындағы ойлар» атты еңбек жинағында ше формасының шығу тегіне және қалыптасуына байланысты құнды тұжырымдар жасаған. Ғалым былай дейді: «Утверждение о том, что послелог ча, че (ша,ше) является усеченной формой послелога шейін не совсем убедительно, либо форма ча зафиксирована, как было показано выше, в языке древнеуйгурских и древнетюркских текстов, как юридические документы, памятники в честь Тоньюкука и др. В этот период, судя по языку этих письменных памятников, форма ча/че и как послелог, и как аффикс уже полностью оформлена и дифференцирована». Бұдан шығатын қорытынды ше формасының шылау есебінде сөзден бөлек қолданылу керектігіне еш күман келтіруге болмайды. Кейіннен ше формасынан шақты сөзінен басқа шамалы, шарқы, шекейін, шақ сияқты лексемалардың туындағаны белгілі. Мұны көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шақты мағынасындағы ше сөзі мен жоғарыдағы көрсетілген шейін мағынасындағы ча/че сөздерінің түбірлері ортақ екендігін ғалымдарымыз дәлелдеген. Сонымен көне түркі тіліндегі сан есімдермен тіркесіп, болжалдық мағынада қолданылған ше тұлғасы қазіргі қазақ тілінде де сан есімдермен тіркесіп келетін шақты септеулік шылауының

архитипі болып саналады. Ал орыс тілінде конъюнкционализация - переход слов различных частей речи в разряд союзов [3], - деп беріледі. Мысал келтірсек, 1) Тут Самойленко был своим человеком, и для него имелась даже отдельная посуда. (А.П.Чехов «Дуэль») 2) Частицы: Была поздняя ночь, даже не лаяли собаки... (К.Г.Паустовский «Золотая роза»)

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. «Ана тілі» баспасы Алматы 1991ж.

2 В.М.Насилов. Глагольные имена в их развитии в тюркских языках. В сб: «Вопросы тюркской филологии. Изд ( из МГУ 1966).

3 *Словарь лингвистических терминов: Изд. 5-е, испр-е и дополн. — Назрань: Изд-во «Пилигрим». Т.В. Жеребило. 2010.*

#### «АСТАНА» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ҚАДЫРОВ Ж. Т., АЛИНА Н. Қ.  
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ.

Қазақстан тәуелсіздік алған жиырма жылға жуық уақыт ішінде отандық бұқаралық ақпарат құралдары әлемдік ақпарат айдынында ойып тұрып өз орнын алды деп айтпасак та, құрамдас бір бөлігі ретінде қалыптасқанын нық сеніммен айтуға болады. Осы кезең еліміздің мәдени өмірі мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне байланысты хабар таратудың жаңа тенденциясы, қазақ эфиріндегі хабарларға ұлттық сипат беру, журналистерді жаңа коммуникациялық жағдайға бейімдеп дайындау проблемаларын тудырғаны да жасырын емес. Техникалық және демократиялық процестердің дамуына байланысты, электоронды БАҚ-тың, аймақтық, жергілікті телерадио орталықтардың, мемлекеттік және коммерциялық арналардың, кабельдік, акционерлік, қоғамдық телерадио студиялар рөлінің өсуі байқалады.

Қазақстанның «Mass media-сы» демократия мен егемендіктің тұғырын күшейтуде негізгі рөл атқарды. БАҚ өкілдері өз істерімен реформалауға, өміршен идеялардың жүзеге асуына үн қосты. Осы фактор біздің буырқанған саяси өміріміздің барлық кезеңдерінде аңғарылды.

Әрбір теле және радио арнаның табысты қызмет атқаруы, сұраныммен санасуы аудитория тәртібінің стиліне тікелей байланысты. Осы заманға музыка мен кино, әртүрлі шоу мен жеңіл-желпі жанрдағы,

саяси ақпараттар қоғамның белсенді қабатының, бірінші кезекте жастардың қызығушылығына байланысты. Ұйымдық бет-бейнені қалыптастыру біраз БАҚ-тың негізгі қызметі. Бірі, өз имиджін қалыптастырып бекітуде, екіншісі стилін жаңартып, жақсартуда. Қазіргі жағдайда өз имиджін жасау дамыған компьютерлік жүйеге тығыз байланысты. Тек техникалық сауатты көркемдеу ғана емес, соңғы дизайнерлік мәдени әдісті дұрыс қолдануда басты нарсе.

Телевизиялық дизайн ұғымы елу жыл бұрын телевидениемен бірге туған, содан бері телевидениемен бірге біраз өзгерістерді көріп келе жатыр. Бастапқы бірінші трансляциядан бастап продюсерлер мен менеджерлер телюрталықтың имиджін құрып, өздеріне ғана тиіс қолтаңбасын табуға, көрермен мүлтіксіз арналарды айыра алатын атмосфера жасауға тырысты. Телеарна қолтаңбасын отбасымен салыстыруға болады, барлық отбасы мүшелерінің ұқсастығы бар, кез-келген оның бір отбасының мүшесі екендігін тани алатын, бірақ олардың әрбіреуінің өз ерекшелігі бар. Телеарнаның қолтаңбасын жасауда, эфирлік бет-пернесін құрастыратын барлық элементтерді түсініп, оларды есептеу керек. Декорация түсінің түрлері, титрлер жазылған шрифтері, жарнамалар және ресми мекен-жай, фирмалық белгінің түрі, хабар таратудың басынан аяғына дейін қолданылатын графикалық қойылымдар (заставкалар), хабарға таңдалынып алынған музыка және жаңалықтар эфирінің артындағы фоны - осының барлығы телеарнаның бет-келбетін жасауға қызмет жасауы қажет. Телеарнаның қолтаңбасын жасаудың соңғы мақсаты, экрандағы атмосфераны жасау, көрермен үшін БАҚ-тың атымен байланысты болады. Көрермендер көзбен визуалды түрде арнаны, теледидарды қосқанда тануы керек.

Ақырындап, арнаны беріліп көретін, бағдарламада не болатынын қадағалайтын, басқа арналардан гөрі ұнатып көретін көрермендерге ие болады. Кезінде қала әкімі болған Әділбек Жақсыбеков телерадиокомпанияны ашып берді. Оның шешімімен коммерциялық арна «Цесна» корпорациясының қанатының астына енді. Содан бері баспа және электрондық БАҚ «Цесна» корпорациясының қамқорлығымен фирмалық белгіні, басқа да ерекшелікті білдіретін дизайн элементтерін анықтады. «Инфо-Цес» газетінің, «Цесна-Азия» радио және телеарнасының атынан қатысушысы «Цесна» корпорациясы екенін түсінуге болады. Барлық БАҚ бірдей үлгіде «Цесна» корпорациясының фирмалық белгісі хабар таратудың басында және аяқталған соң «Цесна» сөзінің бастапқы әрпі графикалық заставка ретінде қолданылған.

Телевидение декорациясының барлық түстер полиграммасы сақталған, графикалық иллюстрация құбыла бастайды, ал газетте ол көгілдір. Жаңалықтар сюжеттерінің артында телеарна келбетінің элементтері болады. «Цесна-Азия» тыңдаушылары мен «Инфо-Цес» газетінің оқырмандары визуалды және тыңдау арқылы оңай тани алады. «Цесна» корпорациясының фирмалық белгісі компания имиджінің біртұтастығын білдіреді, тұтынушылардың сенімін арттыруға көмектеседі, оқырмандар, көрермендер мен тыңдаушылар компанияның өмір сүруін тұрақтандырады. Корпорацияның фирмалық белгісі баспа электрондық БАҚ-тың негізделуіне және дамуына үлкен әсер етеді.

Тез танылатын телеарна бірден көзге түсіп есте қалатын өз белгісін немесе нышанын жасаудан басталады. Бұл марканы, бүкіл компьютерлік графикаға тізіп, БАҚ имиджін көрерменге жоғары дәрежеде және бір қалыппен жеткізеді. Сонан соң, ол телеарнаның жалпы атмосферасының прототипіне қызмет жасап, сол түстер, нысандар және шрифтер қолданылады. Бұл «таңба» барлық хабарларға, әсіресе жаңалықтарға қатысты болуы тиіс.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары телекомпаниялардағы осындай талаптарға толыққанды жауап бере алатын астаналық жекеменшік телеарна «Цесна» ТРК-сы болатын. 1990 жылдың 8 наурызынан бастап Целиноград қаласының тыныс-тіршілігі осы арна жаңалықтарының өзегіне айнала бастады. «Цесна» телеарнасы сол кездегі қаланың мәдени-саяси өміріне етене араласты. 1997 жылы 1 қаңтарда «Цесна» арнасы мен «31-арнаның» қосылу салдарынан дүниеге жаңа БАҚ «Цесна-Азия» телеарнасы келді. Сол кезден бастап қызметкерлер саны екі есе көбейіп, студияның мекен-жайы да өзгерді. Бүгінгі таңда телеарнаға жиырма екі жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде техникалық жарақтандыру жағы жетілдіріліп, заман талабына сай студиясы бар, штаттық қызметкерлер саны өскен, хабарды тарату сапасы жақсарған телеарнаға айналды. «Цесна» болып тұрған уақытта да ТРК-ның өзіндік тұрақты көрермені қалыптасты. «Қазақстан Республикасының тілдер туралы» заңына сәйкес екі тілде хабарлар таратылғандығы 1997 жылғы болған төңдерді жеңіп алуға өз үлесін қосты.

«Цесна» ТРК-сының осы жылдар жылдар ішіндегі қызметінде бірқатар кемшіліктердің де болғаны рас. Елдің төрі Ақмолаға ауысқаннан кейін телеарна астаналық статуска сай болуы тиіс еді. «Цеснаның» телеарна ретінде мол тәжірибесі болғанымен, басқа арналарға қарағанда сапасыздау екені аңғарылды. Бұл не себептен? Жұмысты дұрыс ұйымдастыра білмеудің кесірінен қаладағы алғашқы

коммерциялық тәуелсіз телеарнаның аяғынан тік тұруына мүмкіндік бермеді. Басшылардың ауысуынан, ТРК-ның ішкі қызметінің ұйымдастырылмағаны, атқарылған жұмыстардың сараптамасы жасалмағандығы, көрерменге ықпал ету тетігінен айырды.

Телеарна - ұжымдық шығармашылықтың жемісі. Хабардың табысы онымен айналысқан командамен байланысты. Телекомпанияның басқалармен бәсекеге түсе алатындығын жаңалықтар хабары арқылы анықтауға болады. Кез келген телестанцияның басшылары жаңалықтар таралымының сапасы мен кіші және үлкен хабар тарату нарығында маңызы зор екенін түсінеді. Жаңалықтар - ол бір телеарнаны екінші бір телеарнадан айыра білудің «тану белгісі» болып саналады.

Қазақстан аймағында және ТМД елдерінде электронды ақпарат құралдары, жарнама агенттіктері, ведомстволар мен өнеркәсіптерде баспасөз қызметі, индустриялық телеарналар көбейіп, дамып келе жатқаны белгілі. Өз жобаларын жүзеге асыруда, техникалық құрал-жабдықтарды таңдауда, қаржылық және техникалық біліктілік проблемалары жиі туындайды. Телевизиялық түсіру техникасының жетістіктері жылдан-жылға өсуде, өткен жылдар ұсыныстары тез арада ескіріп, визуалды байланыс телеарнаның мүмкіндіктерін байытты. Жартылай кәсіби VHS аппараты «АСТВ» ТРК-да 1998 жылдан бастап түгел мүмкіндігі жоғары бейнеформатты S-VHS аппаратына ауыстырылды.

Жаңа таспаға түсіру форматының келуі, алдыңғы кемшіліктерді жою мақсатымен, енді бұрынғы VHS форматынан дамудың келесі сатысына, жоғары сапалы түрлі-түсті көрініс алынатын S-VHS форматы болды. VHS-қа қарағанда S-VHS форматы сапалырақ болатын. Таспаға жазу темірұнтақты ленталы кассетаға сақталады. Басқа форматтардан S-VHS кассетасы арзанырақ. S-VHS форматындағы аппараттар басқа форматты аппаратуралармен сәйкес келе береді, мысалы: құрастыру жүйесінде мастер ретінде басқа форматтағы аппаратты алуға болады. S-VHS форматты аппаратурасы, «АСТВ» ТРК-сы үшін сол кезде болашағы бар, арзан әрі мүмкіндігі жоғары деп саналды.

Жиырма жыл бойы «Астана» ТРК қызметінде көрермендер саны көбейіп, кейде төмен түскен кездері де болды. 1992-1994 жылдары (директоры — В.Миняев) фоно және видеотеканың байлығынан, қызық тақырыптық хабарлар, экономикалық, заң, медициналық және саяси-әлеуметтік реформалар туралы, өмірдің барлық қырларын камтитын, қызық тақырыптық хабарлар арнаның беделін өсірді.

Бәсекелестік альтернативті арнаның жоқтығы, бейненің сапасыздығына, ескі бейнеклиптер мен көркем фильмдерге қарамастан ТРК-ның өз көрермендер аудиториясын нағыз ұстап тұрды.

1995 жылы (ТРК директоры – Ф. Г. Жақушев) аудитория қызығушылығының төмендегені білінді. Хабар таратуды сапалық деңгейі сол қалпында болды. Тақырыптық хабарлар ауқымы азайды. 1996-1997 жылдар (ТРК директоры – Р.Б.Жұмабаев) қазақ тіліндегі сараптамалық-ақпараттық бағдарламалардың пайда болуымен танымал. Ұжым қызметі жанданды. Жаңалықтар тарату материалды шапшаң берумен ерекшеленді. Авторлық тақырыптық хабарлар саны аз. Жасалған бағдарламалардың көбісі ресми түрде астананың көшуіне байланысты болып келді. 1997 жылы желтоқсан айында «Арт-плюс» хабары Республикалық жастар ойын-сауық бағдарламалары арасында бірінші орынға ие болды. Осы жылы ТРК хабар таратудағы тендерді жеңіп алып және телетаратуға құқықты болды. Бұл кезеңдерде телеарнаны көру деңгейі өскенін байқаймыз. 1998-1999 жылдары (ТРК директоры – Е.Барманқұлов) «31-арнамен» қосылуы, техникалық базасын жаңарту, штатты кеңейтті. «АСТВ» радиоарнасы ашылды.

«31-арнаның» арқасында фоно және видеотеканы қалай пайдалану жөнінде тәжірибе алмасты. «Ren-TV» хабарларын ретрансляциялауға заңды түрде құқылы болды. «Интерьюс» семинарларында журналистердің кәсіби шеберлігін жетілдіру қолға алынды. «АСТВ» радио толқынында ісі оңға басты. 103,9 FM радиотолқынын тыңдаушылары тұрақты болды. Материалды қызықтырып беру, жақсы музыка, радиожурналистердің тиімді жұмысы арнаның беделін көтерді.

«АСТВ» телеарнасының жаңалықтар қызметі Парламенттен, Үкімет отырысынан және басқа да жоғарғы органдардан репортаж жасауды бастады. Егер тек құрғақ ақпарат болмай, адамдарға жақынырақ және қызығушылықты арттыратын хабарлар болса, басқа арналардың «Хабар», «КТК», «СТС» және т.б. жаңалықтарынан гөрі «АСТВ» жаңалықтарын көрер еді. Атап айтқанда, жаңалықтардың құны түсіп кетті. Әрбір мәдениетте өзінің меншікті салты болады, әрбір тілдің – өзінің ерекше дыбысы бар. Бүкіл дүние жүзінде жақсы журналистер үшін, оларды бөлгеннен, жақындастыру бірінші орында тұр. Біреулер үшін прессаны мемлекеттік бақылау жүргізілетін жерде жұмыс істеген ыңғайлы – бұл күнделікті шындық. Біреулер ақпарат барлық жерден, ұйымдардан құйылып жататын жерде, кейбіреулер әрбір деректі маңдай терімен әрен, өзіндегі құмнан алтын іздегендей, табатын жерде жұмыс істейді.

Жақсы журналистер қай жерде жүрсе де, бір нәрсеге ғана талпынады, дерекке сүйенетін терең ойлы журналистикаға, көзқарасы шынайы журналистикаға, шындыққа сүйене отырып, бір ғана мақсатқа олар кімдер болса да көрермендерге қызмет етеді. Кейбір журналисттер ақпараттың мағынасын түсінбей жатып үкім шығарып, оқырманның мүддесінен өз мүддесін артық көретіндер болады. Бір сөзбен айтқанда, ауыр да тынымсыз жұмыспен айналысудың орнына, олар қасықпен ғана қармайтындар, ағын судың ықпалымен келетіндер.

1993-1994 жылдар аралығында «Цесна» ТРК-ның хабарлары барлық деңгейдегі көрермендер тобының сұранысына жауап бере алатын, қалада болып жатқан барлық оқиғалармен таныстыратын, криминалдық жағдайлардан дәрігердің ауруды емдеуге дейін айтатын хабарлары болатын. Хабарлар жай ғана танымдық емес адамдарға жақын хабарлар болды. Мысалға 1999 жылы шыққан Қ.Жексенбиннің «Дені сау» хабарын айтуға болады. 2000жылы шыққан «Біздің өмір», жастарға арналған «Серуен сазы», «Білім» бағдарламасы, тағыда басқа бағдарламалар болды.

Шығармашылық және қаржылық-техникалық мүмкіндік жасалғандықтан «Астаналықтардан» арнаға ерекше көзқараспен қарауын талап етеді. Студенттер мен жас журналистерді тарту – керекті және дұрыс бетбұрыс, жақын арада ол өз жемісін көрестіп келеді. Бүгінгі күні «Астана» арнасында тың идеялар мен жаңа көзқарасқа, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше көңіл бөлініп келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Восхобойников Я.С., Торьев В.К. Журналист и информация. – М., 1993. – 269 б.
- 2 Масғұтов С. Көгілдір экран - өмір айнасы.. – Алматы: Мектеп, 1976. – 129 б.
- 3 Тұрсын Қ. Нұсқанбайұлы Ж, Теледидар сөздігі. – Алматы: Білім, 2001. – 223 б.
- 4 Юровский. А.Я. Основы телевизионной журналистики. – Москва, 1996. –198 б.
- 5 Тұрсынов Қ. Көгілдір экран құпиясы. – Алматы, 1998. – 255 б.

## МАЗМҰНЫ

### 2 Секция. Филология

### 2 Секция. Филология

#### 2.1 Бөлімше. Қазақ филологиясы 2.1 Подсекция. Казахская филология

<b>Әбікенова Г. Т.</b>	
Дыбыстық символикалық сөздер және мәтіннің фоносемантикалық ұйымдасуы .....	3
<b>Әбуова С. Ә.</b>	
Қазақ тілі сабақтарында есімдікті оқыту .....	9
<b>Әубәкір С. С., Аралбаева З. К.</b>	
Қазақ ертегілерін ағылшын тіліне аударудағы ерекшеліктер .....	14
<b>Абдуллаева Қ.</b>	
Ә. Нұрпейісов прозасындағы синонимдердің стильдік қызметі .....	17
<b>Абдуллаева Қ. М.</b>	
Ә. Нұрпейісовтің портрет жасау шеберлігі .....	24
<b>Абылқасымова Г.</b>	
Ұ. Есдәулет шығармашылығының көркемдік көкжиегі .....	31
<b>Айтқазина Т. Д., Муканова А. С.</b>	
Қазақ және славян тілдеріндегі ауыл шаруашылығына байланысты мақал-мәтелдер.....	39
<b>Арымбекова Н. А.</b>	
«Сатылай кешенді талдау» технологиясы арқылы оқушылардың қызушылығын арттыру .....	43
<b>Асыллова Р. Б.</b>	
Қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтел арқылы тіл дамыту .....	48
<b>Аубакирова Ғ. Ш.</b>	
Қазақ халқының салт-дәстүріндегі ойын элементтерінің бала тәрбиесіндегі рөлі.....	53
<b>Аубакирова Г. Т.</b>	
Шешендік сөздердің ерекшеліктері.....	60
<b>Аулабаева Г. Ж.</b>	
Зат есімдегі эмоционалды-экспрессивті мән және оның берілу жолдары.....	66
<b>Ахметжанова Г. А.</b>	
Тіл - адамның қатынас құралы .....	72
<b>Ахметова Қ. Т.</b>	
Мұхтар Әуезов әңгімелеріндегі Абай тілінің өрнектері .....	77
<b>Аяпбергенова М.</b>	
Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы заман бейнесі .....	82

<b>Байболова Д. О., Мұқанова Қ. Қ.</b> Көркем шығармалардағы «Ана» концептісі .....	87
<b>Бақбаева З. С., Толубаева Қ. К.</b> Қазақ әдебиетіндегі хандар бейнесі.....	92
<b>Баратова М. Н., Нуркина Н. А.</b> Қ. Мырзалиев шығармаларының ерекшелігі .....	97
<b>Баткеева Б.</b> Ұстаздардың ұстазы.....	102
<b>Баткеева Б. Т., Ибакова Ә. Т.</b> Қазақстан – Түркия БАҚ қатынастарының өзекті мәселелері.....	108
<b>Бейсембаева А. С.</b> Орыс тілді бастауыш сыныптарда ойын технологияларын колдану арқылы қазақ тілін оқыту.....	114
<b>Бейсенова Г.</b> Көркем аударма теориясының әдістемелігін құрайтын ғылыми принциптер туралы .....	121
<b>Бесікбасова Ә.</b> Мәтіннің композициялық құрылымы.....	128
<b>Галеева Ә. Т.</b> Орыс сыныптарында қазақ тілі пәнін оқыту бойынша ауызша тіл дамыту жұмыстарының тиімділігі.....	131
<b>Гүлбану Н., Изғалиева С.</b> Алаш арысы А. Байтұрсыновтың қазақ тіл білімін дамытудағы орны .....	138
<b>Демубаева Б. М.</b> Оқу-тәрбие ісінде ойын технологиясын қолданудың маңыздылығы ....	142
<b>Дәулетқалиева Р. Л.</b> Ауызша сөйлеу мәдениеті .....	146
<b>Еңсебаева А. Қ.</b> Мұхтар Әуезов әңгімелеріндегі оқығандар бейнесі .....	149
<b>Ерланова А. Е.</b> Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы аңшылық-саятшылыққа байланысты қалыптасқан заттық этномәдени лексика.....	155
<b>Есенғазина Б. Б., Алиева Д. А.</b> Көркемдегіш-бейнелегіш тәсілдер арқылы комика тудыру тәсілдері ...	163
<b>Есіркепова К. Қ., Лекерова Е. Ж.</b> Тілдік тұлға және оның берілу жолдары .....	169
<b>Жақанова Ә. Ш.</b> Нұрын шашып үлгерді қазағына .....	178
<b>Жамбаева Қ. Қ., Латыпова З. Х.</b> Балалар кітапханасындағы бұқаралық жұмыстардың түрлері .....	183
<b>Жиембаева Г. Т.</b> Түркі халықтары мәдениетіндегі шаманизмнің көріністері .....	187
<b>Жиембай Б. С.</b> Армян-қыпшақ ескерткіштерінің зерттелуі.....	194
<b>Жусупов Н. К., Баратова М. Н., Жасулан М.</b> Понятия «тулпар», «змея», «волк», «урожай», «море», «смерть», «собака» в стихотворениях Машхура Жусипа .....	202
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Сулеев А.</b> Лирикадағы сюжет мәселесі .....	209
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Әубәкір С. С.</b> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «жол» концептісі .....	214
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Абдуллаева Қ. М.</b> М. Ж. Көпейұлы жинаған жұмбақтар .....	220
<b>Жүсіпов Н. Қ., Оспанова Ә. Н.</b> Аударма мәселесіне теориялық шолу .....	228
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Петебаева Қ. С.</b> Жоктау өленді түрге бөлу, жанрлық дара сипатын айқындау мәселесі.....	233
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Абдуллаева Қ. М.</b> Қазақ жұмбақтарының жиналу мәселелері және Мәшһүр Жүсіп .....	237
<b>Илгишева М. Д., Какимжанова А. Л.</b> Тіл біліміндегі «Тілдік тұлға» мәселесі .....	244
<b>Имамбаева Ф. Е., Бекбосынова Х. В.</b> Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларындағы ортақ етіс тұлғаларының стильдік сипаты.....	247
<b>Исакова Г. Қ., Макимова А. Қ.</b> Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары .....	254
<b>Искаков К. С.</b> Интернет как средство массовой информации .....	261
<b>Искакова Ж. Т.</b> Қазақ тілі сабағында ақпараттық коммуникативті технологияны пайдалану.....	266
<b>Кадырова У. Т.</b> Қазақ тілі сабағында сөздікпен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары.....	273
<b>Карипжанова А. О., Кошаева А.</b> Ж. Т. Сарбалаевтың лингвистикалық зерттеулері.....	276
<b>Кәріпжанова А. О., Төлеу Ұ.</b> Тілді меңгертудегі ұлттық құндылықтар, халықтық игіліктер аспектілері.....	282
<b>Кошаева А., Карипжанова А. О.</b> Қазақ тіліндегі конъюнкционализация процесі .....	285
<b>Қадыров Ж. Т., Алина Н. Қ.</b> «Астана» телеарнасының қалыптасуы .....	289

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XV СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**17 ТОМ**

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Корректорлар: А. Елемесқызы, А. Р. Омарова  
Компьютерде беттеген М. А. Абжанова  
Басуға 27.03.2015 ж.  
Әріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 421/4. Оффсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 15,5. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 2526

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.